The problems of reflection in the Russian language features of interaction of the Turkic and Russian cultures are considered in the article; it studies problems of influence of Turkic culture to Russian culture. For example, in borrowing view of horse or view of centaur, which has mythical and cultural meaning in it. The article tries to decode cultural meaning of borrowed subject, view of merging into a culture with use of national codes.

Л.Т.Жұмақанова, Ш.Т.Мұхамеджанова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Мәдениет контексіндегі тілдік құбылыстар

Мақалада жалпы ғылыми концепциялар – жүйенің теориясы; космологияның антрологиялық принцип, толықтырулар, екіұштылық, страттар теориясы, психиканың тарихи-мәдени дамуы; әлеуметтік-экономикалық парадигмалар идеясын танып-білуге негізделген біртұтас жүйе ретіндегі тілдік құбылыстарға назар аударылған. Тілдің ұлттық-мәдени қырлары призманың үштағаны – тілдік норма – функционалдық норма – узус тұрғысынан лексикалық деңгейде сипатталған. Тілді мәдениетті танытатын мәдени феномен ретінде қарастыруға мән беріледі.

Кілтті сөздер: таным, тілдік құрылым, әлемнің тілдік бейнесі, антропологиялық феномен, фразеологиялық сипаттау, рухани мәдениет, экстралингвистикалық фактор, екіұштылық принципі.

Қазіргі заманғы лингвистикада тіл біртұтас жүйе, қарым-қатынас құралы және таным мен әлемнің тілдік картинасын көрсетуші ретінде қалыптасты. Тілді антропологиялық феномен ретінде жете тануға бағытталған салыстырмалы фразеологиялық сипаттау тәжірибесі мен теориялық фразеологияда зерттеу нысанын кең лингвомәдени контексте қарастыруға талпыныстар жүргізіліп жатыр, «... тілдің рухани мәдениетті құруға қатысты аспектісі мен рухани мәдениеттің тілді қалыптастыруға қатысын қарастыруда».

Аталған көзқарас тілдің қызмет етуінің ішкі және сыртқы факторларының өзара бірлігі туралы аксиомаға және ұлтқа, сондай-ақ жалпыға ортақтың өзара диалектикалық өзара шарттасуына негізделген.

Тілдің қызмет етуінің ішкі факторларына тілдегі барлық аксиома жатады, олар бір мақсат ретінде «адамдардың тілдік ұжымда неғұрлым толық араласуы мен адамдардың зат пен түсінік әлеміне деген қарым-қатынасына әсер етеді» [1].

Құрылымдық-функционалдық лингвистика дәстүрінде «тілдік құрылымның барлық деңгейінде ішкі даму механизмдері көрінеді, оларға жүйенің қысымы, жүйенің симметрия мен тепе-теңдікке деген ұмтылысы жатады («экономика принципі»), мән мен форманың және т.б. когеренттігіне деген тенденция».

Экстралингвистикалық себептер (немесе сыртқы факторлар) аталған социумда коммуникация құралы ретінде тілдің даму барысына өз әсерін тигізеді. Экстралингвистикалық факторлар құрамына тарихи-мәдени құбылыстардың, қоғамдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық тәртібінің, адам организмнің психофизиологиялық қасиетіне, халықтар мен ұлттардың, этностардың тұрмысының ландшафттық жағдайының әр түрлілігін жатқызу қабылданған. Бұл экстралингвистикалық факторлар тілдің ұлттық дінгегін құрайды. Жер Homo Sapiens-тің әр түрлі квазитұйық әлемі мен тұйық микрожүйесін көрсетеді.

Экстралингвистикалық факторлар мен оның құрылымы, олардың өзара әсері мен өзара байланысы білім берудің гуманитарлық және ғылыми-жаратылыстану циклдарында жасалады. Жүйенің жалпы теориясы, космологияның антроптық принципі, Н.Бордың қосымшалық принципі, В.Гейзенбергтің екіұштылық принципі, страттардың тарихи-мәдени теориясы, Л.С.Выготскийдің «психиканың мәдени-тарихи дамуы принциптері» іргелі жалпы ғылыми көзқарастар немесе олардың негізгі ережелері мен түсініктері кең танылған тілдік құбылыстардың көрінуі қатарына жатқызылған.

Ақпараттық және телекоммуникациялық технология мен ҒТП-ның жылдам дамуына байланысты қоғамдық сананың ізгілендірілуі аясында жалпы мәдени резонанс әлеуметтік-экономикалық парадигма идеясын қабылдады, олар: Д.Бэллдің «постиндустриалды қоғамы», О.Тоффлердің «технологиялық толқындары», К.Шеннонның «кибернетикалық теориясы» [2].

Аталған концепциялар тіл білімінің дамуына елеулі әсер етті және күні бүгінге дейін әсер етіп отыр. Мына сұрақтарды қоя отырып, нақтырақ айтсақ:

- лингвистика постиндустриалды қоғамда қандай орын алады?
- «ақпараттық жарылыс» пен жаһандық коммуникациялық желінің дамуы заманында тілдердің оқылуының тиімділігін арттыруды қалай енгізу керек?

Өз кезегінде, ғылыми білімнің әр түрлі салалары зерттеудің лингвистикалық әдіснамасына, оның теориясы мен эмпирикалық тілдік материалына сүйене отырып, әлемде болып жатқанның барлығының себептік шарттылығын ашады. Ғылымның аталған үдемелі өзара әрекеттестігі «қоғам–сана–тіл» әр түрлі күрделі ұйымдастырылған шектерді ашуға мүмкіндік береді.

Жаңа қоғам (Д.Бэлл бойынша, «постиндустриалды», немесе, О.Тоффлерше, «үшінші толқын») «К.И.Купцов айтқандай, тек қана логикалық түрде ойлауды, абстракциялардың алдын алуды ғана талап етпейді, сонымен қатар образдар мен символдардың әлемінде өзін еркін сезінуін талап етеді. Ол үнемі мәдени құндылықтарды арттырып және жаңадан мәдениетті өмірге әкеліп отырған терең білімді және мәдениетті адамдардың мәртебесінің артуына әкеліп соқтырады» [3].

Бұл көзқарасты кейбір қазіргі заманғы әлемнің әр түрлі белгілерін анық көрсететін төмендегі кесте түрінде беруге болады (негізінен әлеуметтік-мәдени, лингвистикалық ретінде көрсетілген).

К е с т е

Қоғамның әр түрлі типтерінің салыстырмалы әлеуметтік-лингвистикалық сипаттамасы

Р/с №	Қоғам Түрі Белгілері	Индустриалдыққа дейін	Индустриалды	Постиндустриалды
1	2	3	4	5
1	Негізгі өкілдері	Ауғанстан, Ангола, Никарагуа	Ұлыбритания, Германия, Италия, Франция	АҚШ, Жапония (осы қоғам түріне жақындаған елдер)
2	Негізгі белгілер	Қол еңбегі	Технология механизмдерін кең түрде қолдану	Өндірісті автоматтандыру, қоғамды компьютеризациялау
3	Тұрғындардың еңбек етуі	Ауыл шаруашылығы шамамен 75 %	Ауыл шаруашылығы шамамен 10 %	Ауыл шаруашылығы 3 % дейін, өндіріс шамамен 33 %, қызмет көрсету шамамен 66 %
4	Білім беру саласындағы саясат	Сауатсыздықпен күрес	Мамандарды дайындау	Үздіксіз білім беру
5	Адамға талап: а) психоллингвистикалық сипаттама ә) тілді игеру деңгейі	Мәжбүрлік; толық бағыну; күн көру үшін еңбек ету Билингв.: рецептивті-репродуктивті түсіну-өндіру	Орындаушылық, туралық; билікке бағына білу; өмір бойғы бір текті еңбекке мойынсұну Билингв.: продуктивті (тек түсініп қана қоймай өндіру, шет тілдегі толыққанды мағыналы сөздерді айту) координацияланған (билингвте әрбір екі тіл жекеше өмір сүреді, ана тілі-	Шығармашылық; өзгеріске жылдам әсер ету; белсенділік; коммуникабельдік; жан-жақты даму Амбилингв. кем дегенде екі тілді қызмет саласының барлық саласында тең түрде жақсы пайдаланады және бір тілден екінші тілге тез ауыса алады

1	2	3	4	5
	б) тілдердің когнитивті түрдегі өмір-шеңдік әдісі в) тілдердің (Я1/Я2) өмір әдісінің формасы қоғамдастықтағы өмір сүруі	Нативизация процесін ішкі және сыртқы факторлар бойынша енгізу процесі	нің басымдылығымен) Нативизация процесін дамыту — қоғамдастық өз ана тіліне қосымша басқа бір тілді қабылдайды немесе оны модифицирлейді	Координацияланғанның басымдылығы; квазиараласуының болуымен сипатталады (екі тіл бір жүйеге қосылады) Нативизация күшейту
6	Билингвтардың қоғамдастықтағы саны	Қоғам түрінің өзгеру шамасы бойынша артып отырады		

Көріп отырғандай, лингвистика рөлі тілді білу постиндустриалды қоғамда алғашқы мәнге ие бола бастады, себебі тіл мәдени-логикалық, когнитивті-коммуникативті негізгі әлеуметтік қызмет атқарады, оны әлемнің тілдік картасында көрсетеді. Ол туралы сол заманғы ғылыми-мәдени идеяны ұлықтай отырып, Шығыстың ойшыл, энциклопедисті әл-Фараби (870–950) өзінің ғылымды классификациялауында тілді зерттеуді тұрмысты танудың алғашқы алғышарты екенін көрсете отырып, атап өтті. «Фарабидің ғылымдар саласын топтастыру әдісінің өзінде терең мағына жатыр. Алдымен, ол кісінің тіл іліміне аса зор мағына беретінін көреміз. Ол әрбір атау сөздерді, термин түсініктерді түрлі ғылымның кілті деп қарайды».

Адамдар арасында тіл қарым-қатынас жасаудың құралы бола отырып, «қоғам тірі тұрғанда тіл де тірі тұрады» және онымен қатар өзгеріп отырады. Алайда «жүйедегі сияқты тілдегі өзгеріс, Г.Гийом айтқандай, өте ақырын жүреді, олар тілде дайындалып отырады... және жүйені жылжыта алады, себебі жүйеде барлығы да өзара байланысты және өзара шарттасқан». Тілдік жүйенің деңгейлерінің әр түрлігін есепке алып отыратын көптеген лингвистикалық зерттеулер көрсетіп отырғандай, экстралингвистикалық факторлардың әсерін өте аз көлемде қабылдайтын немесе қабылдамайтын тілдің грамматикалық және фонетикалық құрылымы болып табылады. Сыртқы әсерді неғұрлым жылдам қабылдайтын ол лингвистикалық деңгей болып саналады.

Фразеология тілдің тура немесе жанама қатысын көрсететін лексикалық деңгей болып табылады. Алайда осы «ара қатыстықтың» көрінуі болмысты ұйымдастырудың диалектикалығын есепке алуды талап етеді — оппозициялар мен объект сипатының өзара толықтыруларын, тілдегі үйлескен тілдік құбылыстарды анықтау барысындағы түсініксіздікті көрсетеді т.б. Тілдің ұлттық-мәдени ақпараты, М.Р.Сабитова айтқандай, фразалық тіркесте «әдетте тіл таңбаларында ашық формалды көрсеткіштері болмайды және имплицитті ішкі формамен және біріккен актуалды мән мазмұны мен ассоциация заңы негізінде анықталады» [4].

Болмыстың қандай да болмасын саласы, соның ішінде тіл де бірліктегі әр түрлілік сипаттарын көрсетеді, оның ішінде ұлттық және жалпы қоғамдық бастаманы лингвистикалық және экстралингвистикалық әр векторлы процесі ретінде көрсетеді.

Адамзатқа тән организмнің жалпы физиологиялық қасиеттері барлық тілдерге тән «тіл — сөйлем» дихотомиясын құрылымдық ұйымдастыруға талпынысында экономия принципі, когеренттігі, динамикалық ынтымақтастығының көрінуі негізінде көрінеді.

Р.Якобсон айтқандай, «бір тілдік кодтан екінші бір тілдік кодқа ауысу тек тілдер изоморфты болғандықтан ғана ауысуы мүмкін: оның құрылымы негізінде бір принциптер жатыр». Сонымен қатар басқа тілге ауысу барысында адамдар өзіне жатық болып қалған синтаксистік құрылымдарды және жіктеу әдістерін қолданады, оның сөйлеу тілі өз ана тіліне тән артикуляциялық қозғалыс аппаратынан босамайды.

Фонетика мен грамматикада ұлттық-мәдени сипаттың көрінуін де байқауға болады, егер басқа тілден енген басқа тілден алу барысында тілдің номинативтік тілдік бірліктері морфология мен синтаксис және сөздің айтылуы алынбай қалатын кірме сөздерге қарайтын болсақ: *industries de haute*

technologie — жоғары технологияға негізделген салалар, *économie nationale* — ұлттық экономика, *la Poste, France Télécom* — Қазақтелеком, *groupe parlementaire* — парламенттік фракция, *urne électorale* — сайлау урнасы.

Барлық осы кірме сөздер әр түрлі ұлттардың әр түрлі және үдемелі қарым-қатынастарына байланысты. Және бұл процестер тілдің лексикалық фонын байыта отырып, тілде өз ізін қалдырады.

Тілдің өзіндік ұлттық ерекшеліктері табиғи және жасанды билингвизм сияқты құбылыстардан көрінеді. Атап айтатын болсақ, тарихи-мәдени және мәдени (немесе әлеуметтік) нормаларын құрады, ол қоғам мүшелерінің мінез-құлықтарын реттеп отырады. Әлеуметтік нормалар социум мүшелерінің мінез-құлқына және тәрбиесіне әсер етеді, олардың коммуникативтік нормаларын анықтайды. Тілдік құбылыс ретіндегі коммуникативтік нормалар социумның нормативтік жүйесінің бір бөлшегі болады, «ол тура сондай ерекшеліктермен көрінеді және тура сондай қоғамдық санкция түрінде болады». А.Е.Карлинский поляк лингвисті Клеменсевичтің мәдениет туралы мына талқылауын былай көрсетеді: «1. Мәдениет дегеніміз — ол қатеден алшақ болу. 2. Қате дегеніміз — ол нормадан ауытқу. 3. Норма дегеніміз — ол қателіктер үшін қоғамдық мәжбүрлеуге деген санкция. 4. Тілге қатысты санкция дегеніміз — қоғамдық позицияның күлкісі» [5].

Коммуникативтік нормада үш норма құрушы белгіні көрсетуге болады: тілдік норма–функционалдық норма–узус, яғни тілдік құбылыстар–«тілдік жүйе»–тіл қатысы шегінде қарастырылады.

Тіл (жазбаша, ауызша) тілдік жүйенің тілдік ұжымның қабылданған әлеуметтік шегіндегі манифестациясы болып табылады.

Қарым-қатынас ретіндегі тілдік әлеуетті іске асыру барысында ұжымның жекелеген адамдарының коммуникативтік норманы бұзуын жиі байқауға болады. Бұл жерде әрбір жекелеген жағдайда оның бұзылуын анықтауға болады, оның бұзылу нормасы: тілдік жүйе немесе тіл. Осындай ерекшеліктердің тиімді практикалық әдісін Е.М.Верещагин ұсынады. Ол бұзу жағдайы сонда, егер, мысалы, «шын жүректен сүйемін» деген дұрыс грамматикалық айтылым тұрғанда «сүйемін шын жүректен» деп айту. Осылай айтуға болады, бірақ ешқашан олай айтылмайтын жағдайда тілдік норма бұзылған болып саналады. Мысалы, «бірдей емес бес саусақ» деп жалпыша айтқанда айтуға болады, алайда олай еш уақытта айтылмайды дұрыс айтылымы «бес саусақ бірдей емес».

Тілдерді салыстырмалы сараптау барысында олардың тілдік ұжымының коммуникативтік нормасын есепке алу керек. Бұл жерде бір тілдің бірліктерін және ережесін сөйлеу барысында пайдалану коммуникативтік норманың бұзылуына әкеліп соғады және алғашқы тіл мүшелерінің тиісті теріс реакциясын туғызады.

Бейқам индивидті сипаттау барысында қазақша-французша билингв өз тіліне сүйене отырып «*riege coeur l'homme*» (қазақ тілінде «тас жүрек адам») дейді, алайда функционалды нормада олай деп айтылмайды, сонымен қатар узуста бұндай жағдайда бұлай деп айтылмайды. Оның есесіне «*l'home du coeur de riego*» айтылымда функционалды норма мен узус бұзылған (осылай айтуға болады. Алайда аталған жағдайда олай деп айтпайды). Әдетте «*coeur de marbre*», «*coeur de roche*».

Аударма проблемалары дегеніміз гуманитарлық ғылымдардың жалпы өтпелі проблемасы болып табылады. Ғылым тілі мен ауызекі тілдің логикалық сарапшысы, маманы, американдық философ, логик У.Ван Орман Куайн (1908 ж.т.) өзінің «Сөз және объект» деген кітабында аударманың принципіалды түрдегі «екі ұштылығы» тезисін ұсынды, әсіресе кейбір шекті жағдайларда екі ел тіпті соңғы қатынастарға дейінгі ешқандай да қарым-қатынаста болған емес («радикалды аударма» жағдайы). Бұл дегеніміз «бір елдегі болмысты түсіну туралы сөз тура осы контексте болса да, басқа бір тілдік универсиумі мен әрекеті контекстіне енгізілуі керек және ол ауытқусыз болмайтындығын көрсетеді, айтылғанды модернизациялау проблемасын», У.Куайн көрсеткендей, референциалды екі ұштылық проблемасын көрсетеді».

Мысалы, француз фразеологизмі «*tête cartée*» (сөзбе-сөз: *тікелей текше бас*) «парасатты, қисық, топас» дегенді білдіреді, осы мағыналардың біреуін таңдауды контекст, қарым-қатынас жасау жағдайы мен экстралингвистикалық фактор шешеді.

Тіл мен мәдениет қатысының басқа да мысалдарын, тілдің ішіндегі жасырын немесе сыртқы тілдік өзгерістердің әр түрін, себептерін көрсетуге болады. Алайда В.И.Вернадскийдің айтуын негізге алатын болсақ, «зерттеліп жатқан құбылыстардың ешқайсысы да, ешқандай ғылыми-эмпирикалық факт және ешқандай ғылыми-эмпирикалық жалпылау да толығымен еш қалдықсыз жеткізілмейді, яғни зерттеу пәнінде қайткенде де рационалистикалық қалдық қалып отырады». Біз аталған хабарлауымыз бойынша ғылыми зерттеулеріміздің кейбір аспектілерін ғана көрсеттік.

Бұл ойы О.О.Сүлейменовтің «Глиняная книга» поэтикалық формасында былай көрсетілген:

*Несправедлив единый бог!
Глаз мал,
Но он вмещает целый мир, шакал!
И слуху дал вместилище такое,
Что помещает
Дальний звон металла
и скрежет
дум индийского толпа.*

*О бог единый, слух и глаз
возьми,
но дай мне пасть, ...
Увы,
слова огромны,
да не огромен рот.
Но хуже
(это чаще!),
когда — наоборот [6; 50].*

Мәдениет пен тілдің дамуы — күрделі процесс, ол әр түрлі сыртқы және ішкі факторлардың әсері арқылы жүреді. Олардың ешқайсысы да басқалардың алдында басымды болмайды. Кейде бір фактор маңызды болса, кейбір жағдайларда басқасы басым болады. Тіл мен мәдениеттің өзара әсері туралы айтатын болсақ, оңтайлы жағдайды шешу талап етіледі және барлық факторлардың толық талданған сараптамасы талап етіледі.

Қорыта келе, біз О.О.Сүлейменовтің «Азиатских костров» өлеңінен бір жол келтіруді жөн көрдік:

*Мы помним то,
Равняющее всех,
его в людской истории немало... [6; 50].*

Біздің ойымызша, «сол» арқылы біз біздің адами тіліміздің космоуникалды, адами, өз әр түрлілігінде бірегей екендігін «есте сақтаймыз».

Әдебиеттер тізімі

- 1 www.google.kz — Р. 3.
- 2 Карлинский А.Е. Межъязыковая идентификация и интерференция. Вып. 3. — Алма-Ата, 1974. — С. 95.
- 3 Липец Ю.Г., Пуляркин В.А., Шлихтер С.Б. География мирового хозяйства. — М.: ВЛАДОС, 1997. — С. 108.
- 4 Машанов А. Эль-Фараби. — Алматы: Жазушы, 1970. — С. 253.
- 5 Стрелкина Л.М., Становая Л.А. История французского языка. — М.: ВШ, 2001. — С. 84.
- 6 Сүлейменов О. Трансформация огня. Стихи. Глиняная книга. — Алма-Ата: Жалын, 1985. — 240 с.

Л.Т.Жумаканова, Ш.Т.Мухамеджанова

Языковые явления в контексте культуры

В статье уделено внимание языку как унитарной системе, в основу изучения которой положены общенаучные концепции — теории систем; принципы антропной космологии, дополненности, неопределенности, теории стратов, культурно-исторического развития психики; идеи социально-экономических парадигм. На лексическом уровне показано проявление национально-культурных черт языка сквозь призму триады: языковая норма — функциональная норма — узус. Авторами изложен взгляд на язык как на культурологический феномен проявлений культур.

In this article attention is paid to language as a unitary system, based on the study which put general scientific concepts — systems theory, principles of anthropic cosmology, addition, uncertainty, theory of strata, cultural and historical development of mentality, the idea of socio-economic paradigms. At the lexical level shows a manifestation of national and cultural features of the language through the prism of the triad: linguistic norm — the functional norm — usus. Held view of language as a cultural studies the phenomenon of cultural expression.

ӘОЖ 811.512.122:81'22'373

Е.Е.Түйте

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Психикалық жай-күйлердің іс-әрекет пен қалыпқа қатыстылығы

Қоғам мен табиғаттағы ең күрделі құбылыс адамзаттың ой-санасы мен тілі болғандықтан, адамның ойлау жүйесі де, сөйлесе білу қабілеті де ерекше мәні бар үдерістер. Осы орайда адамды толығымен танып-білуде психикалық жай-күйлердің ерекше орын алатыны, яғни белгілі бір психикалық жай-күйден туындаған әрекеттер нәтижесінде адамның сөздік қолданысы пайда болатыны, қарым-қатынасы қалыптасатыны белгілі. Мақалада адамның психикалық жай-күйлерінің көріністері, олардың пайда болу себептері, атап айтқанда, психикалық жай-күйлердің іс-әрекет пен қалыпқа қатыстылығы сөз болады.

Кілтті сөздер: психикалық жай-күй, физиологиялық жай-күйлер, адамзат ой-санасы, тіл, ойлау, іс-әрекет, сөздік қолданыс, антропологиялық лингвистикалық концепт, сөйлесім, қарым-қатынас принципi, грамматикалық формалар мен мағыналар, сөздің тіркесі, сөзжасам.

Адамды антропологиялық-лингвистикалық концепт тұрғысынан қарастырғанда, ол — тілдің орталық тұлғасы. Э.Бенвенистше айтар болсақ, «человек в языке» деген ұғыммен синонимдес [1]. Бұл бағыттың негізін қалаушылар қатарына В.Гумбольдт, Э.Бенвенист, В.В.Виноградов, Ю.С.Степанов, Г.А.Золотова және тағы басқалар жатады. Сол себептен тілдегі өмір сүретін және функционалдық-мағыналық тұрғыдан аясы қарама-қарсы екі ұғымды, атап айтқанда, адам іс-әрекеті мен оның жай-күйін анықтап алған дұрыс.

Іс-әрекет — бұл белгілі бір заттың немесе құбылыстың қимылы, қозғалысы. Іс-әрекетке сөйлесімді де жатқызуымызға болады. Сөйлеу үдерісінде басты орын алатын — сөз бен сөздің байланысы, грамматикалық формалар мен мағыналар, сөздің тіркесі, сөзжасам. «Сөйлеу әрекетіне қажетті ең бірінші фактор — сыртқы дүниенің адам санасына әсер етуі, сол әсердің нәтижесінде мида ойдың қорытылуы, хабардың пайда болуы» [2]. Яғни «сөйлеу — әрекет. Ол адамдардың бір-біріне тіл арқылы ықпал, әсер етуін, әрекетке итеруін жүзеге асырады. Сөйлеу арқылы қарым-қатынас қалыптасады. Олай дейтініміз сөйлеу жеке адамның әрекеті емес, бұл — әр сөйлеушінің артында тұрған әлеуметтік топтардың, қоғамның белсенділігін, қозғалысын көрсететін әрекет түрі» [3], сонда сөйлеу әрекетінде адамдар бір-бірімен қарым-қатынасқа түсіп, белгілі бір жай-күйді туғызуға себепкер де болады. «Аталған іс-әрекеттің ең алғашқы және бүгінге дейінгі тұжырымдамасы С.Л.Рубинштейн, А.Н.Леонтьев, А.В.Брушлинский, В.В.Давыдов, Г.А.Суворова, Б.Ф.Ломов, тағы басқа ғалымдар зерттеулерінің негізінде қалануда. Субъект өз іс-әрекеттерінде, өзінің шығармашылық дербестілігі актілерінде тек көрініп және білініп қоймайды, ол сонда жасалады әрі

айқындалады. Сондықтан жасаған нәрсесі арқылы оның не екенін анықтауға болады, оның іс-әрекетінің бағытымен оның өзін айқындауға және қалыптастыруға болады. Сонымен бірге адамның психикасы мен жай-күйі іс-әрекетте (еңбек, оқу, танымдық, ойын және т.б. түрлерінде) көрініп қана қоймайды, қалыптасады да. Мұнан әрі іс-әрекеттік мәселелердің өңделуі, алдымен, Б.Ф.Ломов дамытқан *қарым-қатынас* принципінің әдіснамасы негізінде жалғастырылады. Бұл принцип субъектінің субъектімен өзара қатынастарының шынайылығын (әрине, әр кезде субъект-объектілі әрекеттестікпенен байланыста) жалпылайды.

Біздің көзқарасымыз бойынша, көрсетілген мәселені өңдеудегі перспективті бағыттардың бірі — субъектінің практикалық, теориялық және т.б. іс-әрекеті ішінде психикалық іс-әрекеттің орны мен рөлін терең де нақты ашудан тұрады. Осы жерде «іс-әрекет» түсінігі екі жағдайда қолданылады. Сондықтан бұл өзара байланысты, бірақ әр түрлі екі мағына беретінін ескеру қажет: 1) субъектінің іс-әрекеті және 2) ағзаның іс-әрекеті. Екінші мағына қажет те емес сияқты, бірақ, шын мәнінде, «психикалық іс-әрекет» түсінігін анықтау үшін ол өте маңызды: бұл, ең алдымен, дененің, адамның дүниемен үздіксіз өзара әрекеті барысында туындайтын және қалыптасатын ағзаның (мидың) бейнелеу іс-әрекеті. Ми — психикалық, бейнелік іс-әрекеттің мүшесі, адам — оның субъектісі екені белгілі, сондықтан кез келген психикалық іс-әрекет практикалық, теориялық және т.б. іс-әрекеттердің негізінде және құрамында жүзеге асады. Мысалы, түс көру типіндегі психикалық іс-әрекет: адам саналы субъект түрінде ең аз мөлшерде ендірілген, біржола қатыспайды (ұйқыда), сондықтан практикалық, теориялық іс-әрекетті жүргізе алмайды, бірақ оның психикалық іс-әрекеті өте белсенді жүре алады» [4]. Мәселен, адам түсінде жаман бір нәрсе көрсе, өңінде одан қорқуы, қауіптенуі мүмкін немесе, керісінше, жақсы нәрсе көрсе, қуануы мүмкін. Халқымыз әрқашан да көрген түсті тек жақсылыққа жорып отырған.

Жай-күй — бұл адамның белгілі бір жағдайлардағы әсері, физиологиялық тұрғыдан адам жанының сезімі немесе көңіл-күйі. Белгілі бір адамның жай-күйі сол күйге сәйкес әрекетпен қатар жүріп отырады. Мәселен, адам ашуланғанда бір нәрсені сындыруы, я болмаса лақтыруы мүмкін. Немесе қуанған жағдайда бір шаруаны тез тындырып тастауы, қатты қайғырғанда өз шашын өзі жұлуы, бетін тырнауы сияқты іс-әрекеттер көрсетуі мүмкін.

Жай-күй адамның физиологиялық жағдайы болғандықтан, ешбір қатысымдық тұлғалардың қызметінсіз-ақ жүзеге аса береді. Алайда бұл тікелей ойдың, я болмаса, белгілі бір оқиғалардың санадағы жаңғыруы арқылы да көріне береді. Мәселен, адам болашағын ойлап қорқуы мүмкін, не болмаса, өткендегі жасаған қылықтары үшін ұялуы мүмкін т.б.

Аристотельдің категория жүйесінде іс-әрекет бұл — «іске асыру» болса, ал жай-күй — «белгілі бір жағдайда болу» болып табылады [5]. Осы тұрғыдан келгенде ғалым С.Қ.Бердібаева былай деп тұжырымдайды: «Психикалық процестер алғашында нақты бір іс-әрекеттің процессуалды компоненттері, содан кейін ішкі, теориялық іс-әрекеттің формалары ретінде құрылады. Іс-әрекет психологиясын зерттеуден кейін біртіндеп жеке адамның психикалық қасиеттерін зерттеуге өтеміз» [6]. Сонда біз «жай-күй» мен «іс-әрекет» ұғымдарын төмендегідей етіп көрсетуімізге болады:

1) *жай-күй* — *іс-әрекет* (белгілі бір жай-күйде болып, белгілі бір іс-әрекетке бағытталу). Мысалы:

Ноян ұнатпай, қабағын шытынып, шыңдап отырған күрегін жерге ашулана лақтырып жіберді (С.Жүнісов). Бұл жерде ашуланудың салдарынан Ноянның күректі лақтырып жіберуінен белгілі бір жай-күйдің іс-әрекетке итермелеуін байқаймыз. Немесе: *Көрмегеніне бір-ақ жыл шамасы өткен Әзімханның енді алғаш келген сәтте жүрегі лүпілдеп соғып, көз алдында сәулелі сұлу жарды көріп қалғандай болған. Әлденеден екені белгісіз, бұрын бұл жайдан бір ауыз сөз естімесе де, қазіргі халде Әзімханның жүрегін соқтырған белгісіз сезім Қарагөзге де сол секөнтте білінгендей. Әзімхан апасына амандасып, енді Қарагөзге қарап:*

— Есен-саумысың, қалқам? — дегенде, ұялып қараған Қарагөздің жүзінде ыстық қан ойнады.

Бұл күнге дейін жүріс көрмеген бала жүзі өмірінде алғаш рет әлдеқандай көмескі түс сияқты оймен қызарып, төменіштің қысылғандай болды.

Екі жас үнсіз белгі беріскендей. Екі көңіл бір-біріне ұялып бұғып тұрып, ым қақты (М.Әуезов). Бұл жердегі екі жастың бір-бірінен ұялуы (ұялуына себеп ғашықтық, ұнату сезімі) екеуінің сөйлей алмай ымдасуына (иек қағып жауап беру әрекетіне) әкеп соқтырып тұр;

2) *іс-әрекет* — *жай-күй* (белгілі бір іс-әрекет үстінде (немесе одан кейін) соған сай белгілі бір жай-күйде болу). Мысалы:

— Сүйегім аман секілді, бірақ күллі денем қаусап қалғандай, бұл не? Маған не болып еді? — деп едім, ол: «Ештеңе де болған жоқ, жай бір бұзық балалармен түнде қағысып қалыпсың, олар сені біраз көкпар етіпті», — деді.

Түндегі көрген сұмдықтарым есіме түскен сайын жаным ыршып, кеудемді ыза керней бастайды (Ә.Әбішев). Бұл жердегі жағдаят бірінші (іс-әрекет) жігіттің таяқ жеуі, екінші (жай-күй) соған ашуланып, намыстануы, өткен әрекеттерін есіне түсіру арқылы кеудесін ыза кернеу. Бұл жерде, керісінше, қуануы мүмкін емес, себебі жай-күй істелген әрекетке тәуелді. Немесе:

— Менмін Мәди, мен мен! — деп Келдек екілене айғай салды. Ол ақсаңдай басып, сойылын сүйреткен күйі алға шықты.

— Мұнда Мәди екеу еді ғой, сен қайсысың?

— Мен нағыз Мәди, мен, — деп Келдек екілене айғайлап Мәдиге қарай жүре бастады. Ойы қолындағы ақ табан қара сойылды қайқайып тұрып бір сілтемек.

— Нық Мәди сен болсаң, үкімің әлдеқашан айтылған, енді иманыңды айта бер, — деп Мәди алтыатарын суырып алып еді, жаңа батырсып тұрған Келдектің екі тізесі бірдей селкілдеп, арқасын аяз қысқандай тісі-тісіне тиместен сақылдап кетті. Не ілгері, не кейін кетуге хал жоқ, қолындағы сойылы кескіленген кесірткенің құйрығындай оршиды.

— Мен... мен... Мә-ди емеспін, ағатай.

— Өтірік айтасың, нақұрыс, — деп Мәди алтыатарын кезей түсіп еді, Келдек ыршып барып шалқасынан түсті.

— Ол-ла-һи, м-ен... Мәди емеспін (Ә.Әбішев). Бұл мысалдағы Мәдидің алтыатарын суырып алуы нәтижесінде Келдектің бойын қорқыныш биледі. Осы жердегі Мәдидің әрекеті (алтыатарын суырып алуы) Келдектің әрекетінен (сойылын сүйретуінен) басымырақ болып, қорқыныш жай-күйінің тууына себеп болып тұр. Керісінше, Келдектің өтірік сөйлеуі Мәдидің ашу-ызасын туғызып тұр. Осыдан екі түрлі «әрекет — жай-күйді» байқауға болады, яғни өтірік сөйлеу — ашу-ыза, алтыатарын суырып алуы — қорқыныш жай-күйлерін туғызып отыр;

3) жай-күй — жай-күй (белгілі бір жай-күйден екінші бір жай-күйге өту). Мысалы: ...Қарашұбардың көзі қойды көрген аш қасқырдың көзіне ұқсап кеткен екен, ол атының басын бұрса да, ашу бетін қайтара алмай, бұрыла бере, қара сойылын қолына алып Мәдидің өзіне тұра ұмтылды.

Бір мылтықтың дауысы мың қазақты қалтыратқан заман ғой, Мәди алтыатардың бір оғын аспанға гүрс еткізіп еді, Қарашұбар қалт тұра қалды. Шарасынан шыға қашқысы келгендей адырайған көзі Мәдидің қолындағы алтыатарда, түк басқан беті жыбыр-жыбыр етіп, зор денесі безгек болғандай бебеу қағып тұр. Әлденені айтқысы келеді, айта алмаған аузын арандай ашып, қолын ербеңдете береді (Ә.Әбішев). Мұнда, бірінші, Қарашұбардың ашулануы (жай-күй), екіншіден, қорқуы (жай-күй). Қарашұбардың бір жай-күйден екінші бір жай-күйге өтуіне себеп болып тұрған — оның әлсіздігі. Егер де оның қолында қара сойыл емес, мылтық болғанда жағдай басқаша болуы (ашуынан қайтпас та еді) да мүмкін еді. Немесе: Баладан қорыққанына Жұмабай ұялды да ыза болды (М.Әуезов). Мұнда, бірінші, — Жұмабай шын мәнінде баладан қорықты, екінші — кейіннен өзінен жасы кіші болғаннан ұялды, үшінші — өткенді ойлап ұяттан ашуланды;

4) іс-әрекет — іс-әрекет (психикалық жай-күйлерге қатысты емес).

Кейде адам белгілі бір жай-күйге шектен тыс қатты берілгенде (қуанғанда, ашуланғанда, қорыққанда т.с.с.) іс-әрекетінен (сөйлеуінен, жүрісінен т.с.с.) жаңылысып қалуы мүмкін. Мысалы:

1) қатты қуанғанда: Бұл жайды ойлаған сайын балалық өзімшілігі қатты ырза болды. Абайдың іші ала қызып, біртүрлі қуана серпіліп, тез-тез құлаш сермегісі келгендей. Әлдеқандай өріс іздегендей.

Енді асығып жүріп келеді. Күн қазір ымырт бопты, оны да жаңа байқапты. Екі көше адасып, пәтерінен асып кетіпті. Мұны да жаңа білді. Қайта жүрді (М.Әуезов);

2) қатты ашуланғанда: Қайтып оралсам, ол бұлқан-талқан ашуланып жүр екен. Ұрысқанда үстіңгі ерні желді күнгі түндіктей желп-желп етеді.

— Сен бала несің! — деді қалшылдап. Ашу тығылғанда аузына одан басқа сөз түспей қалса керек.

— Мен немін? Адаммын.

— Адамды көрсетемін мен саған! Сен бүйте берсең, көрдің бе, анау оттыққа тығып жіберемін! — деді төне түсіп (Д.Исабеков). Осы сөйлемдегі қарым-қатынас барысындағы ашулы адамның «Сен бала несің?» деген адамға қатысты сұрауы қате. Дұрысы адамға қатысты болғаннан кейін «Сен бала

кімсің?» немесе «Сен өзі қандай баласың?» деген сұраулы сөйлемдер болады. Мұндай жаңылысулар — қатты ашуланған адамдардың сөйлеу әрекетінен жиі байқалатын құбылыс;

3) қарым-қатынас барысында (өмірдегі адамдар болмасын, кейіпкерлер болмасын) байқалатын бір ерекше құбылыс адамдар қатты қорыққан жағдайда сенімнен айырылады немесе не айтып, не қойғанын білмеуі де мүмкін. Мәселен: *Осыған жеткенде, жаман шошыған Далбай мен Дүйсен Базаралыға жалынып безек қақты. Базаралы Әбділерге көз қысып, әлі ұрғызбай тұрған-ды. Аналардың жалынған сөзін біраз естіп алды да, енді екеуіне төніп отырып:*

– Неғылсам рауа екі ит!! Ә-ә! Өлтірсем қолымнан кім алады!?

– Жаздық, жаңылдық, әкетай!

– Кеше гөр, ағатай!..

– Келесің бе енді бұл ауылға, аласың ба ешкі-лақты?..

– Жоқ, жоқ, оңбай кетейін!

– Кәпір боп өтейін келсем!

– Ал осы көргеніңді ұлыққа барып шағым етесің бе, жоқ па?

– Етпейік, айтпайық!..

– Көрдік, білдік демейік, тек жанымызды қалдыр, оңбайық айтсақ!

– Сабатсам гой, өлетіндеріңді білесің. Ал босатсам шағым айтпасқа серт бересіңдер ме? Ант ішіп, уәде қыласың ба екеуің?

– Ойбай, керек десең кеудеме құран ұрайын, — деп Дүйсен қандай сертке болса да әзір екенін айтты. Далбай да соның сөзін айтып жалынып жатыр.

Базаралы асықпай көзін қысып отыр.

– Егер бұл жерде ант ішіп, онда барып шағым етіп, ертең осы араға ұлықтың кәрін әкелсеңдер неғылайын?

– Жүзі қара болайық!

– Оңбай кетейік.

– Онда екеуіңді бүрсігүні түнде үйлерінде бауыздап өлтірейін бе?!

– Үйтіп ит болсақ, өлтіре бер!

– Ендеше қазір кеуделеріңе құран ұрып сөз беріңдер, бересіңдер ме?!

– Берейік, ойбай!

– Дегеніңді қылайық! (М.Әуезов). Мұндағы Далбай мен Дүйсеннің кеудеге құран ұрып, серт беруі, олардың жалыныш сөздерінің шығуы екінші (Базаралы) адамның қорқытуы нәтижесінде жүзеге асып тұр. Мұндай құбылыстар бүгінгі күнделікті тұрмыста та жиі қолданылады: «құран атсын, нан атсын», «нан ұстайын», «оллаһи-билләһи» т.б. сөздерді айту. Қатты қорыққан адамның сөздері көбіне көңгіштік сипатқа ие.

Іс-әрекет пен жай-күйдің мағыналық жан-жақтылығының қарама-қарсы қойылуы тілде А.М.Пешковский, Н.С.Авилова, А.В.Бондарко, Т.Б.Алисова, Ю.Д.Апресян, Дж. Лайонза, Д.Губора, М.А.Шелякина, тағы басқа орыс және шетел ғалымдарының зерттеу тақырыбы болған әрекет/күй етістіктерінің оппозициясында анағұрлым барабар жүзеге асырылады.

Іс-әрекет пен жай-күй етістіктерінің айырмасы мағыналық, функционалдық және грамматикалық түрлілігімен ерекшеленеді.

Іс-әрекет етістіктерінің басты саналы құрылымы күрделі мағыналық құрылыммен, яғни белсенділік семасымен, айқындалады.

Белсенділік — бұл етістікті лексема, немесе оның белгілі актанттарының өзара байланысы немесе өзара іс-әрекеті барысындағы пайда болатын семантикалық компонент. Бұл категорияның негізінде белсенді немесе белсенді емес бастаудың (активные и неактивные) қарама-қарсылығы жатыр.

Іс-әрекет етістіктері белгілі бір нысанға бағытталып (онда айтарлықтай өзгерістер болатын, яғни семантикалық тұрғыдан бұл күнделікті жоспардағы етістіктер) субъектінің іс-әрекетін білдіреді. Мысалы: *қала тұрғызу, үй сылау, мектепке бару, сабақ оқу* т.б.

Белсенді іс-әрекет етістіктері нысанға бағытталғандықтан және оны өзіне толық бағындырғандықтан, біз мұны «нысанды етістіктер» деп те атауымызға болады. Әрекет етістіктерін нысандық етістіктер ретінде жіктеуге болады; қағида бойынша нысандар жансыз зат есімдермен анықталады (жанды зат есімдер нысанның қызметінде анағұрлым сирек кездеседі).

Акционалды етістіктерге қарағанда жай-күй етістіктері қарапайым мағыналық құрылыммен сипатталады. Олар субъект өрісінен шықпайтын, субстанцияларға имманентті тән болып есептелетін

белгілер мен қасиеттерді атайды. Бұл — субъектілік етістіктер, өйткені олар субъектіде тұйықталған, жанды да, жансыз да зат есімдермен айқындала алынатын қасиеттерді білдіреді (акционалды емес етістіктер сияқты жай-күй етістіктері де субъекті позициясында таңбаланған).

Ал жай-күй етістіктері (психикалық) субъектінің «өзіне» тікелей бағытталған. Олар ешқандай да нысанға қатысты болмайды және тура толықтауыш қызметін атқармайды.

Жай-күйлердің пайда болуына белгілі бір қажет немесе қажет емес жағдайлар себепкер болады. Мысалы, қажетті жағдайларға субъектінің өмір сүріп отырған қоғамындағы барлық мүмкіндігін қанағаттандыратын *қуану*, *мақтан тұту* т.б. жатса, ал басқа кездерде жағдай субъектінің сезіміне қажет емес деп танылады: *ашулану*, *қайғыру* т.б.

«Қоғам мен табиғаттағы ең күрделі құбылыс адамзаттың ой-санасы мен тілі болғандықтан, адамның ойлау жүйесі де, сөйлесе білу қабілеті де — ерекше мәні бар үдерістер» [7]. Осы тұрғыдан келгенде, адамның белгілі бір жай-күйіне оның сөйлеу іс-әрекеті барысындағы қылығы сай болып отыруы тиіс. Бұл — тілдегі әдеби нормалылықты сақтаудың көрінісі. Мысалы, адамның таң қалғанда «көтек», ашуланғанда «әкеңнің аузына с...», «қақбас» т.б. деген сөздерді айтуы, не ыңғайсыз қимылдар көрсетуі тілдегі әдеби нормалылықты, тепе-теңдікті бұзу болып табылады. Мұндай қимыл-әрекет тек ауызекі сөйлеу тіліне ғана тән құбылыстар.

Л.В.Шерба іс-әрекетті білдіретін предикаттың (етістік арқылы беріледі), жай-күйдің (жай-күй категориясын білдіретін сөздер), сапаның үш түрін атап көрсетеді.

Етістік және есім сөзден болған предикат арасындағы негізгі айырмашылық олардың уақытқа деген қатысынан келіп туындайды.

Белгіні өзектендіретін шектеулі мүмкіндікке ие болуы адъективтенген және субъективтелінген (заттанған) предикаттардың маңызды сипаты болып табылады. Белгілі заттардың жай-күйін білдіретін эпизодтық сипат — етістіктің негізгі қызметі болып табылады. Жай-күй де, іс-әрекет тәрізді, белгілі бір сәтте болып отырады да, түрлі уақытта пайда болған жай-күй алдыңғысына ұқсамайды. Сол себепті жай-күй нысананы түзейтін параметр қызметін атқара алмайды. Ал жай-күйдің қалпы оның жай-күйіне қарағанда нысананың (объектінің) сапалы сипатын қалыптастырады. Сөйтіп, жүзеге асу кезеңіне қатысты жай-күй мен қалып предикаттарының арасындағы айырмашылығы көрініс табады. Осы кезде сын есімнің толық формасы (орыс тілінде) уақыттан тыс белгіні білдірсе, қысқартылған форма белгілі уақытта пайда болған, болып жатқан сапалы жай-күйді білдіреді. Әрине, бұл мәселе орыс тіліне қатысты.

Аристотельдің айтуынша, кез келген қалыптың тұрақты және пайда болған сияқты екі түрі болады. Тұрақты қалып атауына сай ұзақ мерзімді болып, көбіне өзгермейді. Оларға адамның темпераменттік қасиетіне негізделген білімін және жақсы іс-әрекеттерін жатқызуға болады. Мысалы:

Манадан бері шам жақпай, енжарланып жатқан Ақбілек дереу атып тұрып шам жағып, жерге қойды да, қағазды жеп қоятындай қадала қарады...

Бұл хатты анау-мынау әйел оқыса, қуанғанынан секіріп түсер еді. Ақбілек мырс етіп күліп жіберді (Ж.Аймауытов). Мұндағы Ақбілектің қуанғаннан секірмеуі оның мінезінің тұйықтығын, салмақтылығын, тек оның мырс етіп күліп жіберуі туа біткен қалпын білдіреді. Немесе керісінше болуы да мүмкін. Мысалы:

Ашу қысқан кезде өзін ұстай алмау қылидың ауруы еді, сол ауруы қозып кетті ме қалай:

– *Ойбай-ай, ойбай-ай, мына күшіктің сөзін-ай! — деп шапыраш көзін шақырайта түсіп тыпырлап еді, Келдектің күткені осындай бір қырсықты кез екен, іздегені табылғандай шаттана күліп, сотқарлана қимылдап, қылидың сақалынан ұстай алды* (Ә.Әбішев). Мұндағы қыли шалдың ашу қысқан кездегі өзін-өзі ұстай алмауы оның белгілі бір іс-әрекетке байланысты жай-күйін емес, өзінің туа біткен (тез ашуланғыш) қалпын білдіреді. Осыған қарап отырсақ, қалып жай-күйдің мәні болып табылады, алайда жай-күйге қалып міндетті емес [8].

Қазіргі кезде адамның басынан кешетін, яғни «адамның өмірінде болатын», физиологиялық жай-күйлер қызығушылық тудырады. Мәселен, қызыл, көк түстерге қатысты мынаны айтуға болады, адам ұялғанда «қызарады», ашуланғанда «көгеріп кетті» дейміз. Бұл жерде ұяттан қызарып кеткен адамды біз «қызыл жүзді», «қызыл бетті», ашуланған адамды «көк бетті» деп айтпаймыз. Және айта кететін бір жайт, бұл мәселе қызыл шырайлы, көк бет адам деген тұрақты тіркестерге де қатысты емес. Себебі жоғарыда айтылған қалыптар адамның бойында уақытша болады.

Сөйтіп, жай-күй дегеніміз — өзгеретін сапа, уақытша болып, тез жоғалып кететін қалып. Мәселеге қатысты Аристотель тағы былай дейді:

1. Жанның (душа) жай-күйі материядағы негізге ие болады (*logoi enyloy*) [5; 374]. Әйтпесе «жан-тәнсіз ештеңе де сезбейді» [5; 373]. Мәселен, «ашуды» біз «қанның қайнауы» ретінде түсінеміз. Бұл жерде ғалымның айтайын дегені — кез келген форма белгілі бір материяда болуы керек. Мысалы:

– *Менде мал ашуы мен жан ашуы қабат бар, әттең, сіз Мәдисіз, басқа біреу болсаңыз, мен сізді былай көздеп атар едім, — деген жігіт сөзі Мәдиді мүлдем қайнатып жіберді. Қаны қайнаған ол Келбетті өзінің сыртына қарай серпіп жіберді де:*

– *Мал ашуы, жан ашуы дейсің бе? Онда мен саған Қаракесектің бар байталын жинап берейін, Келбетті маған таста да, жүре бер, ез неме! Қане ез емей ер болсаң, ат жылдам. Неге қалтырайсың? Ат..! (Ө.Әбішев).* Мұндағы «қаны қайнау» тіркесі тура мағынасында емес, ауыс мағынада қатты ашуды берудің (жеткізудің) бірден-бір құралы болып саналады.

2. Қарама-қайшы жай-күйлер бір-бірімен ауысып отырады. Мәселен, сау адам ауырып қалады немесе, керісінше, ауру сауығады және т.б.

Осыдан келіп шығатын қорытынды: физикалық сезінулер психикалық жай-күйлер негізінде болады (Аристотельдің айтуынша, «Санада бұрын сезілмеген еш нәрсе сақталмайды»).

Жай-күй мағыналы предикат мынадай белгілерге ие болады:

Бірінші белгі: Жай-күйдің нақты орны, уақыты болады. Мәселен, *Ол күні бойы көңілді жүрді.* Мұнда адамның көңіл-күйі бір күн бойы көтеріңкі болды дегенді аңғарамыз.

Екінші белгі: Жай-күй белгілі межеге ие болады.

Үшінші белгі: Жай-күй бір мезетте болып, бір уақытта «тұрады», бір уақытқа «созылады».

Төртінші белгі: Жай-күй нысаны (субъектісі) «пассив» бола отырып «ырықсыз» субъектіні білдіреді.

Бесінші белгі: Жай-күй предикаттары қалып субъектілеріне бағытталған.

Алтыншы белгі: Жай-күй белгілі уақытқа ие болып, бірыңғай жай-күйлер тобын түзе алмайды.

Жетінші: Белгілі кезеңде болуы және уақыт межесінде нақты іске асуы қалып предикаттары мен жай-күй предикаттарының басты айырмашылығы болып табылады [9].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Степанов Ю.С. Методы и принципы современной лингвистики. — М.: Едиториал УРСС, 2003. — С. 50.
- 2 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. — 50-б.
- 3 Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. — Алматы: Қазақ мемлекеттік заң академиясы баспасы, 2001. — 20-б.
- 4 Психология: адамзат ақыл-ойының қазынасы: 10 т.— 2 т. — Алматы: Таймас, 2005. — 310-б.
- 5 Аристотель. Сочинения. — М.: Мысль, 1984. — 830 с.
- 6 Бердібаева С.Қ. Таным субъектісі: танымдық процестер. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 2004. — 37-б.
- 7 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас негіздері. — Алматы: Print-S, 2005. — 72-б.
- 8 Попова З.Д., Стернин И.А. Очерки по когнитивной лингвистике. — Воронеж: Изд. Воронеж. ун-та, 2001. — С. 72.
- 9 Лазариди М.И. Функционально-семантические поля психических состояний в современном русском языке. — Бишкек: Изд. Кыргызско-Российского славянского ун-та, 2002. — С. 17.

Е.Е.Туйте

Соотнесенность психических состояний к действию и свойству

В статье рассматривается взаимосвязь таких сложных явлений, как мышление, ум и язык человека. Доказывается, что психические состояния человека занимают особое место в познании, что словоупотребления являются результатом действий, вызванных определенным положением, в результате чего формируется коммуникация. На языковом материале показаны проявления психических состояний человека, причины их появления, а также отношение психических состояний к действию и к речи. Автор делает выводы о том, что психические состояния играют важную роль в познании.

Since intellection, consciousness and language are considered to be the most complicated phenomena in society and nature, person's system of thinking, ability to talk are processes that are of great importance. In this connection, it's known that psychic states are of great concern in getting to know a human being, and in the result of actions caused from certain state of human being there emerges word usage, and that communication is being formed as well. The article deals with the representation of human being's psychic states, reasons of its emergence, namely relation of states to action and state

М.А.Тұрсынова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Қырғыз тіліндегі екінші дәрежелі созылыңқы дауыстылар**

Мақалада түркі тілдеріндегі созылыңқы дауыстыларға шолу жасалды және қырғыз тіліндегі «екінші» дәрежедегі созылыңқы дауыстылар жан-жақты қарастырылды. Автор қырғыз тіліндегі «екінші» дәрежедегі созылыңқы дауыстыларды сөз етіп, дауыстылардың даму тарихын көрсетті, түркологиядағы «бірінші» және «екінші» дәрежедегі дауыстыларға сипаттама береді. Түркі тілдеріндегі созылыңқы дауыстыларды сипаттай келе, оған алтай, хакас, түркімен, тува тілдерінен мысал келтірді. Қырғыз тілі материалдарынан осы тілге тән алты созылыңқы дауыстының бар екенін, сондай-ақ олардың түбір негізінде және қосымшаларда қолданылатынын айқындады.

Кілтті сөздер: түркі тілдері, дауысты дыбыстар, дауыссыз дыбыстар, созылыңқы дауыстылар, көне түркі жазба ескерткіштері, созылыңқы дыбыстардың тарихи дамуы, фонема, фонология, дифтонг, сөз құрамы, сөзжасам.

Туыстас түркі тілдерінің сөздік құрамдарында олардың арасындағы жақындықты көрсететін лексикалық, фонетикалық, грамматикалық ұқсастықтармен қоса, әрқайсысының өзіне тән айырмашылықтары да айқын байқалып отырады. Осындай ерекшеліктердің бірі созылыңқы дауыстыларға қатысты болып келеді. Жалпы, дауыстылардың созылыңқы айтылуын ғалымдар түркі тілдерінің бәріне емес, алтай, қырғыз, гагауз, түрікмен, тува, хакас, шор, якут тілдеріне ғана тән құбылыс екенін жазады [1; 29]. Мұның өзінде де якут, түркімен тілдеріндегі созылыңқы дауыстылар байырғы түркі тілдерінің ортақ тілінен қалған жұрнағы, яғни «бірінші» немесе «алғашқы» созылыңқылар болса, қырғыз, шор, гагауз, тува тілдеріндегі созылыңқылар белгілі бір дыбыстық тіркестердің ықшамдалуы нәтижесінде пайда болған «екінші» созылыңқы дыбыстар деп қарастырылады [2]. Яғни «алғашқы» созылыңқылар жалпытүркілік құбылыс ретінде саналады да, «екінші» дәрежелі созылыңқылар түркі тілдерінің бергі даму кездерінде пайда болған.

Түркі тілдерінің көне дәуірлерінде созылыңқы дауыстылардың болған-болмағанына қатысты пікірлерге көңіл аударсақ, М.Қашқаридің сөздігіндегі созылыңқы *a*-ның қос дыбыс арқылы (*aam*, *aach*) берілгенін [3; 160], сонымен қатар дауыстылардың мұндай түрінің диахрониясы туралы М.Томанов: «Орхон-Енисей ескерткіштерінде, одан кейінгі Махмуд Қашқаридің «Диуанында» созылыңқы дауыстылардың айрықша белгілермен белгіленуі олардың кейін пайда болғанын дәлелдейді,» — деп жазған пікірлерін кездестіреміз [1; 29]. Яғни шығу табиғаты жағынан созылыңқы дауыстылар жалаң дауыстылардан кейін пайда болғаны белгілі. Ал А.Т.Биішев өз еңбегінде П.М.Мелиоранский, К.Фой, А.Габэн, В.В.Радлов, В.Гренбек, И.Бенцинг пікірлері мен көзқарастарын келтіре келе, созылыңқы дауыстылардың руникалық ескерткіштерде, ұйғыр, манихей, араб жазбаларында белгіленуі, сондай-ақ көне созылыңқылықтың ізі түрік, чуваш тілдерінде кездесуі, якут, түрікмен т.б. түркі тілдерінде созылыңқы дауыстылардың болуы «алғашқы» созылыңқылардың барлығы болмаса да, көптеген түркі тілдеріне тән екендігін айта келе: «Даже в том случае, если «первичные» долгие гласные когда-то были представлены исключительно во всех тюркских языках, то в более ранний период они могли возникнуть и в результате различных фонетических процессов, сходных с теми, которые образуют ныне вторичную долготу», — деп қорытындылайды [4; 61].

Созылыңқы дыбыстар бар тілдерде аталған дыбыстардың саны 8 немесе 9 болып келеді де, бұл тілдерде дауыстылар жуан-жіңішке, еріндік-езулік, ашық-қысаңға қосымша қысқа және созылыңқы болып та бөлінеді. Атап айтсақ, алтай, тува, шор, якут тілдерінде 16 дауысты (8 қысқа, 8 созылыңқы), гагауз, хакас тілдерінде 17 дауысты (9 қысқа, 8 созылыңқы), түрікмен тілінде 18 дауысты (9 қысқа, 9 созылыңқы), қырғыз тілінде 14 дауысты (8 қысқа, 6 созылыңқы) дыбыс бар. Бұған қосымша якут тілінде басқа түркі тілдерінен ерекшелетін белгі ретінде екі дауыстыдан тұратын дифтонг дыбыстар бар.

Түркі тілдеріндегі созылыңқы дыбыстар және олардың сипатын басқа түркі тілдерімен салыстыру ретінде зерттеушілер [3; 161–163] төмендегідей мысалдарды келтіреді:

түрікмен: *баар, аат, аач, диши, оот, өөт, дааши;*

якут: *баар, аат, аас, тиис, уот, үөс, таас;*

эзербайжан: *вар, ад, ач, диш, од, өд, даш;*
алтай: *паар, ат, ач, тиш, от, өт, таш;*
башқұрт: *бар, ат, ас, теи, ут, үт, таи;*
қазақ: *бар, ат, аш, тіс, от, өт, тас;*
қарақалпақ: *бар, ат, аш, тис, от, өт, тас;*
қырғыз: *бар, ат, ач, тиш, от, өт, таи;*
құмық: *бар, ат, ач, тиш, от, өт, таи;*
ноғай: *бар, ат, аш, тіс, от, оьт, таи;*
татар: *бар, ат, ач, теи, ут, үт, таи;*
тува: *паар, ат, аш, тиши, от, өт, даи;*
өзбек: *бор, от, оч, тиш, ут, ут, тои;*
үйғыр: *бар, ат, ач, тиш, от, өт, таи;*
хакас: *пар, ат, ас, тіс, от, өөт, тас;*
чуваш: *пур, йат, выса, шы, вут, ват, чул;*
шор: *пар, ат, аш, тиш, от, өт.*

Қырғыз, алтай, хакас, шор, тува, гагауз тілдеріндегі созылыңқылар — әр тілдің фонетикалық ерекшеліктеріне сай пайда болған «соңғы» созылыңқы дыбыстар болса, якут, түрікмен тілдерінде созылыңқылар «алғашқылардың» қатарына жатқанымен, бұл тілдерде де фонетикалық ішкі заңдылығына сай дамыған «соңғы» созылыңқылар да бар: *уу-су, суон-жуан, уол-ұл, быар-бауыр, дуур-тұр* т.б. [3; 164].

Түрікмен, якут тілдеріндегі созылыңқы дауыстармен келетін сөздерге басқа түркі тілдеріндегі қысқа созылыңқылардың сәйкес келуі «алғашқы» созылыңқылардың тарихи дамуына байланысты ерекшелікті көрсетеді. Мысалы: *дааг-тау, аай-ай, саан-сан, маал-мал, оон-он, боор-бор, бөөри-бөрі, гөөк-көк, дыыз-тізе, ыыз-із, иис-іс, иил-ел* т.б. (түрікмен); *саас-жаз, хаар-қар, хаан-қан, тиис-тіс, хаал-қал* т.б. (якут). Сонымен қатар якут тілінде екі дауыстының қатар келуі арқылы жасалатын созылыңқы дауыстыларға ұқсас келетін дифтонг дыбыстар да бар. Олар басқа түркі тілдеріндегі қысқа дауыстыларға сәйкес келеді: *биэс-бес, буол-бол, уон-он, суол-жол, күөл-көл, уот-от, түөс-төс, улуу-ұлы, асыы-ащы, үөр-үйір, суон-жуан, бүүр-бүйір, күөх-көк, быар-бауыр, быа-бау* т.б. [3; 193].

Созылыңқы дыбыстар көп жағдайда сөздің мағынасын өзгертуге әсер ететіні белгілі, яғни қысқа дауыстымен берілген сөз бен созылыңқы дыбыспен берілген сөз мағына жағынан ажыратылады. Қазақ тілінде көп жағдайда омоним сөздерді контекст арқылы ажыратсақ, созылыңқы дыбыс бар тілдерде бұлар сол дыбыстарға қатысты ерекшеленуі мүмкін. Мысалдар: *ал-ал, аал-ауыл, дага-тага, дагаа-тауық, ол-ол, оол-ұл, дүн-түн, дүүн-кеше, мэң-мең, мээң-менің, бер-бер, бээр-беру, хары-жасы, харыы-жауабы* т.б. (тува); *аак-ақ* (сын есім), *ак-ақ* (етістік), *аач-аи* (сын есім), *ач-аи* (етістік), *дааш-тас, даи-алыс, оот-от, от-от* (шөп), *өл-дымқыл, өл-өл, пиил-күрек, пил-піл, сыгыр-ысқырық, сыгыр-сиыр, гуурт-құрт, гурт-құрт, бииз-біз* (зат есім), *биз-біз* (есімдік) т.б. (түрікмен); *ыит-жібер, ыт-ит, биил-бел, бил-біл, хаас-қаз, қас, хас-қаниша, таас-тас, тас-тыс, киир-кір, кир-кемір* т.б. (якут); *аач-агаи, аач-аи* (сын есім), *ач-аи* (етістік), *ааз-ауыз, аз-аз, дүүн-той, дүн-кеше, саат-сағат, сат-сат, уур-бақыт, ур-ұр, аала-жыла, ала-ала* т.б. (гагауз).

Созылыңқы дыбыстар түбір сөздің құрамында ғана емес, қосымшаларда да кездеседі. Қосымшалардың құрамында келуі көп жағдайда тәуелдік жалғауға, барыс септігінің жалғауына, көсемше, есімше жұрнақтарына сәйкес келуі мүмкін. Мысалы: *табак (табақ) — табаам, табааң, үлүг (үлес) — үлүүм, үлүүң, үлүү, балык (балық) — балыым, балыың, балыы, кижжи-кісі, кижжээ-кісіге, бол-бол, бооп-болып, кел-кел, кээп-келіп* (тува); *азах (аяқ) — азаам (аяғым), мылтых (мылтық) — мылтиим, одынъ-отын, одиим-отыным, киме-кеме, кимее-кемеге, кізі-кісі, кізее-кісіге, пас-жаз, паспаан-жазбаган, киспе-кеспе, киспеен-кеспеген, тап-тап, таап-тауып, саг-сау, саап-сауып* т.б. (хакас); *ата-ата, атаанын-атаның, атааны-атаны, атаа-атага, көче-көше, көчее-көшеге, көчээм-көшем, атааныз-атаңыз, гарры-кәрі, гаррыраак-кәрірек* т.б. (түрікмен); *бар-бар, барыы-бару, кэл-кел, кэлии-келу, икки-екі, иккилии-екіден, ағыс-сегіз, ағыстыы-сегізден, суон-жуан, соноо-жуандау, ага-эке, ағалаах-экелі, кыыс-қыз, кыыстаах-қызды* т.б. (якут) [3; 161–174].

Қырғыз тіліндегі созылыңқы дыбыстар да созылыңқылардың ішіндегі «соңғы» деген түріне жатады. Бұлар синхронды түрде фонемалық қасиетке ие, яғни сөздерді мағына жағынан ажыратады. Мысалы: *ор-ор, оор-ауыр, кече-кеи, кечээ-кеше, ара-ара* (екі үйдің арасы), *ара-араа* (құрал), *бор-бор, боор-бауыр, эр-еркек, ээр-ер тоқым, ток-тоқ, тоок-тауық* т.б. Бұлай деуіміз созылыңқы дауыстылар қырғыз тілінде диахронды тұрғыдан қарастырғанда ешқандай фонологиялық мағынасы жоқ

фонетикалық құбылыстардың нәтижесі болып табылғандығында жатыр. Олардың шығу тегін түркітанушы-ғалымдар «соңғы» созылыңқылық деп қарастыратынын жоғарыда айтып кеттік. Мысалы: *тоо* (қырғ.), *тау* (қаз.) <*тағ* (көне түркі); *боо* (қырғ.), *бау* (қаз.) < *бағ* (көне түркі).

Зерттеушілер қырғыз тіліндегі созылыңқы *аа* дыбысының этимологиясын *ага*, *аңа*, *айа* дыбыстарының қосындысына сәйкестендіреді (*бағатур-баатыр*, *сагадағ-саадағ*, *маңыра-маара* т.б.) [5; 22; 6]. Ал кей сөздердегі созылыңқы *аа* тіпті түрікмен тіліндегі «алғашқы» созылыңқыға ұқсастығы байқалады: *аары*, *таны* [3; 200]. Созылыңқы *аа* қазақ тіліндегі *а*, *ә* дыбыстарына сәйкестік ретінде көрінеді: *саамай-самай*, *санаа-сана*, *ураан-ұран*, *талаа-дала*, *калаа-қала*, *саал-сәл*, *маалим-мәлім*, *даам-дәм*, *баары-бәрі*, *аалам-әлем*, *тааныш-таныс* т.б. бұл жерде айта кететін бір жағдай — созылыңқы дыбыстардың басқа тілден (араб, иран) енген сөздерге қатыстылығы. Қырғыз тілімен қоса, кейбір түркі тілдерінде басқа тілден енген сөздер құрамындағы кейбір дыбыстардың созылыңқыға айналып кетуі орын алған.

Қырғыз тіліндегі созылыңқы *аа* дыбысының қолданылуына кей жағдайда қазақ тіліндегі *ә* дыбысының сәйкес келетін орындары болатынын байқауға болады. Бұл созылыңқының шығу тарихын кей сөздерде *ә*-ның түсіп қалуымен байланысты қаралады [5; 22]: *саа-сағ*, *саам-сағым*, *маал-ар.махалл* [3; 200]. Қазақ тілімен салыстырғанда, бұған қатысты *баа-баға*, *саат-сағат*, *маалымат-мағлұмат*, *маано-мағына* т.б. сияқты сөздерді мысалға алуға болады.

Бұл сөздердің өзбек тіліндегі қолданысында созылыңқы айтылу байқалады. Мұның себебін өзбек тілінің зерттеушісі А.Н.Кононов бұл тілдегі екінші дәрежелі созылыңқылардың болуы тәжік, араб, парсы тілдерінен енген сөздерде кездесіп, ол орфографияда дауысты дыбыс пен *ъ* (жуандық белгі), сондай-ақ *х* арқылы белгіленетінін айтады: *феъл* (*фа*: *л*), *таъсир* (*та*: *сир*), *шахар* (*ша*: *ар*), сонымен қатар дауысты дыбыстардың созылыңқы айтылуы *в*, *п* (*б*) дауыссыздарының түсіп қалуында да байқалады: *сув* (*су*:), *уқув* (*оқу*:), *совуқ* (*со*: *уқ*), *топиб* (*то*: *п-таун*) [7]. Сөйлеу тілінде *а* дауыстының созылыңқы түрде айтылуы ескі өзбек тілінде де бар [8].

Қазақ тіліндегі *мен*, *сен*, *ол* жіктеу есімдіктеріне барыс септігінің қосымшасы жалғанғанда *маған*, *саған*, *оған* түрінде қолданылса, қырғыз тілінде *мага*, *сага*, *ага* түрінде беріледі. Ал осы сөздердің қырғыз диалектісіндегі қолданылысында екі дауыстының арасындағы *г* түсіп қалып, сөздің созылыңқы түрде айтылатылуы байқалады: *мага-маа*, *сага-саа*, *ага-аа* [6; 130].

Қазіргі қазақ тіліндегі *у* көне түркі тілінде қолданылған *уғ* дыбыс тіркесі негізінде қалыптасқан [9; 46]. Қырғыз тіліндегі созылыңқы *оо* туралы М.Томанов: «*О* дыбысы *а+г* дыбыс тіркесінің орнына айтылады. Әзербайжан, түрік, түрікмен, өзбек, ұйғыр тілдерінде осы сипатта кездеседі, ал көне жазбаларда жүйелі түрде қолданылған. Қазақ, құмық, ноғай, татар, башқұрт тілдерінде *-ау* түрінде айтылады,» — деп [1; 35] және «Қазіргі қырғыз тілінде көне түркі тіліндегі *г*, *г* дауыссыздарының дауыстылармен тіркесі тек созылыңқы дауысты болып естіледі. Бұл заңдылық ол тілде сырттан енген сөздерге де жайылған. Қырғыз тіліндегі созылыңқылардың қазақ тіліндегі дифтонгілермен бірізділігін мына фактілерден байқауға болады:

Көне түркі тілі	Қырғыз тілі	Қазақ тілі
<i>йоган</i> , <i>суг</i> , <i>баг</i>	<i>жоон</i> , <i>суу</i> , <i>буу</i>	<i>жуан</i> , <i>су</i> , <i>бу</i>
<i>йунгу</i> , <i>ийегін</i>	<i>жуу</i> , <i>джеен жуу</i> ,	<i>жиен</i>
<i>қағур</i> , <i>қуғу</i>	<i>кууп</i> , <i>куу</i>	<i>қуып</i> , <i>қу</i> », — деп толықтыра түседі [9; 47].

Қазақ-қырғыз тілдерінде кездесетін *оо-ау*, *өө-еу* сәйкестігі көп сөздердің құрамында орын алып, бұл түбір сөздерге де, қосымшаларға да қатысты болып келеді. Мысалы: *белгилөө-белгілеу*, *бешөө-бесеу*, *гүлдөө-гүлдеу*, *чөөгүн-шәугім*, *дөөр-дәуір*, *дөө-дәу*, *төө-түйе*, *өткөөл-өткел*, *күйөө-күйеу*, *жөө-жаяу*, *сөөк-сүйек* т.б.

Қазақ тіліндегі жинақтау сан есімінің (*-ау*, *-еу*) affиксі қырғыз тілінде созылыңқы *оо*, *өө* болып келуі де тарихи грамматикаға тән құбылыс. Бұл қосымшаның қырғыз тілінде созылыңқыға айналуы дауыссыз дыбыстың түсіп қалуымен байланыстырылады: *агы-оо*, *эги-өө* [10].

Қырғыз тіліндегі созылыңқы *ээ* дауыстының тарихына байланысты И.А.Батманов: «Образования *ээ* разъясняются из сочетания гласного *с*, *г*, *й*,» — дей келіп, *-ээ* — *ие* — *эгә*, *бээ* — *бие* — *бийе*, *ээр* — *ер* — *эгәр*, *ээк* — *иек* — *ияк*, *нээт* — *ниет* — *ният* сияқты мысалдарды келтірген [11; 81]. Бұндай сәйкестіктер қазақ тілімен салыстырғанда да көзге түседі: *бээ-бие*, *ээк-иек*, *жээн-жиен*, *ээ-ие*, *мээр-мейір*, *кээче-кеше* т.б.

Қырғыз тіліндегі созылыңқы *уу* дыбысының пайда болуы көп жағдайда көне түркілік *г* дыбысының сөз құрамынан түсіп қалуымен байланыстырылады (*согук* — *суук*, *богун* — *муун*) [5; 29]. Н.К.Дмитриев түркі тілдеріндегі созылыңқы дауыстылардың тарихы туралы еңбегінде *уу*-дың

шығуын *у*в дифтонгісімен немесе *уқ//уғ* тіркесімен байланыстырады: *туу-туғ, буу-буг, буудай-бугдай, уул-оғул, туура-туғра* [3; 199], ал И.А.Батманов бұл туралы: «Долгий *уу* возникает преимущественно из *огу, ог, уг, уб, ув, ов*: *уул — ұл — уғил, буу — бу — буг, улуу — ұлы — улуг, туу — ту — туғ, суу — су — сув, уу — аң — ов*,» — деп жоғарыдағы пікірлерді толықтыра түседі [11; 43].

Созылыңқы *уу, үу* дыбыстары қазақ тілімен салыстырғанда *ұ, ұу* сәйкестіктері ретінде және сын есімнің *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтарына, тұйық етістіктің жұрнағына қатысты немесе ерін үндестігіне байланысты көрінеді. Мысалы: *буурул-бұрыл, буурчак-бұршақ, аркылуу-арқылы, балалуу-балалы, куурай-қурай, жуун-жуын, жуук-жуық, эптүү-епті, беделдүү-беделді, белгүлүү-белгілі, билимдүү-білімді, тирүү-тірі, кичүү-кіші, келүү-келу, элүү-елу, өчүрүү-өшіру, өсүү-өсу* т.б.

Қырғыз тіліндегі созылыңқы дауыстылардың қазақ тіліндегі берілу жолдарын салыстырғанымызда, айтарлықтай айырмашылықтар байқалды. Атап айтқанда, созылыңқы дыбыстар түбір сөздің құрамында да, қосымша құрамында да кездесе береді, бірақ кез келген морфологиялық тұлға құрамында айтыла бермейді. Қырғыз тілінің белгілі зерттеушісі И.А.Батманов «Современный киргизский язык» деп аталатын еңбегінде созылыңқы дауыстылардың төмендегідей қосымшалар құрамында кездесетінін көрсеткен:

1) сын есімнің шырай аффиксінің құрамында; *-раак//рээк, -роок//рээк: сулуураак, жакшыраак;*

2) *-ып, -іп* көсемшесінің құрамындағы қысаң дауысты түбір құрамындағы ашық дауыстымен ұштасып созылыңқы болады: *таап (тапып), чаап (чапып);*

3) жинақтық сан есімдерді жасайтын тұлға *-оо/-өө* түрінде дыбысталады: *экөө, алтоо;*

4) тұйық етістік тұлғасы *уу/үу-оо/-өө* түрінде айтылады: *келүү, жазуу;*

5) сын есім жасайтын қосымшалар созылыңқы болады: *-луу/-лүү, -дуу/-дүү, -туу/-түү: балалуу, таштуу* [11; 44].

Қырғыз тілінің мұндағы тағы бір ерекшелігі — созылыңқы дауыстыларының сөз мағынасын өзгертуге немесе айқындау-ажыратуға қызмет ететіні, яғни дауыстылардың қысқа немесе созылыңқы айтылуы, сөз семантикасына байланысты құбылыс екені. Бұл жерде, қазақ тілімен салыстырғанда, мынадай айырмашылық бірден көзге түседі. Мысалы, қазақ тіліндегі омоним сөздердің мағынасы олардың контексте қолданылуына байланысты ажыратылса, қырғыз тілінде бұл көбіне созылыңқы дыбыстар арқылы айқындалады. Мысалы:

Қырғыз тілі:

Маал

Мал

Жаа

Жоо

Санаа

Сана

Ара

Араа

Жак

Жаак

Қазақ тілі:

Уақыт

Мал (мал бағу)

Жау (қар жауды)

Жау (жау шапты)

Сана (ой-сана)

Сана (беске дейін сана)

Ара (екі үйдің арасы)

Ара (құрал)

Жақ (үй жақта)

Жақ (жағы суалу)

Бұл мысалдардан дауыстылардың қысқа немесе созылыңқы айтылуы арқылы сөз мағынасына тигізетін әсерін айқын көрсек, кей жағдайда олардың бұл қызметі байқала да қоймайды, яғни созылыңқы дыбыс тұлғасы бір, мағынасы басқа сөздердің ара жігін айқындау функциясын атқармай да тұрады. Мысалы:

Ачуу — ащы

Ачуу — ашу

Ачуу — ашу (ашу қысу)

Куу — қу (қу адам)

Куу — құрғақ

Куу — қу (ол итті қуды)

Туура — тура (ет тура)

Туура — тура (тура жол)

Туура — тура (тура сен сияқты)

Буу — бу (жіпті бу)

Буу — бу (судың буы шығып жатыр)

Түркі тілдеріне байланысты жасаған Н.А.Баскаковтың классификациясында да қырғыз тілі, қазақ немесе басқа қыпшақ тілдері сияқты, Батыс ғұн тілдері қатарына емес, Шығыс ғұн тілдері тобына жатқызылған [12]. Бұл жағынан, яғни созылыңқы дыбыстары болуына байланысты, қырғыз тілі сол Шығыс ғұн тілдері тобына жататын якут, хакас, алтай, тува тілдеріне жақындайды. Жалпы, түркі тілдеріндегі созылыңқы дыбыстар туралы айтылған пікір-деректерді жинақтай, талдай келіп М.Томанов: «Алғашқы созылыңқы дауыстылардың бір-бірімен шектеспейтін, тіпті кейінгі

замандарда бір-бірімен тікелей қарым-қатынасқа түспеген тілдер құрамында сақталуы түркі негіз тілінің құрамында, әдеттегідей дыбысталатын дауыстылармен қатар, созылыңқы дауыстылар жүйесі болған деген көзқарасқа негіз болып тұр. Дүниеде белгілі көне тілдердің біразында дауыстылар әдеттегідей де және созылыңқы да айтылған. Тарихи даму барысында созылыңқы айтылған дауыстылар қысқарып, қысаңдап кетсе, енді бір тілдерде дифтонгілердің қалыптасуына негіз болған,» — деген қорытынды жасайды [1; 39].

Ал нақты қырғыз тіліндегі созылыңқылардың өзіндік даму тарихы жөнінде К.Дыйканов: «Созылыңқы ээ, уу, өө, оо дыбыстарының пайда болуы көне түркі тілінде қолданылған *э, 2, к, қ, ң* сияқты дыбыстардың түсіп қалуы нәтижесінде пайда болған (*бугдай-буудай, огул-уул, кичиг-кичүү, тириг-тирүү, ириг-ирүү*),» — деп ой түйеді [13]. Яғни қырғыз тіліндегі созылыңқы дауыстылар екінші созылыңқылықтың негізінде пайда болған. Мұны түркітанушы ғалымдар өз еңбектерінде көрсетіп кеткен болатын: «...указанные два процесса имеют между собой преемственную связь, но отделены друг от друга очень большим промежутком времени: возникновение «первичных» относится к общетюркской эпохе, а переход *-з->-й* — и отсюда образование вторичной долготы — явление сравнительно новое, свойственное далеко не всем тюркским языкам» [4; 66]. Демек, бұлардың жоғарыда М.Томанов зерттеуінде келтірілген алғашқы созылыңқыларға еш қатысы жоқ деуге болады.

Өзбек тіліндегі сөздер құрамындағы дауысты дыбыстардың қатар келуін қазақ тілімен салыстырғанда бірінші байқалатын ерекшелік сөз ортасындағы *э* дыбысының түсіп қалуынан көрінеді. Қазақ тілімен салыстыра алып отырған мысалдардың көбі араб-парсы тілдерінен енген сөздер болғанымен, олардың дыбыстық сипатына байланысты ерекшеліктер болып табылады. Мысалы: *воқеа-оқиға, жамоат-жамағат, саот-сағат, таом-тағам* т.б.

Қарлұқ тобына енетін ұйғыр тіліндегі қос дауыстының қатар келуі өзбек тіліне ұқсас құбылыс. Т.Талипов ұйғыр тіліндегі *аа, әә, ии* қос дауыстысына араб-иран тілдерінен енген *табиш, тәәллуз, саат* сөздерін келтіре отырып: «В этих словах двугласные *аа, әә, ии* в качественном и количественном отношениях почти ничем не отличаются от долгих гласных *аа, әә, ии* киргизского, азербайджанского и других тюркских языков, где краткость и долгота имеют фонематические значения», — деп ерекшелігін айқындай түседі [14].

Әдебиеттер тізімі

1. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 190 б.
2. Серебrenников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. — М.: Наука, 1986. — С. 11, 12.
3. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. — Ч. 1. Фонетика. — М.: Изд. АН СССР, 1955. — 334 с.
4. Бишиев А. «Первичные» долгие гласные в тюркских языках. — Уфа, 1963. — 127 с.
5. Кыргыз адабий тилинин грамматикасы. — Фрунзе: Илим, 1980. — 538 б.
6. Сартбаев К. Түрк тилдеринин салыштырма грамматикасы. — Фрунзе, 1962. — 130-б.
7. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. — М.-Л.: Изд. АН СССР, 1963. — С. 21.
8. Умаров Э.А. Словари староузбекского языка и вопросы фонетики. — Ташкент: Фан, 1994. — С. 3.
9. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. — Алматы: Мектеп, 1988. — 264 б.
10. Ахматов Т.К. Звуковой строй современного киргизского литературного языка. — Фрунзе: Мектеп, 1968. — С. 145.
11. Батманов И.А. Современный киргизский язык. — Фрунзе: Изд. АН СССР, 1963. — 165 с.
12. Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. — М.: Высш. шк., 1969. — С. 314.
13. Дыйканов К. Кыргыз тили таблица түрүндө. — Алматы: Қайнар, 1989. — 117–123-б.
14. Талипов Т. Гласные звуки уйгурского и казахского языков. — Алма-Ата: Наука, 1968. — С. 23.

М.А.Тұрсынова

Вторичные долгие гласные в киргизском языке

В статье делается обзор проблемы долгих гласных в тюркских языках и всесторонне рассматриваются вторичные долгие гласные в киргизском языке. Автор прослеживает историю развития гласных, характеризует первичные и вторичные долгие гласные в тюркологии, приводит примеры из алтайского, хакасского, туркменского, тувинского языков. На материале киргизского языка в статье определяются шесть долгих гласных, показано также их употребление в корневых основах и аффиксах.

The article devotes problem of long vowel sounds in Turk languages and second long vowel sounds in Kyrgyz language had shown widely. The author showing second long vowel sounds in Kyrgyz language, opinions the history of vowel sounds, charactering first and second long vowel sounds in turkology. Charactering long vowel sounds in Turk languages, the examples from Altai, harass, Turkmen, tuba languages had asked. On the base language materials of Kyrgyz language there six long vowel sounds in Kyrgyz language and it's using in bases and affixes have showing.

ӘОЖ 811:811.512.122

А.Қ.Сейілхан

Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті, Оскемен

Ғаламның тілдік бейнесіндегі қазақтың көркемдік танымы

Мақалада қазақ халқының адам санасындағы көрініспен тығыз байланысты көркемдік танымындағы ғаламның тілдік бейнесі сөз болады. Әрбір ұлт ғаламның бейнесін сол халықтың географиялық, этнографиялық, тілдік-мәдени мәнімен байланысты сипаттап, көрсете алады.

Кілтті сөздер: тіл, ойлау сана, ғаламның тілдік бейнесі, тіл мен сана, сөз өнері, тілдің мәні, қоршаған орта, шындық болмыс, адамның әлемді тануы.

Тіл таным негізінде түзілген әлем туралы біліммен, оның адам санасындағы көрінісімен тығыз байланысты. Тіл арқылы көріністен сана қалыптасады. Тіл мен сана арасындағы сабақтастықты ғалым А.Байтұрсынұлы: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі — аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғыну, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі — меңзеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі — түю, талғау. Тілдің міндеті — ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек», — деп жазады [1].

Расында да, адамды тілінен тыс сипаттау мүмкін емес. Тілдің мәні мен өзіндік ерекшеліктері адам және оның әлемге құралы ретінде қызмет етеді. Адам баласы тілді меңгермей тұрып, өз деңгейінде ғаламмен танысады, сезім мүшелері арқылы болмыстағы құбылыстардың сырын түсінеді, ғалам туралы ақпараттарды санасына жинақтайды, құбылыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды, ойша таразылайды. Уақыт өткен сайын алдыңғы мәліметтер жаңа ақпараттар жүйесімен толығып, санада ғаламдық бейненің қалыптасуына түрткі болады. Осы құбылыстың адам тіліндегі бейнесі туралы ойлар неміс ғалымы Л.Вейсгербер еңбектерінде қарастырылған. Автор ғаламның тілдік бейнесі халықтың ғаламды танып-түйсіну тәсілі және болмыс туралы білімнің кодталу жолы арқылы түзіледі деп көрсетеді.

Адам дүниетанымының басты элементі — ғалам бейнесі. Онда адамның дүниені тануының негізгі көріністері жинақталған. «Ғаламның тілдік бейнесі» күрделі ұғымдық құрылым болғандықтан, оның болмысын әр зерттеуші өзіндік баға береді. Бұл жерде «Дүниенің суреті» адам санасында эволюциялық жолмен дамып, шыңдалып келе жатқан тілдік категория екенін ескереміз. «Ғаламның тілдік бейнесінің» шығу тарихы ежелгі философтар еңбектерінен бастау алады. Тіл және ойлаудың өзара қатынасы қарастырылған кезде сөздер, олардың мағыналары адам тілінде бөлек түсінік, өзіндік танымдық әлем құрайды. Дерексіз, деректі ұғымдар бірлесіп келіп, индивид тіліндегі қоршаған ортаға, өз ұлтына деген көзқарасын білдіреді. Сигналдық жүйе адамға әсер еткенде қоршаған ортаның, оның заттары және құбылыстарының ең елеулі белгілері сақталып, дерексізденіп мағына құрылымының ерекше бөлігіне айналып бекиді. Мағыналар ірілі-ұсақты жүйешелерден тұратын өзіндік қойма іспетті әлем түзеді, бұның шығар бастауы — қоршаған әлем. Бұл ой турасында тілші А.Ислам: «Адам қоршаған ортаны ойлау арқылы танып біледі және ол адам санасында көрініс табады. Адамның шындықты танып білуі, ой арқылы жүзеге асса, тіл — ойдың бейнелеу қызметінің нәтижесін

бекітудің құралы ретінде қызмет етеді. Бұл — жалпыға ортақ таным, өйткені табиғаты жағынан адамзат бірдей болса, таным қызметі де, оның механизмдері де ортақ құбылыс екені де мәлім. Қандай да тіл өзіндік тілдік құрылымы және тілдік үлгілері жағынан әр түрлі болғанымен, тілдік болмысты түсінуге келген ортақ танымдық дүниелерден тұрады», — деп көрсеткен [2].

Орыс тіл білімінде «ғаламның тілдік бейнесі» мәселесі кешенді зерттеліп келеді. Әсіресе Ю.Н.Караулов, В.А.Маслова, Ю.Д.Апресян, Н.В.Уфимцева, В.И.Постовалова, Е.С.Кубрякова, Г.В.Колшанский, С.А.Васильева, Н.И.Сукаленко, Г.А.Грутян сынды ғалымдардың еңбектерінде кеңінен қарастырылуда. Осы ретте ғалым Г.В.Колшанский ғаламның тілдік бейнесіне мынадай анықтама береді: «Шынайы, тілдік емес, әр түрлі топтағы адамдардың тарихи, жағрафиялық, мәдени және басқа да факторлар ықпалымен біртұтас объективті әлем шеңберінде жүзеге асқан танымдық қызметінің көрінісі», — деп сипатталады [3]. Қоршаған орта, шындық болмыс — адамның әлемді тануы, яғни таным — тіл — ойлау — ғаламның тілдік бейнесі.

Тілші-ғалым В.А.Маслова ғаламның тілдік бейнесі туралы мынадай теориялық тұжырымға тоқталған: «Термин «языковая картина мира» — это не более чем метафора, ибо в реальности специфические особенности национального языка, в которых зафиксирован уникальный общественно-исторический опыт определенной национальной общности людей, создают для носителей этого языка не какую-то иную, неповторимую картину мира, отличную от объективно существующей, а лишь специфическую окраску этого мира, обусловленную национальной значимостью предметов, явлений, процессов, избирательным отношением к ним, которое порождается спецификой деятельности, образа жизни и национальной культуры данного народа» [4].

Ғаламның тілдік бейнесі әр тілде түрліше көрініс табады. Себебі индивид сол тілдің семантикалық базасында тілді меңгереді. Осы кезде тілдегі мәдени құндылықтар сөздердің мәні арқылы ұлттық мінез бен ұлттық менталитетті қалыптастырады десек, тілші-ғалым Г.Смағұлова айтылған жайт турасында: «Тіл бір адамның меншігі емес десек те, сол тілде сөйлейтін жеке адам өз ұлтының бүкіл бітім-болмысы, өмірлік тәжірибесін, дәстүрлерін меңгеру, сіңіру арқылы ол да аз тарапынан ұжымдық мәдениетке үлесін қосады. Осындай ерекшеліктер арқылы тұлға ретінде ұлт өкілі боп сақталады», — деп көрсеткен [5].

Адам қашанда әлемді танып, ондағы өз орнын айқындауға талаптанады. Ғалам бейнесінің адам өмірімен біртұтастығын тілші О.Жұбаева: «Ғаламның тілдік бейнесі негізінен субъективті сипатта, себебі онда нақты бір адамның көзқарасы, дүниетанымы көрінеді. Ол атадан балаға берілетін категориялар жүйесі арқылы белгілі бір код құрап, дайын күйінде қабылданылып отырады. Адам өзіне дейінгі жинақталған білім қорын қабылдау арқылы этномәдени қауымдастықтың өмір тәжірибелерін де қабылдайды», — деп тұжырымдаған [6].

Әр халықтың тарихи, жағрафиялық, мәдени және басқа да факторлар ықпалымен біртұтас объективті әлем шеңберінде жүзеге асқан танымдық қызметінің көрінісі қазақтың дәстүрлі мәдениетінің кепілі деуге болады. Халқымыз көркемдік танымның негізін дүниедегі сұлулық пен әсемдіктен таныған. Осы ойымызды ғалым Ш.Әлібеков былайша толықтырады: «Қазақ халқының өнер тарихында эстетика ғылымы туа қойды демесек те, сұлулық пен өнер жайлы пайымдаулардың болғаны хақ» [7].

Қазақтың көркемдік әлемі туралы ғалым К.Қазыханова: «Наиболее наглядно эстетическая оценка действительности проступает в художественном творчестве народа, в его представлении о прекрасном. Из всех эстетических категорий наибольшее развитие в художественном творчестве казахов получила категория прекрасного. Прекрасными в представлении казахов того периода были все красивые, изящные объекты как природы, так и общества», — деп көрсетеді [8].

Автор халықтың эстетикалық талғамы көркемдік қол өнерінде сақталып, табиғатпен үндес деп бағалаған.

Асылында, өмірді әсемдік арқылы танудың бір жолы — асыл сөздің астарында. Сөз арқылы адамзат дүниені танып, рухани ләззатқа бөленеді, яғни тіл — сұлулық сезімін адам бойына дарытатын қасиетімен де бағалы деуге болады. Осы ой жайында ғалым В. фон Гумбольдт: «... язык усиливает наши впечатления от красоты в природе, еще и не зависимо от этих впечатлений воздействуя со своей стороны одной лишь мелодией речи на нашу душевную настроенность», — деп көрсетеді [9].

Әлемдік өркениет кеңістігіндегі жаһандану үрдісіне сай тіл біліміндегі зерттеулер бағытының кешенді де интеграциялық сипаты тіл мен мәдениет сабақтастығының мәнін кешенді түрде анықтап отыр. Оның нақты көрінісін — «ғаламның тілдік бейнесінен» танимыз. Әр тілдегі ғалам бейнесі

адамның әлемге көзқарасымен байланыста қалыптасса, екіншіден, мәдениеті орныққан әр тілдегі әлем моделіне қоғамдағы ұлттық «әлем бейнесі» жалғасады деуге болады.

Кез келген ұлт өзінің әлемге деген көзқарасын, дүниетанымын, өзіндік «әлем бейнесін» тілдің қызметі арқылы қалыптастырып, өз әлемін өмір сүру дағдысы, дүниетанымы, мінез-құлқына сай өз ерекшелігімен «әлем картинасын» өзгеше қалыптастырады. Осы ретте қазақтың кең даласы — мәдениет пен тіл бірлігі, әдет-ғұрып, салт-сана тұтастығының негізі десек, соның бір белесі — қазақтың көшпелі мәдениетінен көрінеді.

Тіл білімінде қазақ этносының таным-парасатын, дүниетанымы мен мәдениетін тіл арқылы тану — ең маңызды мәселелердің бірі. «Әрбір этноста мәдениет элементінің сыртқы көрінісі мен «ішкі» мазмұнында ерекшелік бар. Мағынасына байланысты барлық мәдени құбылыстар өзіндік екіжақтылыққа ие: өзінің «сыртқы» көрінісімен қатар, олардың «екінші өмірі» бар [10;7].

Халық өміріндегі әсемдіктің барша көріністерін қазақтың көш салтанатынан көреміз. Көшпенділер (қазақ) өмірінің әсемдік әлемі табиғатпен біте қайнасқан. Ал, табиғат пен адам арасындағы қатынас ғасырлар бойы көшпенді халықтың мәдениетіне арқау болып, олардың өмір салты мен ұлттық ерекшелігін танытып келеді. Қазақ халқының көшіп-қонудағы ел тіршілігінің қарбалас сәті мен оның қызығы туралы шетел саяхатшыларының жазба естеліктерінде сақталған. Мәселен, поляк саяхатшысы Б.Залесский «Қазақ сахарасына саяхат» еңбегінде көш әсемдігін өте қызықты деректермен келтірген: «Жабырқау жатқанына қарамай, осынау өлкенің өз сұлулығы бар. Құдай өзі жаратқан әр түкпірге әр түрлі әдемілікті еншілеп беруді әсте ұмытпайды. Еуропалық тіршілікті еске салар мұнда ештеңе болмаса да, тағдыр тәлкегі қуалап Батыстан келген адамды осынау сұлулықтың өзі-ақ тәнті етер еді... Бұл бір ғажап көрініс: олар көш кезінде жасана киінеді, ең әдемі киімдер, әсіресе байлардың алтын зерлі шапандарын осы кезде көруге болады. Дала кемесі — түйеге мінген қазақтардың ырғаң-ырғаң жүрісін теңіздің кемені шайқауына балауға болады. Үйдің ең қымбатты қазынасы салынған дүние-мүліктер түгелдей түйеге артылады. Кедей-кепшіктің малдарды айдаған үндері, иттердің бір-бірімен таласып ырылдасқандары — бәрі-бәрі қосылып, көш думанын арттыра түседі» [11, 12; 27]. Қисса-дастандарда көшпеліктің сипаты:

*Көш сәулетін қараса,
Сексен түйе қомдаған,
Сексен түйе үстінде,
Алтынды жағдан орнаған,
Асфаһани кілем бар
Жібектен гүлін торлаған... —*

деп жырланады.

Тілаларлық көпір ретінде қызмет еткенде ғана, тілдегі ғалам бейнесі мен қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар бейнесі бір-бірімен байланыста, адам арқылы, оның ішінде тіл арқылы айқындық дәрежесіне түседі. Осыдан ғаламның тілдік бейнесінің өзіндік тарихи-қоғамдық тәжірибесін, ұлттық құндылықтардың мәдени-этникалық болмысын, рухани құндылықтардың орнын байқауға болады.

Осы ретте көш бойындағы әдемі құбылысты көш жүктерін артқан жануарлардың әбзелдерінен де көреміз. Көш түйесін сәндеуді тілімізде «қомдау» деп атайды. Қом — түйенің өркешінен төмен қарай жайылатын майлы қыртыс (КТТС). Көш түйесін қомдау — қазақ тұрмысындағы әсем көріністердің бірі. Қомның өзіне түрлі-түсті тоқылған кілемдерді пайдаланған.

Табиғатпен жарасым тапқан қазақ халқының көшпелік өмірі туралы этнограф-ғалым Ө.Жәнібек «Уақыт керуені» еңбегінде: «Маусымдық жайылымдарға көшіп-қону қожалық етудің дала жағдайындағы тиімді түрі болған. Жолдың қиындығына қарамастан, жазғы көш малшы қауым өмірінің ең бір қызғылықты кезеңі болған. Мал шүйгін шөпке семіріп, қонданатын да, жұрт марқаға тойынып, қымыз бен сүт ішіп, ашық аспан астында, кәусар ауада бірнеше ай қамсыз-мұңсыз өмір сүруге мүмкіндік алатын. Жазғы жайлау — құда түсіп, қыз ұзату, ән-жыр әуелеп төгілетін ойын-сауық маусымы болған. Сондықтан да саржаздың сән-салтанатты көші ән-жырға қосылып, тұрмыстық-салттық дастандарда майын тамыза жырланған», — деп жазады [10; 35].

Көш әсемдігін арттыратын, халқымыздың әсемдіктегі танымын әшкерелей түсетін тағы бір бұйым бар. Ол «көш сырмақ» деп аталады, яғни көші-қон кезінде түйеге артқан жүктің үстіне сәндік үшін жабылатын сырмақ. «Көш сырмақтар көлемі 3–4 метрдей көлемде көштің сәнін арттыру мақсатымен арнайы жасалып, әдемілігі жағынан кілемнен кем түспеген. Оны күнделікті төсеніш

ретінде пайдаланбаған, тек қажетті жағдайда ғана төрге «бір салар» бұйым ретінде қолданған» [12; 18].

Қазақ этносының ғаламның тілдік бейнесіндегі әсемдікке ұмтылған танымдық болмысын көш дәстүріндегі бірқатар салттардан тануға болады. Бұл құбылыс қыз ұзату салтымен байланысты. Қыздың жасау-жабдығын артқан көшті ата-бабаларымыз «қыз көші» деп атаған. Қыз ауылынан бір көш жер шыққанан кейін атаулы көш «келіншек көші» деп аталған. Келіншек көшінің келе жатқанын білетін жолдағы ауыл қыз-келіншектері, жастары оны тоқтатып «түйемұрындық» кәдесін алып, батасын беріп, «жол болсын» айтып шығарып салады.

Халық танымында қазақтың қыз ұзатудан басқа жаңа туған нәрестеге ат қою салтында да өзіндік ырымдар мен әдет-ғұрыптардың сақталғанын байқаймыз. Сол есімдердің бірі көш салтымен байланысқан, ұлттық мазмұны бар адам есімдері. Жаңа қонысқа жеткенге дейін көш бойы дүниеге келген балаға атам қазақ *Көшежан, Көшер, Көшбасар, Көшбике, Көшімбек, Көшім, Көшімбай* сынды есімдерді қойған.

Ғаламның тілдік бейнесі — әмбебап бірлік ретінде, тілдік тұлғаға тән барлық қасиеттердің айқын суреті ретінде, тілдік тұлға ретінде өмір сүретін категория. Бұған субъектінің қоршаған ортаға деген бағалаушылық позициясы да енеді, ол өз кезегінде қоршаған орта, ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар т.б. тілдік тұлғада бағаланған түрге еніп бейнеленеді. Ол адам тіліндегі ойлаудың, танымның, рухани болмыс-бітімінің, мәдениеттік құндылықтары барлық деңгей мен дәрежесін көрсетеді.

Қорыта келгенде, ғалам бейнесі адам санасында тұтас күйінде қайталанып өмір сүреді. Оны жүзеге асыратын, объективтендіретін форма да — тіл. Ол арқылы адам баласының тілі «адам — әлем» қатынасының нәтижесінде жалпы адамзат атаулыға ортақ әлемдік бейне, яғни «тіл — ойлау» бірлігінің көрінісімен сипатталады. Яғни ойлау мен тіл бір-бірімен өзара тығыз байланыста болады. Әлемнің тілдік бейнесі арқылы ғасырлар бойында өзіндік дүниетанымымен дараланған қазақ халқының ғажап болмысының талай сыры әлі де індетте зерттеуді қажет етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Байтұрсынұлы А.* Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғалиев. — Алматы: Жалын, 1991. — 343-б.
- 2 *Ислам А.* Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: Филол. ғыл. д-ры ... дис. автореф. — Алматы, 2004. — 13-б.
- 3 *Колианский В.Г.* Объективная КМ в познании и языке. — М., 1990. — С. 31.
- 4 *Маслова В.А.* Лингвокультурология. — М.: Академия, 2001. — С. 66.
- 5 *Смағұлова Г.Н.* Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. — Алматы: Ғылым, 1998. — С. 145.
- 6 *Жұбаева О.Қ.* Кемеңгерұлының тілтанымдық мұрасы мен лингвистикалық тұжырымдамалары: Филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. — Алматы, 2004. — 13-б.
- 7 *Әлібеков Ш.* Қазақ фольклорының эстетикасы: Филол. ғыл. канд. дис. — Алматы, 1992. — 8-б.
- 8 *Казыханова Б.Р.* Эстетическая культура казахского народа. — Алма-Ата: Казахстан, 1973. — С. 63.
- 9 *Гумбольдт В.* Язык и философия культуры. — М., 1985. — С. 81.
- 10 *Жәнібек Ө.* Уақыт керуені. — Алматы: Жазушы, 1992. — 192 б.
- 11 *Залесский Б.* Қазақ сахарасына саяхат. — Алматы: Өнер, 1991. — 132 б.
- 12 *Әлімжанова А.* Қазақ тіліндегі әйел қолөнеріне байланысты халықтық лексиканың этнолингвистикалық сипаты: Филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. — Алматы, 2008. — 30 б.

А.К.Сейілхан

Казахское художественное познание в языковой картине мира

В статье осуществлен анализ языковой картины мира в мировидении казахского народа. В основе концепции автора лежит мысль о том, что каждый этнос характеризуется своеобразием восприятия мира, отображаемым в языке.

This article is devoted to the linguistic world image in the outlook of the Kazakh people. Basic element of the human beings world outlook is the image of the world. The image of the world in every ethnic group has its own representation. It is closely related to the geographical, ethnographic, cultural-linguistic essence of every nation.

ӘОЖ 82–95:821.512.122

Ж.Ш.Жұмагелдин

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

1940–1950-жылдары әдеби мұраны игерудегі ізденістер

Мақалада тоталитарлық жүйе жағдайындағы қазақ әдеби сынының 1940–1950-жылдардағы даму жолдары ғылыми тұрғыда сараланып, қазіргі жаңа зерттеушілік көзқарас талабына сай қарастырылған. Әдеби даму үрдісіндегі сынның ықпалын, әдеби мұраны игерудегі ізденістерін ғылыми тұрғыда сарапқа салған. Әдеби мұраны игеру мәселесінде 1959-жылдың 15–19 маусымында Тіл және әдебиет институты өткізген ғылыми-теориялық конференцияның әдебиеттану ғылымына қосқан үлесі сараланды. Ғылыми конференцияда көтерілген мәселелердің өзектілігін қарастыру мақаланың мақсат-міндеті болып табылады.

Кілтті сөздер: 1940–1950-жылдары, қазақ әдебиеттану ғылымы, маркстік-лениндік әдіснама қағидалары, кеңестік идеология, ғылыми-зерттеушілік ой-пікір, әдеби мұра, пролеткульшылдық нигилизм, бірыңғай ағым теориясы, тұрпайы социологизм теориясы, ғылыми-зерттеу әдіснамасы, акын-жазушылар шығармашылығы.

1940–50-жылдары қазақ әдебиеттану ғылымы маркстік-лениндік әдіснама қағидалары мен кеңестік идеология қыспағында болса да, әдебиетіміздің тарихын, теориясын, фольклорын зерттеуде, әдеби көркем сынын қалыптастыруда жетістіктерге жетті.

Әдеби мұраны ғылыми тұрғыда игерудегі ғылыми-зерттеушілік ой-пікір XX ғасыр басынан бастап әдебиет тарихы мен теориясын зерттеуде, әдеби сынды тудыруда ғылымдық және эстетикалық биіктіктерге ұмтылды. 20-жылдары әдеби мұра керек пе, жоқ па деген мәселеде пролеткультшылдық нигилизмге қарсы күресе отырып, әдеби мұраны игеруде «бірыңғай ағым теориясының» оң бағытын пайдаланып, оны жинау, жариялау, ғылыми тұрғыда бағалау, дәуір талабына сай пайдалану, творчестволық үйрену секілді өзекті проблемаларды шешіп алды. Ал 30-жылдары «тұрпайы социологизм» теориясының ықпалындағы қателіктерге ұшырай отырса да, қазақ әдебиетінің сан ғасырлық даму жолын тарихи тұрғыдан тану, зерттеу және дәуірге бөлу секілді келелі мәселелерге батыл бара білді. Сонымен қатар осы уақыт аралығы қазақ әдебиеттану ғылымы үшін ғылыми-зерттеу әдіснамасын меңгеру, идеялық, шығармашылық принциптерді игеру кезеңі де болды. Ұлттық әдебиеттану ғылымының туу дәуіріне тап келген бұл мезгіл республика тарихындағы өте ірі оқиғалар мен орны толмас қателіктерге толы кезең еді. Халық ағарту ісінің жолға қойылуы, мәдениет орындарының ашылуы, баспасөздің өркен жаюы, зерттеу институттарының ашылуы т.б. әдеби-мәдени іс-шаралар әдеби мұраны игеруге қолайлы жағдай туғызғанымен, қызыл империяның құрылғаннан бастап қолға алған қанды қырғыны, ұлт саясатының бұрмалануы, жеке басқа табынушылық, маркстік-лениндік әдіснаманың тапшылдық, партиялылық қағидалары кері әсер етті. Атап айтқанда, «ұлтшылдық-алашшылдарға» қарсы күрес қазақ әдебиеттануының ізашарларын, 37-жыл зұлматы тәжірибесі қалыптасып қалған әдебиетші-ғалым мамандарды, бүкіл ұлт зиялыларын түгелге жуық жазықсыз жазалап, қуғын-сүргінге ұшыратты, ғылыми жұмыспен еркін шұғылдануға мүмкіндік бермеді. Осындай қиыншылықтарға қарамастан, орны толмас құрбандықтарға бара отырса да қазақ әдебиеттану ғылымы соғысқа дейінгі 1900–40-жылдар аралығында туу дәуірін аяқтады.

Кеңестік идеология мен маркстік-лениндік әдіснама қағидалары құрсауына ұшыраған қазақ әдебиеттануы 40-жылдары бұрынғы ізденістерін жалғастыра отырып, біршама жетістікке қол

жеткізді. Қазақ әдебиет тарихын дәуірлеуде, жеке акын-жазушылар шығармашылығын монографиялық тұрғыда зерттеуде әдебиет теориясының мәселелерінде көңіл аударарлық соны қадамдар жасады. Бірақ партиялық қаулы-қарарлар ұлттық мүддеге сай бағыт алған ғылыми-зерттеушілік ой-пікірге тағы да тоқтау салды, көрнекті әдебиетші-ғалымдарды қуғынға ұшыратты. 50-жылдардың орта кезінен басталған жаңа бетбұрыс жеке басқа табынушылықтың зардаптары мен бұрмалаушылықтарды түзете бастағанымен, қазақ әдебиеттануының ұлттық мақсат-мүддеге сай ізденістер жасауына еш мүмкіндік бермеді. Маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы қағидалары, оның «тұрпайы социологизмді» ұтымды пайдаланып отырған саясаты, ұлттық нигилизмнің өріс алуы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің адымын аштырмады. Әйтсе де кеңестік дәуірдегі әдебиетті тексерудегі зерттеулер мен монографиялардың көбеюі, қазақ әдебиеті тарихының көп томдығының шығуы, әдебиет теориясы мен әдебиет сынының зерттеу нысанасына алынуы, төңкерістен бұрынғы әдебиет тарихының ежелгі дәуірден бері зерттеле бастауы, тағы да басқа өзекті де көкейкесті мәселелерді шешіп алуы, қазақ әдебиеттануының қалыптасу дәуірінде қол жеткізген табыстары болды [1; 45]. Ұлт әдебиеті тарихындағы «ақтаңдақтарды» жоюға дейінгі жетістікке жетуі қалыптасу дәуірі үшін аз табыс емес еді. Біз мұны маркстік-лениндік әдіснама мен тоқырау заманындағы идеологиялық қатал бақылауда болғандығын ескере отырып айтып отырмыз.

Әдеби мұра, оның ішінде халық ауыз әдебиеті туралы әр түрлі пікірлер мен көзқарастарды бір арнаға салу 1924 жылғы қазақ білімпаздары бірінші съезінің күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болған еді. Съезде 1917–1924 жылдар аралығында халық шығармашылығының үлгілерін жинау, жариялау жұмыстары қорытындылана келе, оның алдағы уақыттағы қызметіне бағыт-бағдар берілді. «Халық ауыз әдебиетін қалай, қайтып және кімдер жинау керек?» деген мәселелермен қоса, жаңа дәуірдегі қазақ фольклорының да шығармаларын жинау, оларды басып шығару, жеке халық акындарының өлеңдер жинағын шығару сияқты проблемалық мәселелер терең сөз болды. Съезге жиналғандардың «бірыңғай ағым теориясы» мен «тұрпайы социологизм» бағытындағы көзқарасты жақтаушылар болып екіге бөлінуі әдеби мұра туралы айтыс-тартысты ерекше күшейте түсті. Мәдени мұраға ғылыми тұрғыдан қарау бұрмаланып, қазақтың халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинауды бір жүйеге салу туралы шешім тұжырымдалмай қалды. Алайда съездің әдеби мұра жөніндегі көзқарастағы бір қателікке, яғни «халық ауыз әдебиеті құриды, жаңа дәуірде оның дамуына ешбір мүмкіндік жоқ» деген пікірге қатты тойтарыс берілді.

Съезде сөйлеген Х.Досмұхамедов, Н.Төреқұлов, тағы басқалар сөздерінде ауыз әдебиеті үлгілерін жинау ісімен қатар, оны ғылыми тұрғыдан талдау, жариялау, тексеру жайы да әңгіме болды. Халық шығармаларын жинаушыларға арналған үлгі-нұсқа кітаптар жазу, жаппай жинаушылыққа тежеу қоймай, осы игі іспен арнаулы маман адамдар шұғылдануы, қоғамдық және мәдениет ұйымдары жетекшілік, қамқорлық көрсету қажеттігі терең әңгімеленіп, қазақ әдебиеттану ғылымының тууына себепші болған үлкен бір міндет анықталды. Ол фольклорлық мұраны жинау, жариялау, кітап етіп шығаруды жүйелі арнаға салу арқылы әдебиеттану ғылымында халық творчествосын әдеби-теориялық ғылыми тексеру, зерттеу жұмысын жүргізу үшін база жасап беру міндеті еді.

Әдеби-мәдени мұраны жинау, жариялау үлкен білімділікті, ғылыми дәлдікті, қажымас еңбекшілікті талап ететінін ескерсек, халық әдебиеті үлгілерінің бай қорын жасау жұмысы ғылыми-эстетикалық қажеттілікке айналды. Осының нәтижесінде әдеби мұра туралы ғылыми-зерттеушілік көзқараспен пікір айту мәнді арнаға бағыт алды. Әдеби-тарихи сипаттағы ой-пікір ұштала түсіп, ұлттық әдебиеттің тарихын зерттеу проблемасы дәуір талабы алға тартқан көркемдік міндеттермен іштей бірлік табуға ұмтылды. Жаңа мән, өзгеше сипат алып дами бастады.

1920-жылдардың аяғы — 30-жылдардың басында халық әдебиетін жинау, жариялау, зерттеу мақсатындағы С.Сейфуллиннің, С.Мұқановтың, А.Байтасовтың, Ә.Тәжібаевтың, Ж.Т.Тілепбергеновтің т.б ғалымдардың мақалалары жарық көрді. Осы кезеңдегі жинаушылық сипаттың басым болуына байланысты бұл мақалалар халықтың ескі әдебиет мұраларын халықтың игілігіне жарату, рухани байлығына айналдыру міндеттерін көтере отырып, ол үшін көп болып кірісуге шақырды. Дәуір талабына сай үн қосып, әдеби мұраны шығаруға атсалысқан бірталай үлгілерді жариялаған, мақалалар жазған А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытовтардың көзқарастары идеологиялық күрес барысында дұрыс сараланбай айтыс-тартыс туғызды. «Ұлтшылдардың мақалаларында әрқашан «бірыңғай ағым теориясының» жүйесі жатады» деген қате пікірлердің орын алуы нигилистік көзқарасты шамадан тыс күшейтіп жіберді. С.Мұқановтың 1927 жылы «Менің қорытынды пікірім» атты мақаласына сол кездегі ұлтшылдыққа қарсы күрес лейтмотиві арқау болып, Абай творчествосы

және халық әдебиеті туралы да өзінің бұрынғы айтқан пікірлеріне қарама-қайшы шықты. Фольклорлық шығармаларға нигилистік пікірде қарап, «кімнен үлгі аламыз» деген мәселеде «ұлтшылдар» жинап-насихаттап отырғандықтан, «халық әдебиеті бізге жат, одан үлгі алар ештеңе жоқ» деп тарихи сабақтастық пен дәстүрлікті жоққа шығарады. Нигилистік көзқарастың өрістеуіне тек қана пролеткультшылдық пен әсіре солақайшылдық әсер етіп қойған жоқ. Сонымен қатар «ұлтшыл» деп танылған ақын-жазушылардың әдеби-мұраны игеруде жүргізген жұмыстары қатты әсер етті.

Жаңа дәуірдің әдебиетін тудыру мәселесі, оның идеялық-творчестволық бағыты қандай болуға тиіс, ол қандай көркемдік әдіспен өркендеуі керек деген проблемалар 1920-жылдардың орта шенінде анық бой көрсетті. Оның сөз болуы, бір жағынан, фольклорлық мұраға да қатысты болды.

«Кімнен үлгі аламыз?» деген кезеңдік сауалға жауап беру барысында дәстүр мен жаңашылдықтың тарихи сабақтастығы кең сөз болды. Оларда ғылыми-зерттеушілік сипат жетпей жатқанымен, мәдени мұра туралы лениндік қағиданың ықпалында айтылғанымен, фольклорлық үлгілер мен атақты ақын-жыраулардың классикалық мұрасын әділ бағалау, одан үлгі алу, үйрену жолын насихаттау саласында бірталай ізденістер болды.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін белгілі қоғам және ұлт қайраткері, сыншы, әдебиетші С.Сәдуақасовтың «Әдебиет туралы» мақаласындағы әдеби мұраға деген көзқарасына тоқтала кетелік. Автор нигилистік бағытты сынай отырып: «Ескіден қалған мұраға біз ие боламыз ба, жоқ болмаймыз ба? Бұл — үлкен негізгі мәселенің бірі. Біздің көбіміз (мен біз дегенде коммунист сыншыларды айтамын) бұл мәселеге әлі үстірт қарап жүрміз», — деп «қазақ әдебиеті өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ» деген пікірге қарсы шығады. Бұл жөнінде Қ.Кемеңгеров: «Ауызша айтылып жүрген халық әдебиеті көшпелі шаруаның, рулық қоғамның айнасы болды. Ұзақ заманның ішінде халық әдебиеті кемеліне жетті», — деп білген болатын. С.Сәдуақасов осы ойды жалғастыра отырып: «Қазақ әдебиеті өткенінен де, қазіргі халінен де үлгі-тәжірибе ала алады, өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге әбден жетті. Тегінде өзінен-өзі үлгі ала алмайтын әдебиет болуға тиіс емес. Өткенді ұмытып, өткеннің бәрін мансұқ қылып тастағанда, жаңа қайдан өспекші? Сондықтан біз ескі мұрадан жерімейміз. Ескі мұраның жарайтынын аламыз, жарамайтыны қалады», — деп кең орын теуіп келе жатқан маркстік-лениндік методологияның талаптарына сай ғылыми жаңаша тұжырым білдірді.

Қазақ совет әдебиетінің бет-бағдары туралы толымды пікір айта бастаған сын мақалалар мен әдеби мұраны игеру, зерттеуге байланысты әдебиет тарихын жазу проблемасын көтере бастаған ғылыми сипаттағы осы мақалалардың әдеби-теориялық және әдеби-тарихилық талдаулар жасауға ұмтылуынан қазақ әдебиеттану ғылымының туу кезеңі жалғаса түскенін байқаймыз.

Қазақ әдебиеттану ғылымының даму кезеңінде және әдеби мұраны игеру мәселесінде 1959 жылдың 15–19 маусымында Қазақстан Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты өткізген ғылыми-теориялық конференцияның алар орны ерекше.

Конференция С.Бәйішевтің кіріспе сөзімен ашылып, негізгі баяндамаларды Е.Ысмайылов, М.Базарбаев, Н.Смирнова, Қ.Жұмалиев, Ы.Дүйсенбаев, М.Сильченко, Б.Кенжебаев жасады. Қосымша баяндамаларды М.Дүйсенов, М.Қаратаев, С.Сейітов, Т.Сыдықов, С.Талжанов, Х.Сүйіншілиев, З.Ахметов, Ә.Дербісалин, Н.Қарашевалар сөз алса, жарыссөзде бірнеше баяндама тыңдалды.

Қазақ әдебиеті сынының проблемалық мәселелерін әдеби мұраны игеру, зерттеу арналарымен тығыз бірлікте алуымыздың өзіндік себептері де бар. Сын тұтас әдебиеттануда мақсат-міндетіне сай қордаланған және шешімін табуды қажет ететін мәселелерден тысқары қала алмайды. Әдеби өркендеудің бел-белестеріндегі көркемдік дамудағы дәстүр және жаңашылдық, тарихи сабақтастық тұрғысынан айқындап алмайынша, сөз өнерінің табиғатына тән үрдісті екшеуде қиындықтардың тууы да заңды. Сондықтан да әдеби мұра мәселесіне арналған конференцияда әдебиет тарихында айрықша аталатын ақындар шығармашылығына баяндамашылардың баса назар аударуы еш танданys туғызбайды. Қ.Жұмалиев, Ы.Дүйсенбаев, М.Сильченко, Б.Кенжебаев баяндамаларының өзегі XVIII–XIX және XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихының мәселелері болды.

Қ.Жұмалиев 1950–51-жылдар басындағы қаулы-қарарлар зардабын дұрыс түсіндіріп, оның негізгі себептеріне үңіледі. «XVIII–XIX ғасырлардағы әдебиет өкілдерінің Махамбеттен басқа бірде-бірі жеке тексерілмейді. Олардың творчествосындағы заңды байланыстар айтылмайды. Басқалары сөз арасында аталады да, әдебиет тарихы деп тек бір ғана ақынды ұсынады» [2; 93]. Ал Ы.Дүйсенбаев XIX ғасыр әдебиетінің тарихына шолу жасай отырып, «көрнекті мәдениет қайраткерлерінің, егер ол шын мәнінде сондай болса, реакцияшыл екенсің деп тарихтан шығарып тастауға болмайды, ол ақын

өзінің тиісті бағасын алып, белгілі бір көлемде зерттелуге тиіс» деген назар аударалық пікір айтқанымен [2; 113], Шортанбай, Дулат, Мұрат, Кердері Әбубәкір сынды ақындар мұрасын бағалауға саяси өлшеммен қарауымыз керек дей отырып, пікір қайшылығына ұрынған.

Конференцияда Б.Кенжебаев XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тақырыптық, жанрлық бағыт-бағдарын айқындауды басты мақсат еткен. Әсіресе «қазақтың XX ғасыр басындағы демократ ақын, жазушылары өздерінің революциядан бұрынғы шығармаларын сыншыл-реализм әдісімен жазды; реалдық өмірді, халық өмірін көрсете білді» деген пікірі аталған дәуір әдебиетін зерттеудің ғылыми проблемасын көтеруімен құнды болды [2; 141]. Қосымша баяндамалар жасаушылар да әдебиет тарихының түйінді жайттеріне қатысты мәселелерді талқыға салды. Бұл ретте С.Талжановтың «Шортанбай Қанайұлы», Х.Сүйіншәлиевтің «Дулат ақын мұрасынан», З.Ахметовтың «Ш.Бөкеевтің творчествосын зерттеу туралы» атты баяндамалары сол кездегі даулы мәселелерді көтеруімен және оған қатысты пікір алысуға қозғау салды. Бұл әдеби сында осы күрделі мәселе туралы қордаланып қалған, яғни кешелері сын өзі жоққа шығарған көптеген жеке ақын-жазушылар туралы жаңаша сипатта пікір білдіруге қадам жасауға әкелді. С.Талжанов Шортанбай шығармашылығын талдауға ақын өмір сүрген заман ағымы тұрғысынан үңіледі. Патшаның отарлау саясатының қазақтың әлеуметтік өміріне тигізген зардабын ашық айтып, халық мүддесін көздеген ақындар наразылығын Шортанбай мұрасы арқылы ашуда байыпты ой-пікір түйеді. Ғалым Шортанбайдың шығармашылық тұлғасын ашуға объективтілікпен бара білген. Ақын шеберлігіне, дүниетанымына ақиқат биігінен үңілуі де соны айқындайды. Патшаның отарлау саясатына қарсылығын ашық айтып, оның мұрасын әділ бағалау керектігіне назар аударады. Мұндай батыл ізденіс Х.Сүйіншәлиевтің Дулат шығармашылығына қатысты баяндамасына тән. Бірақ ол конференцияға қатысушылар тарапынан қолдау таппай, сынға ұшырады. Әсіресе Дулат ақын реализмін, әлеуметтік сарынын байыптаулардағы пікірлері бүгінгі ғылыми-зерттеушілік бағыттағы ізденістермен үндесіп жатқанын ашық айту қажет.

Өз кезегінде З.Ахметов Шәңгерей Бөкеев шығармашылығына талдау жасап, ақынның көркемдік ізденісін, сөз өнеріне тән ерекшелікті терең ашып көрсетеді. Ақын поэзиясындағы қайшылықты айта отырып, оның поэзиясының көркемдік сипатын теориялық негізде саралайды. «Шәңгерей сыршыл лириканы, суреттеу бейнелеу тәсілін дамыта түсті» деген байламы ақынның шығармашылық даралығын байыптауымен құнды [2; 213]. Міне, әдеби мұраны ғылыми негізді игеру, зерттеу мәселесінде конференцияда көтерілген осындай батыл пікірлер әдебиеттану ғылымында, жалпы ғылыми-зерттеушілік, сыншылдық-эстетикалық ой-пікірде қолдау таба бермеді. Мысалы, жарыссөзде сөз алған М.Хасенов «Дулаттың шығармаларын тереңінен зерттеуге Х.Сүйіншәлиевтің өрісі жетпеген. Сондықтан мақтаймын деп жамандап алды», — деп Х.Сүйіншәлиевтің Дулат ақынның халықтық мүддені көздеуші деген пікірін терістейді [2; 267]. Басқа ғалымдарды айтпағанда, қорытынды сөз сөйлеген М.Әуезов «Шортанбай, Мұрат, Дулаттардың бәрі бірдей «анау ақауы», «мынау кемшіні», ол — пұл міні бола тұрса да «жақсы ақын» дейтін болсақ, тағы да бірыңғай ағын-арнасына түсеміз. Ал, бұған бізге тарих та, партия да бірде-бір рұқсат етпейді. Солары шексіз дұрыс, ол біздің ғылымның ырысы», — деп сол кездегі саяси-идеологиялық талаптың тар шеңберінен шыға алмады [2; 355]. Алайда бұл сол кезеңдегі саясаттың ызғарының бір сипатынан еді.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында аталған конференция жетістіктер мен кемшіліктер жаңаша сараланып жатқан «жаңғыру» кезіндегі бұл үлкен әңгіме біраз ілгері басу болды. Оны ұйымдастырған, әрі оған белсене қатысқан әдебиетшілер қауымы шындықты орнатуға атсалысты» деген тұрғыдан бағалануда.

Шындығына келсек, «конференцияның маркстік-лениндік әдіснаманы, оның әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы қағидаларын ғылыми жұмыстарда түпкілікті орнықтыру мүддесін ұстағаны тарихи шындық. Сондықтан оған баға берген уақытта егемендік алғанға дейінгі қазақ әдебиеттануының ұлттық мүддеге тамыр тарта алмаған, өткендегі мұраны тарихи ақиқат тұрғысынан бағалай алмаған кемшіліктерінің барлығы осы конференциядан басталғанына көңіл аудару қажет деп ойлаймыз» деген зерттеуші пікірінің де қисыны жоқ емес [3]. Бұдан қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында осы конференцияның сол кездегі ғылыми маңызы туралы нақты бір тұжырым жасалмағанын аңғарамыз.

Құрылтайда қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арналғандықтан да әдеби сынның мәселелері де назардан тыс қалуы мүмкін емес еді. Мәселен, Е.Ысмайыловтың «СОКП ХХІ съезі қарарларына байланысты қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі міндеттері» баяндамасының «Сынды

өрістетейік» атты екінші тарауы негізінен сол кезеңдегі әдеби сынның жай-күйі мен проблемалық мәселелеріне арналған.

Ғалым «әдебиеттану ғылымында бүгінгі тақырыпқа бет бұру дегеніміз, ең алдымен, қазіргі кеңес әдебиетінің күнделікті творчестволық, теориялық мәселелерімен нақты шұғылдану, әдебиет сынын үнемі дамытып отыру болып табылатынын» орынды атап өтеді.

Сыншы сол тұстағы ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде кеңінен сөз бола бермеген тың мәселені көтерген. Ол — сынның әдебиеттанудың негізгі саласы екенін байыптауы еді. Сол себепті де ғалым әдебиетші, сыншылардың әдеби сынға биік талап деңгейінен қарау қажеттігін күн тәртібіне өткір қояды.

«Әдеби сын, — деп жазады ғалым, — әдебиеттану ғылымының негізгі саласы. Сынсыз, пікір таласынсыз өмірде жалпы даму жоқ. Сондай-ақ әдебиеттану ғылымы да сын жоқ жерде өрістей алмайды» [1; 43].

Қазақ әдеби сынын дәуір талабына сай дамытуға нақты талаптар тұрғысынан келген ғалым әдеби мұраға қатысты даулы мәселелер мен қазақ кеңес әдебиетінің теориялық арналарына байланысты іркілістерді де бүкпесіз ортаға салды. «Біздің әдебиетші-ғалымдар, әсіресе орта буындағы әдебиетшілер, әдебиеттің тарихтық, теориялық мәні бар даулы мәселелеріне көп жоламайды», — деп сол тұстағы ғылыми ізденістегі басты олқылықты дұрыс көрсетеді. «Бүгінгі әдебиеттің барлық жаңалықтарын, табыстары мен кемшіліктерін жан-жақты зерттеп, өзінің әділ білімді сындарын жазып отыру — біздің әдебиеттану ғылымының абыройлы міндеті» деп білген ғалым мақсаты эстетикалық сипаты мен теориялық тұрғыдан терең талдаулар жасайтын сынды сапалық деңгейге көтеру болды. Білікті сыншының принципті талаптары әдеби сынның өресінің биіктеуі мен өскелең тенденциясын танытуға септігі тигені анық.

Сөз өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдық туралы баяндама жасаған М.Базарбаев көзқарасы әдебиеттанудағы қордаланған өзекті мәселелерді талқыға салуымен назар аудартып қана қоймай, әдеби сынды тың арналарға бастауымен ерекшеленеді [4].

Қазақ поэзиясының көркемдік даму деңгейін, ақындық шеберлік қырларын байыптаған ғалым көркем бейне, бейнелеу құралы, әдебиеттің реалистік сипатын дәстүр мен жаңашылдық аясында қарастырған. Бұл ретте С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, Ә.Тәжібаев, А.Тоқмағамбетов, Ғ.Орманов, Ж.Саин, Қ.Аманжолов, Д.Әбілев, Ә.Сәрсенбаев, Қ.Бекхожин, Ғ.Қайырбеков, Ж.Молдағалиев, С.Мәуленов, Е.Ибрагим сынды ақындардың стильдік ерекшеліктері мен ақындық ізденістеріне де тоқталып, қазақ кеңес поэзиясының өсу жолына шолу жасаған. Сондай-ақ аталған ақындарының поэмаларына талдау жасалып, ақындық шеберлікті көркемдік тұрғыдан дамытудың теориялық мәселелері кең ауқымда қарастырылған. Бұл әдеби сынның бірыңғай кемшілік іздеу сипатынан арылып, ғылыми және әдеби-теориялық негіздегі талдау жасай отырып, баға беру жолына нақты қадам жасай бастағанын байқатады.

Сонымен қатар қазақ кеңес әдебиетінің көркемдік деңгейі, шығармашылық ізденіс аясы маркстік-лениндік әдіснама талаптарына сай қарастырылуынан социалистік реализм әдісінің теориялық тұрғыдан негізделуі еш таңданыс туғызбасы түсінікті. Конференция баяндамаларында қазақ кеңес әдебиетінің негізгі мәселелеріне баса назар аударылғандықтан, әдеби сынның келелі проблемалары жеткілікті деңгейде қарастырылмағанын байқаймыз. Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, М.Базарбаев, М.Дүйсенов, И.Смирновалардың сынға қатысты жанама пікірлері болмаса, қосымша және жарыссөздегі баяндамалар, негізінен, әдебиет тарихына, яғни әдеби, фольклорлық мұра, оны игеру, зерттеу төңірегінде өрбиді. Әрине, мұның өзі түсінікті де. Себебі әдебиет тарихына қатысты дәстүр мен жаңашылдық, тарихи сабақтастық, көркемдік әдіс арналарына байланысты бір шешімге келмейінше, бұл бағыттағы сыншылдық-эстетикалық ізденіс аясын бағамдау қиындықтар тудыратыны мәлім. Осындай олқы тұстарына қарамастан, конференцияның әдебиеттанудағы маңызын мына мәселелерден айқын аңғарамыз: фольклорлық мұра, төңкеріске дейінгі әдебиет тарихын дәуірлерге бөле отырып, басты проблемаларын шешіп алуға батыл қадамдарын айтпағанда, қазақ әдебиетін теориялық тұрғыдан зерттеуге көбірек назар аудару, көркемдік әдіс, дәстүр мен жаңашылдық, жанрлық даму және қалыптасу жолдары, стиль мен көркемдік шеберлік мәселелеріне сай тексеру, әдебиеттің социалистік мазмұны мен ұлттық сипатын, идеялық-шығармалық және социалистік реализмнің принциптеріне сай өсу жолын жаңа талапта қарастыру мәселелері сол кезеңнің әдебиеттануы мен сын тұрғысынан алғанда аз да болса ілгерілеу болғаны сөзсіз.

Қорыта келгенде, 1950-жылдардың соңында қазақ әдеби сыны «жылымық» кезеңінің бар мүмкіндігін тиімді пайдалана отырып, жеке басқа табынудан туындаған басты кемшіліктер мен негізгі олқылықтардан арылуға бет алды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Смағұлов Ж.Қ. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. — Алматы, 1999. — 137 б.
- 2 Әдеби мұра және оны зерттеу: Қазақ әдебиетінің негізгі проблемаларына арнал. ғыл.-теор. конф. материалдары / Алматы, 1959, 15–19 маусым. — Алматы, 1961. — 376 б.
- 3 40–50 және 60-жылдардағы қазақ әдебиеті. — 2-кіт. — Алматы, 1998. — 219-б.
- 4 Дәрімбетов Б. Тазару. Әдеби сын. — Алматы: Жазушы, 1991. — 69-б.

Ж.Ш.Жұмагелдин

Поиски нового в осмыслении литературного наследия 1940–50-х годов

Автор рассматривает вопрос о влиянии тоталитарной традиции на казахскую литературу 1940–50-х годов с современных исследовательских позиций и научных подходов. Анализируется вклад научно-практической конференции, проводимой Институтом языка и литературы 15–19 июня 1959 г. в г. Алма-Ате, в литературоведческую науку по проблеме освоения литературного наследия. В статье поднимается вопрос актуальности проблем, обсуждаемых на научных конференциях.

The article is devoted to the question of influence of totalitarian tradition on the Kazakh literature of 1940–50th years from modern research positions and scientific approaches in which have found reflection modern scientific researches. The role of scientific-practical conference in literature science, which be sent by the Institute of language and literature for 15–19 June 1959 year about problem of comparing of literature reach. The describing actuality of problems, which have asked on scientific conference is the aim of this article.

ӨОЖ 82–95:821.512.122

Ж.Қ.Смағұлов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

XX ғасырдың 1930-жылдарындағы көркемдік әдіс мәселелері

Мақалада қазақ әдебиеттануындағы С.Мұқановтың, М.Қаратаевтың және басқа ғалым әдебиеттанушылардың еңбектерінде баяндалатын социалистік реализм әдісінің қалыптасуының ғылыми-методологиялық мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ XX ғасырдың 1930 жылдарындағы қазақ әдебиеттануындағы социалистік реализм әдісінің жетістіктері мен кемшіліктеріне баға берілді. Маркстік-лениндік методологиядағы социалистік реализм принциптері қазіргі көзқарас тұрғысынан талданған.

Кілтті сөздер: СОКП, 1925 жыл, партия, көркемөнер саласы, қаулы, пролетариат әдебиеті, ұлтшылдық-буржуазияшылдық элементтер, маркстік-лениндік идеология, социалистік әдебиет, сыншылдық ой-пікір, ҚазАПП басшылығы, жікшілдік мәселесі, теориялық теріс қағидалар.

СОКП-ның 1925 жылғы «Партияның көркем өнер саласындағы саясаты туралы» Қаулысы алға қойған «пролетариат әдебиетінің үстемдігін орнату, ұлтшылдық-буржуазияшылдық элементтерді әшкерелеу» секілді кезектегі міндеттері орындалып шыққан соң, 1930-жылдардың бас кезінде маркстік-лениндік идеологияны басшылыққа ала отырып, «түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиет» жасауға қадам жасалды. Әдебиет осы жаңа идеологиялық талап-тілектеріне сай жанрлық тұрғыдан дами бастады. Осыған орай ғылыми-сыни және әдеби-теориялық ой-пікір азды-көпті жинаған тәжірибесін пайдалана отырып, өркендеуге тиіс еді. Бірақ 1920-жылдардың екінші

жартысында сыншылдық ой-пікір ҚазАПП басшылығы тарапынан болған әдебиеттегі жікшілдік мәселесімен айналысып кетті де, «тұрпайы социологизмнің» солақай көзқарасының ықпалынан шыға алмады. Бұл әдеби-теориялық ой-пікірге де әсер етіп, ҚазАПП ұсынған «Д.Бедныйша жазу керек» деген ұранға, «байлар әдебиетін басып озу керек» деген шақыруға сай, сол кездегі РАПП-тың позициясынан туындаған «жанды адамды көрсету», «Плеханов ортодоксиясы үшін», «бөтен әсер» сияқты теориялық теріс қағидаларды сөз ете бастады. С.Мұқановтың «Блокшылдықтан демьяншылдыққа» («Жаңа әдебиет», 1931, № 2), «Әдебиеттегі семеновхшылдыққа қарсы» («Қазақстан большевигі», 1931, № 5), М.Қайыпназаровтың «Көркем әдебиеттің кезектегі міндеттері» («Жаңа әдебиет», 1931, № 1) және тағы басқа мақалаларда орыс әдебиеттануындағы профессор В.Ф.Переверзевтің бұл идеяны жоққа шығарып, көркем образды ғана алған концепциясын талқандауға үн қосу байқалады. Д.Бедныйша жазуға үндеу арқылы көркемдік дамудың заңды жолдарына тежеу салып, әдебиетті бір ғана таптың мүддесіне сай тар шеңберде ғана болуын талап ету, ақын-жазушы таптық ортаның жемісі екенін дәлелдеу басым болды. Профессор В.Переверзевтің концепциясына қарсы дискуссияда нәтижесі де қабылданды: «Только тот критик и историк близок к марксизму, который не отходит от точки зрения Плеханова» деген тұжырымынан кейін әдеби-теориялық ой-пікір «Плеханов ортодоксиясы үшін» деген қағиданы түсіндіру мен теориялық тұрғыда негіздеуге көшті. С.Мұқановтың «Пролетариат көркем шығарманың әдістері туралы» («Жаңа әдебиет», 1931, № 4, 5) аталатын мақаласы Ғ.Тоғжановтың «Әдебиет және сын мәселелері» (1922) атты еңбегіне қарсы жазылған. Ғ.Тоғжановтың «бізде пролетариат табы жоқ, ол жоқ болған соң пролетариат әдебиеті де жоқ. Кедей-шаруа мен оқығандардан шыққандар пролетариат әдебиетін жасай алмақ емес» деген пікірлеріне қарсы тойтарыс беру басты мақсат ұсталғандықтан, атақты Г.В.Плехановтың сыншылық-эстетикалық ой-көзқарасын басшылыққа алады. Ол әсіресе сыншы Воронскийдің «ақын-жазушылар көркем шығарманы жазарда ішкі түйсікке сүйенетіні» туралы теориясына негізделген Ғ.Тоғжановтың «ақын сезгенін сезген күйінде жазады, сезіммен жазады, ақылға жорытпайды» деген тезисінің қате екенін дәлелдеуі барысында анық байқалады. «Сезгенін ақылға төрелете, өзінің табының тілегіне үйлестіріп жазбайтын ақын жоқ» екенін дәлелдеу үшін Плехановтың идеологияға, оның ішінде көркем әдебиетке қойлатын бес түрлі заңдылығын ұсынады. Соның негізінде «Таптан тысқары ақын жоқ. Тап ақыны осы Плеханов айтқан бес заңмен байланысты. Ақынның ақындығы сыртқа шыққанда, бастапқы сезген күйінде емес, осы бес жағдайға сәйкестендіріліп қорытылып шығады» деген түйін жасайды [1]. Маркстік эстетиканы дамыту жолында біршама үлес қосқанмен Г.Плехановтың методологиялық теорияларының бір жақтылығы, әсіресе Толстойдың суретшілдігі мен ойшылдығын бір-біріне метафизикалық тұрғыда қарама-қайсы қоюын, Е.Онегин туралы «жұмысшы адам бұл романның ішкі мазмұнын мүлде түсінбейді» деген секілді пікірлерін, В.Г.Белинскийдің ғылыми мұрасы туралы біржақты көзқарасын маркстік-лениндік әдіснама көп ұзамай қатты сынап, «Плеханов ортодоксиясы үшін» ұраны заман талабынан шығып қалды. Алайда осы ұранға сай жазылған мақалалардағы әдеби-теориялық ой-пікірдің ізденісін түбегейлі қате деп табу дұрыс емес. Заман талабына сай үстемдік құруға қолдан келгеннің бәрін жасап жатқан маркстік-лениндік әдіснаманың қағида-қисындарына икемделу жолындағы ұмтылыстары болатын. Өйткені бұқарашыл ақын-жазушылар, яғни Алаш арыстары, «ұлтшыл және тап жауы» ретінде жойылғаннан кейін, ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірді дамытушы төңкерісшілер ғана болды да, алға ұстар жалғыз-ақ бағыт қалды. Ол — маркстік-лениндік әдіснама еді. Мәдениет пен өнер, әдебиет пен ғылым партиялық басшылықтың, кеңестік идеология мен тап саясатының құрсауына түскен кезде басқа барар жол да қалмағанды және ол төңкерісшілдердің тапшылдық көзқарасына сайма-сай келді. Бұл белгілі бағытта ізденістер сипатын танытқанымен, 1930-жылдардың бас кезіндегі сыншылдық және әдеби-теориялық ой-пікірдің тұрпайы социологизм ықпалында қалуына басты себеп болды да, қазақ әдебиетін теориялық тұрғыда зерттеудің негізгі мәселелері назардан тыс қалды. Тұрпайы социологизм ықпалындағы солақай сыншылдыққа сол кездегі өлкелік партия комитетінің саяси басшылығының да әсері аз болмады. Негізінен тұрпайы социологизм — маркстік-лениндік ілімнің туын көтеріп шыққан теория еді. Бірақ кемшілігі тапшылдықты тым дөрекілендіріп жіберді. Мысалы, тұрпайы социологизмнің 1930-жылдардың басында қатты өріс алуына Сталиннің «Большевизм тарихының кейбір мәселелері туралы» атты хаты қатерлі жол атқарды. Бұл хат бойынша өлкелік партия комитеті мен марксизм-ленинизм институтының «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстандағы күрес міндеттері туралы» Қаулысы жарияланды. Онда «алашордашылардың ықпалынан шыға алмай келе жатқан қазақ әдебиеті мен сынының мәселелеріне ерекше назар аударылуы қажеттігі» атап көрсетілді [2]. Профессор

Т.Кәкішев: «Осы қаулыда С.Сейфуллиннің шығармашылығында ескі феодалдық рушыл қоғам дәріптеледі, Ғ.Тоғжановтың әдебиет жайлы еңбектерінде маркстік емес, Плехановтың ықпалына түсіп, сорақы қателіктер жіберілді деп атап көрсетті» деп жазады [3]. «Әдебиет майданы» журналының 1932 жылғы №4 санында шыққан 14 тармақтан тұратын іс-жоспарда «ұлтшыл-алашордашылардан» қалған әдебиеттің зиянды бетін ашу, пролетариат ақын-жазушылардың шығармаларын тексеру ғана емес, сол жылы қай қаламгердің не жазатындығын көрсеткен міндеттемелер қабылдауын талап етті. Міне, әдеби сында әсіре тапшылдықты насихаттаған «тұрпайы социологизм» дәуірлеп тұрған, ғылыми-зерттеу ісінде орыс әдебиеттану ғылымындағы В.Фричениң, П.Н.Сакулиннің еңбектерінен туындаған социологиялық және формалды-социологиялық әдіс белгілері орын алып тұрған кезде [4], сталиндік түзетулерге ұшыраған маркстік-лениндік әдіснама оларға қарсы күресе отырып, өз позициясын нығайтуға ұмтылды. Ол бүкіл Кеңестер Одағына кіретін ұлт республикаларының әдебиеті ендігі жерде «түрі ұлттық, мазмұны социалистік» болатынын анықтап берді де, оның әдеби дамудағы негізгі әдісі социалистік реализм болып табылатынын шұғыл түрде күн тәртібіне қойды, кеңестік идеология оны жан-жақты және батыл насихаттай бастады.

Негізінен бұл әдісті проф. Х.Әдібаев айтқандай, «социалистік реализмнің теориясы мен практикасын біздің еліміздегі қоғамдық сана мен қоғамдық өмірдің өзі туғызды» [5]. Жаңа дәуірдегі әдебиеттің көркемдік әдісі қандай болуы керек деген ой жазушылар мен әдебиетшілерді 1920-жылдардың бас кезінде-ақ толғандырған болатын. 1923 жылы В.Маяковский ендігі жерде негізгі әдіс «тенденциозный реализм» болуы керек дегенді ұсынған болса, 1924 жылы А.Толстой «монументалды реализмнің» буржуазиялық эстетикаға қарсы тұратындығын дәлелдеуге ұмтылды. 1929 жылы РАПП-шылар «пролетарлық реализм» деген терминді қолданды. 1931 жылы И.В.Сталин жоғарғы партия мектебін бітірушілер алдында сөйлеген сөзінде «социалистік реализм» деген атауды алғаш рет қолданды да, кеңестік идеология ғылыми тұрғыда негіздеуге көшті. «Халықтар көсемі» өзі басқаратын қоғамға қандай әдебиет қажет болатынын білді. Оған тек азусыз, құс тандай, қызыл иек әдебиет керек еді. Жазушылар қаламында қандай ұлы құдірет жатқанын сезді де, оларды әрдайым ауыздықтап ұстауға, қажет бола қалса, өз жыршысына айналдыруға күш салды» [5]. Өйткені 1920-жылдардың соңы мен 1930-жылдардың басында Л.Троцкийдің еңбектері оқылудан, пайдаланудан шығарылып тасталғанымен, «Литература и революция» еңбегіндегі жаңа замандағы әдебиет туралы идеялары жойылып та кете қоймаған еді. Оның «творчество Демьяна Бедного есть пролетарская и народная литература, т.е. литература, жизненно нужная пробужденному народу. Если это не «истинная» поэзия, то нечто большее ее» деген пікірі 1930-жылдардың басында «Демьянша жазу» ұранының тууына негіз болды [6]. Ал Блокқа берген: «И все же «Двенадцать» не поэма революции. Это лебединая песня индивидуалистического искусства, которое приобщилось к революции. Конечно, Блок не наш. Но он рванул к нам. Рванувшись, надорвался», — деген бағасы блокшылдықтан бас тартуды туғызса, орыс әдебиетіндегі футуризмді сынаған ойлары «жанды адамды көрсету» қағидасының өріс алуына себепкер болды. Л.Троцкийдің «методы марксизма не методы искусства» деген тезисін әдеби-теориялық ой-пікірден біржола жою үшін И.Сталин, коммунистік партия көркемөнер мен әдебиет саласындағы саясатын нақтылап алу жолында шешуші бетбұрыс жасауды ұйғарды. Соның негізінде 1932 жылы 29 сәуірде «Әдебиет, көркемөнер ұйымдарын қайта құру туралы» Орталық партия Комитетінің Қаулысы дүниеге келді. Іле-шала (20 мамырда) И.М.Гронский партия өкілі ретінде «социалистік реализм әдісі» деген терминдік анықтаманы жария етті [7]. Қаулы шыққаннан бастап социалистік реализмді кеңес әдебиетінің негізгі әдісі ретінде теориялық негіздеу мен насихаттау, оның принциптерін анықтау, әдебиеттің партиялық, таптық болуы керектігі мен идеология құралы екендігін дәлелдеу науқаны басталды.

Қазақ әдебиеттану ғылымы да социалистік реализм аталған осы «өлшемді эстетиканы» меңгеру жолындағы іс-шараларға жұмыла кірісті. Соңғы кезге дейін социалистік реализмді қазақ әдебиеттану ғылымында «Қызыл ат» және социалистік реализм» мақаласына байланысты алғаш рет сөз еткен М.Қаратаев деп санап келген едік. Мезгіл жағынан қарағанда, соцреализмді теориялық тұрғыда негіздеуге кіріскен бүкілодақтық науқанға алғаш үн қосқан С.Мұқанов болды. 1933 жылдың 12 қаңтарында педогогикалық институтта «Социалды реализм және төңкерісшілдік романтизм» деген тақырыпта лекция оқыса, 11 сәуірде осы лекцияның негізіндегі «Социалды реализм туралы» мақаласы жарияланды («Социалды Қазақстан», 1933, № 84). Бұл баяндама мен мақалада социалистік реализм туралы автор көзқарасы орталық басылымдардағы теориялық барлаулар ықпалында туындап жатса да, оның советтік әдебиеттің басты әдісі болатындығы мен партиялығы, таптығы, принциптері ұлттық әдеби-теориялық таным-тілікте алғаш рет түсіндіріліп берілді. «Мазмұны социалистік, түрі

ұлттық» әдебиет жасау жолындағы азды-көпті табыстарды саралай келе, социалистік реализмнің өмір шындығын революциялық дамуда бейнелеудегі бұзылмас заң екенін дәлелдеді. Әсіресе сол кездегі идеология майданындағы таптық күрестің шиеленісуінің әсері мен таптық қоғамда әдебиеттің тек қана таптық болатынын айрықша көрсетіп, кейбір ақын-жазушылардағы осы принциптен ауытқуды сынады. Ал М.Қаратаев мақаласының жазылуына 1930 жылдардың басындағы әдеби сынға ерекше «талқыланған» С.Сейфуллин шығармаларына орай ұйымдастырылған дискуссия себеп болды. Оның ішінде: «Мен де дискуссияға араласып кеттім. «Қызыл ат» және социалистік реализм» деген ұзақ мақала жаздым. Ол «Лениншіл жас» газетінің 1933 жылғы февраль-март айларының 4–5 нөмірінде жарияланды», — деп автор өзі жазғандай [8], «Қызыл ат» поэмасына арналған пікірталасқа байланысты жазылған болатын.

ҚазАПП сыншыларынан, М.Қайыпназарұлының баяндамалары мен мақалаларындағы солақай сыншылдықтан көз ашпай келе жатқан Сәкен шығармашылығы «Қызыл ат» поэмасы жазылғанда да ерекше талқыға түсті. Арнайы ұйымдастырылған пікірталаста поэманың колхоз құрылысына жабылған жала екені, онда ауыл мен қаланы бір-біріне қарсы қоюшылық басым көрінетіні, қызыл ат деп отырғаны астармен айтылған кедей-шаруа екені, оның өткен күнін артық көріп, сол уақытын аңсайтыны баса айтылып, саяси айып тағуға дейін барған пікірлер оңды-солды айтылып жатты. Осындай шақта жазылған М.Қаратаевтың мақаласы И.В.Сталиннің «Табыстан бас айналғанда» атты еңбегінің жазылуымен және социалистік реализм әдісін бүкілодақтық деңгейде теориялық негізделуімен тұспа-тұс келді. Сол себептен де автор бұл әдістің негізгі нысанасы социалистік өмір шындығын жырлау екенін ашып беру арқылы «Қызыл ат» поэмасын солақай сыншылдықтан сақтап қалды. Міне, С.Мұқановтың, М.Қаратаевтың осы мақалаларынан бастап социалистік реализмнің қазақ әдебиеттану ғылымындағы «алтын дәуірі» басталды. Әдеби сын мен әдеби-теориялық ой-пікір социалистік реализмді насихаттау, үлгі-өнеге ету науқанына белсене кірісті. Қ.Өтепұлының «Социалды реализм» (Әдебиет майданы, 1933, № 2), З.Шашкиннің «Әдебиет және социалды реализм» (Социалды Қазақстан, 1933, 18 ақпан), Ғ.Тоғжанұлының «Қазақ әдебиетіндегі сын туралы кейбір өзгешеліктер» (Социалды Қазақстан, 1933, № 195), Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетіміздегі реализм туралы» (Әдебиет майданы, 1934, № 5) т.б. мақалалардың жазылуын — соның айғағы деген дұрыс. Оларда маркстік-лениндік әдіснаманың әдебиеттің таптығы, халықтығы, партиялығы принциптеріне тереңдеп бара қоймағанымен, осы ұғымдардың берік орын тебуіне жолбасшылық сипат танылды. М.Қаратаевтың жоғарыдағы мақаласының ізімен қазақ әдебиетіндегі социалистік реализмді анықтау мен көркем шығарманың осы әдісте жазылуын қадағалау басты назарда ұсталды. «Біздің творчестволық тәжірибеде қолданатын көркем әдісіміз де, оны зерттейтін ғылыми еңбектерде қолданатын принципіміз де айдан анық. Ол маркстік-лениндік дүниетанымға сәйкес социалистік революция дәуірінде туып қалыптасқан, көркем әдіс ретінде әдебиет процесінде әдеби жүзеге асқан социалистік реализм принципі» екені қағидаға айнала бастады [9]. Нәтижесінде көркем әдебиет партиялық істің бір бөлшегіне, саясат пен идеологияның сойыл соғар белсенді құралы болу қасиетіне ие бола бастады да, сын мен әдебиеттану жаңа эстетика мен теорияның қасаң қағидасының құрсауына түсті. 1930 жылдардағы ұлттық әдеби-теориялық ой-пікірдің өсу, кемелдену жолындағы ізденістерінде сәтті қадамдар жасауға деген талпынысын әдеби даму процесіндегі күрделі мәселелерге араласуы да танытады. Кеңестік әдебиеттану ғылымында бүкілодақтық деңгейде сөз болған натурализм, формализм туралы айтысқа тартынбай баруы оны тағы да дәлелдей түседі. М.Горький «Правда» газетіндегі мақаласында шығарманың формалық және идеялық тұтастығы туралы ой-толғамын ортаға сала келіп, кеңінен пікір алысуға шақырған үндеуіне қазақ әдебиетші-сыншылары да қызу үн қосты [10]. Қазақ әдебиетіндегі натурализм, формализм туралы Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған пікірталас 1936 жылдың 2 сәуірінде басталып үш күнге созылды. Әдеби айтыс дәрежесінде өткен бұл пікірталастағы негізгі ойлар баспасөз бетінде жарық көрді. «Социалды Қазақстан» газетінде «Көркемөнердегі формализмге қарсы» (№ 64), «Жазушылардың әдебиет жөніндегі айтысы» (№ 86,87) деген мақалаларға, «Қазақ әдебиеті» М.Әуезов, С.Мұқанов, Р.Жаманқұловтың сөздері мен Ә.Тәжібаевтың «Адал сырым» мақаласына орын берді (1936, № 16).

Негізінен алғанда орыс әдебиеттану ғылымындағы формализм мен натурализм туралы дискуссияның тууы социалистік реализмнің ендігі дамудағы негізгі әдіс болып танылуы жолындағы ұмтылысы мен өз позициясын анықтау үшін жүргізген күресінен туындады. Орыс әдебиетіндегі формалистер және тағы басқа да әдеби ағымдар өкілдері социалистік реализм алдағы көркемдік даму процесінде символизм, футуризм, имажинизм, конструктивизм, формализм, натурализмдердің осы кезеңге дейін қол жеткізген табысын негізге ала отырып, кеңінен пайдалануы керек деген көзқарас

туғызған болатын. Мысалы, К.Зелинский: «Я думаю, что последнее должно соединить стилевые черты трех основных школ: реализма, символизма, конструктивизма», — деп жазды [11]. Формализм, натурализмге қарсы шабуылдың күшті болғаны соншалық, орыс формалистерінің ірі өкілдерінің бірі В.Шкловский: «Формалисты вместо того чтобы поднимать целину, пашут там, где было распаханно», — деген мойындауға дейін барды [12]. Көркем шығармада адам тұлғасын сомдауға селқос қараушылық, антигуманизмге ұрыну, шындыққа менсінбей қарап, таптық күресті толық аша алмау т.б. кемшіліктері ашылған формализм мен натурализм «были осуждены с позиций жизни и искусства, и во имя жизни и искусства как явления антихудожественные и антинародные» [13]. Дискуссия қорытындысы жаңа ізденістерге шектеу салып, әдебиетті социалистік реализм қағидаларының қалыбынан шығармауды жоспарлаған партиялық басшылық пен кеңестік идеология саясаты жемісі болып шықты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мұқанов С. 16 томдық шығармалар жинағы. — 14-т. — Алматы: Жазушы, 1978. — 80-б.
- 2 Большевик Казахстана. — 1932. — № 1. — С. 89.
- 3 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. — Алматы: Санат, 1994. — 30-б.
- 4 Сакулин П.Н. Социологический метод в литературоведении. — М.: Мир, 1925; Фриче В. Социология искусства. — М.-Л.: ГИЗ, 1926.
- 5 Социалистік реализм керек пе? // Қазақ әдебиеті. — 1991. — 25 қант.
- 6 Троцкий Л. Литература и революция. — М.: Политиздат, 1991. — С. 167.
- 7 Советское литературоведение за 50 лет. — Л.: Наука, 1968. — С. 210.
- 8 Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. — Алматы: Жазушы, 1970. — 268-б.
- 9 Қаратаев М. Революция рухымен. — Алматы: Жазушы, 1978. — 85-б.
- 10 Горький М. О формализме // Правда. — 1936. — 9 апр.
- 11 Зелинский К. Поэзия как смысл. — М.: Федерация, 1929. — С. 223.
- 12 Литературная газета. — 1936. — 15 марта.
- 13 Советское литературоведение за 50 лет. — М.: МГУ, 1967. — С. 185.

Ж.К.Смағұлов

Проблемы художественного метода в 1930-е годы XX века

В статье рассматриваются научно-методологические вопросы становления в казахском литературоведении метода социалистического реализма, изложенные, в частности, в трудах С.Муканова, М.Каратаева и других ученых-литературоведов. Дается оценка достижений и недочетов данного метода в казахском литературоведении в 1930 годах XX в. Принципы социалистического реализма в марксистско-ленинской методологии проанализированы с точки зрения современности.

In article scientifically-methodological questions of formation in the Kazakh literary criticism of a method of the socialist realism, stated, in particular, in S.Mukanova, M.Karatayev's works and other scientific literary critics are considered. Also the mark of achievements and method defects socialistic realism in the Kazakh literary criticism in 1930 of the XX-th century is given. Principles socialistic realism in marksistko-Lenin methodology analyzed with modern points of view.

Б.О.Рахимбаева, А.Ж.Аметова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Сын сапарында сомдалған сыншы**

Мақалада қазақ әдебиеттануы мен сынының ауыр жүгін көтерген, халықтық мүддеге сай өркен жаюына еңбек еткен, кер замандағы кереғар қағидалардың таяғын жей жүрсе де ұлттық ғылыми зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің дамуына мол үлес қосқан әдебиетші-ғалымдардың бірі – Тұрсынбек Кәкішев сыншылдығы қарастырылды. Евроцентристік көзқараспен жоққа шығарылып келген тарих алдындағы кезеңді, ұлттық әдебиеттану ғылымының бастауларын алғаш қарастырған профессор Т.Кәкішев болды. Т.Кәкішев сан-салалы ғылыми ізденістердің нәтижесінде әдебиет тарихында өзіндік орны бар, бірақ әр түрлі себептермен айтылмаған, ұмтылуға жақын қалған есімдерді уақыт тозаңынан тазартып, әдеби айналымға әкеп қосты.

Кілтті сөздер: заман, қоғам, тоталитарлық жүйе, замана ырқы, ұлттық әдебиеттану ғылымы, қазақ әдебиеттануы мен сыны, ғылыми мектеп, тарихи-мұрағаттық деректер, нақты деректер, сыншылдық ой-пікірлер.

Заман, қоғам заңдылықтары кез келген адамды өз талабы мен идеологиясына сай белгілі бір қалыпта болуға душар ететіні әлімсақтан белгілі ақиқат. Әсіресе ол қалып тоталитарлық жүйе билік жүргізген кезеңдегі ғұмыр кешкен ұрпақ өкілдеріне аса бір қиямет-қайым қиындық әкелгені даусыз. Алайда «Заманға жаман күйлемек, замана оны илемек» деп ұлы Абай айтқандай, заман талқысына қарама-қарсы тұратын тұғырлы тұлғалардың да болатыны шындық [1]. Халқымыздың тарихында бұл сипаттағы дарындар бар, бірақ оны дәл қазір санамалап жату артық. Тек қана Алаш арыстарын атасақ та жеткілікті. Дәл солардай замана ырқы мен қыспағына бой ұсынбай, көпшілікке көндіргісі келген қалыпқа сыймаған қалыппен бүгінде сексен төрт жасқа келіп отырған тұлға — ұлттық әдебиеттану ғылымындағы бар-жоғы үш ғана ғылыми мектептің бірінің негізін қалаушы, атақты ғалым, жазушы, сыншы Тұрсынбек Кәкішев.

Қазақ әдебиеттануы мен сынының ауыр жүгін көтерген, халықтық мүддеге сай өркен жаюына еңбек еткен, кер замандағы кереғар қағидалардың таяғын жей жүрсе де ұлттық ғылыми-зерттеушілік және сыншылдық-эстетикалық ой-пікірдің дамуына мол үлес қосқан әдебиетші-ғалымдар аз емес. Алайда олардың барлығына бірдей ғылыми мектептің негізін қалау бақыты бұйыра бермеген. Атақты А.Байтұрсынов, Б.Кенжебаевтен соң ерен еңбегімен бұл абырой-атаққа ие болып отырған да Т.Кәкішев.

Халықаралық жоғарғы мектептер Ғылым академиясының Құрметті академигі, Еларалық қоғамдық Ш.Айтматов академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар одағының С.Сейфуллин атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, ұлттық әдебиеттану ғылымында ғылыми мектептің негізін қалаушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, жазушы, сыншы Т.Кәкішев 1927 жылы 15 тамыз күні Ақмола облысы Макин ауданындағы Даниловка руднигінде алтын өнеркәсібі жұмысшысының отбасында дүниеге келген. 1944–45 жылдары Ақмола қаласында орта мектепті тәмамдап, Қазақтың С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түседі. Оның толық курсын 1950 жылы тәмамдайды. Университетте оқып жүргенде қаламының желі барын танытқан жасты қазақтың атақты фельетонисі С.Төлешов (псевдонимы — С.Шынаров) төртінші курсты бітіргеннен кейін 1949 жылы «Лениншіл жас» газеті редакциясының жұмысшы жастар бөлімінің меңгерушілігіне ұсынады. Оқуы мен жұмысын қосарлай атқарған Т.Кәкішұлы университет жолдамасымен қазіргі «Рауан» баспасының жоғарғы оқу орындар оқулықтары редакциясының аға редакторы болып қызметке орналасады.

1951 жылдың күзінде ҚКП Орталық Комитетінің баспасөз бөлімінің ұйғаруымен марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын тәржімалайтын аудармашылардың екі жылдық курсына жіберіледі. Бір жыл оқығаннан кейін ҚКП Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институтына кіші ғылыми қызметкерлікке ауыстырылады. Осы институтта Т.Кәкішев көптеген архивтік деректер негізінде қызықты да тартымды мақалалар жазып, өзінің негізгі мамандығына ыңғайлана береді.

1958 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының аспирантурасына түсіп, оны мерзімінен бұрын 1960 жылы «Қазақ әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық-творчестволық мәселелер (1917–1929 жж.)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап, институттың аға ғылыми қызметкері болады.

Осы зерттеу еңбегін Т.Кәкішев 1962 жылы «Октябрь өркені» атты монографияға айналдырады. Бұл кітап жас ғалымның өткір де толымды ойларының молдылығына ғана емес, сонымен қатар қазақ әдебиеттану ғылымында тарихи-архивтік деректерді пайдалану, сөйтіп дәуір шындығын ашу үшін ғылыми-ізденімпаздық жолға түсу мәселелерін күн тәртібіне қойды. Сан-салалы ғылыми ізденістердің нәтижесінде әдебиет тарихында өзіндік орны бар, бірақ әр түрлі себептермен айтылмаған, ұмтылуға жақын қалған есімдерді уақыт тозаңынан тазартып, әдеби айналымға әкеп қосты. Мәселен, Жиенғали Тілепбергенов, Елжас Бекенов сынды дарындар жайында Т.Кәкішев арнайы мақала жазып қана қоймай, олардың еңбектерін жинау, жариялау ісімен шұғылданады. 1957 жылы Саттар Ерубаетовтың мұраларын түгелге жақын жинап, жеке кітап етіп шығарады. Оны толықтырып 1979 жылы екінші, 1994 жылы үшінші рет жариялады. 1959 жылы Сабыр Шариповтің екі томдығын Қ.Жармағанбетовпен бірлесіп шығарса, С.Шариповтің 100 жылдығына бағыштап 1982 жылы екінші рет жариялады. 1960 жылдан бастап С.Сейфуллиннің алты томдығын шығарысуға белсене қатысып, 4–6-томдарын құрастырады. 1969 жылы Жиенғали Тілепбергеновтің «Ізбасар» атты таңдамалы жинағын шығарса, Елжас Бекеновтің «Дала қоңырауына» алғы сөз жазды.

Өз еңбегімен қатар өзгенің шығармаларын ескі газет-журналдардан тауып алып, оған қайтадан өмір беру, архив ақтару машығы ғалымның өзіне ғана емес, ғылымға да олжа салғанын көреміз. Ғалым зерттеулері әменде практикалық қажеттілікпен астарласып жатады.

Профессор Т.Кәкішев қазақ әдебиетінің тарихын жасау жолындағы ғылыми-әлеуметтік мәні зор іске белсене араласуда «Қазақ әдебиет тарихының» үшінші томының І-және ІІ-кітаптарына арнаулы тараулар мен бөлімдер жазды. Екінші кітаптың жауапты редакторының бірі болды. Е.Ысмайылов, М.Дүйсенов үшеуі бірігіп КСРО Ғылым академиясының М.Горький атындағы Дүниежүзілік әдебиет институты шығарған «Көп ұлтты совет әдебиетінің» алты томдық тарихының 1970 жылы шыққан бірінші томына тарау жазды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ университетінің қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасының ұжымы «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» атты еңбекті француз, ағылшын, корей тілдеріне аударуға ыңғайлап, «Санат» баспасына ұсынғанда басылымның жалпы редакциясын профессор Т.Кәкішев басқарды.

Т.Кәкішев тек әдебиет тарихымен ғана емес, бүгінгі әдеби процеске де араласып, ара-тұра сын мақалалар жазып қояды. Оның мақалалары өзінің ойлылығымен, өткірлігімен көзге түседі.

Республика әдебиетшілерінің шығарған жинақтарының, өткізген ғылыми конференцияларының бәріне түгелдей атсалысып келе жатқаны тағы бар.

1967 жылы Т.Кәкішевтің көптен бері жазып, жұртшылықтан ризашылық пейіл көрген кейбір ғылыми-зерттеу және сын мақалалары «Дәуір» суреттері» атты монографиялық этюд түрінде жарық көрді. Дала дауылпазы С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Б.Майлин, С.Шарипов, Ж.Тілепбергенов, Е.Бекенов, С.Ерубаетов жайындағы толымды ойларын уақыт тезіне салып, жаңғырта баяндауда. Сол жылы «С.Сейфуллин» атты кітапшасы да жарық көрді.

1968 жылы нақты тарихи-архивтік деректер негізінде жазылған «Қызыл сұңқар» атты тарихи-әдеби очеркі басылып шықты. Оның қазақ әдебиеті үшін жаңалық сипаты бары талай мақала, рецензияларда орынды аталды. Автор осы еңбегін бүкіл одақтық оқушы қауымға ұсыну мақсатымен өңдей де толықтыра өзгертіп, Мәскеудегі «Молодая гвардия» баспасының «Тамаша адамдардың өмірі» сериясымен 1972 жылы шығарды. Ол үлкен әдеби құбылыс болды. Өйткені совет еліндегі түркі тілдес халықтардың өкіліне арналған бірінші кітап екенін ескерер болсақ, онда Т.Кәкішевтің «Сәкен Сейфуллин» атты еңбегінің мән-маңызы өзінен-өзі айқындала түсері хақ. Бұл кітап Қазақстанда халық сүйіспеншілігіне ие болған дарындар, мемлекет-әлеумет қайраткерлері, ұлы ақындар, жазушылар жөнінде арнайы серия шығару қажеттігін анық аңғартты. «Жалын» баспасының «Өнегелі өмір» атты сериясының серкесі 1976 жылы шыққан «Сәкен Сейфуллин» болды.

1968 жылдан бері Т.Кәкішев өзі оқып шыққан Қазақ университетінде аға оқытушы, одан кейін доцент, қазір профессор болып қызмет атқаруда. Әдебиет тарихымен ғана шектеліп қалмай, қазақ әдебиеті сыны тарихының жалпы курсы, Сәкеннің жаңашылдығы және XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ізденістері жайында дәріс оқиды.

Т.Кәкішевтің ғылымдық-өнерпаздық ерекшелігі — өзінің зерттеу еңбектерінде аңызына түрен түспеген тың салаларды нақты деректер негізінде індетте зерттеуге құмарлығы. Міне, сондықтан оның қаламынан туған дүниелерге ғылыми қауым да, шәкірттер әлемі де, әдебиетті қызықтаушылар да құлақ түріп отырады.

Соның нақты бір дәлелі — «Қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасу жолдары» атты 1971 жылы қорғаған докторлық диссертациясы. Ондаған жыл тірнектей зерттеген мехнатты еңбегі қазақ әдебиет сынының Октябрь революциясына дейін туғандығын, Ұлы Отан соғысына дейін жанрлық жағынан әбден қалыптасып, оңаша отау тіккендігін дәлелдеп беріп отыр. Оның алғашқы бөлімі 1971 жылы «Сын сапары» атты монография болып жарияланды. Екінші бөлімі — «Оңаша отау» 1982 жылы басылды. Қазақ әдебиеті сыны саласындағы еңбегі қазір республика жоғары оқу орындарының негізгі оқу құралына айналып, оның алғашқы бағдарламасын 1982 жылы жасап, 1994 жылы 25 баспа табақ көлемінде оқулық шығарылды. Қазақ совет әдебиетінің 1920-жылдарын түбегейлі зерттеген, қазақ совет әдебиетінің негізін қалаған Сәкен Сейфуллиннің шығармашылық-әлеуметтік өмірбаянын жасаған профессор Т.Кәкішев қазақ әдебиеті сынының тарихы саласындағы еңбегі қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған зор үлес болып, ғылыми мектеп жасап отыр.

Қазақ әдебиеттану ғылымында ұлы төңкеріске дейін сын болған жоқ деген қағиданы жоққа шығарып, қазақ әдебиет сынының тарихына зор үлес қосты.

«Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығында халықтың сыншылдық-эстетикалық көзқарасынан бастау алып жатқан халық ауыз әдеби мұраларынан басталып, қазақтың тұңғыш газет-журналдары — «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Айқап», «Қазақ» сынды баспа сөздердің сыни ой-пікірінің тууына игі әсерін жан-жақты талдап, зерттеумен қатар, әр кезеңдегі әдебиеттің партиялығы, әдебиеттің таптығы тұрғысынан баға беру және әр түрлі әдеби ағымдар «тұрпайы социологизм», «бірыңғай ағым теориясы», «пролеткультизм»-тардың арасындағы айтыс-тартыстар мен өрістес келіп жатқан ой-пікірлердің ақ-қарасын айқындаумен құнды. Көркем табиғаттың аясында сұлулықпен суарылып өскен қазақ халқының эстетикалық талғамы да сол өзін қоршаған ортаның, сұлулықтан сомдаған биік талғамдарына сай, әлемдік әдебиеттің небір озық үлгілерімен қатар тұра алатын тамаша ауыз әдебиетін жасады. «Қыз Жібек» жырындағы қыздардың сұлулығы, «Қобыланды батыр» жырындағы Тайбуырыл шабысының суреттелуін көркемдік сұрыптаудың жоғары көрінісі деген зерттеушінің пікіріне сөзсіз келісесіз.

Т.Кәкішев қазақтың жазба әдебиет сынының түп-төркінін көне замандағы түрлі ескерткіштерден, орта ғасырлық жазбалардан, қазақ хандығы тұсындағы би-шешендерден, ақын-жыраулардан, қазақ жерінен шыққан ғұламалардың еңбектерінен көреді. Қорқыттың қазақ жерін аралап, әр өңірге берген бағаларына, әл-Фарабидің өнер жайлы пікірлеріне, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» терең ойларға, Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-Түркідегі» қанатты сөздерге, Қожа Ахмет Йассауидің «Хикметіндегі» көркем толғаныстарға т.б. тоқталып, сыншылдық таным-білімнің қайнар көздері ретінде қарастырады. Сонымен қатар ғылыми, ағартушылық, эстетикалық талғамның қалыптасуында орны айрықша үш ғұламамыз — Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтың еңбектерін айрықша атап өтеді. Соның ішінде ұлы Абайдың сыншылдық ойының аса ірі құбылыс екенін дәлелдеп көрсетеді. Әдеби сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланыстылығын және жоғарыда аталған газет-журнал беттеріндегі әдеби ой-пікірлерді саралап көрсетеді. Сыншылдық ой-пікірлер, әсіресе «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеттерінде жандана түскендігін көреміз. 1971 жылы жарық көрген «Сын сапар» еңбегінде кейбір олқылықтарын толтырып «Қазақ әдебиеті сынының тарихында» (1994) әдеби пікірлерді талдауға көп көңіл бөлді. А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Ә.Бөкейхановтың, Р.Мәрсековтің т.б. мақалаларының қазақ әдебиет сынының дамуындағы үлесін, биік белесін айқындап береді. Осы кезде басылып шыққан жаңа кітаптар жайлы пікір білдірген материалдар баспасөз бетінде жиілей түседі. Т.Кәкішев оларды құрылымдық, мазмұндық, мақсаттық ерекшеліктеріне қарай дәйектеме сын, жарнама сын, аннотация, оқушы хаты, рецензия, айтыс мақала, публицистикалық сын, проблемалық мақала, шолу, ғұмырнама баяндама, сын мақала, зерттеу мақала сияқты жанрлық-формалық түрлерге жіктейді [2; 118]. Сондай-ақ бұрындары «жабық» болып келген «Сарыарқа» газеті, «Абай» журналы сияқты басылымдарда шыққан сыни мақалаларға тоқталады.

1917 жылы Қазан төңкерісі қазақ жерінде де көп өзгерістер әкелді. Ұлы дүрбелені мол жаңа замандағы жаңа талап та өз дегенін істей бастады. Қоғамдық өмірдегі бар мәселе таптық тұрғыдан шешілген тұстарда әдебиет майданында сынға партиялық бағыт басшылық жасап, әдеби сын Компартияның идеологиялық құралына айналып кете барды. Міне, осының нәтижесінде көркем

әдебиеттің құндылығын тек партия мүддесіне сай келе ме, жоқ па деген тұрғыда бағалағандықтан, әдеби сында асыра сілтеулер орын алды. Бұл әсіресе кеңес өкіметі орныға түскен 1920–30-жылдарда ресмилік сипат алды. Бұл кезде сын әдебиеттің дамуына пайдасын тигізбек түгілі, кері әсерін тигізді. Бір жағынан, жер-жерлерде мектептер ашылып, жоғары оқу орындары, театрлар т.б. мәдени ошақтар ашылып, елді жаппай сауаттандыру жүріліп жатса, екінші жағынан — ұлттық сана-сезімнің оянуына құрсау салынып, халықты идеологиялық «жазалаудан» өткізуді міндет етіп қойды. Міне, осындай қарама-қайшылығы мол қилы кезеңде әдеби сынның жай-күйін сараптауға арналған зерттеуші Т.Кәкішевтің «Оңаша отау» еңбегі (1982) жарық көрді. Бұл еңбек нақты шындықтарды саралап көрсеткендіктен, заман талабына сай келмей, ұзақ жылдар бойы баспадан шықпады. Автор «идеологиялық талаптарға» сай келмейтін мәселелермен санасуға мәжбүр болды, соның салдарынан кейбір пікірлерін таптық сипатқа бұрмалады. Бұл еңбек саясат салқынына ұрынып, бірақ кемшіліктерге бой алдырғанмен де, 1980-жылдардағы қазақ әдебиеттану ғылымы үшін 1920–30-жылдардағы әдеби-саяси өмірдің көп шындығын ашып берді. Ал, автор бұл мәселеге 1994 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиет сынының тарихында» қайта оралып, мүлде жаңаша көзқараспен жазды. Онда алғашқы кітапта айтуға мүмкіндік болмаған қазақ халқының ұлттық мүддесі үшін алысып өткен алашшылдар жайлы шындықтар ашылып, олардың қазақ әдеби сынының тарихындағы сыншылдық ой-пікірлердің маңызды орны, лайықты бағасын алды.

Аумалы-төкпелі заманда тұсаулы ғұмыр кешкен әдебиет сыншыларының қызметіндегі артық-кем түсіп жатқан тұстарында жасырмай жайып салды. Әсіресе ақиық ақын Мағжанның төңірегінде болған әдеби айтыс туралы жолдар көп шындыққа көз жеткізді. «Кер заманның кереғар ойлары» кітабының «Дарындар — сын додасында» атты тарауында қазақ поэзия әлемінің қос жұлдызы Мағжан мен Сәкен тағдырларын желіге ала отырып, оларға тағылған сындардың сырын ашады.

Өзінің бір кездегі Мағжан туралы біржақты пікірлерін «Мағжаншылдар мен жанжалшылдардың» құрбандығына қалмау үшін «Пенделік пиғылдық әсерін жоққа шығармаймыз, бірақ оның шешуші сипаты қоғамдық-әлеуметтік көркемдік себептерге байланысты екенін ұмытпаған абзал» деп ескертеді [3]. «Мағжан — бірден жарқырап шыққан жұлдыз. Оның 1912 жылы алғашқы жинағының «Шолпан» аталуының символикалық мәні бар. Мағжан Шолпан болуға ұмтылды, ниет қылды және болды да, Елі, халқы үміт артты». Мағжан жайлы «ақтаңдақтарды» көрген ғалым ақынның өмірі мен шығармашылығынан емес, Мағжан туралы шындықты айтқан Ж.Аймауытов мақаласы мен өзге солақай сындардың өресін салыстыра отырып ашып береді. Мұндай мазмұндағы ізденістің жемісі мен жеңісі, әсіресе қайта құру, жариялылық кезеңдерінде кеңінен өріс алды. Әдебиетші-ғалымның бұрын бұғауда жатқан жарқын ойлары жарыққа шықты. Осы кезеңдегі қазақ зиялыларына арналған ойлы да, мазмұнды мақалалары мен зерттеу еңбектері шындыққа сусап отырған оқырмандар жүрегінің жылуына бөленді. Т.Кәкішевтің көптеген публицистік мақалалары, ірі-ірі айтулы еңбектері «санадағы жаралардан» арылып, арыстарымызды қатарға қосу, кейінгі ұрпақтарға танытуға арналды. Бұл бағыттағы айтулы еңбектері «Октябрь өркені» (1962), «Дәуір суреттері» (1967), «Сәкен Сейфуллин» (1976), «Сын сапары» (1971), «Оңаша отау» (1982) сияқты қазақ әдебиет сынының туу және қалыптасу жағдайларына қатысты қомақтылығымен лайықты бағасын алды.

Өзінің алғашқы ғылыми сапарында тың да соны соқпаққа түскен ғалымның қайта құру кезеңінде, әсіресе өтпелі дәуір тұсында азаматтық әуені айрықша естілуде. 1988 жылы «Қағидаға айналған қателерді түзетейік» атты публицистикасы «Алаштың ақиқатын ашып айтайыққа» ұласып, 1992 жылы ұлттық намысқа шырақ жағатын «Санадағы жаралар» атты кітабы жарыққа шығып, ел-жұрттың алғысын алды. Радио, теледидардан айтқан жалынды сөздерін, конференциялардағы ащы да өткір ойларын қалың көпшіліктің ынта сала тыңдайтынын жоққа шығармау керек. Әсіресе қазақ тілінің тағдыры жайындағы күрестің бел ортасында жүргені Т.Кәкішевтің ғалымдық келбетін саналы азаматтығы мен табандылығы ажарлай түскені айдан анық.

1990 жылы қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасы құрылды. Оны алғашқы күннен профессор Т.Кәкішев басқарды. Аз ғана жыл ішінде сол кафедра жанынан «Қазақ фольклоры және әдебиет тарихы» ғылыми тобы құрылып, оның құрамды бір бөлігі — «Қазақ диаспорасының рухани әлемі» шет елдегі қазақтардың фольклорлық, этнографиялық, музыкалық, материалдық байлықтарын зерттей бастады. Монғолия мен Ирандағы қазақ диаспораларына барған экспедицияларды өзі басқарып, «Монғолия қазақтары» деген жинақты дүниежүзілік қазақ қауымдастығына басып шығаруға ұсынды. Т.Кәкішевтің саясатшылығы да ғибраты тағы бар. Ол қай елде, қай қалада болмасын қазақ халқына, оның қайраткерлеріне қатысты деректерді іздестіретіндігі «Ұштасқан үш

өзенмен» (1978), «Жол үстінде 80 күн» (1983), «Жасампаз өлке» (1989) кітаптарымен көрінсе, Польша, Қытай, Иран, Түркия, Монғолия, Франция сапарлары кезінде қазақ диаспорасының жай-күйімен байланысып жатады. «Жүргенге жөргем ілінетіні» Т.Кәкішев сапарлары анықтай түседі.

Филология ғылымдарының докторы, Қазақ университетінің әдебиет кафедрасының профессоры Тұрсынбек Кәкішевтің қажырлы еңбегі 1979 жылы «Қазақ ССР-не еңбек сіңірген ғылым қайраткері» атағы берілуімен атап өтілді. Қазақстан жоғары оқу орындарына сіңірген еңбектері ескеріліп, Халықаралық жоғары мектептер ғылым академиясының Құрметті академигі болып 1995 жылы бесінші қазанда сайланса, Елордалық Ш.Айтматов академиясы 1996 жылы төртінші желтоқсанда толық мүшелікке қабылдады.

Сөзімізді түйіндей келе, зерттеуші Т.Кәкішевтің бүкіл саналы ғұмырын сарп еткен ғылым жолындағы қыруар еңбектері арқылы қазақ әдебиеттану ғылымына сіңірген айрықша еңбегін көреміз. Өзінің осынау баға жетпес еңбектерінің арқасында ғылым жолындағы дара тұлғалардың бірі болумен қатар, зерттеушінің ұлы азаматтығы, болашақ ұрпақ үшін, тарих үшін «ақтандақтар ақиқатын» ашудағы табанды күрескерлігі, шыншылдығы үшін халқының қалаулы азаматтарының бірі, білім-ғылым жолындағы беделді, биік тұлға ретінде көріне білді.

«Ел, халық тағдыры осындай тар жол, тайғақ кешулерге тап болып, толқыған тұстарда оның жоғын жоқтап, күйін күйтеген, әділдік, шындық іздеп шарқ ұрған шырғалаңға түскен, алда ағаларымыздың аяулы бейнелері жұртшылық жүрегінде... Міне, солардың тағдыр-талайы мен тарихын тірнектеп жүріп тірілген, өнердегі ғана емес өмірдегі ерліктерін жарқырата жалғастырушы, ұлағатты ұстаз, көрнекті ғалым, сыншы, әдебиетші Тұрсынбек Кәкішұлының өмір өткелдері де туған халқының тіршілік тынысымен тұтасып жатады» деген зерттеуші пікірімен үндесеміз [4].

Қай заманда да елдің ертеңін ойлаған, өз кезінің көкейкесті мәселелері толғандырған қайраткерлер аз емес. Мұндай тұлғалардың — заман перзенттерінің дүниеге келуі, әрекет етуі — объективті тарихи-қоғамдық әрі әлеуметтік қажеттілік. Адамзаттың өрлеуі осы қажеттіліктің тарихи талаптарға қаншалықты жауап беруіне, осы қажеттіліктің ыңғайына қарай саналы түрде жасалған тарихи-қоғамдық қамқорлыққа тәуелді. Ғылым мен мәдениеттің, саясаттың, шаруашылықтың сан саласында игілікті еңбек сіңірген тұлғалардың өмірі мен творчествосы — соның мысалы.

Өрлеу атаулының ең басты қажетті факторы, қозғаушы һәм қанаттандырушы күші — ғылым екені әлемге айдай аян екені ақиқат. Қандай да болсын, көркем шығармаларды, көркемдік құбылыстарды, әдебиет тарихының бел-белестерін таразылағанда, зерттеушінің қолындағы адастырмас компасы — эстетикалық талғамы. Осы компас — талғам арқылы ғана зейінді зерттеуші әдебиеттің айнымас асыл қасиеті, алғышарты — көркемдіктің мәңгілік Темірқазығына тура бағыт алады. Ендеше, эстетикалық талғам — сыншының білім-білігінің, ол аз десеңіз, интеллектуалдық болмысының көрсеткіші. Сондықтан да қандай да әдебиет ғалымы ең алдымен сыншы болуы бұлжымайтын шарт.

Басқа да қоғамдық ғылымдар секілді қазақтың ұлттық әдебиеттану ғылымының да бастан өткізген туу, даму, қалыптасу секілді кезеңдерге және творчестволық ізденістер мен іркілістерге, ғылыми проблемаларға толы тарихи жолы бар. Бұл тұрғыдан келгенде қазақ әдебиеттану ғылымының туу, өркендеу жолын қазақ даласындағы ұлттық қоғамдық ой-сананың жан-жақты өсуіне орай сыншылдық-эстетикалық, зерттеушілік мәнге ие бола бастау, әдебиетке байланысты ұғымдардың қалыптасу, әдеби мұраны жариялау мен зерттеу процестерін кезеңдерге бөле отырып тексерудің практикалық та, теориялық та мәні зор.

Әдебиет сыны көркем әдебиетпен үзеңгілес дүниеге келеді. Көркемдік даму мен эстетикалық талап-талғамының өркендеу процесі уақыт жағынан бір-бірінің ілгері-кейінділігіне қарамастан, өзара байланысты болады. Бұл заңды да. Ал енді көркем әдебиетпен үзеңгілес дүниеге келген сынның дәрежесі қандай болмақ деген мәселеге келгенде, екі себепке, атап айтқанда, субъективтік және объективтік себептерге тоқтала кеткен жөн. Түптеп келгенде, сынның эстетикалық дәрежесі көркем әдебиеттің шыққан биігімен өлшенеді. Сынның кейде социологиялық, кейде эстетикалық таңдауларға ден қоюының өзі де әдебиеттің қамтыған өмір шындығына белгілі дәрежеде тәуелді болатын кезін естен шығармау қажет.

Субъективтік себепті сөз еткендер, ең алдымен, сыншының білім деңгейі мен эстетикалық талғамының мол-аздығын еске алуы керек. Қай кез болмасын, әдебиеттің өрлеу кезінде де, оның кейде көркемдік жағынан да, қоғамдық пікірді ұйымдастыру жағынан да биік деңгейден табылмай қалатын шағында да сыншының білім-парасаты мен эстетикалық талғамы санаттан шығып қалған емес. Мұның өзі сын дәрежесін аңартуға қажетті субъективтік себеп.

Екінші, объективтік себеп — көбіне әдебиеттің жалпы дәрежесіне тәуелді. Егер көркем шығармалар өзінің қоғамдық мәні жағынан көркем бейнелер жасау типтік жағдайларды көрініспен суреттеу, тіл байлығын игеру, оқушыны ілгері ұмтылдыратын эстетикалық идеяларды белгілеу жағынан биік деңгейден табылып жатса, онда сынның өресі биік болғаны. Сыншы әрқашан көркемдік дамудың кезеңді асуларында ойын өрбітуге қажетті дәлелдерді әдебиеттің күнделікті шындығынан ала отырып, келешекте шығар биіктерді бағдарлайды, әдебиеттің өркендер арнасын анықтайды, әдеби процеске белсене араласады.

Ал, халық ғұмырын қастерлеп, оның өткені мен өткеліне өзгеше қарап, бүгінгі мен болашағы үшін бел шешіп, белсене араласу, жанпидалыққа жақын тұру, қажет жерінде құрбандыққа да қол арта алатын азамат болу — екінші бірінің маңдайына бұйыра бермейтіні белгілі.

Белгілі ғалым, профессор Т.Кәкішев қазақ әдебиеті сынының туу, қалыптасу жолдарын нақты дәуірлерге бөле отырып зерттеу барысында сын мен әдебиеттану ғылымының сабақтаса, бірін-бірі толықтыра отырып дамитынын ескеріп, үлкен үш кезеңге жіктейді. Бірінші кезең — қазақ әдебиеті сынының туу дәуірі. Қазақ әдебиеті сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең — қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процесс 1917–1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең — қазақ әдебиеті сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі 1938–1985 жылдар аралығы [2; 3]. Осы үш кезеңнің әдебиет туралы ұлттық ғылымының бастан өткерген тарихи жолына тікелей қатысы бар. Себебі әдеби сын өзінің туу дәуірінен бастап-ақ ұлттық әдебиеттің тарихы мен әдеби теориялық мәселелері жайында пікір білдірмей тұра алмайды. Қазақ әдебиеттану ғылымын, ондағы әдеби-теориялық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің даму процесін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда жүйелі тексерген күрделі ғылыми зерттеу, монографиялық еңбек болмағанмен, бізде бұл мәселені арнайы да, жанама түрде де сөз еткен мақалалар мен еңбектер біршама баршылық. Әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу, даму жолдары мен тарихының көптеген мәселелерін, келешек зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар беретін соны көзқарастарды қазақ әдебиеті сыны тарихын зерттеген еңбектерден көреміз.

Қазақтың ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңдерін сөз еткенде ғалым Е.Ысмайылов: «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихына көз жіберсек, оның негізгі екі кезеңді бастан кешіргенін байқауға болады. Бірінші — үйрену, идеялық-творчестволық принциптерді игеру кезеңі. Бұл революцияның алғашқы кезеңінен соғысқа дейінгі дәуірді қамтиды. Екіншісі — соғыстан кейінгі дәуір, яғни қалыптасу, даму дәуірі», деп екіге бөле отырып, алғашқы кезеңде «өмірдің талап-тілектеріне байланысты дүниеге келуіне» әдеби мұраны игеру процесі мен қазақ әдебиетінің мектептер мен оқу орындарда жүргізіле бастауына сай, алғашқы оқулықтар мен хрестоматиялардың жазылуы түрткі болғанын атап көрсетеді [5]. Ал академик М.Әуезов бұл турасында: «Қазақ әдебиеттану ғылымы бүгінгі жеткен сатысымен, түгелімен Ұлы Октябрь революциясының жемісі болды... Қазақ әдебиеті тарихы мен әдебиеттану жүйесі бізде орта мектептерде оқу құралын жасаудан туды» деп жазды [6].

Осы жоғарыда келтірілген пікірлерге қарасақ, ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихын кеңестік дәуірден бастап зерттеу керек деген көзқарас негізінен дұрыс болғанмен, бұл ғылым саласының туу дәуіріне дейінгі тарихи бастаулары назардан тыс қалғаны байқалады. Тарихымыз жанаша таразыланып жатқан қазіргі уақытта еуропоцентристік ой-пікір мен марксизм-ленинизм ілімінің және зерттеу жұмыстарына қате қаулы-қарарлармен үнемі бағыт-бағдар беріп отырған кеңестік идеология ықпалында айтылып, қағидаға айнала жаздаған көзқарастарға сыни тұрғыда жанаша қарау әдебиеттану ғылымының қалыптастыру тарихын зерттеу мәселелерімен тығыз байланысты.

Қандай да болсын ғылым саласы аяқ астынан туа салып, бірге дамып кетпейтіні дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ендеше, әдебиет туралы ғылым да өзінің алғашқы адымын көркем шығарманың мәнін ұғып, рухани азық ретіндегі қоғамдық маңызын түсінуден басталатын қарапайым ой-пікірден, бағалаушылық сипаттағы алғысөздер мен түсіндірмелерден, халық тарихынан нәр алатын деректер мен мәліметтерден, ғұмырнамалық зерттеулерден басталатын қалыптасу процесінде қиын да ұзақ жолды бастан кешіреді. Бұл пікір қазақ әдебиеттану ғылымының туу, қалыптасу тарихын зерттеу барысында назар аударуды қажет ете отырып, тың бағыттарда жұмыстар жүргізуге жетелейді.

Өзінің қалыптасу тарихын жан-жақты зерттей алмай тұрып, бірде-бір ғылымның толық мәнде қалыптасып, алға қарай дамуы мүмкін еместігі жалпыға мәлім жай. Өйткені ол зерттеулер сол ғылымның қол жеткізген жетістіктерін жақсылап меңгеруіне көмектесумен қатар, өткен жолындағы

ізденістер мен іркілістерге баға беріп, зерттеу әдіснамасының негізгі принциптерін ашады, одан әрі қарай дамуына ықпал жасайды. Бұл айтылғандардың қазақ әдебиеттану ғылымына тікелей қарым-қатынасы бар. Егер орыс ғалымдары өздерінің әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасу тарихын зерттеуде айтарлықтай табысқа қол жеткізген болса, кейбір белорус, мордва, татар, өзбек секілді ұлттардың әдебиеттану ғылымы әдеби сын тарихын зерттеумен байланыстылықта қарастыра отырып, тың қадамдар жасады.

Қазақ әдебиеттану ғылымын, ондағы әдеби-теориялық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірдің даму процесін, әдіснамалық мәселелерін ғылыми тұрғыда жүйелі тексерген күрделі ғылыми зерттеу, монографиялық еңбек болмағанмен, бізде бұл мәселені арнайы да, жанама түрде сөз еткен мақалалар мен еңбектер баршылық. Әдебиет туралы ұлттық ғылымның туу, даму жолдары мен тарихының көптеген мәселелерін, келешек зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар беретін соны көзқарастарды қазақ әдебиеті сыны тарихын зерттеген еңбектерден көреміз.

Әдебиеттану ғылымының тарихын зерттеу дегеніміз — көптеген ғалым-әдебиетшілердің, сыншылардың көркем әдебиетті, оның тарихын зерттеу саласындағы жүргізген жұмыстарындағы көзқарастар сәйкестігі мен қақтығысын, әр түрлі бағыттар мен теориялардан тұратын әдіснамалық зерттеу әдістерінің ізденістері мен іркілістерін тексеру. Ал кез келген ғылым саласының туып-дамуы үшін тарихи алғы шарттар қажет. Себебі ғылым қоғамдық сананың формасы және білімдер жүйесінің жиынтығы ретінде адамзат қоғамының белгілі бір сатысында нақты практикалық дәлелдеулерден өткен ғылыми зерттеулер нәтижесінде ғана туу дәуіріне қадам басады. Бұны қысқаша түрде тарих алдындағы кезең деп атаса да болады. Әдебиет туралы ғылым тек өзінің негізгі пәні көркем әдебиет ұлттық сипатымен толық қалыптасқан дәуірден бастап қана көріне бастауға тиісті. Осы тарих алдындағы кезеңді әдебиеттану ғылымының арғы бастаулары, қайнар көзі санауымыз керек. Еуропоцентристік көзқараспен жоққа шығарылып келген осы тарих алдындағы кезеңді ұлттық әдебиеттану ғылымының бастауларын алғаш қарастырған профессор Т.Кәкішев болды.

Әрине, бұл істе Т.Кәкішев жалғыз емес, артынан ерген, жолын қуған шәкірттері бар. Қазақ әдеби сынының тарихи, теориялық мәселелері түрлі қырларынан жан-жақты зерттелінген қызықты зерттеулер көріне бастады. Сөйтіп, қазақ әдебиеттану ғылымында Т.Кәкішевтің сынтанудағы салған үлкен арналы ғылыми мектебі өзінің жалғасын табуда.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абай. — Алматы: Ел, 1993. — 204-б.
- 2 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынын тарихы. I-б.: Оқу құралы. — Алматы: Білім, 2003. — 188-б.
- 3 Кәкішев Т. Сәкен мен Мағжан. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1999. — 345-б.
- 4 Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1999. — 424-б.
- 5 Ысмайылов Е. Әдебиет жайлы ойлар. — Алматы: Жазушы, 1968. — 306-б.
- 6 Әуезов М. Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 233-б.

Б.О.Рахимбаева, А.Ж.Аметова

Критик, закаленный временем

В статье показан вклад Турсынбека Какишева — одного из крупных ученых-литераторов Казахстана — в развитие научно-исследовательских и критико-эстетических мыслей и идей. Авторы анализируют творчество профессора Т.Какишева, который был одним из первых ученых, изучивших истоки национального литературоведения, а также период в истории науки, позволивший вспомнить имена авторов, в свое время незаслуженно забытых.

The article Tursynbek Kakishev — one of scientific writers who has brought the huge contribution to development of national scientific research and kritiko-esthetic thoughts though it was against principles of stagnant time, but worked for the sake of the people, bearing a heavy burden of the Kazakh literary criticism and criticism. T.Kakishev was the professor who was at the beginnings of a science of national literary criticism and has considered the period which in the history on евроцентрическим to sights has been excluded. T.Kakishev as a result of versatile scientific researches, has included names of known people in a literary channel which for various reasons haven't been mentioned.

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Халқымыздың әдеби өмірінде елеулі із қалдырған айтыс ақыны Сүйінбай Аронұлы

Макалада XIX ғасырдағы ұлттық поэзияның дамуы мен гүлденуіне Сүйінбай Аронұлының шығармашылық қызметі ерекше әсер еткені айқындалды. Оның шығармашылығының көркемдік ерекшеліктері таза ұлттық сипатта және бірегей. Әйгілі ақынның айтыстарына, жоғары көркемдігімен өзгешеленетін және ұлттық бояуға толы философиялық, дидактикалық ой-толғаныстарына ерекше көңіл бөлінді. Ақын шығармалары терең эмоционалды ықпалымен, өткірлігімен және дәлдігімен, темперамент күшімен ерекшеленеді.

Кілтті сөздер: айтыскер, дара дарын, ақындық мұрат, шешен, тіл өткірлігі, әділ, турашыл, айтыс өнері, әлеуметтік мәселе, өмір шындығы, көрегендік.

Кіріспе

Сүйінбай Аронұлы заманында асқан айтыскер болып танылған дара дарын. Ол қырғызда — Қатаған, Арыстанбекпен; қазақта — Тезек төре, Қаңтарбай, Кескенкекіл, Күнбала, Уәзипа, Тәтті қыз, Жантаймен айтысқан. Өкініші, бұл айтыстардың біразы сақталмаған.

Сүйінбайдың Қарғамен, Тезек төремен, Қаңтарбаймен, Кескенкекілмен, Күнбаламен, Уәзипамен, Қатағанмен айтысы сақталып жеткен бүгінге. Сол айтыстың қай-қайсысында да Сүйінбайдың ақындық мұраты анық көрініп тұрады: байды мінеп, кедейді қорғайды; ел арасындағы бірлікті жырлайды; әділдікті және батырлықты дәріптейді. Бұл айтыстар — Сүйінбай Аронұлының сөзге ұтымды, мін тағуға шебер, логикасы басым, шешен екеніне куә.

Сүйінбай айтыстарының XIX ғасыр ақындары айтыстарының ішінде бір төбе жоғары тұруы — бұл оның айтыстарының мәнділігі мен тіл өткірлігіне тіреледі.

*Сүйінбайдың балалық шағын — Қарға
ауызынан баяндатқан айтыс.*

Бірде он екі жасар Сүйінбай Майтөбе жайлауының бауырындағы Керегетаста қозы бағып зарлап өлең айтып отырғанда жартасқа бір қонып, бір ұшып, біріне-бірі кезек бермей шуылдасқан қарғаны көреді. Содан өзін қарғамен айтыстырады [1; 107–109]:

Сүйінбай:

*Ассалаумағалайкум, қара қарға!
Ұялап, ұя сапсың биік жарға.
Шуылдап, ертелі-кеш бас қатырдың,
Арыз тыңдар еліңде биің бар ма?!*

*Қаңқылдап, екеу ара дес бермейсің,
Еншіге бөліспеген үйің бар ма?!
Қой бағып, ешкі қуып қалжыраған,
Бір жұтым,
Мен сорлыға суың бар ма?*

Қарға:

*Уағаликумассалам, Сүйінбайым,
Белгілі біз пақырға сенің жайың.
Бір жұтым суды бізден сұрасаңыз,
Аллаға мың шүкірлік мен қылайын.
Сүйінбай, жастайыңнан қозы бақтың,
Жазуына кім қарсы жазған қақтың?!*

*Шыбын талап, маса жеп, байғұс бала,
Абиырыңды жапырақпен әрең жаптың!
Сені жеген жауызға біз қас болып,
Тор салып, қақпан құрып, талай қақтым.*

*Мен-дағы сен секілді сорлы жанмын,
Баяны, тұрағы жоқ жүрген аңмын.
Сүйкімсіз түрімізге ісіміз сай,
Ісіне жаратқанның мен де таңмын.*

*Егерде арыз тыңдар биім болса,
Ақ сарайдай іші кең үйім болса,
Бала-шағам шаттанып жүрмес пе еді,
Су берер саған, достым,
күйім болса.*

Әрі қарай қарға олардың да ішінен жуан шыққанын; шәу қарға, қара қарға, құзғын қарға деген үш руға бөлінгенін; сөйтіп, үшеу ара соғысқанын; бірліктен айырылғанын баяндайды:

Қарға:

*Қарға деген ел едік қарқылдаған,
Қар жауып, боран соқса, жалпылдаған.
Ауызбірлік бізде де болушы еді,
Үлкен айтса, бас изеп мақұлдаған.
Біздің де ішімізден жуан шықты,
Бөлінген ру басы Дуан шықты.
Шәу қарға, қара қарға, құзғын қарға,
Деп атап таңба басты Дуан мықты.*

*Руға бөлінген соң үшеу ара,
Мықтылар жеке шықты бізден дара.
Сойыл соқ, садақпен ат, қылышпен шап, —
Деп айтты әмір беріп біздің қара.*

*Қан ақты, үшеу ара соғысқан соң,
Ай мен Күн аспандағы тоғысқан соң.
Береке, бірлік деген бізден кетті,
Ағайынды үш мықты қағысқан соң.
Жарлының біз секілді соры қайнап,
Құл болдық, берекесіз қолды байлап.
Аллаға жатсақ, тұрсақ жалбарындық,
Жәрдем бер, жаратқан қақ болып айғақ.
Десек те жаратушы тыңдамады,
Жоқтық көрген ғарыпты сыйламады.
Сүйінбай, мені көрші, жаным жара,
Үміт жоқ, жүрек шіркін пара-пара.
Екеу ара сөзге де қонақ бермей,
Қаламыз шаңқылдасып күнде өз ара.*

*Біздің елде би де көп, биік те көп,
Бос жүрген, қансыраған киік те көп.
Ашынып кеттім білем, ей Сүйінбай!
Қайыршы, жетім-жесір күйікті көп.
Сорлымын, соның бірі — мені қара,
Өзім сау тұрғаныммен, ішім жара.
Жазуы жаратқанның солай шығар,
Ісіне құдіреттің бар ма шара?!*

Сүйінбай қарғаға бүйтіп берекесіз шулағанша, бірігіп егін сал, басыңды қос, әділ және турашыл бол дейді:

Сүйінбай:

*Естідім хал-жайыңды, қарға жаным,
Есіркер менің-дағы бар ма халім?!
Ел ішінде көп екен құзғын-құмай,
Қан сорғыш, тілі майда өңшең залым.*

*Күн көру осы күні оңай емес,
Теңдік-ау біз пақырға болар елес.
Қазанның, қайда барсаң, құлағы төрт,
Егін сап, бірлік құр деп берем кеңес.*

*Бауырым, содан басқа лажым жоқ,
Болады тым құрыса, тамағың тоқ.
Арманышыл Асан қайғы данаға да,
Атылған екен дейді бір тажал оқ.*

*Қайда барсаң — бір өлім, ойласаңыз,
Шаригатта «теңдік бар», тыңдасаңыз.
Өлең деген қаруды барымта ғып,
Жиын-тойда көппенен сыйласамыз.*

*Бой жеткен ханишаға өлең айтып,
Керегенің көгінен сырласамыз.
Дүние өсіп тұрған бір бәйтерек,
Кетеді шыңға құлап ыргасаңыз.*

*Қарғажан, мен айтайын сөздің шартын,
Ән айтып, күй тыңдайды менің халқым.
Бас кеспек болса-дағы, тіл кеспек жоқ,
Шындықты айт, өлсең сақтап беттің арын.*

*Қарғажан, саған қояр біздің тілек,
Өлмек емес мәңгілік адал жүрек.
Дүниеге күліп келсең, күлдіріп өт,
Соны сенен сұрайды достың ерек.*

*Қарғажан, қозым кетті шыңға таман,
Қайырып түгендейін есен-аман.
Жоғалып я біреуі, яки өлсе,
Орнайды басымызға ақыр заман.*

*Қарғажан, қош болып тұр есен-аман,
Аман-саулық біліп тұр, келсе шамаң.
Немесе, мақшар күні кездесерміз,
Күн туып көрісетін болса заман.*

Айтыс өнеріндегі осы алғашқы адымынан-ақ Сүйінбайдың ақындық беті танылады. Жас ақын өмірден философиялық ойлар түйіп, қоғамның әлеуметтік мәселелерін (кедейшілік, ауыр тұрмыс, ауызбіршіліктің жоқтығы) көтереді.

Осылайша Сүйінбай 12 жасында өмір шындығын батыл да бейнелі тілмен айта алған болса, кемел шағында ол өткір, көреген, ақпа ақын болғаны айдан анық. Өткірлік, көрегендік, ақпалық қасиеттер — тек дүлдүл шешенге тән қасиеттер.

Сүйінбайдың Қаңтарбаймен сайысқа түсуі

Сүйінбай Аронұлының бір күрделі айтысы — ол Қаңтарбаймен сайысқа түскені [1; 117].

Әлеуметтік қайшылыққа, өмір жайлы толғанысқа толы бұл айтыстың жөні бөлек. Екі ақын да бар мүмкіндігінше толғанады; іштей түлеп, шиыршық атып, бір-біріне қарсы тұрады. Мүлт кетер, кідіріп қалар, сөзден тосылар ұрымтал жерді аңиды. Айтыс өте бір шиеленіскен қызық жағдайда өтеді.

Албан және Дулат руларының көптігін айтып састырмақ болған Қаңтарбайға Сүйінбай Екей руы аз болса да, оның Сұраншыдай батыры бар екенін, талай жауды тойтарғанын мадақтайды. Ол Албан мен Дулатқа да қорған болғанын айтады:

Қаңтарбай:

*Міне, отыр Сыпатайым он бір батпан,
Дұшпанның ерегіссе көңілі қайтқан.
Болғанмен өзім кедей, ел-жұртым бай,
Жауарбай сексен нарға көген артқан.*

*Кетпей ме ашуланса елім қаптап,
Кетеді қаптаған соң жерге таптап,
Қасқа аттың төбеліндей кедей едің,
Көрпеңді көсілсеңші бойға шақтап.*

Сүйінбай:

*Сұранишым отыр, міне, судай тасып,
Сарыкемерді жау келіп шапқанында,
Сыпатай босып кеткен шөлге қашып.
«Мың қарғаға — бір кесек» болған кезде,
Сұранишы майдан қылған араласып,
Батырдың ызғарына шыдай алмай,
Далбаңдап Орман қашқан таудан асып.*

*Сарыкемерге атойлап,
Қоқандар келіп шапқанда,
Дұшпаннан кек ала алмай,
Сені құдай атқанда,
Үйіңде тыныш жатқанда,
Қырбасыңның қыздарын
Қызыл нарға мінгізіп,
Жаулар алып қашқанда
Сұранишы батыр айырып,
Ерлігін сонда білгізген.
Сондағы қорқақ сен едің,
Жауға шапқан мен едім.
Албан, Дулат жиылып,
Сұранишының алдына
Жылап, еңіреп кеп едің...*

Бұл айтыста Сүйінбай өзінің ақындық өнерін асырып, Қаңтарбайды жеңіп кетеді.

Сүйінбайдың Тезек төремен кездесіп, дидактасы

Сүйінбай шығармаларының ішінде өзінің мәнділігімен ерекше көзге түсетіні — оның Тезек төремен кездесіп, дидактасы. Мұның өзі әлеуметтік мәні жағынан екі ақынның айтысы деуден гөрі, елдегі қоғамдық екі тап өкілінің саяси тартысы деуге тұрарлық шығарма. Себебі айтыста екі ақын жарысқа түспейді. Мұнда бір-бірінен жыр өнерін асыру мақсаты қойылмайды. Ашықтан-ашық қоғамдық екі тап өкілі егеседі. Қара халық, еңбекші ел атынан бұқара тілегін көтере Сүйінбай шыкса, Тезек төре өз табының туын ұстап, тіл безейді. Қоғамдық екі таптың өкілі белдесіп, саяси сайысқа түседі [2; 579].

Бұл жерде «Тезек төре кім еді? деген сұрақ жөнді сияқты. Тезек төре Нұралыұлы 1821 жылы туып, 1879 жылы 58 жасында қайтыс болған. Ол өмірінің соңына дейін Жетісу облысы, Қапал уезі, Алтынемел болысында тұрған. Ресей патшасының Жетісу жерін отарлау саясатына белсене араласқан. Сол үшін 1850 жылы «За усердие» деген жазуы бар мойынға іліп жүретін алтын медаль алған, 1858 жылы қазақ арасында қатаң тәртіп орнатуға көмектескені үшін генерал-губернатор Гасфорд оған поручик әскери атағын береді және күмістелген семсер, алтын португез ұсынады. 1859 жылы капитан деген әскери шенге ие болады, 1861 жылы Қырғызстандағы Бішкекті және Тоқмақты орыс әскерінің басып алуына көмектескені үшін Тезек төреге полковник шені беріледі. 1864 жылы Алатау округінің генерал-майоры Г.А.Колпаковский оған «За храбрость» деген жазуы бар алтын кылыш береді.

Тезек төре 1847–1867 жылдары 20 жыл бойы үздіксіз аға сұлтан болған. Сол аралықта ол жергілікті қазақтарға шектен шыққан зорлық-зомбылықтар көрсеткен, барымта алған, ру тартысын ұдеткен, ұлтараздықтарын қоздырған. Сөйтіп, патшаның шығыстағы сақшысы атанған. Міне, осындай патша үкіметі қолдаған қатыгез аға сұлтанға қарсы келген Сүйінбай еді.

Көнекөз қарттардың айтуына қарағанда, Сүйінбай Тезек төренің алдына, онымен айтысқанға дейін, бірнеше рет әділдік іздеп барады. Бірақ Тезек төре Сүйінбайдың сөзін емес, зорлық жасаушы мықтылардың сөзін сөйлейді. Соған байланысты Сүйінбай Тезектің әділеттен тайғаны туралы ойын өлеңмен айтқанда, Тезек төре де оған өлеңмен жауап қайтарады. Өлеңмен қайтарған жауабында да Тезек зорлық жасап, Сүйінбайға есе бермей қояды. Ақын Тезектің зорлығына төзе алмай, оны сүріндірудің, реті келсе, жығудың жолын іздейді. Ақыры, оңтайлы жағдай да туады. Тезектің ұрыларынан әбден запы болған елдің жігіттерімен тілдесіп, ойласқан ақын сәтті кезеңді іштей күтіп едәуір уақыт жүріп қалады. Бір күні таң ала көбеңнен Сүйінбай жатқан үйге уәделі жігіттерден хабаршы келеді. Хабаршы Тезек төренің түнгі жортуылға шыққан екі баукеспе ұрысының бірінің басы жарылып, екіншісінің қолы сынып келгеніне көп болмағанын, төренің үйіне жаңадан кіргенін айтады. Тезек төре мен оның екі ұрысы бас қосып тұрған сәтінде, үйге Сүйінбай ақын кіріп келеді. Сыртта, үй сыртында ақынға тілеулес бірлі-жарым ел азаматтары тұрады [3].

Жұмсақ құс мамықтың үстінде төңкеріліп жатқан Тезек төре Сүйінбайға былай дейді [1; 110–116]:

*Мен едім Абылайдың хан Тезегі,
Жылқының ұстатпайды сұр көжегі.
Ордаға құл мен құтан басып кірген,
Құдайдың бұ да болса бір кезегі.
Арғы атам Әділ төре Абылайдан,
Үш жүздің баласына даңқын жайған.
Тінтушідей ордаға кіріп келдің,
Сұраймын аты-жөнің, келдің қайдан?!
Қараша хан Әділге бұрын барған,
Бергін деп бір балаңды қолқа салған.
Баламды аяқ асты қыласың деп,
Хан Әділ Қарашаға бермей қалған.*

*Қараша тағы барған қайта айналып,
Хансыз ел күн көре ме естен танып.
Беріпті Ұлы жүзге сонан мені,
Досымның кете ме деп көңілі қалып.*

*Орта жүз Ұлы жүзден төмен екен,
Атаммен сертке тамақ жеген екен.
Кімде-кім ұлықсатсыз басып кірсе,
Ат-шапан айып болсын деген екен.*

*Осындай хан атамның жарлығы бар,
Есіктің сол себепті тарлығы бар.
Айыпқа ат-шапанды кесті деген,
Әкемнің әуел бастан салығы бар.*

*Жылкелді, бұған кісен салмаймысың,
Бапау, сен ат-шапанын алмаймысың?!
Артына таңып тастап екі қолын,
Алып барып зынданға салмаймысың.*

*Төрт қазық аяғына қақпаймысың,
Денесін отқа ертеп жақпаймысың!
Абылай жазалыны қайтушы еді,
Жазасын бұл жазғанның таппаймысың?!*

Осы жерде Сүйінбай Тезектің жүрегіне сөзден найза қадап:

*Келіп едім, хан Тезек, көрейін деп,
Сәлемін пайғамбардың берейін деп.
Аттандырған екі ұрың қолға түсіп,
Хан тақсыр, отырмысың өлейін деп.*

*Ассалаумағалейкүм, Тезек төре!
Елден жылқы қоймаған кезеп төре.
Телі менен тентекті тыят десе,
Өзің ұрлық қыласың, әттегене!*

*Хан Тезек, төремін деп дүрілдейсің,
Қожаны ақ сәлделі пірім дейсің.
Үйіңе Жылкелді мен Бапау келсе,
Болғандай әжің қабыл күлімдейсің.*

*Хан Тезек, қарамысың, төремісің,
Жемесең ұрлық етін өлемісің?!
Жетім мен жесірлердің ақысын жеп,
Барғанда ақыретке беремісің?!*

*Албан, Дулат, Шапырашты ел емес пе,
Ел деген шалқып жатқан көл емес пе?!
Көл толқыса көбігін кетер басып,
Бетіндегі көбігі төре емес пе?!
Төре сайтан болғанда, көп періште,
Бір сайтанды қаққан да пері емес пе?! —*

деп, антыққан төренің тасыған көңілін сілтідей тындырады. Ақын Тезек төренің елді әділет жолында билеумен шұғылданбай, ұрлық-зорлықпен айналысып, азып кеткенін бетіне басады. Басбұзар тентектер мен ұры-қарыларды тию орнына оларға өзі қосыла тонап, ел берекесін кетіріп, халық қайғысын көбейтіп жатқанына наразылық білдіреді.

Жеңілерін білген Тезек Сүйінбайға менің сарай ақыным болсаң етті деп тілек қояды:

*Тұсында Абылайдың Бұқар жырау,
Хан Әділдің кезінде Түбек тұр-ау!
«Әр заманның бар,— дейді,— сұрқылтайы»,
Сұрқылтайым менің де екен мынау.*

*Атадан емес еді жолым өзге,
Болмады тоқтамасқа мына сөзге.
Үні өткір, өзі де бір зар жақ екен,
Жасырмай барлық шынды айтты көзге.*

*Сүйінбай тегін емес, қызыр көрген,
Қол жайып, жаман болмас бата берген
Жылкелді, бір қой әкеп, бата сұра,
Құтпанын ап қалалық осыменен.*

Сүйінбай ханның қара басын мақтайтын жағымпаз, жалтақ жыршы бола алмайтынын, халықтың қамын ойлайтын бұқарашыл екенін айтады. Онда «менің әйелімді, қыздарымды мақтап өлең айт», — дейді Тезек төре:

*Жамандап келдің-дағы, даттап болдың,
Жақсылығын кейінге сақтап қойдың.
Қатыным мынау менің, қарақтарым,
Аз ғана қыздарымды мақтап қойғын.*

Сонда Сүйінбай оған бетің бар, жүзің бар демей:

*Тақсыр-ау, сіздің қызда жаман бар ма,
Жаманды жаман дейтін заман бар ма?
Бағасы бес тиындық біреуі жоқ,
Болған соң ханның қызы амал бар ма?!*

*Хан Тезек, кейкі сары ханымыңыз,
Сүйінбай екенімді таныдыңыз.
Долданып тап бермегін қылышыңа,
Жасырмай айтып берсек анығын біз.*

*Ері еді Дәнекердің Жарылқамыс,
Қазаққа солай деген кетті дабыс.
Бақайын өз қойшыңның өзің талап,
Мақта деп тірі отырсың, етпей намыс.*

*Ол күнде жақын еді біздің ауыл,
Қиянат момындарға салдың дауыл.
Мақтайтын Дәнекердің, қай жері бар,
Жайдақтап әркім мінген бұл бір жауыр.
Хан Тезек, осы күнде асуыңды-ай,
Суындай Сусамырдың тасуыңды-ай!
Қатының басы жалпақ, мұрны кейкі,
Жатуға мен де бірге шошырмын-ай! —*

деп, Тезек төренің қыздарын да, Дәнекер деген әйелін де оңдырмай суреттеп шығады.

Ел сүйетін даңқты ақыннан Тезек төре кешірім сұрайды. Тек мынау өлеңінді елге жайып жіберме деп өтінеді. Төренің жігіттері бір ат әкеп, көлденең тартады. Сонда Сүйінбай атқа қарап тұрып былай өлеңдетіпті:

*Хан Тезек, байлығыңа бас ұрмаймын,
Мен бірақ көргенімді жасырмаймын.*

*Шын дертім ұстап кетсе айнымалы,
Басымнан ұшқан құсты асырмаймын!
Төресің жер мен көктей елмен араң,
Ел жаңа елу жылда, жүз жыл қазан,
Атың да, шапаның да бәрі өзіңе,
Келгенше екі айналып тұрғын аман!*

Жетісу жұртын бір шыбықпен айдаған қаһарлы да қатал, XIX ғасырдағы Ұлы жүз елі, Албан мен Суан тайпасының аға сұлтаны Тезек төре найзағайдың отындай жарқылдаған Сүйінбайдың сөзіне амалсыз тоқтапты. Өйткені ақынның жалғыз емес екенін, оның артында қара ормандай халық тұрғанын жақсы білсе керек.

Бұл жерде тағы бір ескерте кететін жай, Тезек төре мен Сүйінбайдың сөз сайысын айтыс деуден гөрі, қақтығысу деп атаған орынды. Шындығында Тезекте үлкен ақындық талант жоқ. Алайда ол өзін «ақынмын» деп санағаны сөзсіз. Тезек төренің ұйқасы бар, нәрі жоқ, ырғағы бар, ойы жоқ нашар өлеңіне Сүйінбай тасқынды жырларымен жауап бергенін байқаймыз.

Қорыта айтқанда, Сүйінбайдың Тезек төремен қақтығысуы оның ақындығының халықтық сипатын мейлінше анық көрсетеді.

Сүйінбай мен Қатағанның айтысы – тынысы кең, өрелі айтыс

Айтыс өнерінде Сүйінбайдың атын шырқау биікке көтерген Қатағанмен сайысы [1; 125–133]. Өйткені Сүйінбай қазақ халқына қандай танымал болса, Қатаған да қырғыз еліне мәшһүр ақын екен. Екеуі екі елдің тілі, тілегі, мұрат-мақсатындай болған. Қай ел өзінің атақ-абыройын төмендеткісі келеді. Қазақтар Сүйінбай мықты ақын десе, қырғыздар Қатағанды кем соқты деген. Қатағанды жоғары бағалаған ел-жұрты оны «Арыстан, Арыстанбай» деп атаған [4; 310].

Сүйінбай мен Қатағанның айтысы тартыс-таласы мол, қақтығысқа толы жағдайда өтеді. Осы айтыс туралы көптеген зерттеу еңбектерінің авторы Сұлтанғали Садырбайұлы өзінің «Өлең — сөздің жарық жұлдызы» атты мақаласында былай жазады: «Асылы, бұл айтыстың өтілу тарихын әркім әрқалай баяндайды. Мәселен, Жамбыл Сүйінбай мен Қатаған Орман ханның анасына арналған аста айтысыпты десе; Жамбылдың шәкірті Өмірзақ Қарғабаев аталған екі ақынның бұл айтысы қырғыздың шоң манабы Алыбайдың асында айтылған деп түсіндіреді.

«Мен Қырғыз Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының қолжазбалар қорында Сүйінбай мен Қатағанның айтысына қатысты бірнеше нұскасын қарадым. Соның бірі бұл айтыстың тарихын былай деп баяндайды: 1847 жылы, томаға тұйық, хандық қозғалыстың кейбір басшылары Шу өзенінің жағасындағы қырғыз еліне жәбір көрсетеді, бірнеше ауылдар зардап шегеді, кісі өлімі болады, ақыры өздері де жазаға ұшырайды.

Осы бір трагедиядан соң, бір жыл өтеді: енді екі елдің арасында өкпе-наз қалмасын, достық, туысқандық салтымызды сақтап, Ыстықкөлдің жағасына жиналалық, ат жарыстырып, ақындарымызды айтыстырып, тамашалап тарасалық деген екі жақтан ұсыныс болады. Осыған орай, 1848 жылы жазда, уағдалы жерде, қазақ-қырғыз елінің беделді уәкілдері бас қосқан үлкен ас болады. Асқа қатынасушылар: «Бұдан былай екі елдің бауырластық бесігіне ешкімнің қолы тимесін» деген тоқтамға келеді.

Астың төртінші күнінде екі елдің көрнекті адамдары Орман ханның жүз кісілік шатырына жиналады. Мәслихатты Қара Бәйтік басқарады.

– Қазақ халқының игі жақсылары! Құмырсқадай қаптаған мына отырған қырғыз-қазаққа алыстан келген ақының сәлем берсін», — дейді [5].

Сүйінбай өлеңмен амандасып, көпшілікке, халыққа былай сәлем береді:

*Ассалаумағалайкүм, сәлем бердік,
Мүбәрәк жүздеріңді жаңа көрдік.
Атақты ас, жиыныңды құттықтауға
Бауырлас қырғыз елі, саған келдік.
Жүйріктер жеткізбейді қою шаңға,
Қосылар қырағылар қашқан аңға.
Хан Жантай, Қара Бәйтік, Әтекеңе,
Келіп ем сәлемдесе Орман ханға.*

*Атаңыз ер-ақ еді, батыр Жантай,
Түлкідей қиядағы қызыл алтай.
Толықсыған сендерге кездесем деп,
Думанды осы тойды күттік алты ай!..*

Сүйінбай осылай деп тоқтағанда, Бәйтіктің тасасында отырған қағлез, қайыстай қара жігіт қарғып тұрып, қолына домбырасын алып айғай салады.

Бұл — қырғыздың ақыны Қатаған еді. Ол (қырғыз мақамымен):

*Сүйінбай, тоқтат сөзіңді,
Ояйын ба көзіңді!
Ақынмын деп ойлайсың,
Мен тұрғанда өзіңді.
Қисық ағаш кездесті,
Бір құрайын тезімді.
Сыртыңнан іздеп жүруші ем,
Келтірді құдай кезіңді.
Барың болса қарышта,
Барар жерің сезілді.
Қатағанды байқамай,
Түстің бе, бәлем, қолыма!
Сояйын мес қып теріңді.
Тырнағыма іліндің,
Күтірлетіп шайнайын,
Қыбырлаған жеріңді.
Көрмеймісің, Сүйінбай,
Қазып қойған көріңді!?
Ажал айдап келген соң,
Саған өлім тегін-ді.
Келіп қапсың байқамай,
Өлетұғын жеріңді.
Шалғың келіп отыр ма,
Қаражалым, қызғышым,
Хан Орман, Бәйтік бегімді?!
Тентіреп жүріп қаңғырып,
Былғама шалқар көлімді.
Менің атым Қатаған,
Қоңырбайдың асында
Бес жүз жылқы матаған.
Сүйінбай ақын тәуір деп,
Мұның несін атаған.
Аяғыңды тарта бас,
Қырсықты жерің таянған.
Қатағанға, Сүйінбай,
Ұрындың келіп қайтадан.
Қырғыздан шыққан жүйірікпін,
Құс мойынды, қоян жон,
Тұлпардан туған жатаған.
Өз мініңді айтқызып,
Бай-мырзаңды құса ғып,
Өлтірерсің қападан.
Сүйінбай, сенен жеңілсем,
Қатаған болмай қатайын,
Көкшешектен жатайын.
Тышқанды көрген бидайық,*

Табанға салып таптайын.
 Сары жайлы сабазбын,
 Қос өкпеңнен атайын.
 Жетім құрыш қылышпен
 Маңдайыңды қақ жарып,
 Қаныңды судай шашайын.
 Хандар соққан құрышпын,
 Тастан неге қайтайын?!
 Байлығымды айтайын,
 Көптігімді айтайын,
 Ор ауыз қара бурадай,
 Шала сөйлеп жатпаймын.
 Былай барсаң Тінәлім,
 Қанаты күміс қомағым.
 Сес көрсетіп сынайын.
 Бұғы менен Саяқты
 Артық қылып нәсілін
 Жаратқан жоқ па құдайым!
 Сары ойменен топталып,
 Тауешкідей текесіп,
 Саяғыма шығайын:
 Былай барсаң Саяғым,
 Тұлпар аттай жайладым,
 Сүйінбайдың үстінен,
 Саяғым аман тұрғанда,
 Алар ма еді таяғын.
 Талай ақын қаңғырып,
 Қолға түскен құл болып,
 Құшақтаған аяғын.
 Тексіз бір жүрген пендесің,
 Бұрынғы мен соңғыда,
 Оңалып еді қаяғың?!
 Қалай келді шабысым,
 Сүйінбай батыр аңласын.
 Қыр желкеңнен шабайын,
 Саңлақпын деп айтып ең,
 Қимылдашы, қарайын!..

Қатағанның екпінінен жасқанған Сүйінбай қазақтың жақсыларына жалтақтап қарай береді. Сол кезде шешен Бөлітірік батыр Тезек төреге: «Ей, төрем, көтер басыңды, қаныңды қашырма. Сүйінбай өлең таппай, сөз таппай отыр дейсің бе, булығып отыр. Сүйінжан, шығар даусыңды» дегенде, — Сүйінбай сілкініп шығады [6]:

Қашырма, төрем, қаныңды!
 Кіргізейін жаныңды.
 Қатағаннан жеңілсем,
 Талап алғын малымды.
 Іздегенім осы еді,
 Өз-өзінен қағынып,
 Қатаған сөзден жаңылды,
 Қызып тұрған темірге,
 Өзі келіп қарылды.
 Жетім құрыш қылышпын,
 Алтыннан соққан сабымды.
 Наркескенге жолықтың,

Шашармын судай қаныңды!
 Қабағын шытса Сүйінбай,
 Тарту қылып тартарсың,
 Қойныңдағы жарыңды.
 Айдап келіп берерсің,
 Алдыңдағы малыңды,
 Малың түгіл барыңды.
 Аққу құстай ұшайын,
 Аяғыңды тосайын.
 Баймын деп айттың, Қатаған,
 Бұл сөзіңді ұстайын.
 Байлығың сенің қайда бар,
 Талқан-көже ішкенің.
 Тас ошағың жұртта қап,
 Орынсыз бекер іспегін.
 Жаздай егін айдайсың,
 Жалғыз бұзау байлайсың.
 Күшіңді білмей, Қатаған,
 Менімен қалай ойнайсың?!
 Сүйінбай-сынды ақынды
 Жеңемін деп ойлайсың.
 Қырғименен ойнаған,
 Ажалы жеткен торғайсың.
 Ақ құстайын ұшайын,
 Аяғыңды тұсайын.
 Көппін деп айттың, Қатаған,
 Сөзіңнен осы ұстайын.
 Тас тұяқты тұлпармын,
 Қырқалап тауға асқанда,
 Жолыңды кесіп-қырқармын.
 Былай барсам Албаным,
 Албанымды қозғасам,
 Саған түсер салмағым.
 Көбік сөзді көп айтып,
 Ақымақ туған, Қатаған,
 Әркімге тиді салдарың.
 Онан былай Суаным,
 Аз да болса жуаным.
 Халықтың атын былғама,
 Бүтін дүние жүзінде,
 Шөгіп жатқан мұнармын.
 Онан да әрі барайын,
 Алды-артыма қарайын.
 Осындай жиын-тойларда,
 Көтерілген талайым.
 Тұяғы қызған тұлпардың
 Көре алмассың маңайын, —

деп, Сүйінбай асқақтап кетеді.

Осы айтыста ұлы ақын күллі қазақ халқын біртұтас алып қарайды, бөлшектемейді. Сүйінбай Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүзді бір анадан, бір атадан тараған біртұтас ұлт, қалыптасқан халық деп санайды. Ол өз сөзінде Алатауды, Сарыарқаны, Еділ-Жайықты жайлаған елдердің өздеріне тән жақсы қасиеттерін атап-атап айтады. Мысалы:

Іле өзенін жерлеген,
Сыр суындай өрлеген,
Дұшпанға намыс бермеген,
Бақ дәулеті кернеген,
Он екі ата Жалайыр,
Аршыңға қолын сермеген,
Маңына дұшпан келмеген.
Тұлпар аттар сол елде,
Ақ ордаға бағылып,
Дорбадан тұрып жем жеген.
Алтынды шашақ найзалы,
Батыр десең сол елде,
Найзамен шанышып ет жеген.
Ажалдан бұрын өледі,
Ыңғайына көнбеген.
Сұлу деген сол жерде,
Ерлерін сыйлап, қадірлеп,
Ашпаған бетін пернеден...
Батырлары жасанып,
Аттары кетпес кермеден.
Онан бері Ыстым бар
Алатаудай күштім бар.
Батырлық, байлық, сол елде...
Онан бері Ошақты,
Атамыз қойған осы атты.
Батырлар десең онда көп,
Жасаған жауға қос атты.
Шапқышы жауды олжалап,
Талай жерін босатты.
Онымен жалғас, қатарлас
Шапырашты елім бар,
Асқар таудай белім бар.
Шапырашты еліме,
Байтақ жұрттан сенім бар.
Сұраншы, Саурық аттанса,
Сыртқы жауға өлім бар.
Қарасайлап аттансам,
Дұшпанға қазған көрім бар.
Онымен жалғас Жанысым,
Жанысымды қозғасам,
Жанып кетер қамысың.
Қалың елге белгілі,
Сүйінбай деген дабысым.
Қалай екен шабысым?!
Есің болса, байқап көр
Сезімнің қайда барысын.
Батыр деген бізде көп,
Жібермес жауға намысын.
Былай барсаң Ботбайым,
Ботбайымды қозғасам,
Кетерсің жанып оттайын.
Қос өкпеңнен қадалдым,
Садаққа салған оқтайын.
Етім қызып келгенде,
Сабыр ғып неге тоқтайын!

*Меніменен егессең,
Ұрармын жерге доптайын!*

*Былай барсаң, Шымырым,
Шымырымды қозғасам,
Шығып кетер шыбының.
Кең жаратқан елімді,
Кесегінен кертпейін.
Аспанға шығып шарықтап,
Қанатымды серпейін.
Жанып тұрған жалынмын,
Сүйегіңді ертейін.
Таусылмайды айтқанмен,
Жалпақ жатқан Ұлы жүз.*

Қай тайпаны, қай атаны ауызға салса да данышпан ақын сөздің сырлысын, суреттің сұлуын табады. Асқақтата айтады:

*Былай барсам Найманым,
Құлашты кең жайғаным.
Аш көзіңді тайсалмай,
Ажалы жеткен қарғасың,
Бүркітпенен ойнадың,
Түлкілікті қоймадың,
Сүйінбай-сынды ақынды
Жеңемін деп ойладың.*

*Онан әрі Арғыным!..
Арғын деген сансыз ел,
Мекен еткен қоныс қып,
Дүниенің жарымын.
Жерге кіріп кетерсің
Олардың бассаң тамырын.*

Сүйінбай онымен де тоқтамайды. Ол енді Арқа асып, Жайық жағасына жетеді:

*Бүркіттей түгі түксиіп,
Ел орнап, қыдыр жайлаған,
Мыңдап бие байлаған,
Мыңдап түйе айдаған.
Қарсы келген дұшпанын
Қоралы қойдай айдаған...
Кіші жүзге жетейін.
Елімнің қандай екенін,
Түсінген шығар көкейің.
Өлерің ақыр өлген соң,
Құлақты салып тыңдап тұр,
Төбеңнен тесіп өтейін!
Төніп шатқан көк тұман,
Кіші жүздің баласы.
Айналасы көк теңіз,
Соған барып қосылған.
Еділ-Жайық екі су,
Сырдарияның саласы.
Ноғайлы, Тама былайғы,
Арасында сол жердің*

*Кіші жүздің баласы,
Сұлтан-Сиық, Бақ-Сиық,
Хан қызы екен анасы.
Бәрі батыр баласы,
Қаннан кеуіп көрген жоқ
Найзасының сағасы.
Он екі ата Байұлы,
Жеті аталы Жеті ру,
Әлім менен Шөмекей,
Халқымның еді жағасы.*

Сүйінбай Орта жүзге кіретін Қыпшақ пен Қоңыраттарды қазақтардың көне дәуірдегі ержүрек елдері деп суреттейді:

*Онан әрі барғанда,
Қазақты жинап алғанда,
Тоқсан екі ұлы бар,
Қыпшағымды айтайын,
Тоқсан баулы Қоңыратты,
Әңгіме ғып қозғасам,
Жүре алмассың жалғанда.
Күнің қандай болады,
Ногайлыға барғанда?
Ногайлыға қосымша,
Тағы бар жалғас Тамасы.
Ақылың болса Қатаған,
Осыны байқап қарашы!*

Сөйтіп, Сүйінбай таудан аққан асау өзендей тасқындап, өз елінің өсіп-өнген көптігін, ел камқоры болған адамдарын, батырларын марапаттайды. Ол қазақтар мен қырғыздардың арасындағы достықты, туыскандықты ардақтайды әрі құрметтейді.

Айтысты басқарып отырған Қара Бәйтік орнынан тұрып:

– Сүйінбай ботам! Сен ақынның жолбарысы, адамның бұлбұлы екенсің, айтыста сен жеңдің! — дейді ақыры.

«Екі елдің бас қосқан үлкен айтысында жеңгенің үшін, саған басыңа алты қанат ақ орда, Ыстықкөлдін ақ көбігінен жаратылған Мейіз деген асқан сұлу қыз, мойнында қарғысы бар екі тазы, бір бүркіт және алтын бесік сыйлаймын», — деп жұрт көзінше бәйгенің қорытындысын жариялайды [7].

Сүйінбай Аронұлының Қатағанмен айтысы — жалпақ елге тым көп тараған өлең. Бұл айтысты Жамбылдан басқа Кенен, Үмбетәлі, Өтеп, Өмірзақ, Арғынбай, Қарабек, Мақыш, Шүкітай секілді Жетісу ақындары жатқа айтқан.

Осы ақындардың айтуынша, Сүйінбайдың атын алыс қиырға танытқан сүйекпен бітіп, ана сүтімен дарыған қайсарлығы. «Жаным — арымның садағасы» дейтін қыран мінез тектілігі. Ақын тас астынан тепкілеп шығатын маржан бұлақтай мөлдіремесе, әрине, ақын емес. Сүйінбайда мұндай қасиет баршылық. Сондықтан да ол Қатағанды алдынан көлденең өткізген жоқ.

Сүйінбай мен Арыстанбектің айтысы туралы бірер сөз

Сүйінбай Қатағанмен айтысқаннан кейін бірер жылдан соң қырғыздың ақыны Арыстанбекпен де сайысқа түскен.

Бұл айтыс Жетіөгіздегі (Қырғызстан) Боранбай манаптың әкесіне берген асында өткен. Бұл аста да дәстүрлі ат жарыс, балуан күрес, найзамен сайыс, жамбы ату өтіп, ақындар да өз кезегін күткен. Тезек төре бұл асқа Сүйінбайды қолқалап арнайы алып барады. Бұл асқа сонымен бірге Сыпатай батыр, Бөлтірік шешен де шақырылады.

Сүйінбай мен Арыстанбектің айтысы қырғызша талай рет жарияланды. Қазақ тілінде бұл айтыс тек 2001 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде жарық көрді [8; 6, 7].

Алғысөзін жазып, айтысты «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясына ұсынған Бақтияр Әбілдаұлы.

Сүйінбайдың Кескенкекілмен арнайы кездесіп, айтысуы

Сүйінбайдың бізге жеткен сегіз айтысының үшеуі ақын қыздармен қақтығысуы болып келеді. Атап айтсақ, Кескенкекіл, Уәзипа, Күнбаламен болған айтыстары. Кескенкекіл — Төлеміс руынан шыққан ақын қыз. Онымен Сүйінбай арнайы кездесіп, өнер жарысына түскен [1; 118–120]:

Сүйінбай:

*Кескенжал, кекіліңді неге кестің,
Кестің де кекіліңді желдей естің.
Қылығың құдай сүйер бар ма сенің,
Теңгеге басың бұлдап, ардан кештің.*

Кескенкекіл:

*Шөбі соны болады елдің шеті,
Жігіттің ойнап-күлмек ганибеті.
Рас-ақ, не десең де, о дей бергін,
Тұрпанның қызыққаным мол дәулеті.*

Сүйінбай:

*Кескенжал, біздің сөзді тыңда да көр,
Жанның бәрін жалмайды сұм қара жер.
Мал үшін әлдекімге кете берсең,
Шерлі боп, қазірден-ақ зар жылай бер.*

Кескенкекіл:

*Сүйінбай, тілің тәтті, сөзің ащы,
Отырсың жарға қамап сорлы басты.
Шын айттың, шындығы осы өмірімнің,
Қайтейін, көкірек толы, көзім жасты.*

*Сен маған өкпелеме, а Сүйінбай,
Еріксіз кетіп барам мен Шыбылға-ай!
Күдеріңді кетті деп үзіп жүрме,
Келіп-кетіп жүре гөр біздің үйге-ай!*

Сүйінбай:

*Сен едің жарық жұлдыз, таң нұрындай,
Айша батып барасың көз алдымда-ай,
Қарақшыдай қаңқиған қу үйіңнің
Түңлігін сен кеткен соң ұрайынба-ай!*

*Білмейді қыз қадырын кей антұрған,
Байлық десе бас ұрып базарлатқан.
Бір басының бағасын саудаға сап,
Опасыз дәулет үшін бай деп сатқан.*

Сүйінбай ақын қыздармен қақтығысуында оларды сырласуға, ішкі мұң-зарын шертуге, достыққа үндейді. Сөйтіп, қалың малдың құрбаны болып, еріксіз кетіп бара жатқан бейшара қыздарға қатты аяныш білдіреді. Олардың көңілін сәл де болса көтеруге, қайғы-қасіретін ұмыттыруға тырысады.

Сүйінбайдың Күнбала қыздан жеңілуі

Сүйінбай ақын Күнбала қызбен айтысып жеңілгенін кейін өмір бойы өзі айтып жүріпті [1; 121].

Сүйінбай:

*Тұманда адасушы ем із болмаса,
Асқан асың татымас тұз болмаса.
Ауылдағы көп қызды кім санапты,
Ұзатылар алысқа сіз болмаса.*

Күнбала:

*Кедейім-ай!..
Кедей демей шіркінді не дейін-ай?!
Сыбыс бермей сыртымнан кеп қалыпсыз,
Ақын аға, мұныңды не дейін-ай?!*

Атақты ақын бертінде талантты шәкірті Жамбылға өзінің Күнбаладан жеңілгендігін ұқтырып, жаттатып айтқызатын болыпты. Біз бұдан Сүйінбайдың ақындықты аса жоғары бағалап, үлкен өнер тұтқанын байқаймыз.

Сүйінбайдың сын-сықақ өлеңдері мен арнаулары

Сүйінбай Аронұлының шығармаларының көпшілігіне, әсіресе арнау өлеңдеріне тән қасиет — сын-сықақ, ащы сарказм. Ақынның бұл саладағы туындылары поэзиямыздың «арнау» жанрын жан-жақты жетілдіреді. Оның жауынгерлік идеялылығын зорайтады. Сыншыл, сыршыл бетін айқындап, өткір реалистік поэзияның дамығандығын танытады. Поэзияның қоғамдық, әлеуметтік, бұқарашылдық маңызын жоғары көтеріп, өткір сыншылдық, нағыз халықтық қасиеттерін тереңдетеді. Сүйінбайдың әрбір арнау өлеңдері — өзінің осы бір өжет, өткір қасиеттерімен мәнді, дәуірлік шынайы шығармалар. Ақынның бұл саладағы өлеңдерінде қазақтың әлеуметтік қоғам өкілдері бірінен соң бірі топ-тобымен бой көрсетеді. Әсіресе пейілсіз сараң, адамгершілігі төмен жандар тізбектеліп, көз алдыңнан топ-тобымен өтіп жатады.

Сүйінбайдың арнау өлеңдерінде төрелерге, байларға арналған теңеулері осылардың зорлықшылдық кескінін дәл танытады. Ұрыларға да ақын өзіне лайықты теңеу табады. Қадалған жерінен қан сорған Тезек сұлтан; кісімсіген өркөкірек Сөк пен Солтан төрелер; Байқоңырдың сараң бәйбішелері; әділетсіз Ноғайбай би; алып сатар сараң Жайнақ; бойы биік, ойы аласа дәу Батырбек; Қоңыраттың билері; ұзын өңеш Әбілез төре; жаман саудагер Қайназар; Албан даукестері; Кененбай ұры; айдаһар мінезді Тайбағар; әлеміш киімді Елемес бақсы; арамза қажылар (Ысқақ, Ыспан, Сарыбас); басқалардың да жұғымсыз мінездері топталып, олардың шындық бейнелері жасалады. Әсіресе сұлтан-төрелер мен датқа-байларды өлтіре сынап, жыртқыштарға теңейді.

Сүйінбай қалың бұқараның есесін бермей, еңсесін езіп жүрген ел билеушілерінің әділетсіздігін, надандығы мен жауыздығын олармен бетпе-бет жүздесе отырып әшкерелейді. Мысалы, «Момын малын зұлымға алып беріп...» атты шығармасында [1; 64,65]:

*Ноғайбай, сөз төркінін ұғынарсыз,
Байсүгір Қараталдан түгіянсыз.
Ыстанбек, төремін деп мақтанбаңыз,
Бұл арсыздың ішінде сіз де барсыз.*

*Қаратал өмірінде жалшымаған,
Қарашолақ өгізін қамшылаған.
Қаршыға қартайғанда қаз алады,
Олжаңды қарға тапқан салшы маған.
Дүниеден Сарыбай да кетті көшіп,
Бұл жерде Нарбота отыр желдей есіп.
Алдыңа бір жауапкер Екей келсе,
Түйе басы тоғызды салар кесіп.*

*Ала бұқа көзденген Атамқұл бай,
Жұртыңа жақсы болсаң боласың жай.
Құлан аян, мал-жанды айдап жедің,
Тәңір алдына барғанда оңарсың ба-ай! —*

деп ақын Жетісу өлкесінің мықты шонжарларын өлеңімен өртей шарпиды. Нарбота, Атамқұл, Ноғайбай, Ыстанбек және басқа ірі байлар мен билердің қалың тобына жалғыз тиісіп, үндерін шығармай есеңгіретіп тастайды.

Бірде жиналған жұрттың алдында Тілеуберді болысқа («Тілеубердіге» атты өлеңі [1; 70]):

*Желбуаз жігіт екен жыртаңдаған,
Бұл заманның болысы күй таңдаған.
Көп ішінде көлбеңдеп көрінем деп,
Көрінгенге соқтығып тыртаңдаған, —*

деп оның жаман қасиеттерін басқа ұрып сынағандай көз алдында айтып береді.

Тамаша сатирикалық туынды ретінде ақынның «Датқаларға» деген толғауын [1; 28,29] атауға болады:

*Заманында датқалар,
Ұрты кеуіп мақтанар.
Пайда тапса дау-шардан,
Шоқтығына дақ салар.
Екі ауылды егер ғып,
Қолтығына шоқ салар.
Басындағы дәулетін
Бір күн болмай ақтарар.
Елге жақпас қылығы
Бұл заманның ұлығы,
Параменен мал жиып,
Бойынан асқан былығы.
Оязға қайтсем жағам деп,
Үзілер болды жұлыны.
Өз елін өзі қарақтап,
Ебі келсе тамақтап.
Көр ақтарған қорқаудай,
Датқалар жүр жалақтап...
Қайран қазақ қор болды-ау,
Құр бекерге далақтап.*

Осы келтірілген тармақтардағы Сүйінбайдың датқа ұлықтарын Абайдың болыстарынан айыру қиын. Типтендіруі жағынан бірінен — бірі кем түспейді.

Ақын Қайназарға арналған өлеңінде («Сүліктен жаман...» деген шығармасы [1; 75] саудагерлерге тән жағымсыз іс-әрекетті былай суреттейді:

*Қара ағашың толып тұр.
Ақ терегің солып тұр,
Сауда жасап Қайназар,
Осы күні болып тұр.
Төңірегіндегі қазақты,
Сүліктен жаман сорып тұр.
Бастауда тыныш жатасың,
Шидей болған ағашты
Екі сомнан сатасың.
Бүйте берсең патшағар,
Күнәға әбден батарсың.
Кәрі тисе халқыңның,
Томпайып жерде жатарсың.*

Сонымен қатар пысықтығымен алдына мал салған жаңа байлардың дүниеқоңыз мінездерін бетіне басады. Олардың пайда табудан басқа ойлары құрып, адамгершіліктен жұрдай болғандарын мыскылдайды. Жайнақ сияқты бұрын еш нәрсесі жоқ адамның қулықпен байып алғаннан кейін, кісіміп кеткенін атап айтады («Жайнаққа» арналған туындысы [1; 66]):

*Сен өзің Қараталдың Жайнағы едің,
Жасыңда жалғыз бұзау байлап едің.
Сүтімен жалғыз сиыр ауқат етіп,
Егінді қос өгізбен айдап едің.*

*Көргенде алдыңдағы жақсыларды,
Болсам деп, сен де сондай ойлап едің.
Құдайым тілеуіңді бергеннен соң,
Бұлттан шыққан күндей боп жайнап едің.*

*Жиырма жастан отызға өрлегенде,
Қырғыз бен қазақ жерін жайлап едің.
Отыздан қырыққа қадам басқаныңда,
Жұтсаң да Алатауды тоймап едің.*

*Сен едің аты шыққан сараң Жайнақ,
Қораңда Сүйінбай тұр көзі жайнап.
Болмайды тіпті кедей бұл ақының,
Қалмаса Жайнақ өліп сорым қайнап.*

Адам мінезін жасауда Сүйінбай өзі тұстас көркем сөз шеберлерімен бәсекеге түскендей. Мысалы, «Зар жылатып момынды...» деген ақынның керемет толғауы [1; 24–26] Махамбеттің «Хан емессің, қасқырсың...» және «Мен едім» сияқты жалынды өлеңдеріне пара-пар өжеттік пен өткірлікке толы шығарма:

*Хан емессің, қиықсың,
Қалың елді айдап жеп,
Теріңе зорға сыйыпсың,
Ұры, қары, залымның
Жаныңа бәрін жиыпсың.
Жанға жауап бермейтін,
Дүлей-мылқау сияқты,
Қиял мінез тұйықсың.
Дүниені жұтса тоймайтын,
Түпсіз жатқан ұйықсың.
Қадырың жоқ халыққа,
Аққан судай сұйықсың.
Судан да сусын қанады,
Оппа балшық сықылды,
Жұтқыш ылай былықсың!
Бұл заманда хан болдың,
Елге жүріп әкімің.
Өзің бір жеке заң болдың,
«Айтқаным менің болсын» деп.
Масаттанып паң болдың.
Өнерің — ұрлық-зорлықпен
Бұқараға сор болдың.
Ұлықсатсыз жан кірмес,
Есігің елге тар болдың.
Айдап жеді тұқымың
Бар қазақтың баласын.
Үйіңе келген кісіні
Жағадан келіп аласың.
Ұлықсатсыз кіргеннің
Тоғыз кесіп мойнына,*

*Одан да олжа табасың,
Ақысы үшін нашардың,
Тартып жүрме жазасын.
Мойныға түскен айыптан,
Төрөм-ау, қайтып танасың?!...*

Сүйінбайдың ойынша, сұлтан-төрелердің жиған малы, басындағы дәулеті адал еңбектің жемісі емес, ұрлық-зорлықтың нәтижесі. Әрбір төре өзіне қызмет ететін барымташы ұры ұстайды. Олар түн жортып басқаның малына тиеді. Дауды коздырады. Ал төрелер оны арашалайды, ақтайды. Сондықтан ақын төре мен ұрының бірінен-бірін бөлмейді. Екеуін де бұқара халыққа жат, тек біріне-бірі қызмет ететін зұлымдық өкілдері деп бағалайды:

*Зар жылатып момынның
Өрістен малын аласың.
Сол момынның біреуі,
Екей деген ел едім,
Сүйінбай деген мен едім,
Әкем Арон тұқымы,
Малға кедей жан едім.
Көжеқатық, қой сұрап,
Дүйсен деген біреуге,
Кеше күндіз кеп едім.
Келсем Дүйсен еңіреп,
Үстінде отыр төбенің.
«Сұлтанның көп ұрысы,
Үйірімен он бір қысырақ,
Айдап кетті», — дегені.
Естіген соң ізімен,
Артынан қуа кеп едім.
Момынның малын жемегін.
Ағайын малы — өз малым,
Неге іздейсің демегін!*

Сүйінбай үстемдер тобын езілген қалың елге қарама-қарсы бейнелейді. Кедей-кепшіктер мұнын жырлайды. Хан-сұлтандар, төре-датқалар халық мұңымен санасуы керек деп ой түйеді. Қара халықтың қаһарын жоғары бағалап, оларға қарсы тұрар еш күштің жоқ екенін көрсетеді:

*Ашулансаң, хан сұлтан,
Өлтірерсің Сүйінді.
Сүйінбай ақын өлген соң,
Көрерсің, төре, қиынды.
Қаһарланса қалың ел
Шығармай ма миыңды?!
Бет-аузыңды қан қылып,
Бермей ме сүйтіп сыйыңды!*

Сүйінбайдың өзінің ата-тегін мақтан ететін кейбір төресымақтар атына айтылатын мысқылдары да өткір (мысалы, «Алмасайға» арналған шумақтары [1; 93]):

*Әкең жақсы кісі еді жамбас жеген,
Жақсы адамнан жаман ұл болмас деген.
Шешеңнен бір кінәрат болмаса игі,
«Аладан құла туса оңбас» деген.*

Үстем тап өкілінен, барымташы, зорлықшыл, қарау, қарақшылардан зәбір-жапа көргендер «төрелік айт» деп Сүйінбайға жиі барып тұрған. Осы туралы ел аузында мынандай бір әңгіме сақталып қалыпты.

Ертеде Жетісуда Тайторы мен Бәйтелі деген ағайынды елдер бір жайлауда аралас отырады екен. Бірде Тайторы жағы Бәйтелі ауылының бір топ құлынды биесін барымталап кетеді. Онымен тұрмай, Бәзіл деген жігітке «кедейсің» деп сүйген қызы Салиханы бермей қояды.

Барымта дауын шешу үшін барған Бәйтелінің адамдарын Тайторы жағы маңайлатпайды. «Енді не істейміз?» деп сасқанда, бір қария: «Сүйінбайға барыңдар, бұл дауды тек сол ғана шешеді» деп, ақыл береді. Сүйінбай олардың бес-алты белді кісісін ертіп алып, Тайторының биі Қоспанға барады. «Жылқысын қайтар» дейді. Қоспан көнбейді. Сонда Сүйінбай («Көздің жасы» деген өлеңі [1; 71,72]):

*Ей, Қоспаным, Қоспаным,
Тіреуі ме едің аспанның?!
Бірге туған ағаңды,
Ағаң емес жағаңды,
Аш қасқырдай ұлытып,
Діңкесін әбден құрытып,
Жұртыңа неге тастадың?!*

*Ей, Салиха, Салиха,
Мыңғырған байдың малы үшін
Құрбан болып барасың.
Күйек сақал шалыңа
Күйініп күнде қарарсың.
Бәзілдей теңнен айрылып,
Көзіңе жасты аларсың.*

*Сүйінбай айтқан сөзден тайып па еді,
Кедейлік Бәзіл жасқа айып па еді?!
Қыздарын қалың малға матап беріп,
Атаң сенің, Тайторы байып па еді?*

*Ей,
Тайторы — Қоспаным,
Қара ниет адамсың.
Мейірімі жоқ надансың.
Салиханы жылатып,
Бәзілге неге қоспадың?!
Барымталап жылқы алып,
Бұ да сенің асқаның
Арғы атаңды мен айтсам,
Қошқар менен Текесің.
«Ұрлық түбі — қорлық» деп,
Бұл қылығыңды қоймасаң,
Түбіңе өзің жетесің.
Қол-аяғың бұғауда,
Қап шекпенді жамылып,
Итжеккенге кетесің, —*

деген екен. Осы сөзді есіткен Қоспан би Сүйінбайдан беті қайтып, ат-шапан айыбын тартып, жылқысын қайтарып бергізіпті. Мұндай кесімді сөздерді Сүйінбай кезінде көп айтқан. Оның бір қатары осы күнге дейін ел арасында айтылып келеді.

Ақын өз аймағының жуандарын ғана емес, көрші қырғыз халқының шонжарларын да оңдырмай сынайды. Оған «Үмбетәліге» деген жыры [1; 30–32] толық дәлел бола алады:

*Хан ордасын басыпсың.
Атаңды сенің өлтірген,
Бұғы елін шауып-асыпсың.
Қыз-қатынын тұтқын қып,
Ісіп-кеуіп, тасыпсың.*

*Үмбетәлі, Шарғынның,
Бұғы бопты ермегі.
Мүліктерін жинап ап,
Малын шауып елдегі,
«Нәсіп» болды сендерге,
Орман атаң өлгені.
Байталының құны деп,
Сексен жылқы алытты,
Дұрыс па еді сол жері?!
Бір кезекте хан Орман,
«Бұқара елім сенсің» деп,
Қойдай айдап қырғызды,
Алдына сап жеп еді.
Айдаһардай араны,
Көрінбей көзге жегені.
Ақыры оның дау болып,
Ағайыны жау болып,
Дүниеден Орман жөнелді.*

*«Мың асқанға — бір тосқан»,
Осындай өлім кез келді.
Әділет жоқ сенде де,
Ниетің жаман өзгерді.
Қойға қасқыр шапқандай,
Үмбетәлі, Шарғынның
Жаулағаны өз елі.
Есіткен жандар мұныңды,
Адамшылық демеді.
Хан — құдайдың ұлы емес,
Құдайға да «құл» керек,
Халықтың жоқ па керегі?! —*

деген жыр жолдарынан Үмбетәлінің де, оның әкесі Орманның да қырғыз халқының арасында ру араздығын тудырғаны көрінеді. Сол арқылы елді езіп, пайда тауып отырған зорлығы суреттеледі.

Тарих деректері бойынша, Орман хан өте қатыгез адам болған. Оның жаз-жайлауынан, қыс-қыстауынан дар ағашы алынбаған. Айыпты деп тапқан адамдарын дарға аса берген. Үмбетәлі де әкесі сияқты тежеусіз зорлықшы болады. Ол сүйікті әйелінің өзін бір тапсырманы екі рет айтқызғаны үшін атып тастайды. Үмбетәлінің бетімен кеткені соншалық, ол өзіне сәлем берген кісіге айқаймен жауап қайтарады екен. Сәлем беруші адам оның қатты айқайынан шошығанынан, атынан құлап түсетін болса керек. Егерде сәлем беруші атынан құлап түспесе, Үмбетәлі оны азаптайтын болған. Аты өзімен аттас Үмбетәлі деп аталғаны үшін ғана ол жазықсыз бір жас баланың басын қылышпен шауып түсірген. Өзінің қызы ел арасынан шыққан бір қарапайым жігітке көңілі ауып, оған кестелі орамалын бергені үшін, тағы бір сойқанды іс жасайды. Жігіттің ауылын түгелдей шауып алады, жігіттің өзін тірідей отқа жағып жібереді. Орман хан асқан зорлығы, озбырлығы үшін Бұғы адамдарының қолынан өлім табады. Үмбетәлі әкесінің өлімі үшін Бұғылардың ауылын түгел шауып алады, бір де бір үйді сау қалдырмайды [4; 78,79].

Сүйінбайдың толғауында мұндай зорлық істен Орман хан, ақыры, абыройсыз өлім тапқаны, Үмбетәлінің өзі де, бұл бетінен қайтпаса, оңбайтыны ашық айтылады:

*Қанқұмарлық ісіңмен
Кетірдің өзің құныңды.
Көргенімді айтамын,
Кесе алмайсың тілімді.
Шын жақсыда тарлық жоқ,
Әділ сөзге зорлық жоқ.*

*Халық сүймесе сөзіңді,
Тиянақ жоқ, байлау жоқ.
Іздеп келген сорлылар
Дұрыс жауап ала алмай,
Есігіңе бара алмай,
Сөйлесіп мейірі қана алмай,
Болдың ғой елге қызыл шоқ!
Бектің мұндай болғаны,
Жұлқынып ұрған жын болар.
Шоқ өшпей тағы тұра ма,
Ол-дағы сөніп күл болар.
Дүниеге тұтқа мен деме,
О да бір күн тұл болар!
Айыбымды айтты десеңіз,
Құртарсың мендей қазақты.
Әйтсе-дағы соңынан,
Жау үстіне жау шығып,
Тартып жүрме азапты.*

Қылышынан қан сорғалаған осындай ханның масқарасын шығарып, өті жарылып, өкпесі қабынғандай күйге түсіру тек Сүйінбайдың ақындығы мен азаматтығының ғана күші жететін қиын іс еді.

Сүйінбайдың осы өлеңінен кейін, Үмбетәлі ақыннан кешірім сұрайды. Оған сый-сияпат көрсетуге тырысады. Бірақ ақын ханның сый-сияпатын қабылдамайды. Қырғыз бен қазақтың қалың еліне арқа сүйеп, ханның өзіне сес білдіреді.

Түйін

Қорыта келе айтармыз, Сүйінбайдың туындылары — өзінің мәнімен де, көркемдігімен де елеулі шығармалар. Ақынға тән сыншылдық пен сыншылдық оның өлеңдерінде айқын. Мәселен, «Жұмыққа» атты өлеңінен мына бір тамаша шумақтарды оқып көрелік:

*Сүйінбай — Алатаудай, атым дардай,
Жатқанымда боламын шөккен нардай.
Еңбегімнен екі ауыз із қалмастай,
Көктемдегі жер тартып кеткен қардай.
Ақылымды қараңғы басып қалған,
Сау күнімде құдайым еске салмай.
Ауру билеп бойымнан әлім кетті-ау,
Бауырсаққа иленген кескен нандай.*

Бұл келтірілген үзінділердегі өз есімін Алатауға теңеуі болсын; халі бітіп, тұруға зар боп жатқан кезін шөккен нарға салыстыруы болсын; өзінің дариядай талантын жерге сіңіп кеткен көктемгі қар суына балауы болсын; өз бойындағы әлсіздікті бауырсаққа илеген нанға салыстыруы болсын — бәрі орынды. Бұл теңеулер ақын тілінің суреттілігіне куә бола алады [2; 578].

Сүйінбай Аронұлы — халқымыздың поэтикасына жетік шебер тілді ақын. Ол — қынаптағы қылыш, аспаннан түскен жасын, соғып тұрған құйын, ескен қызыл жел, жүйріктей жалын тараған, күніне шауып жараған, айтысқанды шаңына көмген жүйрік. Сүйінбай — айтысқанның басынан өлең асырып, миын шайқаған жырдың боранды ақпаны, қияқты сұңқары. Кемеңгер ақынның жырларынан оның алмастай өткірлігі де, тайпалған жорғалығы да, қанатты тұлпарлығы да, даңғыл жыраулығы да айқын көрінеді.

Көзінің тірісінде Сүйінбайды қазақ, қырғыз бірдей қошаметтеп, құрметтеген. Оның жырын халық арман сөзі деп қабылдаған. Сүйінбай шөбересі — фольклорист С.Садырбаев берген бір құжат дерегіне қарағанда, ақын қазасы халық қабырғасына қатты батқан. Ақын қайтыс болғанда өлеңмен дауыс салынып, мынадай жоктау-жыр айтылған (Сүйінбайдың қызы Бағыжанның «Жоктауы» [1; 52–53]):

*Жиырма екі жасқа келгенде,
Сүйінбай ақын атандың.
Ақсақалдан бата алдың.
Жиырма төртке шыққанда,
Хан Тезекпен айқасып,
Сүйінбай ақын атандың.
Қырғыз-қазақ еліне,
Даңқың шықты дүркіреп.
Алдыңнан ақын шықпады,
Жүрегі сырттан шәйіліп.
Бетке келген ақынды,
Келтірмей сөзге тастаушы ең,
Ақ алмастай жапырып.
Орманның барып асына,
Дауыс айтып Орманға,
Бар ақынмен қағысып,*

*Намысын айтып арыстың,
Ащы сөзге барыстың.
Қазақ, қырғыз тойында,
Қатағанмен қағыстың.
Арыстандай ақырып,
Ел аруағын шақырып,
Қатағанға, жан әкем,
Сүліктей боп жабыстың.
Сөзді судай сапырып,
Қырғыз, қазақ манабы,
Бастарын иіп өзіңе,
Разы болып сөзіңе,
Сол бір топта көріндің
Қырғыз-қазақ көзіне.*

Сөйтіп, ауыл-елі, ет-жақын туыстарының жоқтауымен Сүйінбайдың екінші өмірі басталды деп айтуға болады.

Сүйінбайдың ақындық мектебінен тәлім алып, тәрбие көрген, импровизаторлық өнердің қырсырына қанығып, оның этикалық-эстетикалық мән-маңызын нәзік түсінген тұтас бір ақындар шоғырының өзі алыстан көз тартады.

Мақыш, Бармақ, Бақтыбай, Арғынбай, Майкөт, Шүкітай, Үмбетәлі, Нұрила, Кенен, Ләтипа, Саяділ, Орынбай, Жақсыбайлар Сүйінбай мектебінің тұтас тұлға-тұрқын құрастырса, оның мәртебелі басында бүтін бір ғасырлық өмір кешкен шежіре шешен, кемеңгер Жамбыл отырды. Жамбыл соншалық ұзын өмірінде әрбір атқан таңмен Сүйінбай рухына мінізат етіп, ол менің пірім еді дегенді жалпыға жария қылды:

*Менің пірім — Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сиынбай!
Сырлы сұлу сөздері —
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай.*

Әдетте Сүйінбай ақын жөнінде айтқанда оның ұлы шәкірті — Жамбылдың осы сөзін еске аламыз.

Сүйінбай Аронұлының көзін көрген замандастары, ұлағатын ұққан шәкірт-інілері оның алмастың жүзіндей өткір де өршіл, арынды да ақылды, бұлақ суындай мөлдір ақпа-төкпе өлең, толғау, жырларына тәнті болысқан. Соның бір айдай айғағы, Жалайыр елінің атақты ақыны

Бақтыбайдың Сүйінбайды «өлеңнің ұлы дария мұхитысыз» деп бағалауына біз де ден қойып, Сүйінбай — жырдың пырағы дейміз.

Бір дәуірдің көзі, іргелі бір ақындық мектептің көшбасшысы Сүйінбай Аронұлының ғажап ақындық және азаматтық бейнесі теңіз бетінде жүзіп жүрген таудың суретіндей тарихта мәңгілік сақталатынына күмән жоқ!

Әдебиеттер тізімі

- 1 Аронұлы С. Ақиық. Толғаулар, сын-сықақтар, айтыстар. — Алматы: Жазушы, 1976. — 140-б.
- 2 Сүйіншілиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 928-б.
- 3 Жолдасбеков М. Жүз жыл жырлаған жүрек: Зерттеу. — Алматы: Жазушы, 1992. — 76-б.
- 4 XIX ғасырдағы қазақ ақындары. — Алматы: Ғылым, 1988. — 352-б.
- 5 Садырбайұлы С. Өлең сөздің жарық жұлдызы // Жұлдыз. — 2008. — № 12. — 268, 269-б.
- 6 Жолдасбек М. Аңыздар арасында: Кинохикаят // Жұлдыз. — 1996. — № 2. — 19-б.
- 7 Садырбаев С. Алтын дінгек // Егемен Қазақстан. — 2005. — 10 қырк. — 4-б.
- 8 Әбілдаұлы Б. Сүйінбай мен Арыстанбектің айтысы // Қазақ әдебиеті. — 2001. — 5 қазан. — 6,7-б.

Р.С.Каренов

Творческая деятельность акына Сюинбая Аронулы в контексте отечественной поэзии

В статье отмечается, что на развитие и расцвет отечественной поэзии XIX в. особое влияние оказала творческая деятельность Сюинбая Аронулы. Показывается, что художественные особенности его творчества глубоко национальны и самобытны. Особое внимание уделяется айтысам выдающегося акына — философским, дидактическим размышлениям, богатым образами, насыщенным национальными красками, отличающимся высокой художественностью. Подчеркивается, что произведениям акына свойственны глубокое эмоциональное воздействие, острота и меткость слова, сила темперамента исполнителя.

It is noticed that on development and blossoming of domestic poetry of a XIX-th century special influence was rendered by creative activity of Sjuinbaja Aronuly. It is shown that art features of its creativity it is deep национальны and are original. The special attention is given айтысам outstanding акына — to the philosophical, didactic reflections, rich in the images, sated with the national paints, different by high artistry. It is underlined that products акына differ deep emotional influence, a sharpness and accuracy, force of temperament.

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Ұрпақтан ұрпаққа өнегесі жайылған ұлағатты ұстаз ақын

Мақала XIX ғасырда өмір сүрген белгілі ақын Сүйінбай Аронұлының өмірі мен шығармашылығына арналған. Қазақ поэзиясының тарихында оның туындылары өлең құрлысындағы өзіне тән ерекшелігімен дараланды. Сондай-ақ үлкен ойшыл, шешендік сөздердің шебер суреткері ретінде танылғандығына назар аударылған. Сөйтіп, Сүйінбай Аронұлының мықты эпик ақын болғандығы туралы тұжырым жасалған.

Кілтті сөздер: ұлағатты ұстаз, импровизаторлық өнер, ұстаздық тағылым, көркемдік кестелер, шеберлік шарттары.

Kіріспе

Сүйінбай Аронұлы — қазақ халқының ұлы ақыны, импровизаторлық өнердің өрен жүйрігі. Оның балалық шағының ең бір қимас қызықты, бал дәурені Майтөбе жайлауының баурайында байлардың қой-қозысын бағып, өлең айтумен өткен. Ол жастай жетім қалып, көп қиындық көрген. Бірде Шойбек деген мырзаға қатты ашынып былай депті («Түс» деген өлеңі [1; 98]):

*Мен бақтым қозыңды да, қойыңды да,
Бір қабат сергітпедің бойымды да.
Болса да ұлы думан, күнде қызық,
Сен маған көрсетпедің тойыңды да.*

*Менің тұр қолды-аяққа тұрғым келмей
Қойды ғой қойыңа да қырғын келмей!
Аузымнан түйдек-түйдек шыққан сөзді
Не дейін сөз кестесі — өлең демей?!*

Бұл өлеңде өнерлі жастың тереңдегі, сыры, көзі енді ашылғалы тұрған жырдың лебі соғып тұрғандай.

Ақын «жетіммін» деп жасымаған. Қаршадайынан өлең мен жыр, ән мен күйге ықыласты болып өскен. Өйткені ол өзіне дарыған керемет ақындық талантты ерте білген, өте нәзік сезінген.

Оны өзі былай түсіндірген. Бір күні ұйықтап жатқанда түсінде Қызыр баба аян беріп: «Ей, Сүйінбай, саған өлең керек пе, жоқ әлде, көген керек пе? Айт шапшаң!» — депті. Сонда бала Сүйінбай: «Өлең де керек, көген де керек!» — деп ояна келіпті. Сөйтсе, көмейі бүлкілдеп, кеудесін өлең кернеп тұр екен. Ал, енді бір кең тараған аңызда ақын дүниеге келген сәтте Жетісудың жеті өзені «Сүйінбай! Сүйінбай!» деп жеті рет дауыстапты. Асылында, бұндай таңғажайып хал дүниежүзілік тарихта тек данышпан кемеңгер адамдардың өмірбаянына қатысты ғана айтылған.

Сүйінбай 14–15 жасынан бастап ақындық өнерін машық ете бастаған. Алғашқы бетте ел аузынан естіген аңыз-ертегілерді, қисса-жырларды жаттап алып, жиын-тойларда айтып жүрген. Кейінірек, өзінің замандас ақындары ішінен озық ойы, өткір тілімен қазақ пен қырғыз елдеріне аты тарап, әйгілі болған.

Сүйінбай ең алдымен айтыстың асқан шебері, ешкімге жұлде бермеген ерен ақын. Сонымен бірге ол халық мұңын мұндап, үстем тап өкілдерінің әділетсіздігін бетіне басып әшкерелеп отырған батыл да әділ сыншы. Сондықтан да Мұхтар Әуезов Сүйінбайға баға бергенде, оны «XIX ғасырдағы Жетісу ақындарының алтын дінгегі» деп атаған [2, 3].

Сүйінбай ұзын бойлы, дене бітімі мінсіз сымбатты, күйектей әдемі сақалы болған, аппақ қағаздай мөлдір, сұлу кісі екен. Жырды домбырамен бастап, келе-келе құлағын бұрап термелеп, құйындатып төгіп айтады екен. Қыза келе айқай салғанда, жанында тыңдап отырған кісіні селк еткізетін зор дауысты кісі болған. Сүйекенді көрген, білген, естігендер өлеңнің қызыл желі деп бағалайды. Мұның мәнісі мынада: Сүйінбайдың тілінен құты қашқан Тезек төре ақынды бір сүріндірмекке Арқадан Түбекті шақыртады. Түбек жол-жөнекей түс көріп, түсінде Сүйінбай үздіксіз

соққан қызыл жел болып көрінеді. Онсыз да Сүйінбайдың атағынан именіп келе жатқан Түбек қаймығып, айтысқа шықпай қояды [4].

Өмірдің аумалы-төкпелі тұсында өмір сүргендіктен, Сүйінбай салдық-серіліктен гөрі қоғамдық-әлеуметтік істерге көп араласқан. Қокан билеушілері мен жергілікті әділетсіз сұлтан, төрелерге, бай, болыстарға жасқанбай тура қараған. Сондықтан да халық өзінің арман-тілегін білдіріп, әлеуметтік әділетті күресте қорғаушы, жақтасы болған ақиық ақынның өлең, толғау, жырлары мен айтыстарын ұмытпай сақтап: «Бұл Сүйінбайдың сөзі», «Сүйінбай осылай деген» — деп, зейін-зерделерінде аялап ұстаған. Ақындық талантты айрықша қастерлегендіктен, қарапайым халық Сүйінбай жөнінде әр түрлі аңыздар, мифологиялық сюжеттер ойлап тауып таратқан. Мысалы, ел арасына көп тараған бір аңызда Сүйінбайдың қызыл-тарғыл жолбарысы болыпты-мыс деп айтылады. Ол жолбарыс Сүйінбай топқа түсіп айтысарда, ақынның алдына келіп, айбатты, сесті кейіпте көсіліп жататын болған, оны ақынның өзінен басқа ешкім көре алмаған. Ақынның болашақ айтыстағы жеңіс салтанатын қызыл-тарғыл жолбарыс күні бұрын білдіріп отырған деп баяндайды ел. Бұл аңыздан, әрине, халықтың өзі сүйген ақын ұлына өзгеден бөлекше қарап, оны киелі, қасиетті етіп көрсеткісі келгендігін байқау қиын емес [5; 5].

Сүйінбайдың соңғы кезде табылған өлеңдерінің ішінде оның өмір белестерін танытатын кейбір толғаулары кездеседі. Онда ақынның ата-бабасы мен ағайындарының, жақын туыстарының, әйелдерінің есімдері аталады. Осы деректерден Сүйінбай бойындағы ақындық талант — атадан балаға мұра болып келе жатқан отбасылық, өңірлік-өлкелік тарихы бар тамырлы өнер екені белгілі болады.

Сүйінбайдың арғы атасы — Күсеп Жиенқұлұлы (1701–1791) жауынгер ақын, жыршы, күйші, қобызшы болған. Ол — атақты «Өтеген батыр» жырының алғашқы шығарушы авторы. Оның бұдан басқа да әдеби және музыкалық шығармалары көп болған.

Өз кезінің көзі ашық, хат таныған адамы Күсеп «Мың бір түн», «Шаһнаме», «Көрұғлы», «Тотының тоқсан тарауы» секілді жырларды арабша, парсыша кітаптардан оқыған. Аталған шығыстық мотивтегі жыр-дастандарды ел арасында талмай жырлап таратқан. Атақты Күсеп жыраудың Жаңбыршы, Жаманак, Арон деген үш баласы әкелерінің ақындық, күйшілік дәстүрін жалғастырған. Үлкен ұлы Жаңбыршы мен Жаманак төңірекке дастаншы, жыршы, қобызшы, күйшілігімен белгілі болса, ақынның кенже баласы Арон жастайынан-ақ аса қабілетті, өткірлігімен ел аузына ілінген және бертін келе мәмілегер шешендігімен, әрі ақындық дарынымен аты шыққан.

Шығыс сюжетінде айтылатын аңыз-әңгімелерде көп жырланатын Һарон Рашидтың әділетті, турашылдығын қатты ұнатқан Күсеп жырау бұл баласының есімін Арон деп қойған. Әкесі Күсептің «Өтеген батыр» жырын және Шығыстың «Шаһнаме», «Көрұғлы» т.б. дастандарын Арон жатқа білген [5; 5].

Атадан балаға жалғасқан ақындық, шешендік өнер Сүйінбайға дарыған. Оның өзінен үлкен Жаманшал, Жұмық деген ағалары, Оспан атты інісі сыншыл, бірқақпай өлеңдерімен ауыл арасына танылған. Бұл жөнінде Жаманшал Сүйінбайға: «Отбасында мен жүйрікпін, шаршы топта сен жүйріксің» дейді екен [6; 104].

Аталған ағалары мен інісі туралы Сүйінбайдың мынандай мінездеме айтқаны белгілі («Аронның ұлдарына» деген өлеңі [1; 99]):

*Оның атын Оспан қойды,
Бақ-дәулетін қостап қойды.
Сенің атыңды Жұмық қойды,
Өл-өлгенше көзіңді жұмып қойды.
Менің атымды Сүйінбай қойды,—
Дүние шіркін бұйырмай қойды.*

Сүйінбайдың інісі Оспан пысық, шаруаға икемділігімен көзге түсіпті. Ал екінші ағасы Жұмық бірбет, қайсар мінезді болса керек. Ақын дүниеден көшерінде кесір мінезді Жұмыққа өзінің өкінішін былай айтқан екен («Жұмыққа» атты өлеңі [1; 104]):

*Атың емес, Жұмық-ай, ойың жұмық,
Бір басыңнан шығады нелер қылық.
Сүйінбайдың аты бар, өлеңі жоқ
Жүргендей боп кеттім-ау, көзді жұмып.
Сүйінбайды апарып көмгеннен соң,
Отырарсың жотада жалғыз ұлып.*

*Өмірді келген-кеткен аңламайсың,
Адамның болашағын болжамайсың.
Асыл сөздің білмейсің қасиетін,
Жаман ойға келгенде талғамайсың.
Қиял мінез, томырық, мұз секілді,
Қайтейін, осыныға арланбайсың.*

Төсекте жатып айтқан ақтық сөзінде ақын Жұмықтың өнер қадірінен бейхабар, ұғымсыздығын бетіне басады.

Сүйінбайдың алғашқы үйленген зайыбының есімі — Жұпан. Одан ақынның тұңғыш ұлы Малыбай туады. «Өсиет» деген өлеңінде [1; 51]:

*Тұңғышым, тұлабойым — Малыбайым,
Өзіңе ақыл айтып неғылайын.
Малыбай балаларға әке болдың
Тәубаға құлшылық қыл, етпе уайым.
Жұмығым, Оспаным мен Жаманшалым,
Қиналды-ау бұл аурудан кәріп жаным, —*

дейді ақын өлер алдында.

Жұпан ұзаққа созылған сырқаттан қайтыс болған соң, Сүйінбай алған әйелі Еңлікпен өмірінің ақырына дейін отасады. Ол жөнінде:

*Тұмау десем науқасым тұман болды,
Үйімнен кетпейтұғын құдам болды.
Еңлігім, қайрат қыл да, қамыңды істе,
Тұруым бұл науқастан күмән болды, —*

дейді ақын «Керуендей бір күні» атты өлеңінде [1; 50].

Еңліктен оның Жетібай, Өзірбай деген екі ұлы және Бағыжан, Қойжан деген екі қызы болады.

Сүйінбайдың өмір сүрген жылдары туралы мәліметтер

Өрен жүйрік айтыс ақындарының бірі — Сүйінбай Аронұлының қай жылы туып, қашан өлгенін дәлелдейтін дерек жоқ. Оның шығармаларын жинау, зерттеумен айналысқандардың бұл саладағы мәліметтері бір-біріне ұқсамайды. Әрқайсысы әр жылды көрсетеді.

«ХІХ ғасырдағы қазақ ақындары» атты жинақта [7] және «Қазақ Совет энциклопедиясының» 10-шы томында [8] Сүйінбай Аронұлы 1815 жылы Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Қарақыстақ ауылында туып, 1898 жылы сексен үш жасында дүниеден қайтты деп көрсетілген.

«Екімыңжылдық дала жыры» деген кітапта [3; 202] және «Жеті ғасыр жырлайды» деп аталатын екі томдықтың бірінші кітабында [9] Сүйінбай ақын 1822–1895 жылдарда өмір сүрді делінген.

Профессор Х.Сүйіншәлиев «Қазақ әдебиетінің тарихы» деген оқулығында былай деп жазады: «...Осы күнге дейін біз Сүйінбайды 68 жасында (1827–1895) өлді деп келдік. Сүйінбай 1827 жылы емес, 1822 жылы туып, 1895 жылы қайтыс болған. Сүйінбайдың сүйегі Қарақыстақ аңғарының жоғарғы саласындағы шағын обаның үстіне, көне бейітке қойылған» [10]. Белгілі бір тоқтамға келу үшін бұл деректерді әлі де іздестіре, анықтай түсу керек.

Сүйінбайдың шөбересі, филология ғылымдарының докторы, профессор С.Садырбаев халқымыздың ұлы ақыны Сүйінбай Аронұлының мұрасын жинауда көп еңбек етіп жүр. Көрнекті әдебиетші ақынның жырларын құрастырып, екі рет «Жазушы» баспасынан шығарды. Оның айтуы бойынша, «Сүйінбай Аронұлы 1815 жылы бұрынғы Жетісу облысы, Верный уезі, Ұзынағаш болысына қарайтын № 3 ауылда, яғни қазіргі Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Қарақыстақ өзенінің шығысындағы Құлансаз жайлауында, дүниеге келген. 1898 жылы 83 жасында қайтыс болған» [11]. Шөбересінің мұндай дәлдікпен айтуы тегін болмауға тиіс. Бала кезінен ақынның өлімі мен жерленуін бүге-шігесіне дейін естіп-білгеніне шек келтіруге болмайды. Демек, Сүйінбайдың туған-өлген жылдарын 1815–1898 деп тану орынды демекпіз.

Сүйінбайдың айтыстары мен өлең-толғауларын жинау, жариялау ісі туралы

XIX ғасырдағы қазақ халқының ұлы ақыны Сүйінбайдың лирикалық өлеңдері мен философиялық толғауларын, классикалық үлгідегі ірі айтыстарын жинау, жариялау ісі XX ғасырдың бас кезінде қолға алына бастады.

1920 жылы Түркістан АКСР-і халық ағарту комиссариаты жанынан құрылған комиссия ауыз әдебиеті үлгілерін жинау мақсатында Сырдария, Жетісу облыстарына экспедиция ұйымдастырып, этнограф-ғалым Ә.Диваев Сүйінбайдың өлең-толғауларын, айтыстарын жазып алды.

Ақынның «Апырым-ау, мына жатқан Сарыбай ма?» деген өлеңі алғаш рет 1929 жылы «Жаңа әдебиет» деп аталатын журналдың №6 санында жарияланды. Содан соң 1931 жылы Сәкен Сейфуллин құрастырған «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» деген жинағында «Шапырашты Сүйінбай ақынның қартайғанда айтқаны» деген философиялық өлеңі басылды.

Сүйінбайдың шығармаларын барынша қадағалап, жинастырып, қыруар еңбек еткен адам — І.Жансүгіров. Оның бұл ретте үлкен зерттеушілік жасағанын атап айтқан жөн. Ол Бөлтіріктен, Бейсембайдан, Шыныбайдан және Үмбетәлі ақындардан Сүйінбайдың көптеген шығармаларын жазып алып, соның негізінде 1935 жылы «Сүйінбай ақын» деген жеке жинақ құрастырып шығарады.

1935 жылғы жинақ шыққан соң, Сүйінбайдың өмірі мен шығармашылығы орта мектептердің оқулықтары мен оқу құралдарына енгізіле бастайды. С.Мұқанов пен Қ.Бекхожин 1939, 1940, 1941 және 1944 жылдары орта мектептің сегізінші сыныбына арналған хрестоматиясына Сүйінбайдың бірнеше өлеңдерін енгізген («Сүйінбай мен Тезек төре», «Сүйінбайдың Тезектің өлген баласына көңіл айтқаны», «Кәрілік туралы»).

1946 жылы Қазақстан Ғылым академиясы құрылғаннан кейін Сүйінбай ақын мұрасын жинап жариялаумен айналысқан ғалымдар Ә.Диваев, С.Беғалин, Б.Жақыпбаев, қырғыз фольклористері Ш.Уметәлиев пен Э.Мұқанбетовтардың еңбектерін айрықша атауға болады.

Сондай-ақ Сүйінбай мұрасының біршамасы Ж.Жабаевтың мемориалдық мұражайының әдеби қорында сақтаулы. «Ақын жырлары», «XVII–XIX ғасырлардағы қазақ ақындарының шығармалары», «Үш ғасыр жырлайды» атты жинақтарда Сүйінбай шығармаларына кеңінен орын берілген. «Айтыс» жинағының 1-ші томында «Сүйінбай мен Тезек төренің айтысы» жарияланған. 1976 жылы жарық көрген ақынның «Ақиық» атты жинағына таңдаулы шығармаларымен қатар, тыңнан қосылған көптеген өлең-толғаулары, айтыстары енген, шығармалары жүйеге келтіріліп, тақырыптарға бөлінген. Кітапқа көлемді алғысөз жазылып, соңынан түсіндірме сөздік берілген.

Сүйінбай Аронұлының шығармаларын жариялауға көмектесіп, пікірлер айтқан С.Садырбаев, Қ.Ергөбеков, Х.Сүйіншәлиев, С.Беғалин, М.Жолдасбеков, А.Бәкірова, М.Үмбетәев, Қ.Жұмалиев, М.Қаратаев, Б.Ақмұқанова, Р.Бердібаев сияқты ғалымдар мен жазушыларды атап өткен жөн. Ақын өлеңдерін жинау, жазып алу барысында Сүйінбайдың туған келіні Мәстүра Кәрібайқызы Малыбаеваның арабша жазылған қолжазбаларының құндылығы өте зор.

Сонымен бірге кемеңгер ақын Сүйінбай Аронұлының негізгі басты-басты шығармалары әлденеше дүркін орыс тіліне аударылып, жарық көрді. Атап айтқанда, 1958 жылы Мәскеуде шыққан «Қазақ поэзиясының антологиясы», 1978 жылы Ленинградта басылған «Қазақстан ақындары» және «Әлем әдебиеті кітапханасы» деген атпен 1972 жылы жарық көрген 200 томдық жинақтың 102-ші томында Сүйінбайдың бірнеше өлеңдері орыс тілінде басылды. Бұл ақын шығармаларының дүниежүзілік сөз өнеріне қосылған асыл мұра, аса құнды әдеби ескерткіш екендігін танытты [6; 104].

Соңғы жылдары қазақтың жазба әдебиетінде Сүйінбай образы басты орын ала бастады. 1973 жылы Әбділда Тәжібаевтың «Көне қоңырау» деген өлеңдер жинағы шықты. Соның бір тарауы «Ақын» деп аталады:

*Қазақта ақын бар ма Сүйінбайдай,
Сөздері таудан тасқын құйылғандай.
Білмеймін, қайда барын күшті
аруақтың,
Пір тұттым, Сүйекемді
сыйынгандай! —*

деп, жалындап жырлайды Әбділда Тәжібаев.

1991 жылы «Жазушы» баспасынан «Үміт жағалауы» деген атпен үш-төрт ақынның өлеңдер жинағы басылды. Осы жинақта ақын Ғұсман Мұхаметқалиевтің «Толассыз той» деп аталатын

поэмасы жарияланды. Мұнда Ыстықкөлдiң жағасында қазақ-қырғыз бас қосқан үлкен жиында, Сүйiнбайдың қырғыз ақыны Қатағанды жеңгендiгi айтылады.

*Халқыма, ризамын, қырғызыма,
Алғыстан басқа айтар жоқ ұл-қызыңа!
Ұлан-асыр той жасап атағымды,
Асырдың ту ғып қадап,
шың-құзыңа! —*

деп, аяқталады Сүйiнбайдың салтанатты сөзi [12].

Қазақстанның халық жазушы Хамит Ерғалиев Сүйiнбай туралы өз түсiнiгiн былай баяндайды: «Сүйiнбай шын мағынасында төкпе акын дедiк қой. Жалпы төкпе акынды түгел қармап қалу мүмкiн емес. Сол қатарда бұл мұрадан жоғалтқандарымыз да баршылық. Алайда «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандарының Сүйiнбай айтқан нұсқалары бары да бiзге аян. Басқа да тереңнен тартылған айтыстар, толымды толғаулар бiзге жетiп үлгердi. Бұған әлгiдей қолдап кiрiскен ұйымдастырғыш iстерiн қосалық. Сонда осы қолда бардың өзiнен-ақ аруағына Жамбыл сиынған пiр Сүйiнбайдың тұлғасын көз алдымызға келтiре аламыз: Абыз акын, қамқор қазы, халық iсiнiң қайраткерi, ұрпақтан ұрпаққа өнегесi жайылған ұлағатты ұстаз» [13].

Жоғарыда айтылған пiкiрлерден шығатын қорытынды: ол қай-қай акынды да замандастарынан өзiне дейiнгi, кейiнгi әрiптестерiнен айырып, айқұлақтандырып тұратын өзiндiк ерекшелiктерi болмаққа керек. Сүйiнбай акынды тоздырмай тұлғалап әкеле жатқан тозаңсыз жыр ерекшелiктерi неде? Ендi осы мәселеге келейiк.

Бүгiнгi таңда Сүйiнбай Аронұлының қолда бар шығармаларын түгелдей қарастырсақ, оларды негiзгi төрт салаға жатқызуға болады. Олар:

- а) халық қамы үшiн қан кешкен батырларды дәрiптейтiн көлемдi дастандары;
- ә) лирикалық, философиялық өлеңдерi мен нақылдары;
- б) классикалық айтыстары (акынның шеберлiгi, табан асты сөз тапқыш ақпа-төкпе таланты оның айтыстарынан айқын көрiнедi);
- в) қиянатшылдықты, озбырлықты аяусыз сынға алған арнаулары; болыс-билерге, сұлтан-төрелерге арналған сықақ толғаулары.

*Сүйiнбай халық батырларын үлгi етiп, қаһармандық
жырлар толғаған эпик акын ретiнде*

Жыр жүйрiгi Сүйiнбай Аронұлының шыққан тегi Ұлы жүз Шапырашты, Екей руына жатады. Екей — акындық, күйшiлiк өнерiмен аты шыққан.

Жаз айларында Екей елi осы күнгi Алматы облысындағы Үлкенсаз, Құлансаз, Ботасаз, Қарақия, Майтөбе жайлауларын жайлаған, қыста Қопа, Төрегелдi, Өтеген, Қазыбек таулары мен жазықтарын қыстаған. Тарихи деректерге қарағанда, ХIХ ғасырдың басында Орта Азиялық Қоқан хандығының шапқыншылығы салдарынан Екей елi жан-жаққа бытырай көшкен. Сол қиын-қыстау 1840–1860-жылдардың iшiнде ыдыраған халықтың басын құрап, бiрiктiруде Сүйiнбай елдiң беделдi адамы Сарыбай би екеуi көп еңбек сiңiредi. Осы тұста патриот акын халықты Қоқан хандығына қарсы тұрып, тәуелсiздiк үшiн күреске шақырады. «Өтеген батыр», «Саурық батыр», «Сұраншы батыр», «Жабай батыр», «Қарасай батыр» сияқты кең тынысты толғау, жырларын шығарады [5; 5].

Кемеңгер акынның қазақ батырлары туралы шығарған жырлары бiзге түгел жетпеген. Тек кейбiр үзiндiлерi мәлiм. Мысалы, Жамбылдың айтуынан, Сәкен Сейфуллин жазып алған Ноғайлы батыры Жабай туралы жырдың («Жабай батыр» атты толғауы [1; 21–23]) үзiндiсi назар аударарлық:

*Қырық жiгiт пен бiр Жабай,
Айқайға қатты салынды.
Астына мiнген Тайқұла,
Ағындап алға шабылды.
Қаласын бұзып, өртедi,
Ұрандасып, шуласып,
Дұшпаны бөлек қашады.
Сауырсыннан тер шығып,
Астындағы Тайқұла*

Арандай аузын ашады,
 Қояндай жоны бүгілді,
 Маңдайдан тері төгілді.
 Бір уақыттар болғанда
 Суырды қыннан қылышты,
 Дұшпан қайта ығысты.
 Қалқан, қылыш бартылдап,
 Тарсылдап мылтық атылды,
 Шықырлап найза шанышылды,
 Қан болып адам жанышылды.
 Шанышқан найза батады,
 Жабайдың шапқан кісісі,
 Аяқ серппей қатады,
 Дұшпанның атқан оқтары,
 Ақ тәніне жетпейді,
 Қаттаудан өтіп кетпейді.
 Шабылған дұшпан аттары,
 Қуса-дағы жетпеді.
 Нозайдан шыққан ер Жабай,
 Батыр емей кім еді?!

Сүйінбайдың бір топ өлеңдері қазақ-қалмақ қатынастарына арналған. Кезінде Жоңғар мемлекеті басқыншылық шабуылдар жасап, қазақ-қырғыз еліне зорлық-зомбылықты көп көрсеткен. Қазақ, қырғыз халықтары одақ құрып, жоңғар басқыншыларын шекарадан әрі қуып тастағаны тарихтан белгілі.

Әрине, бұл жеңіс өзінен-өзі келген жоқ. Абылай, Бөгенбай, Қабанбай, Малайсары, Қарасай, Ағынтай, Өтеген, Олжабай, Наурызбай, Райымбек секілді ұлы батырлардың ерліктері мен жанқиярлық күрестерінің арқасында келді. Осыны ескере отырып, ақын өзінің «Ту алып жауға шықсаң сен» деген тамаша туындысында [1; 14–15] былай толғанады:

Кешегі өткен Қарасай,
 Сансыз мың дұшпан келсе де,
 Ұрандап жауға шапқанда,
 Тамам қалмақ жабылып,
 Қазаққа қайта батпады.
 Сол Қарасай бабамыз,
 Еменнен найза алатын,
 Қорамсаққа қол салатын,
 Қырық мың дұшпан келсе де,
 Тайсалмай қарсы баратын.
 Керегекөз, тор сауыт,
 Жеңсіз берен киетін.
 Тобын бұзып дұшпанның
 Жауына жеке тиетін.
 Ел шетіне жау келсе
 Беліне алмас ілетін.
 Қызыл қырғын қан көрсе
 Тайсалмай барып кіретін...
 Еңіреген ерлер кайда екен?!
 Қазақ-қазақ болғалы,
 Қазақ атқа қонғалы,
 Не көрмеді бұл елім?!
 Батырдан тапқан тірегін,
 Шапырашты, Дулатым,
 Дұшпаннан тепкі көрген жоқ.

Сөйтіп, бұл дастанында Сүйінбай даңқты Қарасай батырдың қайсарлығын, табандылығын, еліне деген адалдығын суреттейді. Қарасай Алтынайұлы — XVII ғасырдағы Жетісу мен Сарыарқа жерлерін қалмақтардан азат етуші қолбасшы. Баһадүрдің есімі Шапырашты елінің ұранына айналған. Қарасай батыр Сарыарқаны қалмақтардан тазарту соғысында Орталық Қазақстан жерінде қайтыс болған. Оның Сұраншы, Саурық секілді ұрпақтары да батыр болған.

Сүйінбай жиын, тойларда ақындармен айтысып, ел арасындағы шиеленіскен дау-дамайларға кесім-бітім айтумен бірге, Сұраншы мен Саурық сияқты ел қорғаған батырларға ақыл, кеңес беріп, оларға бағыт сілтеп отырған ақылгөй абыз ақын болған. Ол туралы мынандай дерек бар. Бірде Қоқанның қолы Тілеуғабыл елін шауып кетеді. Сол елдің екі қариясы Қарғалы жайлауында жатқан Сұраншы батырға хабар бермекші болып, атқа мініп шығады. Жол-жөнекей Майтөбе бауырында жайлауда отырған Сүйінбайға келіп, оған бар жағдайды айтып, барлығы Сұраншы батырға барады. Сонда Сүйінбай былай деген екен:

*Ей, Сұраншы, Саурық!
Қоқанның қолы көп болды
Жетісуда жатқалы.
Бар жақсыны талап жеп,
Сүбеңе қолы батқалы.
Бейсенбі күні бесінде,
Гизрат күні кешінде,
Қордайдың биік төсінде,
Қоқанның ханы Құдияр,
Зорлық қып алған көп малды
Әндіжанға айдатты,
Қол-аяғын кісендеп,
Көнбеген ерді байлапты.
Қауызын әлі жармаған
Сұлуларды зорлапты.
Араша тұрар пенде жоқ,
Еліңді сөйтіп қорлапты.
Ақтұяқ атқа мінесің,
Бүгін маған ересің.
Қаншама халқың ереді,
Оны да кейін көресің.
Ту алып жауға шықсаң сен,
Іледе жатқан Жаныспен,
Шапырашты, көп Дулат
Олар да атқа мінеді.
Өздеріңдей болған соң,
Сұраншы-Саурық тірегі.*

Сүйінбайдың бұл өлеңін («Ту алып жауға шықсаң сен...») естігеннен кейін Сұраншы ұран салып, «Тігіндер туды!» депті. Содан Қопада жатқан Құдиярдың әскеріне түнде шабуыл жасап, сонау Піспекке дейін қуып тастапты.

Сүйінбай Сұраншының ерлігін өмір бойы жырлап өтіпті. Бірде ол Тезек төренің ордасына кедейлердің кеткен есесін жоқтап барады. Есіктен кіріп келе жатқан ақынды Тезек төре тоқтатып: «Шапыраштыны батыр ел дейді, қандай ерлігі бар, табалдырықтан аттамай тұрып айтшы!» — депті. Сонда Сүйінбай тізесін бүкпестен Сұраншының ерлігін былай жырлапты («Сұраншы батыр» атты жыры [1; 16–20]):

*Айт десең, тақсыр, айтайын,
Қоқанның ханы қағынды.
Байлаулы тұрған төбеттей
Аласұрып шабынды.
Өз-өзінен желігіп,*

Қызыл қанды сағынды.
 Әскерін ертіп соңынан,
 Қоқаннан бері ағылды.
 Қоқаннан келген сабаздың
 Іздегені табылды.
 Сарыкемерге келгенде,
 Тілеуқабыл шабылды.
 Ат бауырынан тер ағып,
 Сүбесінен сабылды.
 Жайға жатқан қалың ел
 Ұлықтарға жалынды.
 Күң қылмақ боп ханымды,
 Талауға салды малымды.
 Ертеңгі сәске болғанда,
 Хабаршы кетті даралап.
 Алатаудың қырқасын
 Күні-түні аралап.
 Шапырашты елінде,
 Сұраншыдай бегіне,
 Айтып берді саралап.
 Талауға түсті Майемер,
 Жас ақты көзден егіле.
 Дулаттың бай мен мырзасы
 Ақтоғайдан ары өтіп,
 Балқаштың қашты көліне.
 Сұраншы батыр сұрланып,
 Үш мың қолмен аттанды.
 Найза, қылыш қайралып,
 Жүрмек болып топтанды.
 Лашын құстай түйіліп,
 Ақ тұйғындай шүйіліп,
 Сұраншы батыр бастаған,
 Үш мың кісі жиылып,
 Ителгідей түйіліп,
 Бесін уақыты болғанда,
 Өңшең батыр қасында,
 Бақты өзенді жағалап,
 Күртіден бастап ұрысты.

Ақын осынау бір толғауында «лашын құстай түйіліп», «ақ тұйғындай шүйіліп», «ителгідей түйіліп» деген теңеулер арқылы жиналған қолдың бейнесін көрсетеді. Көз алдымызға булығып, алқынып, жеңеміз деп тұрған Сұраншы батырдың қолын елестетеді.

Сүйінбай ежелгі қазақ жырауларының салтымен Сұраншының ерлігін ұзақ, желілі жырға арқау етеді. Тарихи поэмадан эпостың стилі айқын көрінеді:

Сұраншыны еске алсам,
 Өртенеді өзегім.
 Батырлар кетті мерт болып,
 Жаудан жерін қорғаған.
 Сабыр қылып төзейін,
 Сайрамда болған соғысты
 Айтуға тілді безейін.
 Сайрам-сынды қаланы
 Үш күндейін қамады.
 Сұраншының болып талабы,

Қарасайлап шабады.
Ақтұяқ аттың табаны
Тиген жерін ояды.
Қарсы келген дұшпанның
Қылышпен басын қияды.
Найзаменен түйреді.
Өлігін жаудың иледі,
Батыр сонда алысып,
Шоқпарменен қағысып,
Ажалменен жарысып,
Сайрамның үсті шаң болды,
Қызыл ала қан болды,
Көрген адам таң болды.
Қалың Қоқан обығып,
Қашып кірді қамалға.
Жалаңдаған жау еді,
Қарамаған обалға.
Кімдер өлі, кім тірі,
Білмейді жанның ешбірі.
Ақтұяқтан жал қалмай,
Сұранишыдан әл қалмай,
Қырғын соғыс созылды.
Жердің беті тітіріп,
Айналып аспан түскендей,
Тойымсыз мына қара жер
Аққан қанды ішкендей.
Жан алқымнан қысқандай,
Табаны тисе Ақтұяқ,
Зырқырап тастар ұшқандай.
Қамалға атын қарғытып,
Ақылға беріп билікті,
Сұранишы жауға килікті,
Батыр алды найзаны,
Жауға істеді айланы,
Тығылғанын қоймады,
Жалғыз кірген арыстан,
Бес мың қолмен «ойнады».
Бөлек шығып тобынан,
Жаудың шебін бұзады,
Салдырмай қамшы Ақтұяқ
Денесі әбден қызады.
Сұранишыдай батырым
Дұшпанмен жалғыз ұрысты.
Қылышты салып қынына,
Ақберенмен атады,
Отыз жыл ойрандаған елімді,
Жаулар қанға батады.
Түзеді құдай ер ісін,
Талқан қылды шәрісін.
Жасы менен кәрісін
Жау қолынан босатып,
Қамалдан шығам дегенде,
Тыңнан келген көп күшпен,
Жаулар тағы қамалап,
Ақтұяқ атын тебініп,

*Сұраншы кірді емініп,
Садақтың оғы суылдап,
«Қарасай атам, қолда!» деп,
«Ісімді, әруақ, оңда!» деп,
Тас қорғанның ішінде
Ғазиз басым қалма деп,
Сұраншы алды найзаны,
Сау жері ердің қалмады.
Батырдың бар арманы,
Ағайын-туған елі мен
Артында қалды алғаны.
Таудың басы мұнартты,
Артында қалған жалғызын
Көруге батыр құмартты.*

Кезінде Сұраншының азасына жиналған ақындар өз жырында, күйшілер өз күйінде батырды ұзақ жоқтаған. Жас Жамбыл осы жиынның ішінде болған. 18 жасар ақын топ алдында ерлікті ардақтап жыр төккен. Ұстазының ізімен өмір бойы жырлаған Жамбыл кейінірек «Сұраншы батыр» поэмасын аяқтаған [4; 67,68].

Сүйінбайдың айтыстары мен дастандарын ел арасына кең таратқан азаматтардың арасында Өмірзақ Қарғабайұлының алатын орны ерекше. Ол 1939 жылы араб әрпімен жазылған Сүйінбайдың «Өтеген батыр» дастанының бір нұсқасын Қазақстан Ғылым академиясының сирек қолжазбалар қорына (№ 12) тапсырған. Аталған қолжазбаны жазушы әрі ғалым Мұхтар Мағауин 1990 жылы мұрағаттан тауып, «Жұлдыз» журналының № 11 санында жариялады [14]. Енді осы дастаннан бір үзінді келтірейік.

*Қасқараудан шыққан Өтеген,
Бұғыдай мүйіз көтерген.
Туа салып талтынып,
Дүниенің төрт бұрышынан
Аралап қоныс қараған
Нәсілі нұрдан жараған.
Биесін бірге айдаған,
Ноқталап жүріп байлаған,
Дін-мұсылманның
қамын жеп,
Күні-түні ойлаған.*

Осы жыр жолдарынан бұл оқиға қай кезде болды, Өтеген батыр алдына қандай мақсат қойды? деген көкейді кернеген сұрақтарға жауап іздейік.

Қазақ даласындағы жусандай тербелген бейбіт өмірдің жібек пердесі сетінеп, басқа көлеңке, жанға сая болған бәйтеректерді түбірімен қопарып, долы желдей дүбірлі заман келді. Бұл Жоңғардың жойқын шапқыншылығы болатын. Бейқам жатқан қалың қазақ қапыда қалып, қырғынға ұшырап, аман қалғаны жан сауғалады.

Бірақ ел басына күн туғанда, халқына қамқор болар, көріпкел көсемдері де, ердің басын қанды дауда қалдырмаған, оқты сөзбен от шашып алдырмаған би, шешендері де, қаһарын төккен заманға батыл көзбен қараған батырлары да болды [15].

Өтеген батыр (1699–1773) — XVIII ғасырдың бірінші жартысында жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен қазақ батыры. Ұлы жүздің Дулат тайпасынан шыққан. Бабасы Сырымбет 1635 жылы Ойрат ханы Батырдың 50 мың әскеріне соққы берген Салқам Жәңгірдің сапында ұрысқа қатысқан. Өтеген батыр 15 жасынан жоңғарларға қарсы соғысқа араласқан. 1723 жылы Тауасар, Райымбек, Ханкелді батырлармен тізе қосып, жоңғарлармен айқасады. 1740 жылы Іле бойында қалмаққа қарсы жасақ жинаған Төле би әскеріне қосылып, елін жаудан азат етіседі. 1756 жылы шамасында Абылайдың Қытаймен бейбіт болу саясатына қарсы шығып, Жиделібайсында 17 жыл жүріп қайтыпты деген аңыз да бар [16; 330].

Өтеген батыр — ел арасында аңызға айналған адам. Оның ел мүддесін жоқтаған ерлік істерін әуелде Сүйінбайдың ұлы атасы Күсеп ақын жырлаған. Одан беріде Сүйінбайдың нағашысы Қабан ақын толғаған. Қанадан қобызшы мен Байсерке күйші Өтегеннің арман-мұратын, батырлығын күйге айналдырған. Сүйінбай Өтеген батыр туралы өзіне дейінгі ақындардың жыр-дастандарын, ел арасындағы аңыз-әңгімелерді, күй-аңыздарын жас кезінен жаттап, біліп, жанына жақын тұтады. Білгендерін Жамбылға үйретеді. Сүйінбай Қабан жыраудың Өтеген батыр туралы көптеген жырларын жатқа айтатын болған. Жас шағында ол жырларды Жамбыл да айтқан.

Тарихшы Делебаевтың деректеріне қарағанда, Тілеміс, Майкөт ақындар да Өтеміс батырды дастан етіп жырлаған екен.

Ел аузындағы әңгімелер мен ақындардың жыр-дастандарында көрініс тапқан аңыз желілерінде Өтеген батырдың әкесі Өтеғұл батырдың ержеткен он екі ұлы бірдей оба ауруынан қайтыс болады. Бұл шақта Өтеғұлдың жасы елуге келген екен. Он екі ұлдың қайғысы батырға қатты батады. Жер ортасы жасқа келгенде он екі ұлдан бірдей айрылған батыр басын жерден көтере алмай, көз жасын бұлай береді. Өтеғұлдың жақсылығын көрген, оны пана тұтып, жан сақтаған жұрт батырмен бірге қайғырып, соның тілеуін тілейді құдайдан. Сөйтіп жүргенде Өтеғұл түс көреді. Түсінде батырға бір ақсақалды, сары түсті қария келіп былай дейді:

– Өтеғұл, егіліп жылай бермей, көз жасыңды тый! Қолыңды жай, батамды берейін, — дейді. Батыр көзінің жасын тиып, қариядан бата сұрайды. Сонда ақсақалды қария былай деп бата берген екен:

– Құдай тілеуінді берді, он екі ұлға татитын ұл көресің!

Осыдан кейін Өтеғұл кіші әйелі Нұрбаладан бір ұл көреді. Баланың шілдеханасында Жаныс жұртының ақсақалы тоқсандағы Жанысбай қария Өтеғұлға: «Батырым, өлгендерің өтелді, баланың аты Өтеген болсын!» — деп атын Өтеген қойдырыпты [16; 330].

Сүйінбайдың осы жырында XVIII ғасырдағы орыс патшалығының қазақ жерін отарлау саясаты туралы да айтылады.

Бірде Өтеген батыр өзінің туған-туысқандарын жинап алып: қазақ даласының батысынан басталған орыс патшалығының жаугершілік жорықтары 75 жылдан соң Жетісу жеріне жетеді. Сол кезде басымыздан ерік, малымыздан құт-береке кетеді, ұл мен қыздарымыз белгісіз басқа салтқа бас ұрады, арымыз бен намысымызға қысым жасалады дейді.

*Жетпіс бес жыл болғанда
Кәпір келер қасыңа,
Пісмiлләсіз ас ішіп
Береке болмас асыңда,
Билік болмас басыңда,
Былдырап келіп сөйлесе,
Тұралмассың қасыңда.
Орыс келсе бұл жерге
Түймелі шекпен кигізер,
Аралда жатқан еліңнің
Дінін жаман бүлдірер.
Дін мұсылман баласы
Кең шалбарды кие алмас,
Өзіңнен туған өз балаң
Үйде жатып тіл алмас,
Пизғыл жаман заман боп,
Сүйгенімен қыз кетер,
Білгенімен ұл кетер,
Кәпір келсе бұл жерге
Ақ табан қып қуғызар,
Білмегенді білгізер,
Демегенін дегізер,
Тіл алмайтын батырды
Зорлықпен келгізер,
Біреуіңді жақын ғып,*

Біреуіңді жаман қып
 Өз етіңді өзіңе
 Иттей жүлғызып жегізер.
 Кәпір келсе бұл жерге
 Малыңа жұқпас деп еді,
 Қаратаудың шалғыны.
 Тыңдайтұғын ерлерге
 Сөздің тиер салқыны.
 Ойға бітер балдырған,
 Ел көсемі шығады
 Өтірікті шындай жандырған,
 Сөйлесе естен тандырған,
 Би болып сонда шығады
 Қара тазы сияқты
 Мойнына қарғы салдырған.
 Ел тілімді алмады,
 Айтқаныма болмады
 Айналайын Алатау,
 Құс қонбаған басыңа
 Барабан қағып, жыр соғып
 Кәпір келер қасыңа.
 Қайран жерім, қош енді.
 Үйіңе кәпір келеді,
 Үкімің сонда болмайды.
 Балды береке басы еді,
 Өркеште ілген тасы еді
 Қымызы бар арақтай,
 Ішкен кісі мас еді,
 Кәпір түсер қасыңа,
 Қайран жерім, қош енді!
 Күн болады алдыңда естен танған,
 Біреудің дүниесін біреу алған.
 Мал-басыңда билік жоқ заман болар,
 Дүние сөйтіп жүріп тамам болар.
 Мен көрмеспін,
 Кейінгілер көрерсің,
 Қайран, жер-суым, болғын аман!.. —

дейді Өтеген батыр.

Жоңғар қалмақтарынан көрген «ақтабан шұбырынды» енді екінші рет тағы басталады, қара дауылдың бет алысы жаман: ел аман, жұрт тыныш кезімізде, жаудың аяғы жетпейтін жерұйыққа, алыс жерге кетелік деп, Өтеген ұсыныс айтады. Сол сапарда көш жолға шығады.

Алла Өтегеннің жолын оңғарды. Қазақты құл, ал ұрпағын негізінен айырып, тұл қылмақ болған отаршыл империяның кесапатынан жан мен тәнге түскен қара дақтан арылып, күл мен топырақтың астында қалған рухани қазынамызды кәдеге жарататын тарихи бақытты уақыт туды. Қазақстан егеменді ел болды. Алла Тағала бізге оң көзімен қарады. Ұлттың ұлы ханы Абылай мен оның белді батырлары сияқты қазақтың қазақтығын танытқан, бір ғана рудың, бір ғана жұрттың маңдайына сыймаған Өтеген батыр да қазақ халқының мақтанышына бөленді. Оның арпалысты өмірін қалай өнеге тұтсақ та лайық.

1984 жылы Алматыда өткен қазақ көркем әдебиет тіліне арналған республикалық конференцияда атақты жазушы Ғабит Мүсірепов: «Бөрілі менің байрағым...» деген Шапырашты елінің жауға аттанғанда айтатын ұран өлеңі болған», — депті.

Шынында сол өлең [1;13] Сүйінбайдың азаттыққа арнап айтқан патриоттық шығармасының бірі еді:

Бөрілі байрақ астында
 Бөгеліп көрген жан емен.

*Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен.*

*Бөрілі найза ұстаса,
Түйремей кеткен жан емен,
Бөрілі байрақ құласа,
Күйремей кеткен жан емен.*

*Жау тисе жапан далада,
Бөрілі найза атамыз,
Қарасайлап шабамыз.
Қызыл қанға батамыз,
Бөрілі байрақ астында,
Ту түсіріп, жау алған,
Қазыбек, Қастек атамыз.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Жоқты жонып табамыз.
Бөрілі байрақ астында,
Ту түсіріп, жау алған,
Шапырашты батыр бабамыз.
Бөрі басы — ұраным
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер қайдағым.*

Осы керемет өлең тек Сүйінбайдың ғана сөзі емес, бүкіл түркі халқының көңіл түпкіріндегі ойы, рухты оятар тарих тағлымы, күрес жолындағы ұраны десек артық айтқандық болмайды. Өйткені ұран түрінде айтылатын бұл өлеңде жер дүниені сілкіндіріп, тау мен тасты теңселтіп, жауға қарсы аттанып бара жатқан қазақ халқының қаһармандық бейнесі көрсетілген.

Иә, арғы-бергі ата-бабаларымыздың жүріп өткен жолына, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» замандарына ойлы көзбен қарасаң «Бөрі басы» ұраны мен «Бөрілі байрағы» (қасқырдың бас суреті бейнеленген Шапыраштылардың жебелі туы мен найзасы) есіне түсері анық. Тек кейде соны аңғара бермейтініміз өкінішті.

Ақынның өлеңдерінде халықтық философиялық мәселелердің қозғалуы

Сүйінбай Аронұлы — үлкен ойшыл ақын. Оның әдеби мұрасы мейлінше мағыналы, тақырыбы жағынан сан-салалы. Ол — қоғам тынысы, табиғат сыры, адамдар арасындағы қатынастар мәдениеті жөнінде, ел тағдыры жайлы ойға батып, терең және саликалы философиялық (пәлсапалық) тұжырымдар жасады. Өзінің «Әділеттік орнаса», «Құсмұрын тастың үстінде», «Жақсы менен жаманның айырмасы», «Нақылдар», «Ақын боп жиырмада», «Өсиет», «Надандық», т.б. өлеңдерінде халықтық философиялық мәселелер қозғады. Осы шығармаларында ел басқару, халық тағдыры мен адам бойындағы жақсы, жаман дағдыларды саралады. Ақын өмірдің бағасы мен өткіншілігі жайлы ақыл-өсиеттер айтты.

Мысалы, «Жақсы мен жаманның айырмасы» деген өлеңінде [1; 43,44] ақын адам бойындағы мінез-құлыққа үңіледі. Ол адамдардың арасындағы қарым-қатынастың, болмыс-бітімінің сан алуан қырларын дәл танып, байқағыштықпен былай суреттейді:

*Жақсының сөзін әркім пайдаланар,
Миуалы алма-өріктің ағашындай.
Жаманның көкірегі көр,
көзі соқыр,
Жүрер жолдан тал түсте адасып-ай!*

*Нышаны кем болса да адамдықтың,
Әркім жүр жақсымын деп таласып-ай.*

*Жамандар өтірікші, өсегі көп,
Ел-жұрттың ірткі салар арасына-ай.*

*Жалған сөзбен бықсытар ел арасын,
Жанбай қалған ағаштың шаласындай.
Соқтығып әркімге бір ұрынады,
Сиырдың тентек болған танасындай.
Сондай жанның ешкімге сүйкімі жоқ.
Жылқының қотыр болған аласындай.*

*Жақсы адам елдің ерке серкесіндей,
Халқының қалың жүнді көрпесіндей.
Жақсы болар баланың жүзі жылы,
Орыстың күймей піскен бөлкесіндей.*

*Жақсының айтқан сөзі тиянақты,
Түйенің аумайтұғын өркешіндей.
Жақсыға үлкен, кіші бәрі жақсы,
Жасынан бірге өскен еркесіндей.
Жақсы кісі көрінер жыл құсындай,
Жаман адам балтаның ұңғысындай,
«Олақтан салақ жаман» деген мақал,
Жамандар түзей алмас тұрмысын-ай.*

*Жақсы адам жатты да жақын етер,
Беттескен екі таудың тұрғысындай.
Жамандар өсек-аяң айтып жүрер,
Өзінің білмегенсіп қылмысын-ай!*

Сүйінбай бұл толғауында табиғаттағы жақсылық пен жамандықты салыстыра қарайды. Жақсы істің артықшылығын, көпке келтіретін пайдасын насихаттайды. Жаман істің елді дау-шарға ұрындыратын зияндылығын көрсетеді. Бұл арқылы кемеңгер ақын адам баласы қай жағынан алып қарағанда да кіршіксіз таза, адал жанды болуы керек деген қорытынды шығарады.

Сүйінбай Аронұлының философиялық шығармаларының ішінде «Ақын боп жиырмада» атты өлеңінің [1; 48,49] орны өзгелерінен оқшау. Онда ол адам өмірін кезең-кезеңге бөледі. Әр онжылдықтың өзіне тән ерекшелігі мен өзгеру сипатын көрсетеді. Адамның өсу, даму эволюциясына, дүниенің динамикасына ерекше көңіл аударады:

*Ақын боп жиырмада желдей болдым,
Отызда асқар биік белдей болдым.
Отыз асып, қырыққа келгеннен соң,
Қаптаған жердің жүзін селдей болдым.
Қырық асып, елуге келгеннен соң,
Түбім терең құрақты
Сұқсыр үйрек жатқан көлдей болдым.
Елу асып, алпысқа келгеннен соң,
Салынды, суға кеткен сеңдей болдым.*

*Алпыс асып, жетпіске келгеннен соң,
Тап-тақыр ел жайлаған жердей болдым.
Жетпіс асып, сексенге келгеннен соң,
Жігіттік көрген түспен теңдей болдым.
Сексен асып, тоқсанға келгеннен соң,
Күнде қалып құраған көңдей болдым.*

Ақын боп жиырмада екілендім,

*Қырыққа жазбай келді текірегім.
Алтыста қарт бурадай күнім-ақ қой,
Сонда да қайтпай жүрді көкірегім.
Алтыс асып жетпіске келгеннен соң,
Тұра алмай орынымнан жер тіредім.*

*Жетпіс асып, сексенге келгеннен соң,
Көк тоқты өкпе болған секілдендім.
Сексен асып, тоқсанға келгеннен соң,
Ақ үрпек балапандай селкілдедім.*

Бұл туындысында ақын барлық тіршілік заттарындағы өзгерістерді даму-дағдару, тасу-тартылу, өсу-өшу үстінде болады деген қағида тұрғысынан қарап шешкен.

Сүйінбайдың ел арасында мақал-мәтелге толы афоризмдері көп. «Нақылдар» деп аталатын қысқа да ойлы, тұжырымды сөздері [1; 45–46] соған дәлел. Мұнда ақын мораль, этика мәселелерін қозғайды. Өзінің өмірден, қоғамдық ортадан көріп-білгендерін елеп-екшеп, айналасына үлгі-өнеге етіп ұсынады:

1. *Ыңыршақты мінгенмен, ер болмайды,
Жағаң үлкен болғанмен жең болмайды.
Бәрі — адам, бәрі — мал дегенменен,
Жақсы мен жаман нарқы тең болмайды.*
2. *Еліне білінгені —
Жігіттің дабысы.
Бәйгеге ілінгені —
Жүйріктің шабысы.*
3. *Гауһар — көзде болады,
Сөз асылы сөзде болады.
Жаман жігіт езбе болады.*
4. *Жаман атта жүріс болмайды,
Жақсы жігітте сыбыс болмайды.*
5. *Әйелің жақсы болса —
Далада отырып дабырла.
Әйелің жаман болса,
Үйіңде отырып сыбырла.*
6. *Қар үстінде қаз жүрмейді,
Қас дұшпанға наз жүрмейді.*
7. *Болатын бала
Отбасында талпынады,
Болмайтын бала
Кесесінен артылады.*
8. *Ер қадірын ел баққан
Ерлер білер деген сөз.
Зер қадірын зер соққан
Зергер білер деген сөз.
Өмірде құны ескірмес,
Бағасы құнды асыл сөз.*

Ақынның «Нақылдары» көтерген мәселесі жөнінен тікелей гуманистік, тәрбиелік сипаты бар шығармалар қатарына жатады.

Елдің ертеңгі тағдыры туралы көп ойланып, тынымсыз толғанған ақын өзінің тамаша философиялық «Әділеттік орнаса» атты толғауында [1; 33] ел берекесі бірлікте екенін ескертеді. Сыртқы жауға қарсы тұру үшін ауыз бірліктің маңызды ерекше екенін баса айтады:

*Жау басынар халықты,
Басқарушы оңбаса.
Малиа айдап адамды,
Орынсыз күштеп зорласа.
Ауға түскен балықтай,
Шыға алмассың бұлқынып,
Әділетшің болмаса.
Күннің көзін жасырар,
Аспанды бұлт торласа,
Елдің бағы ашылар,
Әділеттік орнаса.*

Сүйінбай ерлікті, жауға мейірімсіздікті жырлайды. Батырлардың абзал қасиеттерін арамза кожалар, байлар мен төрелерге қарама-қарсы қояды. Жастарды батырлар үлгісінде тәрбиелейді:

*Самғай жүйрік жүгірер,
Аяқтан біреу шалмаса,
Жау десе батыр киінер,
Тоқталмас кегін алмаса.
Ел елдігі бола ма,
Ермен жауға бармаса.
Елшілігі бұзылмас,
Өз жерін жаудан қорғаса.*

Адамдар азғындап, аярлық асқан заманда күн кешіп жатқан қазақ халқының келешегі Сүйінбайды қатты толғандырады. Оның жүрегі елім деп дүрсіл қағып, тыным таппайды:

*Ағаш қалар құрап,
Жапырақ тамыры болмаса.
Теңіз де қалар суалып,
Құятын өзен болмаса.
Өзен де ағар күшейіп,
Бастау мен бұлақ самғаса.
Сүйінбай кетер ағындап,
Халқым бір мені қолдаса.
Халықты тілмен қорғадым,
Сөз шындыққа келгенде,
Бас кессе де болмадым.
Құтылып жарлы кеткенше,
Зорларды сөзбен торладым.*

Сүйінбай Аронұлы — ақындық өнердің мәні мен мақсатын терең түсінген өнерпаз. Поэзия қадірін жоғары қоя білген данышпан ақын, өмірінің соңында адам ғұмыры түгелдей ел игілігіне жаратылуы керек деген азаматтық тұжырымға келеді («Жорға едім сартылдаған, самғайтұғын...» деген философиялық шығармасы [1; 47]):

*Жорға едім сартылдаған, самғайтұғын,
Бәйге аты шу дегенде шалмайтұғын.
Жасымнан көп шабылған жүйрік едім,
Сұңқардай көкке өрлесе талмайтұғын.
Сүйінбай сөйлер сөзге тарылмаған,
Жалтылдап жанған оттай жалындаған.
Саңқылдап қалың қазақ арасында,
Еліріп өлең айтса арындаған.*

Сонымен, Сүйінбайдың философиялық өлеңдері мен нақылдары әрқашан гуманистік ой-санамен ұштасып жатады. Ол адам тағдыры мен заман жайлы терең толғанады. Адамның ішкі нәзік психологиясын ақтара қарап, оның әлеуметтік ортадағы салмағын анықтайды. Өзінің көз жеткізген ой қорытындыларын жасайды. Адам бойынан жақсы қасиеттердің табылатындығына шек келтірмейді. Жас шақтағы қайтуды білмейтін табандылықтың, алғыр сипаттың адам өмірінен алар орнын жоғары қояды. Жақсы нышандар кімде де болмасын бар, тек соның көзін таза сақтай білуге құштарлық қажет, өзін-өзі тани, бағалай білуге үйрену керек дейді.

*Құсмұрын тастың үстінде
Ақсұңқар құс шаңқылдар.
Оны естіп астында,
Қарға, құзғын барқылдар.
Саудагер болған ер жігіт,
Шаһар мен шаһар қатынар.
«Әтиу» десе қара нар,
Жүк астында тартынар,
Ақымақ жігіт белгісі,
Аз күнгі баққа алқынар.
Анық туған нәсілдің
Үлгілік жұртқа салты бар.
Жақсы менен жаманның
Шекарасын байқасаң,
Аспан мен жердей парқы бар.
Жақсылар, құлақ салсаңыз,
Әңгілеміз айтылар.
Дүние — ескі сарай-ды,
Жолаушы жүрген азамат
Көркіне оның қарайды.
Сонда-дағы тауарих
Көшіп өткен керуендей,
Аттандырған талайды, —*

секілді сом пішінді қазаки философиялық ойлар («Құсмұрын тастың үстінде...» атты толғауы [1; 34,35]) жоғарыда айтылған пікірімізге кепіл.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Аронұлы С. Ақиық. Толғаулар, сын-сықақтар, айтыстар. — Алматы: Жазушы, 1976. — 140-б.
- 2 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары: Үш томдық. — 2-т. / Құраст. М.Байділдаев, М.Мағауин. — 1984. — 336-б.
- 3 Екімыңжылдық дала жыры / Бас ред. Ә.Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2000. — 752-б.
- 4 Жолдасбеков М. Жүз жыл жырлаған жүрек: Зерттеу. — Алматы: Жазушы, 1992. — 69-б.
- 5 Үмбетбаев М. Жырдың пірі — Сүйінбай // Қазақ әдебиеті. — 2005. — 22 сәуір. — 5-б.
- 6 Қазақстан Ұлттық энциклопедия: — 8-т. / Бас ред. Б.Аяған. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2006. — 704-б.
- 7 XIX ғасырдағы қазақ ақындары. — Алматы: Ғылым, 1988. — 306-б.
- 8 Қазақ Совет энциклопедиясы. — 10-т. / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қаз. Сов. энцикл. Бас ред., 1977. — 468-б.
- 9 Жеті ғасыр жырлайды: Екі томдық. — 1-т. — Алматы: Жазушы, 2004. — 391-б.
- 10 Сүйіншілиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 577-б.
- 11 Садырбаев С. Алтын дінгек // Егемен Қазақстан. — 2005. — 10 қырк. — 4-б.
- 12 Садырбайұлы С. Өлең — сөздің жарық жұлдызы // Жұлдыз. — 2008. — № 12. — 265-б.
- 13 Ерғалиев Х. Сөз піріне мен бекер сыйынбаймын // Қазақ әдебиеті. — 1990. — 5 қазан. — 9-б.
- 14 Сүйінбай. Өтеген батыр: Аңыз-дастан // Жұлдыз. — 1990. — № 11. — 134–141-б.
- 15 Жалайыр Ж. Қасқараудан шыққан Өтеген // Жұлдыз. — 2004. — № 3. — 176-б.
- 16 Тарихи тұлғалар. Танымдық-көпшілік басылым / Құраст.: Б.Тоғысбаев, А.Сужигова. — Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2006. — 376-б.

Р.С.Каренов

Акын-наставник — пример для подражания

Статья посвящена жизни и творчеству выдающегося поэта XIX столетия Сюинбая Аронулы. Показывается, что самобытность стихосложения выделяет его творения в истории казахской поэзии. Автор обращает внимание на то, что поэт был большим мыслителем своего времени, автором множества крылатых слов и метких изречений, философских размышлений. Делается вывод о том, что Сюинбай Аронулы был крупным эпиком и дружинным певцом, сочинявшим героические песни о деяниях казахских батыров и нежные лирические произведения.

Sjuinbaja Aronuly is devoted to life and creativity of the outstanding poet of XIX century. It is shown that originality of the poet's compositions allocates his creations in the history of the Kazakh poetry. The attention that it was the big thinker of time, the author of set of catchwords and well-aimed sayings, philosophical reflections is paid. The conclusion that Sjuinbaj Aronuly was large epic and дружинным the singer composing heroic songs about acts of Kazakh bатыров and the gentle lyrical products becomes.

ӘОЖ 82

С.Ысқақұлы

*Іле педагогикалық институты, ҚХР***Шарғын Әлғазыұлы және оның Қытайдағы қазақ әдебиетінен алатын орны**

Мақалада акын Шарғының ұлттық әдебиеттің дамуына, Қазақстанда тұратын қазақ диаспорасы әдебиеті тарихындағы азаттық және демократиялық бағыттардың қалыптасуына қосқан үлесі қарастырылды. Ғылыми тұрғыда акын шығармаларының тақырыптық, идеялық және көркемдік ерекшеліктері талданды. Акын поэзиясындағы сол заман көріністерінің реалистік тұрғыда баяндалуына баға берілді.

Кілтті сөздер: өлең, акындық бітім, өнер әлемі, Қытайдағы қазақ поэзиясы, ағартушылық идея, талант иесі, акындық әлем, шығармашылық табиғаты, касса-дастандар, әдеби кітаптар, тарихи кезеңнің қасіреті, оқу-ағарту ісі.

«Асылы, бір немесе екі жақсы өлең жазу, сол арқылы бір немесе екі сыр аңғарту, шындық таныту кез келген өлеңшінің қолынан келуі мүмкін. Ал өзі жазған өлеңдер арқылы өзінің өзгелерден бөлек акындық бітімі мен мінезін таныту, сол арқылы өзінің өнер әлеміндегі тұтас творчестволық беті мен бағытын таныту кез келген қаламгердің қолынан келе бермейді» [1], — деген академик Зейнолла Қабдоловтың бір ұлағатты сөзі бар еді. Сол секілді Қытайдағы қазақ поэзиясындағы ағартушылық идеяның дамуында, жүзеге асуында ірі тұлға, өзіндік акындық болмыс-бітімі айқын, жасампаздықта өзіндік өрнек-бояуы, өзіндік үні бар талантты ақындардың бірі — Шарғын Әлғазыұлы. Шығармаларының өз кезінде толық жиналмауы, реттелмеуі себепті де болар бұл талант иесінің акындық әлемінің сыр-сипаты бүгінге дейін бағаланбай, шығармашылық табиғаты зерттелмей келе жатқаны көңілге қаяу түсіретіні анық. Болмаса Шарғын акын Қытайдағы қазақ әдебиетінің өркен жаюына, қалыптасып, дамуына бір кісідей үлес қосқан, шабыты шалқар, дарынды, қуатты ақындардың бірі еді.

Шарғын Әлғазыұлы 1903 жылы бүгінгі Алматы облысының Ұйғыр ауданындағы Тиірмен деген жерде туған. Сол жерде оқып, білім алған. Жастайынан өлең-жырға әуестеніп, бірталай касса-дастандарды жаттап өскен. Той-томалақ, жиын-топта айтысқа араласқан. Көптеген әдеби кітаптарды тауып оқып, әдебиет әлеміне келуге үлкен дайындық жасап жүргенде, 30-жылдары асыра сілтеудің әпербақандары салған лаңның салдарынан ел басына қатерлі күн туып, халық күйзеліске ұшырайды. Еркінен, малынан, жерінен айрылған халыққа аранын ашқан ашаршылық төніп, ажал аждаһа болып ақырады. Жан сақтамақ — парыз. Жан азабына, рухани қысымға шыдамаған шарасыз жандар ажалдың темір тырнағынан, зұлымдардың озбырлығынан құтылу үшін Қытай асып кетеді. Сол босқын топтың ішінде Шарғын акын да бар еді. Келген бойда Іленің Текес ауданына кеп тұрақтайды.

«Шарғын ақын трагедияға толы жағдаяттардың куәгері ретінде сол тұстағы мұң-зарды ерекше әсерлі, аянышты етіп жырлайды.

*Ел тозып, үзілмесе шын үміті,
Бұл жаққа жосып халық неге өтеді?
Анадан бала айырылып екі жақта,
Көл қылып көздің жасын сел етеді...*

Саналы да сауатты, жігерлі де намысты ақын сол тарихи кезеңнің қасіретін дөп басып көрсетеді. Сондықтан да Шарғын өлеңдері 30-жылдардағы қасіретті күйзелістің көркем шежіресі секілді» [2]. Жан сауғалап қашып-пысқан ел жол бойы тонаушы-қарақшылардың лаңына жолығып, мехнат тартып, мұнда келгенде де барқадап таппайды. Тозған елді тонап, қоқандап күш көрсетушілер көп кезігеді.

*Аралап байқап едік өрдегі елді,
Көз көрді талай-талай көрмегенді.
Сібе мен Қалмақ жолда тонап алып,
Қашқын ел төрт аяқтап өрмеледі.
Жағалап Іле өлкесін барған халық,
Жерсінбей безгектен көп өлгендері.
Зәңгі мен Ақалақшы алды тағы –
Кесірлі кердең басқан көр кеуделі.
«Қашақсың, қашып келген қаңғыбас» деп,
Бойына ешбіреуі теңгермеді.
Аштықтан жан сауғалап барған шақта,
Көп көрдік сансыратқан сергелдеңді.
Сонда екен жан ашымас ділі қатты,
Қамшымен көндіреді көнбегенді... [3], —*

деп сол кездегі ел басындағы қысым-қиянат пен ауыр азапты ашына еске алады.

Бұл кездері Іле өңірін ежелден мекендеп келе жатқан тұрғылықты халықтар да қараңғылықтың, зорлық-зомбылықтың құрсауында сансырап жатқан-ды. Сол елдің қамын ойлап, жарғақ құлақтары жастыққа тимей жүрген ағартушы Дәулеткелді мен ақын Таңжарық секілді ардақты азаматтармен ұшырасуы Шарғынның ойына өріс, жырына шабыт беріп, жігерін қайрайды. Солармен бірге оқу-ағарту ісін ұйымдастыруға құлшына кіріседі. Өзі мекен тұтып тұрған Үйсін тауының бөктеріндегі қазақ ауылдарында алғаш мектеп ашып, бала жинап оқыту шараларын жүзеге асырады. Біраз жылдан соң, Шарғын Текес ауданының оқу-ағарту ісін басқаруға жұмысқа тағайындалады. Бұл қызметті бірнеше жыл істеп, Тәңір тауының баурайындағы қазақтардың ұрпағын өнер-білімге баулиды. Игі тәрбие береді. Ағарту ісіне педагогтік-ұстаздық еңбегімен үлес қосумен бірге өзінің жыр жасампаздығымен де барынша атсалысады.

*Тұратын бір қалыпта нәрсе бар ма,
Кейде ысып, кейде жүрек салқындарсың.
Ұмтылып мәдениетке қол созыңдар,
Бұрынғы ескіліктің салты қалсын...
Өткенде оқымаған адамдар көп,
Зорлаған көне қоғам қарғыс атсын.
Өнер-білім, оқусыз бекер қалсаң,
Ойланышы, қаниша нәрсе жапырасың [4], —*

деген шумақтар ұлы мақсаттар жолындағы дауылпаз ақынның шынайы жүрек сөзі еді.

Шынжаңдағы қазақтар арасынан шыққан аса дарынды ақын Таңжарықпен қатарласа жүріп, қазақ әдебиетінің өрістеуіне, дамуына елеулі үлес қосады. Бұл тұстағы шығармаларында екі ақын да қазақ халқын оянып, өнер-білімге құлаш ұруға, береке-бірлігін нығайтуға үндейді. Намысын қоздырып, табанды әрекет жасауға жігерлендіреді.

Таңжарық:

*Тағысы болып алдың таудың, қазақ,
Жая мен дәмін татып жалдың, қазақ.
Құзғындай құзар шатқа ұялаған,
Әр сайға бірден қора салдың, қазақ.
Өстіп-ақ жабайы боп өтемісің,*

*Ішінде қарағай мен талдың, қазақ?
Көзіңді айналаңа бір салсаңшы,
Табасы бола бермей жанның, қазақ.
Жатырсың надандықтан өрт ішінде,
Басыңды көтермесең жандың, қазақ.*

Осы мұратты Шарғын да ту қып көтереді:

*Білімге өнерменен серме құлаш,
«Алма піс, аузыма түс» деме, қазақ.
«Ынтымақ — ырыс алды» деген сөз шын,
Бірін жау, бірін жат көрме, қазақ.
Ел болып есеюдің қамын ойла,
Жат жауға намысыңды берме, қазақ!*

Шарғын ақынның көзін көріп, сөзін естіген, өлең-жырларынан сусындап, тағылым алып өскен інісі, белгілі жазушы Құрманбай Толыбаевтың қос дарын туралы: «Бұл екі ақынның бала кездерінен өнеге алған, ұстаз тұтқан Абай Құнанбаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев сынды қазақ ойшылдары салған ақ жолдың, ізгі тілектің үзілмей жалғасқан сарыны еді. Жас ақындар қазақ халқының болашағы үшін толғана ой кешіп, өз түйсіктерін ортаға ашық жаяды. Сөйтіп, Шынжаң қазақтары тарихында ағартушылық бағыттағы әдеби ойдың өрістеуіне ақыл-парасаттарын жұмсайды. Сонысы үшін де ел Таңжарық пен Шарғынды егіз қозыдай көріп қошаметтейді, өлеңдерін оқып, ойларынан нәр алады. Ойлы өлеңдері мен аңғарлы толғаныстары туған халқының жүрегінен жол табады» [5], — деп жазғанындай Шарғын ақын өзінің бар ғұмырын ағартушылық жолға арнаса, шығармашылық бағытын да сол ағартушылық идеяға жұмсады.

Қай заманда да, қай халықта да ақын жазушы халқымен тағдырлас, ел жұртымен тыныстас.

*Біздерді жаратыпсың қазақ қылып,
Қорлады қазақ елін мазақ қылып.
Ойға барсақ шығады ойранымыз,
Қырға барсақ қылыштар азап қылып.
Қазақты жараттың ба малға ғана,
Малды да ол еркіменен малдана ма?!
Зор Тәңірім, көзіңді салсаң нетті,
Қорлық көріп, басқадан зарлағанға [3], —*

деген шумақтар әне сондай өз кезеңінде, өз ортасында халқының нар кескен намысы мен ар-ұжданына айнала білген Шарғын ақынның да жүрек үні еді бұл.

Елі мен жерінің оң-солын, ақ-қарасын байыптап саралаған сергек ойлы, сезімі ояу, аңғарлы ақын:

*О, жалған, құбылмалы сырыңды алдым,
Сен кімге мұңыңды айтып сыбырладың?
... Санадың мал орнына адам демей,
Талайын құрбан қылып жұлымдадың.
Қойша айдап алдына сап дедектетіп,
Құзғындай төбесіне қонып алдың.
Құдай да қулар жаққа аунады ма
Қойыпты қожайын қып құдың бәрін.
Ағызды ботала қып лайлатып,
Мөлдіреп ағып жатқан судың бәрін.
Бал шәрбәт, тәтті тағам менікі деп,
Халыққа жегізіп жүр удың бәрін...
Айтақтап ел ішіне тыным бермей,
Қаптаттың албасты мен жынның бәрін.
Зарлаған ата-аналар былай қалды,
Орнаттың жас сәбиге мұңның бәрін.
О, шіркін, тисе маған есе бір күн,
Төлетіп алар едім құнның бәрін.
Толмаған аш өзегің осы ма деп,
Көзіне құяр едім құмның бәрін... [3], —*

деп халық басына зобалаң салған тоқырау заманға кектене, күңірене толғанса, енді бір кезекте:

*Білімді ел өрге басып дамып кетті,
Ортасында әлі жүр бұл қазағым.
Әлем ортақ адамға десе-дағы,
Біреуі де тиген жоқ сыбағаның.
Жатып-тұрып ойлаймын дүниені,
Уайымшыл мен жүрген бір адаммын.
Бұл қазақ осы күйде кетер ме екен,
Басына бір шықпастан мұнараның [6], —*

деп халқының өнер-білімнен кенже қалып, дәуір ағынына ілесе алмай артта қалып бара жатқанына қынжыла, мұңын шағады. Алайда ғаламның сыр-сипатын, еркіндік-теңдікті озық ой, сергек санамен танып өскен сарабдал ақын халқының болашағынан күдер үзіп, үмітсіздікке салынбайды. «Адаммен адамды, ұлтпен ұлтты теңестіретін нәрсе — ғылым» деген аталы сөзге, қасиетті қағидаға жүгінеді. Тек ғылым-білім ғана халықты алға жетелейді, көсегесін көгертіп, озық елдер санатына қосады, еркіндік-теңдікке қол жеткізеді. Сондықтан:

*Ғылымсыз жұрт қатарға қосылмайды,
Қол соз, ұрпақ, ғылымға тіл алғаның.
Исі қазақ ұлтына мың бір сәлем,
Жалғыз-ақ міндеті емес бір адамның, —*

деп жар салады.

Өзінің қоғамдық қимылымен де, жалынды жырымен де қараңғы халқының көкірегіне нұр құйған, екі дүниенің сипатын қатар танып өскен ақын жиын-топтарда, дабыралы бас қосуларда айтысқа түсіп, халықтың мұңын шағып, олардың сүреңсіз ауыр халын, және зұлымдық пен жауыздыққа қарсы ашу-ызасын ашық айта бастайды. Бұл тұстарда, яғни 1939–1940 жылдары, Гоминдаңның Шынжаңдағы қанішер билеушісі Шың Шысай еркін ой мен еркін өрісті әрекетке тосқауыл қойып, халықтың ішінен шыққан көзі ашық, көкірегі ояу, халықшыл зиялы қауым өкілдерін жалған жаламен тұтқындап, басына қатер төндіреді. Бұл алапат зұлымдық Шарғын, Таңжарық секілді халық қамқорларын алдымен іліп әкелері әуел бастан белгілі жағдай болатын. Сонымен Құлжада газет шығарып жүрген Таңжарық Үрімжі түрмесіне айдалса, Шарғын да талай қысымшылыққа ұшырайды. Алайда олар тар қапаста отырып та, ел басына төнген қасіреттің қара тұманын, «Түрмедегі халді» жыр арқауы етті. Таңжарық «Түрме халы» атты толғауында:

*...Шәуешектен Қанағат, Әлімғазы,
Нұртаза, Қазез кетті келер жазы.
Алтайдан Шақан, Мәңкей, Ақыт қажы,
Бұқатбейсі, Зия мен Халелтайжы.*

*Үрімжіден кетті Әбеу Тиңжаң, Жүніс,
Қожанияз, Баймолла бәрі бір іс.
Жүніс қажы, Сатарқан, Мұқаш пенен
Қош айтысып дүниеге — бітті жұмыс, —*

деп зұлмат заманның мезгілсіз құрбаны болған, қинауда өлген, із-тозсыз дүниемен қоштасқан, халқының еркіндік теңдігін аңсаған есіл ерлерді елжірей еске алса, осыған сәйкес Шарғын да:

*Текестен Әжі менен Халық кетті,
Қосақтап екі арысты алып кетті.
Жалынды Ахметжандай қайран жастың,
Бір түнде ішек-қарнын жарып кетті.
Бермесе, құдай түбін кім біледі,
Балаға ата-ананы зар ғып кетті.
Үйінде азаматтар жүре алмастан,
Әр жерге жан сауғалап қаңғып кетті.
Түріне бұл жалғанның қара жұртым,
Ессіз ғып, елдің көңілін дал ғып кетті.
Ағартып бір-ақ жылда сақал-шашын,
Жігітті отызында шал ғып кетті.
Күйікпен ата-анасын тұралатып,*

Тұра алмас төсегінен сал ғып кетті [3], —

деп сол тұстағы Шың Шысай диктатурасының қанды қырғынын айқын бейнелейді.

1944 жылы бүкіл халықтық сипат ала бастаған үш аймақ төңкерісінің алғашқы жеңісінен кейін ақын қайта түлеп, орнынан тұрады. Бойына тың шабыт құйылып, жігері тасиды. Бұл төңкерісті қолдап, құлшына жырлайды.

1949 жылы ҚХР толық азаттық алғанда, Шарғын ақын да оны құттықтап, асқан сүйіспеншілікпен мадақтайды әрі еркін ойдың өрістейтініне, азаттықтың, демократияның жойылмайтындығына сенеді.

*Біздің Отан бап Отан,
Тамашалап көретін.
Біздің Отан гүлістан,
Тамашалап кезетін.
Біздің Отан суынан
Алтын ағып желетін.
Біздің Отан мәнерлі
Адамға әсер беретін...
Жалпы халқым ділімен
Шын ақиқат сенетін.
Ынтымағым нық берік,
Табыс қолға келетін [7], —*

деп Отанын, халықтар бірлігін емірене жырға қосады. Бұл тұста әдебиет-көркемөнершілерге де қолдау болған жарқын заман туып еді. 1953 жылы Үрімжіде өткен әдебиетшілер мен өнер қайраткерлерінің өлкелік тұңғыш жиналысына қатысып, жаңа әдебиет өрісін бағыттаушылардың сапына қосылды. Ал 1957 жылы ҚХР Жазушылар одағының Шынжаң бөлімшесі құрылған кезде, оның алғашқы жора мүшелерінің бірі болды. Осы тұста ол сол өңірге арнайы сапармен барған Ғабит Мүсіреповпен танысып, ұзақ сырласады. Бұл оның шығармашылық жолына үлкен тебін береді. Осы жылдары ақын Текестен Құлжа қаласына көшіп келіп, Іле қазақ автономиялы облыстық саяси-маслихат кеңесінде қызмет істейді.

1958 жылы Қытайда белең алған «оңшылдарға», «жергілікті ұлтшылдарға қарсы» күрес кезінде көптеген саналы, ұлтжанды азаматтар әсіресе ақын-жазушылар қақпайға ұшырайды. Кейбіреуі тұтқындала бастайды. Бұның арты үлкен апатқа апарып соғарын жақсы білген аңғарлы ақын 1959 жылы ата қонысы Қазақстанға оралады. Бұл ақынның жасампаздығында өзіндік үні, беті бар, жалынды да кемел кезеңі еді. Мұнда келген соң да ақын жүрекжарды ойларын ақтара жыр төкті. «Туған жерінің сұлу келбетіне жаны елжірейді. Соның куәсі секілді «Атамекең», «Шалкөде» толғаулары туды:

*Жер қайда Шалкөденің саласындай,
Ішкіктің құндыздаған жағасындай.
Ақтастан көзің салсаң Тұз көліне,
Ортада қатық құйған шарасындай.
Тастары түзу, қисық екі Ақтастың,
Жарқырап сұлулардың танасындай.
Көк майса желкілдеген жағалауы,
Үлгілдер ақ үкінің баласындай.*

Осылайша ақтық демі біткенше саналы өмірін қазақтың өлең өнеріне арнап, қоғамдық-әлеуметтік, әдеби-көркем ой-сананың өсуіне елеулі үлес қосқан, сөйтіп, Қытай қазақ әдебиетінің көшін бір белге шығарысқан талантты ақын, ағартушы Шарғын Өлғазыұлы 1988 жылы Алматы облысының Райымбек ауданында 86-ға қараған шағында жарық дүниемен қоштасты.

Қытай қазақтары тарихында демократиялық бағыттағы, азат әдеби ойдың өрістеуіне, орнығуына белсене атсалысқан Шарғын ақын осы күнге дейін белгісіз болып келгені болмаса, беріп кеткені мол еді. Алайда оның көбі аумалы-төкпелі ауқымға байланысты жоғалды. Барларының өзі әлі күнге толық жинақталмады. Бүгінгі күнде Іле өңіріндегі жастары жетпіс пен сексенге жеткен қариялардан: «Шарғын мынадай өлең жазып шығарған, ол пәленмен айтысқанда, қарсыласына тап бермеде былай деп айтып жеңген», — деп Шәкеңнің өлеңдерін жаңылмай жатқа айтатындар бар екен. Міне, бұл халқымен тағдырлас, мұңдас тарланбоз ақынның халық жүрегінен мықтап орын алғаны емес пе! Яғни

халықтық сарынмен өзектесіп жататын терең ойлы, ой мақсаты образбен көмкерілген өрелі жырлары халқының санасына сарымайдай сіңіп, қанына өтіп бірге жасап келеді.

Шарғын өлеңдері алғаш үш аймақ төңкерісі кезінде үш аймақ уақытша үкіметінің күнделік орган «Алға», «Төңкеріс таңы» газеттерінде және «Одақ» журналында жарияланған. Кейін «Шынжаң газеті», «Іле газеті», «Шынжаң әдебиет-искусствосы» қатарлы басылымдарда да бір топ өлеңдері жарияланған. 1957 жылы Автономиялы аудандық Жазушылар одағының қаулысымен өлеңдер жинағы баспаға ұсынылған болса да, кейінгі аласапыран жағдайға байланысты бұл топтамасы басылым көрмей, сол бойы ұшты-күйлі жоғалғаны өзекке өкініш толтырады. Арада талай қым-қуыт, хикметті заманды өткеріп барып, 1992 жылы «Көш-керуен» [8] атты тұңғыш жинағы қазақ елінің шаңырағы жоғары көтерілген шақта Алматыда жарық көрді.

Шарғын ақынның өлеңдері өз заманының келбетін, шындығын көркем ой, кестелі тілмен қаз-қалпында бейнелейді. Ақын шығармашылығы ел тарихының көркем сипаттамасы, қазақ өмірінің өнердегі айнасы іспетті. Шарғын шығармалары көбінесе сол дәуірдің саяси-әлеуметтік талабына сай, қазақ халқының нашар хал-күйін, көрген қорлығы мен тартқан азабын, мұң-наласы мен арман-мұратын бейнелеуге бағышталып, халқының болашағы, тағдыры үшін толғақты ой кешкен азамат ақынның шынайы жан айқайын білдіреді.

Шарғын Әлғазыұлы қыруар есті, ойлы, рухты өлең-толғаулардың авторы ғана емес, өз тұсының шашасына шаң жұқпаған, суырыпсалма айтыскер ақыны да болғаны белгілі. Қытайдағы көрнекті ақын Мәди Әбдірахманов Шарғын ақын туралы естелік-эссесінде «Шарғынның Насылқанмен айтысынан» үзінді келтіреді.

*...Іленің жайылмалы жағасында
Бір Албан үлкен той қып қызын берген.
Сол тойға елмен қатар біз де келдік,
Көз салдық жігіттерге қызып жүрген...
Атақты Насылқан да келді деді,
Айтысар бар ма жігіт оныменен.
Байтал озып бәйге алмас деп қалыппын,
Немене асып туған солғұрлы елден.
Ойбай, қиын, пәле деп жұрт шулады,
Шымырлап дауылдады тұла денем, —*

деп басталатын бұл айтысты Шарғынның өз аузынан естіген ақын Мәди Әбдірахманов: «Шарғын ақынның «Насылқан мен Шарғынның айтысы» атты 500 шумақтан артық осы шығармасы 1937 жылы қыркүйекте Іле бойында жазылған. Шығарманың тіл көркемдігі Насылқанның да, Шәкеңнің де тапқыштық тартымды өлең ұйқастары керемет екен. Мен сонда мына айтыс айтыс қана емес, Іле аймағын мекендеген ел-жұрттың көркем сөз шанағындағы тарихы ғой деп ойладым» [9], — деп жазады.

*...Деп жазып жатты досың Үрімжіде,
Жоқтығым менің саған білінді ме?
Сағындым Шақпы өрлеген сол бір көшті,
Сағындым сол бір жастық күнімді де.
Әукенім естен қалай шығар менің,
Әсейін, Әбілхамит кемеңгерім.
Тар жолда жота жондай жаттым аңсап,
Шарғыным, қайран Іле, аяулы елім, —*

деп Үрімжіде абақтыда жатып өзіне сәлем арнаған сырлас, қаламдас досы Таңжарық ақынмен де Шарғын Құлжа қаласындағы бір бас қосуларында ағартушы Дәулеткелдінің қолқалауымен сөз қағыстырған екен.

Шарғын:

*Ей, Таңжарық, жез таңдай, әкең сенің Жолды ма?
Ел жайлауға көшкенде елмен бірге қонды ма?
Көргенім жоқ әкеңді, шапанды ма, тонды ма?
Шапан киіп, ат мініп, ел қатарлы болды ма?
Арандай ауыз ашып ең, ындының сенің толды ма?*

Таңжарық:

Сөз түріне қарашы, не дейді мына албаның,

*Қазбалап біраз тастады, ар жағы мен бер жағын.
 Әкем тектес кедейлер тістеп өткен бармағын.
 Мін тапайсың өзімнен, алтыннан ауыр салмағым.
 Шалқасынан түсірем, мені кекеп шалғанның
 Сонша неге зарладың, қаншалық шықты жармағың.*

Бұл жауаптасулардан екі ақынның да бірінен бірі артылып түсер жүйріктігі, шешен, тапқырлығы байқалып тұр. Демек, Шарғын айтыстары да іліп түсер, тіліп түсер, тап бергенін тайсатпайтын ұшқыр шешендік, шеберлікті еңселткен арын мен дарынды қамтиды.

Шарғын Өлғазыұлы айтыстың майталман жүйрігі болумен бірге өресі биік суреткер ақын. Оның суреткерлігі туған ел, өскен жерлері мен көркем табиғат суреттеріне арналған, көңілге әсер етерлік сұлу, тамаша лирикаларынан көрініс табады.

Ақын 1952 жылы жарияланған «Текестің салалары» деп аталатын ұзақ толғауында өсіп-өнген мекенін, оның көркем табиғатын үлкен сүйіспеншілік, терең тебіреніспен жырлайды.

Түрленіп жаратылыс жайнап әсем,

*Таңғалып барған адам қалатындай.
 Сұлудай көк шалғыны бұраңдайды,
 Үстіңе көк көрпесін жабатындай.
 Сайрайды аясында бұлбұл әнін,
 Қанатын шаттық күйге қазатындай.
 Басында Қонақайдың құр жайлауы,
 Малға құт шөп сонысын шалатындай.
 Ерменгі, Қарағантай, Көксу өзен,
 Еңбегі егіншінің жанатындай.
 Ақаяз, Шекіртті мен Ақаралға,
 Мұз дауан асуың бар биік жолда,
 Сен-дағы бір қосылмай қаласың ба-ай.
 Текестің жалпы жөнін атап өттім,
 Сипаты қарағанда дәл осындай [9].*

Бар табиғат тірі қалпында, өмір өз бейнесімен көз алдыға келетін бұл өлеңде Текестегі жиырмадан артық жер аты аталады. Бәрінің географиялық, жаратылыстық ерекшеліктері сөз болады. Яғни Текестің көркем қойнаулары, көкорай шалғыны мен ну орманы, тауы мен тасы, бұлағы мен өзені, жасыл жайлауы мен бау-бақшасы, егіс алаңына т.б. дейін келісті келбетімен тамылжыта суреттеледі.

Шарғынның бұл толғауы әйгілі бұлбұл көмей суреткер ақын Таңжарықтың Іле табиғатын аса ынтық көңілмен, ықыластана толғаған «Іле сипаты» атты лирикалық толғауымен өзектесіп жатады. «Іле сипатын» тұтас Іле аңғарының географиялық картасы десек, «Текестің салаларын» соның ішіндегі, яғни, Текестің шағын географиялық картасы десек те болғандай.

Бұл өлең сонымен бірге талантты суреткер, төкпе ақын Асылхан Мыңжасарұлының:

*Арасан, Арыстан мен Қастың басы,
 Борқора, Сары қабырға бергі басы.
 Ақкүңгей, Алтыөгізсай, Белқарағай,
 Шықпаған түрікпенен дабырасы... —*

деп басталатын «Жер-су толғауымен» де үндес жатқанын аңғаруға болады.

Қысқасы, Шарғын ақын да — Қытайдағы қазақ әдебиетінің дамуына өзіндік үлес қосқан озық ойлы, өресі биік, арыны күшті ақын. Шығармаларының көркемдік-эстетикалық өресі жоғары, тәрбиелік маңызы зор, өміршеңдік қуаты күшті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қабдолов З. Жебе. — Алматы: Жазушы, 1977. — 171-б.
- 2 Мәсімхан Д. Сарап. — Астана: Елорда, 2001. — 171-б.
- 3 Шарғын өлеңдері // Егемен Қазақстан. — 1994. — 23 желт.
- 4 Шарғын өлеңдерінен // Мұра. — Үрімжі, 2000. — № 4. — 58 б.
- 5 Толыбаев Қ. Шарғын ақын // Егемен Қазақстан. — 1994. — 23 желт.

- 6 Шарғын өлеңдерінен // Мұра. — Үрімжі, 2002. — № 1. — 79-б.
- 7 Шарғын өлеңдері // Алға. — Құлжа, 1949. — 14 мамыр.
- 8 *Алғазыұлы Ш.* Көш керуен. — Алматы: Жазушы, 1992. — 182 б.
- 9 *Әбдірахманов М.* Ақын Шарғын // Іле кеші. — Құлжа, 1998. — 21 қазан.

С.Ысқақұлы

Творчество Шаргына Алғазыұлы и казахская литература Китая

В статье рассматривается вклад поэта Шаргына в развитие национальной литературы, становление освободительных и демократических направлений в истории литературы казахской диаспоры, проживающей в Китае. С научной стороны автором проанализированы тематические, идейные и художественные особенности произведений поэта. Дана оценка реалистическому изложению существовавшей действительности того времени в поэзии Шаргына.

In article investigate the contribution of poet Shargyn to development of the national literature, formation of emancipating and democratic directions in the history of the literature of the Kazakh diaspora living in China. From the scientific party thematic, ideological and art features of products of the poet are analysed. The mark is given realistic presentation of poetry of the poet of the existing validity of that time.

УДК 070 (574): 17.02 + 81'27

В.Т.Абишева

Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова

Деонтология журналистики: к истории вопроса

В условиях политического, идеологического, научного плюрализма систем возникла потребность выработать комплекс норм и принципов, которыми руководствуется представитель журналистского сообщества в различных формах отношений: во взаимодействии с государством, с общественными структурами, коллегами, аудиторией и т.д. Исследование этих проблем входит в задачи сравнительно нового направления в журналистике — деонтологии. Необходимость развития этого учения становится всё более ощутимой и актуальной в процессе формирования информационного общества.

Ключевые слова: деонтология журналистики, история журналистики, деонтологические соображения.

Мир переживает переход от индустриального общества к информационному. Постоянный приток разнообразной информации становится важнейшим условием нормальной жизнедеятельности человека. В ситуации социального, политического, идеологического, научного плюрализма систем вопросы деонтологии оказались актуальными.

Понятие «журналистская деонтология» в научную среду еще только проникает, а среди практических журналистов и вовсе не употребляется. Между тем проблемы, которые она призвана изучать, а со временем и помогать в их решении, давно волнуют общественность.

Поскольку журналистика — профессия настолько же древняя, как и само человечество, можно предположить, что истоки ее деонтологии, как предметно-содержательного понятия, возникли как некий свод знаний о должном поведении создателя текста в глубокой древности.

В эпоху первоначального целостного видения мира, в чем можно убедиться, внимательно изучив системы знаний древности, представления о должных нормах поведения были нерасчлененными. Ученые обозначают это как своеобразный первоначальный синкретический энциклопедизм, т.е. «слитная, нерасчлененная в своем исходном, первоначальном состоянии всесторонняя образованность, глубокая осведомленность в различных областях знания» [1; 718]. Более того, специалисты находят, что на Востоке и в Древней Греции первоначально были едины и философия, и этика, и право, а вместе они давали людям целый комплекс практических наставлений. Впоследствии, по естественным законам, единое знание науки «распалось» на ряд самостоятельных отраслей.

Если проводить параллели, то можно констатировать, что о поисках, размышлениях, возможно, спорах ученых многих стран и народов свидетельствуют, в частности, вавилонские, египетские, индийские, китайские, арабские, русские и другие памятники старины. Они содержат важные мысли и высказывания о многих качествах, необходимых специалисту. Но только мыслитель и врач Гиппократ (ок. 460 — ок. 370 г. до н.э.) в своей знаменитой «Клятве», сохраняющей актуальность и в настоящее время, впервые сформулировал морально-этические и нравственные нормы профессии врача. Конечно, исторические и социальные условия, классовые и государственные интересы сменявшихся эпох, многократно трансформировали «Клятву Гиппократа». Однако и сегодня текст читается и воспринимается как вполне современный, полный поразительной нравственной силы документ.

Впервые термин «деонтология» (от греч. *deontos* должное и *logos* — учение) появился в вышедшей в 1834 г. книге английского философа, юриста, родоначальника утилитаризма Джереми (Иере-

мия) Бентама «Deontology or the science of morality», что в прямом переводе означает «Деонтология, или наука о морали». И.Бентам употреблял его для обозначения учения о нравственности в целом. Хотя ряд исследователей считает возможным перевести термин «morality» и как «принципы поведения». Позже деонтологию стали отличать от аксиологии — учения о моральных ценностях.

В этой работе и в другой, вышедшей ранее, в 1789 г. — «Введение в основания нравственности и законодательства» Бентам обосновал важность индивидуальных и общественных интересов в целях достижения всеобщего согласия и утверждения добродетели, сочетания пользы с удовольствием: «Под деонтологией в самом широком смысле слов понимается тот вид искусства и науки, который направлен на совершение во всех случаях правильных действий и того, что должно быть сделано» [2; 203].

Профессиональная направленность концепции Бентама смогла придать моральный аспект профессиям, так или иначе связанным с коммуникативной ситуацией. В этом заключается непреходящая ценность идеи и новаторство его учения.

В научной литературе конца XIX – начала XX вв. можно встретить узкое толкование понятия «деонтология»: как раздела этики, в котором рассматривались проблемы долга и вообще должного, т.е. всего того, что могло выражать требования нравственности в форме предписаний. Эта трактовка близка и некоторым современным ученым. Так, А.А.Князев также относит это понятие к сфере этики, где подвергаются анализу проблемы долга и ответственности, нравственные принципы поведения [3; 33].

«Однако понятие «деонтология» стало в этике не очень нужным. Не случайно оно почти исчезло из словаря специалистов по этике. Тем не менее идея особой науки под названием «деонтология» не умерла, продолжая «тайную» жизнь. «Инкубационный период» продолжался долгие десятилетия, и в конце концов «деонтология» обнаружилась как важный раздел наук, обращенных к различным сферам социальной практики (от медицины до спорта)», — так описывает этапы становления этой молодой науки Е.П.Прохоров [4; 242].

Безусловно, внутренняя связь деонтологии с этикой сохранилась, независимо от того, о какой социальной сфере, о какой профессии бы ни шла речь. И это понятно, ибо долг, справедливость, совесть и честь, представление о добре и зле, наконец, о счастье и смысле жизни — категории этические.

В начале пятидесятых годов прошлого века советский хирург-онколог академик Н.Н.Петров предложил ввести в медицинских вузах курс «деонтологии», в рамках которого рассматривались нормы отношений «врач-врач», «врач-больной», «врач-родственники больного» и т.д. Он же впервые ввел определение медицинской деонтологии. Ученый считал, что «деонтологические соображения должны пронизывать всю хирургическую работу, все ее отделы, как начертание букв, орфография и грамматика пронизывают всю литературную работу. Отсюда понятно — до какой степени важно, чтобы хирурги становились полноценными врачами, т.е. брали на себя заботы по лечению не только тела, но и души своих пациентов, посвящали бы им не только всю полноту своих знаний, но и свои лучшие душевные движения, и свои доброжелательные заботы» [5; 104].

В этот период начались оживленные дискуссии о предмете и структуре новой науки, стали появляться научные исследования по вопросам медицинской деонтологии, которая понималась советскими медицинскими работниками как учение об ответственности, о высоком гуманном долге не только перед больными, но и перед всем народом. На вооружение было взято все лучшее, заслуживающее внимания, накопленное в мире в этой области знаний в прошлые десятилетия.

В сводном итоговом двухтомнике «Деонтология в медицине» ее предметная сфера характеризуется так: «Деонтология должна рассматриваться как наука о моральном, эстетическом и интеллектуальном облике человека, посвятившего себя благородному делу — заботе о здоровье человека, о том, каковы должны быть взаимоотношения между медиками, больными и их родственниками, а также между коллегами в медицинском коллективе и целыми учреждениями, участвующими в борьбе за жизнь и здоровье людей» [6; 21].

Новое учение продолжало углубляться и расширяться на основе гуманизма и морали. В настоящее время медицинская деонтология наиболее разработана как самостоятельная наука.

Научные изыскания показали, что аналогичные вопросы рассматривались исследователями и по другим социально ориентированным отраслям. По уровню исследований «на втором месте» после медицины находится сегодня юридическая деонтология. Она определяется как «отрасль юридической науки, обобщающая (интегрирующая) систему знаний о мудрости общения и искусстве принятия правильных решений в юридической практике, то есть наука о поиске атмосферы достижения необ-

ходимого, истинного результата в общении юриста как с коллегами, так и с теми, кому предоставляет свои профессиональные услуги и кого должен обслуживать правовыми средствами в процессе реализации им своего правового статуса» [7, 8].

Российский ученый В.М.Кукушин сравнивает деонтологический кодекс национальной полиции Франции с законом о милиции, с критериями оценки полицейского в Нью-Йорке, где собственно этические нормы соседствуют с требованиями к внешнему виду, к коммуникативным умениям, интеллектуальным качествам, а также способности к профессиональному общению и навыкам применять знания в конкретной ситуации и т.д. [8; 120].

Развивающееся учение тесно соприкасается и с социальной психологией, и с другими науками по социально ориентированным отраслям. Деонтологические концепции в области педагогики, психологии недостаточно разработаны.

Характерно, что педагогическая деонтология рассматривается учеными как наука об «идеалах и ценностях воспитательной деятельности», «о должном, о требованиях, обязанностях, нормах и максимах в деятельности самих воспитателей как своеобразном отражении социальной необходимости, потребности общественного прогресса», о запретах, побуждениях, разрешениях в отношении воспитателя к своей деятельности, воспитуемому, другим воспитателям и воспитательным учреждениям к обществу. Некоторые авторы уравнивают педагогическую деонтологию и педагогическую этику, рассматривая ее как «нормативно-ценностную регуляцию» воспитательной деятельности и в то же время исключая из рассмотрения «организационно-технические нормы» [9; 4, 6, 10; 15].

Широкое употребление термина применительно к направлению деятельности находим и в пособиях по управленческой этике, этике бизнеса, менеджмента и т.п.

Изучение методологических основ деонтологии как научной дисциплины позволяет предположить, что в силу «молодости» научного направления, отсутствия комплексных целенаправленных теоретических исследований, определенной систематизации знаний, глубоких обоснований и практических наработок в полной мере она не сформировалась. Разные исследователи в разные годы высказывают неоднозначные мнения по вопросу о функциях, задачах, направлениях, категориях данного учения.

Проблемы науки как социальной целостности с точки зрения деонтологии освещены в литературе мало. Понятие «деонтология науки» «деонтология научного творчества» в научно-философском обороте с относительно недавнего времени встречается в статьях И.И.Валишиной, которая предлагает проводить дальнейшую разработку и развивать концепцию деонтологии науки в соответствии с определенным стилем научного познания, т.е. в контексте определенной методологии. В этой связи наиболее важным и существенным в современный период является один из ключевых аспектов деонтологии науки, рассматривающий меру ответственности ученых за результаты научной деятельности. В современном мире серьезные эксперименты уже не могут осуществляться только одним ученым, без привлечения специалистов других областей науки.

Принципы и нормы деонтологии имеют прямую связь с уровнем социально-экономического развития общества, с общественно-политическим строем государства, образом жизни, менталитетом народа, его национальными и религиозными традициями. Деонтология (и в узком, и в широком смысле этого понятия) в равной мере применима к любой профессиональной деятельности, которая связана с работой, людьми и не может быть вне морали.

Анализ показал, что в каждой специальной дисциплине можно увидеть две части: одна касается осведомленности, компетентности специалиста, необходимости изучать, хорошо знать основные положения нормативных документов, касающихся его профессиональной деятельности и регламентирующих его поведение как специалиста; другая относится к моральным качествам профессионала.

В этом плане, на наш взгляд, деонтологию можно включить в список универсальных дисциплин, тесно связанных со смежными науками.

В то же время можно предположить, что интерес специалистов многих областей социальной практики к данному научному направлению долгие годы был невелик, о чем свидетельствует библиографический список, включая и научные издания «дальнего зарубежья», который удалось составить за долгие годы занятия интересующей нас проблемой.

На так называемом постсоветском пространстве изучением этой проблемы занимается и наиболее принципиально в последнее десятилетие ставит вопрос о необходимости основательной разработки данного направления в журналистике российский ученый Е.П.Прохоров.

«Если предположить, — считает он, — что здоровье человека: и духовное, и даже физическое — может зависеть от публикации в СМИ, то, безусловно, важны исследования в области журналистской деонтологии. Хотя, на первый взгляд, деонтология рассматривается как часть этики, принципиально важно, что деонтологические нормы связываются с главным — выполнением долга перед читателями и обществом. На наш взгляд, пока недостаточно научных исследований в этом плане о молодой науке журналистике» [10; 28].

В ряде своих научных трудов он неоднократно подчеркивает отсутствие в настоящее время каких бы то ни было серьезных исследований. Пока идет «сбор материала», «деонтология рассматривается то в связи с одной из сфер нормотворчества и нормоприменения (или этики, или права и т.д.), то применительно ко всей совокупности норм (этика + право + ...), то как область «на стыке» разных норм (в частности, этики и права) [10; 47].

С ним согласен и другой ученый — Е.А.Вагнер: «Этико-деонтологические аспекты пока освещены в литературе относительно мало и не имеют достаточно строгой регламентации» [6; 164].

В связи с этим, как считают и другие исследователи, настало время «сложить» все эти подходы и «записать» за деонтологией все, что связано с характеристикой «обязанностей» журналистов, «должного поведения» работников СМИ.

В соответствии с этой позицией все исследования, которые так или иначе касаются проблемы сочетания личного и общественного в отечественной журналистике, включая вопросы профессиональной этики, могут быть отнесены к деонтологии.

Несмотря на появляющиеся научные статьи, свидетельствующие о небольших сдвигах в изучении проблем, которые хоть как-то можно приблизить к теме журналистской деонтологии, другие российские исследователи, а также ученые стран так называемого «ближнего зарубежья» отмечают недостаточность теоретической разработки в этом, да и в целом ряде других актуальных вопросов журналистской науки.

Многие ученые, говоря о малоизученности и необходимости разработки данной проблемы, подчеркивают, что любые попытки, даже частичные, интуитивные, содержат крупинцы знания. Эти знания, безусловно, потребуют систематизации.

Высказывая свою точку зрения на проблему, Прохоров связывает сам термин применительно к журналистике, с общей проблемой долженствования, изучаемой молодой наукой деонтологией и предлагает использовать предельно широко: и применительно к самому «полю долженствований», и для обозначения «науки о системе долженствований», и для описания «совокупности норм», действующих в сфере СМИ, и для характеристики реального и должного характера осознания норм в профессиональной среде.

В то же время задача развития журналистики не может быть ограничена «технологическими аспектами» и правовыми нормами. Чрезвычайно актуальной сегодня является проблема формирования профессиональной культуры журналиста, воспитания чувства долга и ответственности профессионала перед обществом и конкретным адресатом за результат своего труда.

Наш подход к рассмотрению проблемы заключается в том, что принципы долженствования, правовой, нравственной, а также речевой ответственности должны системно, в совокупности рассматриваться в аспекте деонтологии как идеальные регуляторы журналистской деятельности и одно из главных условий качества, эффективности и результативности журналистского произведения как продукта творчества.

Вопрос особенно актуален в настоящее время, когда журналистика становится отражением дисгармонии социальных связей, нестабильности положения человека в мире.

Возможность осуществления этих принципов основывается не только на осознании журналистами своей роли в обществе, не только на повышении ими этической и правовой культуры, т.е. интерпретации прецедентов на грани норм законодательства и этики, но и на обеспечении наибольшего эффекта в достижении поставленных коммуникативных задач.

Чтобы журналистское произведение стало действенным и результативным, чрезвычайно важен высокий уровень культуры речи создателя медиатекста. При этом серьезные требования должны предъявляться как к содержательной стороне деятельности, так и к форме изложения материалов. Эффективность журналистского произведения может зависеть от умения правильно, ясно, точно, логично выразить свои мысли, не только привлечь внимание, но и воздействовать на слушателей.

Причем речь журналиста — это своеобразная характеристика профессиональной пригодности, отражение не только уровня его личной культуры, но и уровня культуры того средства массовой информации, в котором он работает.

Следовательно, с учетом наиболее существенных закономерностей развития современных средств массовой коммуникации структуру журналистской деонтологии, на наш взгляд, следует рассматривать как синтез равнозначных аспектов:

- правового, который связан с осознанием норм действующего законодательства в сфере средств массовой коммуникации Республики Казахстан и ответственности журналиста за их соблюдение;
- этического, проявляющегося в контактах журналистов, в их взаимодействии с разными группами лиц при подготовке к творческому процессу, при обработке фактического материала;
- вербального, который связан с собственно творческой стадией процесса: общением журналиста с адресатом, литературным оформлением текста и используемых для этой цели понятий и образов, а также лексических, стилистических и композиционных средств.

Право, этика, культура речи не просто сосуществуют в массово-информационной сфере, но активно взаимодействуют друг с другом. В результате складывается гибкая система норм и принципов. Ее основными функциями являются регулирование поведения участников массово-информационного процесса, их защита и самозащита, сохранение идейной и организационной целостности журналистской корпорации, согласование практики СМИ с интересами общества и его граждан.

Нормы в журналистике — это основной механизм координации, упорядочения, поддержания, регламентации и многообразных редакционных отношений и взаимодействий групп и их представителей.

В этой связи деонтология может рассматриваться как модель науки о нормах профессионального поведения человека, который в силу своей социальной роли наделен властными полномочиями и призван реализовать их в интересах общества и конкретных граждан в рамках этики.

Применительно к журналистской деятельности термин «деонтология» понимается как комплекс норм и принципов, которыми руководствуется представитель журналистского сообщества:

- во взаимоотношениях с коллегами для поддержания морально-нравственного климата в коллективе;
- во взаимодействии с властными структурами при решении общих — глобальных и узкоконкретных задач по строительству молодого государства и воспитания граждан в духе любви к Родине и преданности традициям и культурным ценностям;
- во взаимоотношениях с аудиторией, выполняя соответствующие профессиональные обязанности с учетом морально-этических и правовых норм и правил, составляющих понятие журналистского долга.

Предмет деонтологии журналистики, к сожалению, не изучается в высших учебных заведениях как самостоятельная дисциплина. Между тем в этом явлении заложены ответы на многие вопросы, которые по частностям, по деталям рассматриваются вместе с другими темами в процессе обучения теории журналистики.

Изучение дисциплины через призму деонтологии, на наш взгляд, поможет открыть некоторые пути совершенствования знаний, практики журналистов, что особенно важно в современный период. Необходимость развития этого учения становится все более ощутимой и актуальной в процессе формирования информационного общества.

В этой связи нельзя не согласиться с мнением профессора Ш.И.Нургожиной, которая пишет: «В Республике Казахстан до настоящего времени остается актуальной задача исследования журналистики и журналистской деятельности, поскольку современная практика средств массовой информации предоставляет богатый материал для выявления закономерностей и тенденций развития этой важной части общественной жизни государства».

Журналистская наука — журналистиковедение имеет непреходящую теоретическую ценность, так как создана база для фундаментальных исследований, комплексности разработок, заложена теоретико-методологическая основа» [11; 220].

Современная журналистика как важнейшая органическая часть социальной системы ставит новые задачи перед отечественной наукой.

Список литературы

- 1 *Ожегов С.И. и Шведова Н.Ю.* Толковый словарь русского языка / Российская академия наук, Ин-т русского языка им. В.В.Виноградова — 4-е изд., доп. — М.: Азбуковник, 1999. — 944 с.
- 2 *Рыскельдиева Л.Т.* Деонтология в истории философии. — Симферополь: Таврия, 2004. — 384 с.
- 3 *Князев А.А.* Энциклопедический словарь СМИ. — Бишкек: Изд-во: КРСУ, 2002. — 164 с.
- 4 *Прохоров Е.П.* Журналистика и демократия. — М.: Изд-во РИП-холдинг, 2001. — 296 с.
- 5 Деонтология в медицине: В 2 т. Т. 2. Частная деонтология / Вихляева Е.М., Гамов В.П., Горшков С.З.; Под ред. Б.В.Петровского; АМН СССР. — М.: Медицина, 1988. — 416 с.
- 6 Деонтология в медицине: В 2 т. Т. 1. Общая деонтология / Белорусов Р.С., Бочков Н.П., Бунятян А.А.; Под ред. Б.В.Петровского; АМН СССР. — М.: Медицина, 1988. — 352 с.
- 7 *Горшенев В.М., Бендик И.В.* Юридическая деонтология. — Киев: Наук, думка, 1988.
- 8 *Кукушин В.М.* Полицейская деонтология. — М., 1994.
- 9 *Бахитановский В.И., Согомонов Ю.В.* Деонтология и праксиология воспитания. Вып. 1. — Тюмень, 1989.
- 10 *Прохоров Е.П.* Журналистская деонтология: итоги, проблемы, перспективы // Вестник Моск. ун-та. Сер. 10. Журналистика, 1997. — № 1.
- 11 *Нургожина Ш.И.* Деловая журналистика Казахстана: Учеб. пособие. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2006. — 222 с.

В.Т.Әбишева

Журналистиканың деонтологиясы: мәселе тарихы жайлы

Саяси, идеологиялық, ғылыми плюрализм жүйесі жағдайында журналистік қоғамның өкілдеріне әр түрлі қарым-қатынастар мен қағидалардың нормалық кешенін қалыптастыру қажеттілігі туындайды: мемлекетпен, қоғамдық құрылымдармен, әріптестермен, аудиториямен және т.б. Бұл мәселелер журналистикаға кіріспенің жаңа бағыты бойынша — деонтологияда зерттеледі. Ақпаратты қоғамды қалыптастырудағы үрдісте бұл мәселені оқытудың өзектілігі мен маңыздылығы күннен күнге артып келе жатыр.

In conditions of political, ideological and scientific pluralism of systems there is a need of developing a set of norms and principles which may be incredibly useful among any kind of media representatives in different ways, such as an interaction with government, public organizations, colleagues and audience, etc. The research of these problems is a part of an aim of a comparably new area in journalism — deontology. The necessity of developing this study becomes more important and urgent in the process of information society formation.

ӘОЖ 94:821.512.122

М.І.Әбдуов, Т.Б.Қазбеков

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Сегіз қырлы, бір сырлы телегей дарын иесі Құлтума ақын туралы құнды зерттеу^{*}

Белгілі ақын Құлтума Өтемісұлының өмірі мен қызметін қорытындылауға талпыныс жасалған. Оның ХІХ жүзжылдықтың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы қазақ поэзиясы дамуына қосқан үлесі қарастырылды. Өзінің айрықша таланты мен шешендік қабілетінің нәтижесінде жеңіске жетіп отырған айтыстарына ерекше назар аударылды.

Кілтті сөздер: шынайы шығармашылық, парасат тұрғысынан пайымдау, қаламгер шығармашылығы, ғылыми-әдеби монография, қазақ жұрты, мұрағат, ғылыми тұрғыда, дәйекті, би-шешендер, ақын-жыраулар, өнер адамдары, өнер туындылары.

Қазіргі кезде, егемендігіміз нығайған тұста, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің кешегісі мен бүгінгісін мейлінше әділдікпен, шынайы шығармашылық парасат тұрғысынан пайымдау уақыты туған шақта, әдеби мұраларымызды байыппен саралап, тереңдей зерттеп, ақиқаттың алақанына салу қажеттігі алға тартылып отыр. Замана міндеттерінің бірі — бұрын-соңғы әр түрлі дәрежеде зерттелген мәселелерге, қаламгер шығармашылығына қайта айналып соғып, оларға жаңа заманның, тәуелсіз ой-парасаттың тұрғысынан лайықты бағасын беру. Осы келелі міндеттерді шешуде қол жеткізілген бір құндылық — туғанына 175 жыл толуына орайластырылып шығарылған белгілі ғалым, қаламгер, академик Рашит Әл-Каренидің (Кареновтің) «Ойы ұшқыр, өлеңі сұлу Құлтума ақын» атты ғылыми-әдеби монографиясы [1].

Монографияда кеңдігін де, елдігін де, кемеңгерлігі мен көсемдігін де сөзге сыйғызған қазақ жұртының тарихы мен тағдырын, тәлімі мен тәрбиесін, даналығы мен даладай көңілін сиқыр сөзге ұштастырып жырлаған Құлтума Өтемісұлы туралы өзекті ойлар кең көлемде, мол мұрағат деректер негізінде, ғылыми тұрғыда дәйекті зерттеліп жазылған.

«Ер есімі ел есінде» демекші, қазақта бағасын ұлылардың қатарынан баяғыда алған қадірменді бабаларымыз қаншама. Ел ұйытқысын сақтау үшін кіндік қаны тамған қасиетті отанын қара бұлттай төнген алакөз жаулардан қасықтай қаны қалғанша қорғаған батырларды, ағайын-жұрт арасында ауызбіршілік пен ынтымақты ту етіп көтерген би-шешендер мен ақын-жырауларды, өнер адамдарын халық әрқашан құрметтеген, ардақтаған, қастерлеген.

Әрбір өнер туындыларының өз шебері, жасаушы өнерпаздары болатыны, ешбір өнер туындысының көктен даяр күйінде түспейтіні әркімге ақиқат. Сондай-ақ қазақ поэзиясын жасаушылар да өз халқының арасында туып-өскен елінің талантты перзенттері. Әр тұста ағаштан түйін түйіп, қыш пен тасқа ою ойып, мәрмәрден мүсін салған шеберлер сияқты сөз кестесін құра білген, тіл құдіретін игерген асыл сөз шеберлері болған. Оларды халық әр түрлі атаулармен атап, қадірлеген. Солардың ішінде қазақ ауыз әдебиетінің айтыс жанрының жақұттай жарқыраған жұлдызы Құлтума ақынның тұрары хақ. Құлтума Өтемісұлының есімі қазақ әдебиеті тарихында төкпе ақын,

^{*} Рашит Әл-Карени (Каренов). Ойы ұшқыр, өлеңі сұлу Құлтума ақын. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011. — 176 б.

әйгілі әнші, дарынды композитор ретінде ерекше аталады. Ол — Біржан сал мектебінен тағылым алып, оның өнерін әрі қарай жалғастырғандардың бірі.

Ақын Құлтуманың шығармашылығы жөнінде жеткілікті деңгейде терең деуге болатын зерттеулер көп емес. Бұдан Құлтума ақынның мұрасы мүлде елеусіз қалды деген ұғым тумаса керек. Ақынның өмірі мен өлеңдерін таныстыруға, талдауға арналған мақалалар кейінгі жылдары көбірек жарық көре бастады.

Құлтуманың творчествосын (шығармаларын) барынша қадағалап, жинастырып, зор еңбек еткен адам — академик Ахмет Жұбанов. Оның бұл ретте үлкен зерттеушілік жасағанын атап айтқан жөн.

А.Жұбанов өзінің көп жылдар бойында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесі — «Заманама бұлбұлдары» атты кітабында, әнші Қосымжан Бабаков туралы берілген әңгімесінде, Құлтумаға байланысты мынадай қызық деректер келтірген: «Қосымжан Бабаков берген Құлтуманың, Біржанның, Ғазездің, Қапаштың, Ақан серінің әндерін осы жолдардың авторы да Латиф Хамидимен бірігіп жазған «Абай» атты операсында пайдаланды... Қосымжан шын мәнісінде әннің, оның тарихының шежіресі, мұрағаты болатын. Қайта біз өзіміздің әлі де арылып болмаған надандығымыздан оның көптеген асыл әндерін, әдемі ән айналасындағы әңгімелерін жаза алмай қалдық. Соның өзінде де ол осы жолдардың авторына Құлтуманың, Қапаштың, Балұан Шолақтың, Жаяу Мұсаның, Ғазездің, Ыбырайдың, Біржанның, Ақанның біз естімеген көптеген әндерімен қатар, олардың өмірбаяндарына, өлеңдеріне қатысты талай деректер беріп кетті. Кеңестік музыка зерттеу ғылымы үшін ол үлкен қолқабыс деп қарау керек» [2].

Құлтуманың «Шабыт шақыру», «Бір ақынға», «Термелер», «Билер жөнінде», «Өмір туралы», «Қарттық жөнінде» деген белгілі термелері, өлеңдері, нақылдары әр жылдары шыққан «Бес ғасыр жырлайды» [3], «Жеті ғасыр жырлайды» [4], «Шешендік шиырлары» [5], «Беташар: Той-томалақ кітабы» [6; 199,200] деген жинақтарда жарияланды.

Бізге жеткен осы бір азғантай ғана мұралар мөлдірлігімен, таза тілімен, дүниені, болмысты образды ойлар арқылы бейнелеуімен, ақындық ойлау жүйесінің ассоциациялық байланыстарға жүгіну шеберлігімен, поэзиялық лексикасымен ерекшеленеді.

Автор аталмыш еңбегін «Ойы ұшқыр, өлеңі сұлу Құлтума ақын» деп атауы да сондықтан болар. Ақынның шығармашылық туындылары тақырыбы жағынан алғанда, моральдық-эстетикалық сипаты күшті, ал әлеуметтік қырынан қарастырғанда, өз заманының қара нардай шөгіп жатқан қырсықтарына қарсылық жасайды. Халықтың қанын сорған ел билеушілерінің іс-әрекетін аяусыз суреттейді.

Автордың пайымдауынша, ақынның ғибратты, парасатты ойға құрылған нақыл-термелерінде мағыналы, сұлу тіршілік кешуге үндеушілік бар. Ақын өз шығармаларында жақсы адамның «аты арып, тоны тозбайтынын», яғни халықтың этикалық кодексін алға тартады.

Автордың зерттеп көрсеткеніндей, XIX ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулардың ішінде Құлтума ақынның қазақ әдебиетінде алатын орны алабөтен. Ақ жаңбырдай ақтарылған ақпа ақынның телегей-теңіздей бұрқанған талантына өз тұтастары да, кейінгі ақын-жыраулар да бас иген. Әрі ақын, әрі әнші, әрі композитор Құлтума Өтемісұлы — сегіз қырлы, бір сырлы талант иесі болған.

Монографияда ақынның айтыс-қағыстары, өлең-жырлары, музыкалық шығармалары халқымыздың өнерін, даналығын танытқандай, ұрпақтар ғибрат алғандай асыл мұра, әдеби қазына екендігі жоғары пафоспен паш етілген.

Автордың байқағанындай, қазақ әдебиеті мен өнерінің тарихында өздерінің ерекше шығармашылық қырларымен көзге түсетін бір топ ақын-композиторлар бар. Олар: Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Балұан Шолақ т.б.

Қазақтың бұрын-соңғы сал, сері ақындарының дәстүрін жалғастырып, поэзия мен музыканы шебер ұштастыра біліп, оны жаңа көркемдік мазмұнымен толықтыру да, қалың бұқараның ой-армандарын білдіретін өршіл сарындармен байланыстыру да бұл ақындардың шығармашылық дүниесінен мол табылады. Солардың қатарында тұрғандардың бірі, белгілі айтыс ақыны — атақты Құлтума Өтемісұлы. Өкінішке орай, қазақтың XIX ғасырдың екінші жартысында және XX ғасырдың басында жасаған әйгілі ақындарының бірі, сазгер әрі әнші Құлтума күні бүгінге дейін әдебиет тарихының шежірелі жинағынан қалыс қалып келген еді. Мұның басты себебі — тоталитарлық жүйе негізіндегі, өткен мұраға деген теріс көзқарас нәтижесінде, ақын мұрасының жөнді жинастырылмай қалуы болатын. Сондықтан автор ардақты өнер иесінің мерейтойына орай біздің заманға жеткен азды-көпті мұрасын бөліп-жармай, тұтасымен жариялауды жөн көріпті. Халқымыздың өткен ғасырлардағы әдебиет әлеміне көз салсақ, бірқатар жыр дүниелері ежелгі жыраулық, ақындық

дәстүрде танылса, біразы әнші-ақындығымен, әнші-жыршылығымен бой көрсетеді. Кейбіреулері тұтқиылда қолма-қол өлең сайысына түсер айтыскерлігімен танылады.

Автордың пайымдауынша, айтыс — қазақ халқына Алланың берген таңғажайып тартуы. Бойына бірнеше өнерді топтастырған синкретті жанрдың табиғаты ауызша жаралып, ұрпақтан ұрпаққа ауызша таралып келеді. Бұл өнердің тағы бір кереметі — талай азуын айға білеген ұлттардың ауызша қалыптасқан дәстүрлері жаңа заманның қомағай көмейіне жұтылып кетіп жатқанда көштен қалмай, жазу-сызу дамыған XX ғасырда да, электронды технология қарыштаған XXI ғасырда да өзінің кез келген жағдайға бейімделе алатынын дәлелдеп берді. Оны аман сақтап тұрған тамыры тереңге кеткен ақындық мектептердің іргетасының беріктігі болса керек.

Өткен ғасырларда қазақ даласының әр аймағында дамыған ақындық мектептер болды. Олардың көш басында айтулы айтыс ақындары тұрды. Мәселен, Сүйінбай, Құлмамбет, Майкөт, Жамбылдар бастаған Жетісу ақындарының мектебі; Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Тұрмағамбет, Нартайлар бастаған Сыр сүлейлері мектебі; Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Жанақ, Орынбай, Кемпірбайлар бастаған Арқа сал-серілері мен ақындары мектебі; Абыл, Нұрым, Қашаған, Ақтандар бастаған Маңғыстау ақындарының мектебі; Майлықожа, Мәделіқожа, Құлыншақ ақындар бастаған Қаратау ақындары мектебі бабалар мұрасының бүгінде қаймағы бұзылмай жетуінің алтын көпірі бола білді.

Қорғалжын-Теңіз аймағы да ежелден ән мен күйге, өлең-жырға өте бай екені қашаннан белгілі ғой. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырда өмір сүрген атақты ақындар, жыршылар, шежіре таратушылар, имандылықты уағыздаған дастандарды, қиссаларды айтушылар осы маңай тұрғындарының сүйіктілері бола білген. Олар — әрі батыр, әрі ақын Тоқа, ақын-жырау Досмағамбет қожа, Үлебай ақын, күйші-жыршы Бікірдің Илиясы, майталман ақын Түсіп, атақты суырып салма ақын Шаймерден. Және бұл аймақ Мариям Жагорқызы (М.Рекина) мен Рабиға Есімжанова, Қосымжан Бабақов пен Жұмабике Серікбаева сынды саңлақтарды өмірге әкелген өңір.

Бір ерекше айта кететін жайт, ерте кезде ел аралап, талай тойда өлең айтқан, сан айтыста сараман жүйріктікпен жұлде алған ақындардың көбінің-ақ өлеңі хатқа түспей, бірте-бірте ұмытылған ғой. Құлтума мұрасы да дәл осындай халге душар болған. Автордың топшылауынша, бізге жеткені оның ағыл-тегіл төккен жырының жұрнағы ғана болуы мүмкін. Бірақ осының өзінен де айтулы өнер иесінің тіл кестесі, сөз өрнегі танылғандай.

Құрманғазы, Біржан сияқты өмірде қанша қорлық көрсе де өз орындарын сезіп кеткен жандардың бірі осы Құлтума. Бұған ел аузында әнге тіркеп айтып жүрген:

*Сұрасаң, менің атым — Құлтума-ды,
Момыннан Құлтумадай ұл тұмады.
Қолға алып домбыраны шырқағанда,
Тамсанып, шіркін, көмей бұлтылдады! —*

дейтін әншінің өзі салған автопортретіндей, оның асқақ ойын, асқан талантын, асқардай дауысын, асқақ үнін, өмірде анау-мынауға имейтін алтын басын бір шумақ өлеңмен беріп тұрған сөзі дәлел.

Құлтума жас кезінен өлеңдегі көркем сөз ұйқасын, айтылу, естілуін, орындаудағы екпін ырғағын дыбыстың сан алуан толқындарына бағындырған. Оның шығармаларында мағынасыз жолдар, орынды, орынсыз көркем сөздің артық-кем ұйқасы жоқтың қасы. Әрбір сөз орнында, өзіне ғана тән мағыналық қызметін атқарып, жарастық тапқан. Ақын-композитор адам жанының ең бір түкпірінде жатқан құпия сырларын қозғайтын әдемі, үнді, ойнақы сөздер мен дыбысты шебер мәнерлей біледі. Артистерге тән сан алуан құбылмалы мінез Құлтуманың өлеңдеріне әсерін тигізбей қоймайды. Оның жүріс-тұрысының шапшаң, түрлі өзгерістерге лезде ұшырауы бірде қайралған қылыштай өткір, кейде қалжың-әзілі аралас, кейде терең философиялық мағынаға тән жырлардың пайда болуына әкеліп соғады. Ақын поэзиясына өмірдің, адамның жарастықты көркем көріністері, жастықтың нәзік сезім күйлері, сыршылдық тән.

Құлтума Өтемісұлы — өзі жасаған заманның перзенті, өзі өмір сүрген дәуірдің өнерпазы: ақыны, әншісі, композиторы. Өнер адамының өрге жүзуі өз бойындағы творчестволық күшке, өзі өскен ұлттық ортаға, өнер-білім дәнін сепкен жанға рухани азық беріп, ой-қиялын дамытқан туысқан халықтардың озық адамдарының ізгі ықпалдарына тығыз байланысты. Асылы, қазақ топырағындағы озық бұқарашыл идеялардың қарыштай дамуының ең күшті себебі өркениетті елдер мәдени жетістіктерінің арқасы, XIX ғасырдың екінші жартысында жасаған революцияшыл демократтар идеясына сүйенген орыстың бай классикалық әдебиеті, өнері. Шоқан, Ыбырай, Абайларды туғызған әдеби орта қандай десек, Біржан, Ақан, Құлтума, тағы басқа өнерпаздардың жетістіктері де сол қауымға ұштасады. Ұлы Абай қазақ поэзиясында жаңалық жаршысы болып, оның реалистік бетін

ашса, музыка өнерінің қазақ топырағындағы жаңа бағытын Біржан, Ақан, Құлтума бастап береді. Бұлардың өнерімізді дамытудағы әсерлері, олардың өскен орталары, алған өнегелері, творчестволарының қайнар көзі — бәрі сабақтас.

Кезінде Құлтума ақын өз бетімен ізденіп, өнеріне жаңа ырғақ, әуен тауып, оны халқының керегіне жұмсай білді. Көршілес елдер, халықтар өмірімен танысты. Қазақ елінің біраз қалаларында болды. Көп нәрсені көріп білді, құлағына жаңа үн ырғақтары сіңді. Елі-жұртынан бөлініп, қалың қара шаруа тобынан оғаштанған уақыты болған емес. Өзінің дер шағындағы талант табыстарын түгел дерлік жас ұрпаққа арнап, солардың жүректерін тебірентер тамаша туындылар жасады. Жоғары адамгершілік идеяларға толы өміршең поэзия, асқақ та әсем ән әуендерін қалдырды. Жастық шақтың кеудені керген армандарын, басына түскен мұңын, адамның жан сұлулығын, мөлдір махаббат сезімдерін жылуы мол жалынды жырмен толғап, әсем әуенмен аспандата әндетті. Көптеген сазды, сәнді лирикалар қалдырды.

Құлтума поэзиясының асыл арнасы қазақ халқының бай ауыз әдебиетінде, музыкалық фольклоры қазынасында жатыр. Жасынан ел аралап ділмар шешендермен кездесіп, сөз сымбаттарын үйреніп, шешендік дәстүрлерін игереді. Төкпе ақындар өнеріне де жетік болып, талай айтыстарға қатысады.

Қазақтың ақындар айтысы — қазақ халқының өлең өнері мен ақындық шабыт шалымының салтанатты көрінісі. Суырып салма ақындар мен төкпе жыраулардың көп алдындағы нақ майданда өнер көрсететін сахнасы.

Ақындар айтысының мазмұны сан-салалы, онда: салт жырлары, махаббат лирикасы, алма-кезек сайысқан өткір сын, ойнақы әзіл-қалжың, жұмбақ өлең, ата өлең, тау өлең, қара өлең, қайым өлең сияқты өлең түрлерінің бәрі айтылады.

Қазақ арасында айтыстың өрісі өте кең. Ол бала туған шілдехана тойынан бастап, ұлы дүбір мерекелердің бәрін өткізіп отырады. Жастарды сөз өнеріне баулитын жаттығу сипатты айтыстар кең өріс алған. Айтыс — қазақ халқының ақындық өнерінің тамаша дәстүрі және ақындыққа баулып шыңдайтын мектеп.

Құлтума Өтемісұлы — аса дарынды айтыс ақыны. Құлтуманың айтыстары мол болуы да мүмкін, алайда бізге жеткендері көп емес.

Ол кезінде Шөже, Орынбай ақындардан тәлім алып, олармен сөз сайысына түскен. Біржан салмен өнер жарыстырып, жақын қарым-қатынаста болған. Біржан сал Құлтумаға ұстаз, жан аямас асыл дос ретінде қазақ әнінің табиғаты мен оның кисапсыз құпия құбылыстары туралы ақыл-кеңестер беріп отырған.

Қолжазба деректеріндегі сипаттауларға жүгінсек, Құлтума ұзын бойлы, жазық мандайлы, қыр мұрынды, көзі мойылдай қара, кеудесі шалқак, жарқын жүзді кісі екен. Ән шырқап, өлең төгер алдында ұшар құстай қомданып, дүр сілкініп, өзін сергек, ширақ ұстайтын көрінеді. «Еу, деп» айғайлап алып, есіктен төрге дейінгі аралықта аққан селдей, ескен желдей ақындықтың ырғағына тұтас беріліп, қанаттанып кетеді екен [6; 12].

Құлтума Жаяу Мұса, Басықараның Қанапиясы, Ақан сері, Балуан Шолақ, Әздембай, Ғазиз, Үкілі Ыбырай, Кемпірбай, Иман Жүсіп, Ағаш Аяқ, Сабырбай, Шашубай сияқты әнші, ақын, сал-серілермен қарым-қатынаста болған. Ол қазақ даласының түкпір-түкпірін аралай жүріп, Сыр бойында да кеңінен танылады. Осы жерде әйгілі ақын қыпшақ Ырысбаймен айтысқанда оны жеңіп шығады.

Ақын заман жайын сөз еткенде, ел басшыларының әділетсіздігі мен паракорлығын, момынды аулатып жеген қорқау, қомағайлығын бүкпей, ашық айтады. Халық қамын ойлайтын ерлер болмайынша ел-жұрттың алдағы күні қараң деген қорытындыға келеді. Бұған «Базыл болысқа» деген өлеңіндегі пікірлері жарқын дәлел:

*Біз енді қайда барып сыя аламыз.
Сынған бір шам үстіне пияламыз.
Бұл күнде тұрымтайдай сиқымыз жоқ,
Төсекте босқа отырып буланамыз.
«Осы шал тамақ аңдып келді ме?» деп
Айтуға аз нәрсені ұяламыз.*

Қарапайым халық ортасынан шығып, кедейлердің ауыр тұрмысын сезініп өскен Құлтума паракор билер мен пасық байларға қарсылығын уытты мысқыл мен ащы шындыққа толы сатиралық өлеңдерінде айқын білдіреді.

Автордың аталмыш кітабында Құлтума ақынның өмір мұраты, заман бейнесі, тебірене жырлаған шығармалары, әрқилы нақылдары, толғаулары, айтыстары сегіз тарауға топтастырылған.

Алғашқы тарауларда Құлтума ақынның ата-тегі, өмір сүрген жылдары, жастық шағы, айтыс ақыны ретінде таныла бастауы, атап айтқанда, Құлтуманың Ырысбай ақынмен айтысы, Намаз ақынмен кездесуі, Асаубай шешенмен қақтығысуы, Исабек ақынмен айтысуы, Құлтума мен Қожабай арасындағы сөз сайысы жайлы жазылған.

Ортаңғы тарауларда Құлтума ақынның халық арасына кең тарап кеткен нақыл-термелері, бәйіттері, толғаулары беріліп, Құлтуманың әнші, домбырашы, композитор ретіндегі бейнесі суреттелген.

Ұлытау өңірін мекендеген, Бағаналылардан (Найман руы) шыққан әрі шешен, әрі би Ерден батырдың тұлғасын Құлтума ақынның өшпестей өлеңмен сомдауына арнайы тарау арналған.

Кітаптың соңғы тарауларында Құлтуманың өз тұсындағы білікті, қадірлі кісілермен қарым-қатынаста болуы жайлы жазылып, ақын талантын мадақ еткен мәнді сөздер, жанды куәліктер келтірілген.

Сөйтіп ұзақ жылдар бойы айтылмаған «үнсіз» жылдарды кешіп өткен Құлтума ақын алдымызға қайта жарқырап келді. «Өлген тірілді, өшкен жанды» демекші, Тәуелсіздікке қол жеткізіп отырған таңда Құлтума ақынның жалынды өлеңдері қайта оқылып, ұлтымыз ардақты ұлының есімін мақтан ететін болдық.

Тұтастай алғанда, көрнекті ғалым Рашит Әл-Каренидің (Кареновтің) «Ойы ұшқыр, өлеңі сұлу Құлтума ақын» атты кітабы әдебиетіміздің заманауи талаптарынан туындайтын өзекті тақырыпқа жазылған еңбек деп бағалауға болады. Бұл еңбек әйгілі айтыс ақыны Құлтума Өтемісұлының мұрасын танып, бағалау барысында өзінің деректерімен де, ой-түйіндерімен де оқушы қауымға азды-көпті көмегін, пайдасын тигізер деген үміттеміз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Каренов (Әл-Карени) Р.С. Ойы ұшқыр, өлеңі сұлу Құлтума ақын. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2011. — 176 б.
- 2 Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001. — 335, 336-б.
- 3 Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары: Үш томдық. — 2-т. / Құраст. М.Байділдаев, М.Мағауин. — Алматы: Жазушы, 1984. — 232-238-б.
- 4 Жеті ғасыр жырлайды: Екі томдық. — 2-т. — Алматы: Жазушы, 2004. — 50-55-б.
- 5 Шешендік шиырлары: шешендік сөздер, нақылдар мен толғаулар жинағы / Құраст. І.Есхожин. — Алматы: Қайнар, 1993. — 225, 226-б.
- 6 Беташар: Той-томалақ кітабы / Құраст., алғы сөзін жаз. Ж.Дәуренбеков. — Алматы: Өнер, 1991. — 256 б.

М.И.Абдуов, Т.Б.Казбеков

Ценное исследование о творчестве Култума-акына — человека многогранно талантливого

В статье предпринята попытка обобщить жизнь и деятельность видного поэта Култумы Утемисулы. Рассматривается его вклад в развитие казахской поэзии второй половины XIX столетия и начала XX в. Особое внимание уделяется его айтысам, в которых он часто выходил победителем благодаря своему несомненному таланту и словесному дару.

Attempt to generalize life and activity of visible poet Kultumy Utemisuly becomes. its contribution to development of the Kazakh poetry of second half XIX of century and the XX-th century beginning had been considered. The special attention is given to its verses in which he often came out the winner because of the doubtless talent and verbal gift.

Әдеби тіліміздің бір ғасырлық тарихын зерттеген ғалым



А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бастауымен қазақ ғылымы белгілі тілтанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор Бабаһ Әбілқасымовтың 80 жылдық мерейтойын атап өткелі отыр. Ғылымдағы жолын қазақтың әдеби тілінің тарихын зерттеуге арнаған ардақты ұстаз, көрнекті ғалым Бабаһ Әбілқасымов туралы, оның қазақ тіл біліміндегі ерен еңбегі жайлы айту абзал деп есептейміз. Өйткені бар болмысымен зиялылықтың үлгісін көрсетіп, жүзінен жылылық кетпейтін ағамыз әрі ұстазымыз біз сияқты көптеген жастарды ғылым нәрімен сусындатып, олардың ғылымдағы ізденістеріне жетекшілік етті.

Қазақ тіл білімінде әдеби тіл мәселелерін арнайы зерттеген ғалым Б.Әбілқасымовтың алғашқы ізденістері ұлттық баспасөзіміздің алғашқы қарлығаштары «Түркістан уәлаяты газеті» мен «Дала уәлаяты газетінің» тілін зерттеуден басталады. Себебі «жалпы газет-журнал тілі дегеніміздің өзі әдеби тілдің бірнеше стильдік тармақтарын қамтиды» дей келіп, зерттеуші-ғалым газеттер бетінен көркем әдебиет стиліне жататын туындыларды да, ғылыми әдебиеттер стиліне жататын мақалаларды да, тіпті іс қағаздары үлгілерін де кездестіруге болатынын айтады. Сондықтан «қазақ тіліндегі алғашқы газеттердің беттерінде жоғарыда аталған стильдердің негіздері қаланғанын көреміз», «қазақтың сан ғасырлық тарихында қолданылып келген сөз байлығын қағаз бетіне түсірді», «газеттер арқылы қазақ жазуының кейбір заңдылықтары қалыптасты, қазақ тілінің грамматикалық жүйесі едәуір жетілдірілді», «газеттер жазба әдеби тілдің дамуына зор ықпал жасады».

«Алғашқы газеттерде аударма тәжірибесінің бастапқы қадамы жасалынды», Б.Әбілқасымовтың тұжырымдауынша, «Түркістан уәлаяты газеті» қазақ, өзбек тілдерінде шыққандықтан, ондағы материалдардың бірінен-біріне аударылып берілуі мүмкін, бірақ оның түпнұсқасының қай тілде болғанын айыру қиын. Газеттегі ресми материалдардың орыс тілінен аударылып берілгені сөзсіз. Бұл материалдардың орыс тіліндегі нұсқасы сақталмағандықтан, аударманың тілі жайында айту мүмкін емес. Мұнда аудармамен қатар қазақша жазылған материалдар да бар, орысшасы «Туркестанские ведомости» газетінен алынған болу керек. Ал «Дала уәлаяты газетінің» орысша, қазақша мәтіндері сақталған, сондықтан оларды бір-бірімен салыстырып қарауға әбден болады.

Қазақ газеттерінің қазақ халқының тарихындағы, мәдениетіндегі, әдеби тілінің қалыптасуындағы орнын жоғары бағалай отырып, ғалым Б.Әбілқасымов 1971 жылы жарық көрген «Алғашқы қазақ газеттерінің тілі» атты іргелі монографиялық еңбегінде аталмыш газеттердің фонетика-орфографиялық жүйесін, грамматикалық құрылысын, лексикасын жан-жақты қарастырады.

XIX ғасырдағы әдеби тіліміздің сыр-сипатын тереңірек әрі толық ашу үшін көптеген жылдар ізденіп, тынбай еңбек еткен ғалымның 1982 жылы жарыққа шыққан «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» атты монографиялық зерттеуі қазақ баспа нұсқаларының тіліне арналады. Қазақ әдеби тілінің даму, жетілу жолдары туралы толық мәлімет беретін бұл еңбегінде тілдік талдауға түскен нұсқаларды ғалым «XIX ғасырдың екінші жартысында жазба түрде қолданысқа түскен қазіргі жазба әдеби тіліміздің даму, қалыптасу жолдарын дәлелдейтін, сол тұстағы қазақ жазба әдеби тілі жайында түрлі фактілер беретін аса қажетті **тарихи материал**» деп табады. Бұл мұралардың бірқатары 1988 жылы шыққан «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары» атты кітабында берілген.

XIX ғасырдың екінші жартысында жазба әдеби тілдің екі түрі — «кітаби тіл» және қазақтың жаңа жазба әдеби тілі қатар өмір сүргендігін зерттеушілердің біразы айтып жүр. Қазақ әдеби тілінің даму ерекшеліктерін жүйелі әрі жан-жақты зерттеп жүрген Б.Әбілқасымов XIX ғасырдың екінші жартысында Ыбырай мен Абай негіздеген қазақтың жаңа жазба әдеби тілі қалыптасқанға дейін қазақ қаламгерлерінің пайдаланған тілін «кітаби тіл» емес, «қазақтың көне жазба әдеби тілі» деп атауды ұсына отырып, қазақ жазба әдеби тілінің қалыптасу, даму тарихын үлкен үш кезеңге бөліп қарастырады: қазақтың көне жазба әдеби тілі (XVI ғасырдан XIX ғасырдың II жартысына дейін), қазақтың жаңа жазба әдеби тілі (XIX ғасырдың II жартысынан XX ғасырдың 30-жылдарына дейін), қазақтың қазіргі әдеби тілі.

Аталған зерттеудің жалғасы ретінде XX ғасырдағы қазақ әдеби тілін жаңаша зерделеген, қазақтың жаңа жазба әдеби тілі мәселелеріне арналған «XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі» (2000 жылы шәкірті филология ғылымының докторы, профессор Ш.Мажитаевамен бірлесіп жазған) атты еңбегі де әдеби тіл тарихын зерттеушілер үшін тілдік деректерге толы, белгілі дәрежеде жүйеленген құнды зерттеулердің қатарында саналады.

Ғалым қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттің алғашқы нышаны ретінде қазақ арасында қолжазба күйінде тараған, кейін кейбіреуі басылып та шыққан «Шежіре» аталатын жазбалардың болғанын айта келе, бұл шежірелер құрылысы, баяндау стилі, көлемі жағынан әр түрлі болып келген. Ата-бабалардың аттарын хронологиялық тәртіппен түзген схема іспеттес қысқа түрлері де, тарихи шығарма түрінде келетін күрделі туындылар да болғандығын дәлелдейді.

Осындай шежірелердің ішінен Хиуа ханы Әбілғазы Баһадүрдың XVII ғасырда жазған «Шежіре-и түркі» атты шығармасын атауға болады. Бұл шығарма — Шыңғыс хан тұсында, одан бұрынғы және кейінгі дәуірлерде Орта Азия, Қазақстан, Таяу Шығыс елдерінде болған оқиғалар мен мемлекет басқарған қайраткерлер жүргізген саясат жайындағы жылнама. Қазақ ғалымдарының арасынан шығарманың тілін түбегейлі зерттеген Б.Әбілқасымовтың пікірінше, шежіре деген аты болмаса, ол жоғары ғылыми деңгейде жазылған шын мәніндегі тарихи шығарма деуге болады.

Ғалым «Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі» атты еңбегінде оның авторы, зерттелу тарихы, әдебиет, тіл ғылымдары үшін маңызы жайында, лексикалық жүйесі мен грамматикалық құрылысын, орфографиялық ерекшеліктерін сөз етеді. Шежіреден біз қазақ халқын құраған рулар мен тайпалардың көне тарихы, тұрмыс-тіршілігі мен мәдениеті, этнографиясы жайлы көптеген деректер табамыз. Б.Әбілқасымов «Шежіренің» негізгі қолжазбасы мен баспа нұсқаларының тілін оның көшірмелері мен қазақша аудармаларымен салыстыра отырып зерттей келе, Баһадүр ханның «Түркі шежіресі» деректік, әдеби, танымдық жақтарынан өзге шежіре типті еңбектерден өзіндік ерекшеліктері бар шығарма, оның тіл ғылымы, оның ішінде түркітану ғылымы үшін маңызы өте зор деген қорытынды жасайды. Сонымен қатар зерттеуші кітаптың «Түркі шежіресі» аталып, барша түркі халықтарының ортақ тарихын сөз етуге арналғандықтан, оны барлық түркілерге түсінікті тілде жазуды мақсат еткенін, ол тіл ретінде Әбілғазы XI–XIII ғасырлардағы көне қыпшақ тілін негізге алғанын, сондықтан басқа жазба ескерткіштерге қарағанда шығарма тілі қыпшақ тобына жататын тілдерге, соның ішінде қазақ тіліне мейлінше жақын, түсінікті екендігін айтады. Өйткені қазақ тілі — қыпшақ тілінің тікелей мұрагері. Ғалым Шежіренің тілдік ерекшеліктерін жан-жақты сипаттаған, түпнұсқасын, оның транскрипциясын қоса берген монографиясын оқырмандарына 2001 жылы ұсынды.

Бабаш Әбілқасымов — он шақты монографияның, 200-ден астам ғылыми мақаланың, ғылыми-көпшілік еңбектің авторы.

Ғалымның жетекшілігімен көптеген докторлық-кандидаттық диссертациялар қорғалды. Ізденушілерінің зерттеулері қазақ тіл білімінің сан-саласын қамтиды.

Б.Әбілқасымов ғылыммен айналыса жүріп, жоғары оқу орындарында білімді жастарды тәрбиелеу ісіне де белсенді үлес қосып келеді.

Қазақ тіл білімі ғылымында өзіндік орны бар, әдеби тіліміздің зерттелуіне үлкен еңбек сіңірген, үнемі ізденіс, үзіліссіз жазу үстінде отыратын тәлімгер ғалым ағамызға ұзақ жасаңыз дегіміз келеді.

Мажитаева Ш.М., филол. ғыл. д-ры, профессор,
Рапишева Ж.Д., филол. ғыл. канд., доцент,
 Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Асанов Қ.Д.** — журналистика кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Бахтикиреева У.М.** — доктор филологических наук, профессор, Российский университет дружбы народов, Москва, Россия.
- Нефедова Л.А.** — доктор филологических наук, профессор, Челябинский государственный университет, Россия.
- Әділова А.С.** — қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Хасенов Б.** — қазақ тіл білімі кафедрасының магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Аманбаева Г.Ю.** — профессор кафедры классической русской филологии, доктор филологических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Пастарнак М.И.** — магистрант кафедры классической русской филологии, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Исина Г.И.** — профессор кафедры теории английского языка, доктор филологических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Сикиотова А.** — магистрант кафедры теории английского языка, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Какжанова Ф.А.** — доцент кафедры теории английского языка, кандидат филологических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Жаркынбай Т.Б.** — магистрант кафедры теории английского языка, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Темирбулатова А.К.** — преподаватель кафедры теории английского языка, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Каренов Р.С.** — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Жанбозұлы К.** — қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы профессоры филология ғылымдарының докторы, Шыңжан Университеті, ҚХР.
- Ысқақұлы С.** — қазақ тіл-әдебиеті кафедрасының меңгерушісі филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Іле педагогикалық институты, ҚХР.
- Саметова Ф.Т.** — доцент кафедры языков и туризма, кандидат филологических наук, университет Кайнар, г. Алматы
- Антонова Е.М.** — старший преподаватель кафедры классической русской филологии, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Галаяутдинова А.Н.** — сотрудник оздоровительного центра «Боровое»
- Такиров С.У.** — қазақ әдебиеті кафедрасының доценті, филология ғылымының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.